

Ерекен Қорабаев

12015

36250



МАҢҒЫСТАУ  
ЭЗІЛДЕРІ

ferment  
akagae verus  
kimanfan  
Kopra  
Caviar  
absp. EKp. go 15.  
17.09.

Ерекен ҚОРАБАЕВ

**МАҢҒЫСТАУ  
ӘЗІЛДЕРІ**



СЕСЕСОН



Алматы 2010

**УДК 821.512.122 ~ 4**

**ББК 84 Қаз 7-7**

**Қ 66 ✓**

**Қ 66 ҚОРАБАЕВ Е.**

**МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ / Е.Қорабаев. –  
Алматы: “Нұрлы Әлем”. 2010. – 240 б.**

**ISBN 978-601-205-134-6**

**УДК 821.512.122**

**ББК 84 Қаз 7-7**

**ISBN 978-601-205-134-6**

**© Қорабаев Е., 2010**

*Көңілқос ага! Ауылдан болек қоныс  
тепкен соң басыңа бұрыңғыдай жсіі-жсіі  
бара алмай жүрмін.*

*Ел адамдарының аузынан шыққан  
әңгімелерін жиснап, бір дүние жасаған осы  
кітабым сенің рухыңа ескерткіш болсын!*

*Автор*

## ОҚЫРМАНҒА БІР АУЫЗ СӨЗ

Қазақ жерінің қай қырына барсаң да, алдыңнан жарқылдаш шылқан қазақы пейіл, ақжарқын дархандыққа кез боласың. Алдыңа ақпа-төкпе дастарханмен бірге, ақкөңілін де жая салады. Қазақтың қараша үйінде отырып, мына тынымсыз дүниеде бір жерде қантөгістің болыш жатырғанын мұлде ұмытасың. Сіздерге ұсынып отырған осы жинақты жазу барысында, «кананікі-мынанікі» деп қазақтың әзілін бөле-жара, ала қойды бөле қырқайын деген ойым болған жоқ. Бала күнімнен Маңғыстау деген сары даланын даналығын жаттап өстім. Сондықтан, өзім жалаңаяқ құмы мен тау-тасында ойнаған өнірдің, жадыма сақтаған әзілдерін осындай жинақ кітап етуді армандайтынмын. Осы жинақты қолына алып шолу жасаған әрбір қазақ осылай жасаса, әлемде теңдесі жоқ қазақ сөзінің әнциклопедиясы дүниеге келер еді. Кем-кетігі де болар, артық кеткен жерлері де болар, сол үшін оқырманнан кешірім өтінемін! Қалың қазақ жұртының керегіне жарап жатырса маған одан өзге бақыттың керегі жоқ!

*Автор*



## БІРІҢШІ БӨЛІМ

*Мәрт шалдар айтқан жұмыр сөз,  
Шешелер айтқан құлын сөз.*

*Агалар айтқан бұраң сөз,  
Жеңгелер айтқан ылаң сөз.*

*Апалар айтқан қойлық сөз,  
Қарындас айтқан тойлық сөз.*

*Інілер айтқан бұрыш сөз,  
Келіндер айтқан қылыш сөз.*



# ҚҰЛШЫҚ ЖҰБАЙҰЛЫ



Құлшық Жұбайұлы (1906-1975). Маңғыстау билерінің сонғы тұғыры Құлшық жөнінде жазылған бұл әңгімелер, оның ел ішінде айтқан бірқақпайлары ғана. Құлшық-сөзі, Құлшық-афоризмі жан-жақты зерттеліп, сөз онерін қатты дәріштейтіндерге, ұлтының тілін бар асылдан жоғары қоятындарға сол күйінде жеткізу, мен жазушымын деп жүрген әрбір қалам үстеганиң борышы. Құлшық-қазақ сөзі мен мәдениетін жермен-жексөн қыла жаздаган дәуірде өмір сүрді. Бірақ жер бетінде жалғыз қазақ қалғанша өміршен, жаны сірі қазақ деген елдің тілі бар екенін талайларға мойындағын, артында «Құлшық айтты» деген мұра қалдырып кетті.

## КЕНЕУІ ЖОҚ БАЛЫҚ

Құлшекен бірде жолы түсіп, бір жолдасымен бірге терістік жағадагы ағайындарын аралап, түстенуге бір құрдасынікіне түсіпті. Жеке шаруаларымен отырған азғана ауыл ентең ау салып, қырын жоймаганмен тек казандығын айырып отырса керек. Әлгі түскен үйін қанша құрдасынікі дегенмен де, біреудің қазанын билеу әбестік.

Құлшекен қанша балыққа ансары ауып отырса да, аңдысын аңдып отырып, реті келгенде қолга су құйып жүрген баланы колынан сүйіп жатып, «Өй, айналайын, балық жепсің гой, колынан балық исі шығып тұр гой», – депті.

Құлшекенің иені мензен отырганын түсінген құрдасы келіннегіне балық астырып, былбыран піскен бекіре еті дастарханға келгенде «Ал Құлшық, мал сыбагаң да бар еді, женеік ас кой деп балық астық, алып отырын», – дейді.

Балық желінің, біршама уақыт тоқтық басын далада жүріп кайтқан Құлшекен құрдасына караң «Жарықтық шалдар

білген-ау, балық етінің кенеуі жоқ деп, манағы мал сыбағаны қайтесін?» – дейді құрдасына қарап.

Әзіл-қалжынды түсініп сөз қадірін білетін құрдасы, малын сойып құрметтеп Құлшекенде шығарып салыпты.

## КӨЛІКТІҢ АСТЫН ҚАРАУ

Аздаған жандығына кеншарлардың бірінен шөп-жем түсіріп алуға, аудан орталығындағы мекемелердің бірінен көлік сұраса, Құлшекене кетеуі кетінкіреп қалған ескі «Газикті» беріпті.

Шопыры да қолігіне сай жыланған жігіт еken «Осы бастықтар да қызық, кім көрінгенге қолікті бере салады, артымыз жер иіскемейді тыным жоқ, тіпті осы мәшіннің астын шұкуға да уақыт жоқ» – деп ашуын сыртына шығарып, колын сермен келе жатканда рөлден айырылып қалады. Қас қағымда, салдыр-гүлдір. жер айналып аспанга шыққандай болады. Сөйтсе қоліктері төңкеріліп, төрт «аяғы» аспаннан келіпти.

Абырой болғанда өздері аман, үсті-басын қағып жатып Құлшекен шопырына «Күнде-күнде мынадай болып сәті түсे бермес, қолігіңің астын қарап ал» – депті.

## ІНІНІҢ ДҮНИЯСЫ

Жазға салым мезгіл, жұрт арқаны кенге салып киіз үйлерін тігіп жатырса керек. Қазақ шаңырағын кім көрінгенге сеніп көтертпеген. Құлшекендермен рулас бол келетін, сыйласып жүретін інісі Жанбырбаев Бисениң үйі, ағаш үйінің керегесін керіп болып, мұны шаңырақ көтеруге шақырыпты. Бақаның ашасын шаңырактың күлдіреуішіне сұғып, бірнеше әйелдер (көбісі келіндері) жап-жақтан уықпен демеп, Құлшекен аруактарға сиынып ауыр шаңыракты «әуп» деп көтеріп қалыпты. Байлауында шалалық болды ма, әлде қарынга түсken орасан күшке тотеп бере алмады ма, Құлшекенің қазақы дамбалының ышқыр бауы шарт үзіліп, сырғыған қүйі тобықтан бір шығыпты.

Құлшекен саспастан шаңыракты көтеріп тұрған күйінде «Інімнің қып-қызыл дүниясын отын қылар жағдайым жоқ, келіндер сырт жағымды айналып уықтарды байлай беріндер» деген екен.

## ҮСТИРТТЕГІ ОЙЫН

Манғыстаудың қара ойынан, Үстіртке шығатын Маната тауына тұра көтерілетін тәменгі етекте жолаушылар соқпай өтпейтін әулие бар. Әулие сол тау атауымен аталады. Жұмыс бабымен қырға жол тартқан Құлшық әкеміз, шопыры Кедей Қосай екеуі әулиеге Құран оқып, Манатаның үстіне шығып дамылдауды жоспарлаған-ды. Баратын жерлерінің шалғайлығына байланысты, тоқтаған жерлеріне түнеп шығуды жөн көріпті. «Ер азығы – жолда» деген, талай алыс жолдарға сапар шегіп үйренген, Қосай шопырдың бұл бірінші рет Үстіртке жолы түсіп тұрғаны емес. Алыс жолға шығарда кез келген сэтте елсіз далада, құшағын жайып қарсы алатын ешкімің болмаған соң, кәнігі шопырдың қазаны әрдайым қанжығасында жүреді. Екеуі оны-мұны азықтарын шығарып, Қосекен «супы» әзірлемек болып, қазан көтеріпті. Үстірттің таза ауасында отырып, баялыштың шоғына қайнаган шайды рахаттанып іshedі. Қазанда қайнап жатырған астары піскенше қарта ойнап, уақыт өткізбек болады. Қанша ойнаса да Қосай шопыр, Құлшекенді айқын басымдылықпен ұта беріпті. Бәс тігіліп, тынн-пиын салынбай, жай ермекке ойналған қарттан ұтылғанның көп ашуы және мәні де жоқ, адамды жалықтырып жіберетіні рас. Бес-алты ойын ойнап жалығыңқырап кеткен екеуі, құн барында астарын ішіп, демалуды жөн көріпті. Буы бұрқыраған сорпаны Қосай тостағандарға құйып, бірін серігіне ұсыныпты. Қосекен солай жасағанын, әлде бұйырганы ма, еттің басым көп кесегі аспазшының тостағына қарай ойысынқырап кетсе керек.

Дала қосының сондайы болады, Құлшық әкеміз «Карттен де сенің қолың шығып еді, еттеген де сенің қолың шыққалы отыр» деген екен.

## ИТАЯҚТАЙ ГАЗИК

Маңғыстаудың орып-орып, қысқа мал азығына шөп дайындастын қайбір нұлы даласы бар.

Аздаған жандықтарына ел, жаз бойы шұрайлы шабындықтардан совхоз малы үшін дайындалған шөптен сатып алады. Қарғатамырлы қазак, кейде шаруашылық басшыларының көзкөргендері, он шақты буманы былай да бере салады. Үкіметтің мал басының шығынын сол халық толтырады, сонысын ауыл адамдарынан аяп қайтсін. Құздің бір күні, Құлшық әкеміз қыр астындағы қыстың қамын ойлап, малына шөп іздеп Қызынға тартып кетеді. Астындағы көлігі шырылдаған жаман «газик» мәшін. Жаман дейміз-ау сол кездегі көліктің ең тәуірі сол шығар.

Шаруашылық басшысына кіріп, жағдайын айтса совхоз директоры, далада жатқан дүния жоқ, беретін шебінің тәртібін жазып жатып Құлшекене қөзілдірігінің астынан қарап «Көлігіңіз қандай көлік?» – деп сұрапты.

Көліктің шарғасына қарап, берілетін шөптің есебін келтірейін деген болар.

Құлшекен «Шырағым-ау, мен барша «сельхозтехникины» жалдап әкелгенім жоқ, жаман итаяқтай газик» – деген екен.

## ПАРА АЛМАЙТЫН БАСТЫҚ

Басшы орындарда ауыс-түйістің болуы, оның алдындағы немесе болғаннан кейінгі әңгімесі ғой елдің айызын қандыратын. Облыстікі ауысса қай жүзден екен, аудандікі ауысса қай рудан, қай ауылдан екен, әлгі басшы тұрақтанып болғанша той садақаларда, қызу талқыға көл-көсір әңгіме табылады. Шалдардың облысқа сайланған басшыға жасар амалы жоқ, ал аудан басшылығына сырттан ешкімнің келмесі белгілі, әркім іштей өз жагынан болғанды іштей құптап тұрары сөзсіз. Аудандық бастық сайланып болған соң, бөліп берері болмаса да, сол бастық шыққан рудың шалдары бөріктерін бір шекесіне көтере киіп, өздері де көтеріңкілеу сөйлеп, шырт-

шырт түкіріп тұрғаны. Бұл қанға сіңген әдет, қазақ деген халық қашан жер шарының картасында жоқ болады, сол күні тоқтауы мүмкін. Кетік қаласында, қалалық басқару орындарында өзгеріс болып, оған бірінші болып кімнің тагайындалғаны Шетпеде, жаңағы айтқан шалдардың арасында үлкен әңгіменің қарқын алуына себеп болыпты. Жаңадан болған басшыны бір шал, жер-көкке сыйғызбай мақтапты. «Ол баланың аргы аталары дұрыс адамдар, не де болса Форттың адамдарының бағы ашылатын болды, бұның тұқымы ешқандай парамен күнелтпеген адамдар» дейтін көрінеді әлгі, жайына қарап тұрмай.

Сонда Құлшық әлгі шалдан «Тамақ іше ме екен?» – деп сұрапты

Шал ойында ештеңе жоқ «Ішетін болар, тамақ ішпейтін адам бар ма?» – депті

Құлшекең «Тамақ ішсе міндettі түрде пара алатын болады» деп әңгіменің нұктесін қойыпты.

## ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Қара жерді мекен еткен ұлттардың, өздерін ұлы емеспін дейтіні бар дейсін бе? Ұлы орыс халқы, мына жақтан Ұлы қытай халқы, анау ағылшының мен немісіне айтқызсан, олардан откен ұлының болуы мүмкін емес. Қазақ та ұлылықтан құр болмауы керек, әйтисе мына шетсіз даланы, мына асып-төгіліп жатырган ырысты, Құдай тегіннен-тегін үйіп-тогіп бере сала ма? Ұлымыз дейтіндердің иманнан жүрдайлары бар. Менінше, ұлылықтан иман қашық болмауы керек.

Бұргышы, не археолог екенін дәл қазір баса жаза алмаймын, Құлшекеңнің бір армян досы бар екен. Маңыстауда жүріп армяниның мәдениетін аузызының суы күрып, жыр қылып айтып жүріпті. «Біздің армяннан асқан ұлы халық жоқ, Ереванның жанынан жуырда ғалымдар үш жүз метр терендіктен күмыра тауыпты, яғни біздің мәденистіміз оте әріде жатыр» депті әлгі армян.

«Ал біздің Қызынның маңынан бес жұз метр қазып түк те таба алмапты, біздің қазактың мәдениеті одан әріде жатыр» деген екен Құлшекен.

## ІНІСІН ТАНУЫ

Құлшекеңнің ауруы мендең төсек тартып жатып қалған кездері екен. Ауру адамды айықтырып, жазып орнынан тұрғызып жібермесе де, қазактың көңілін сұрап бару міндепті. Соның өзі жатырган адамға үлкен демеу. Тірліктен дәмесі болмаса да, шыбын жан шығып кеткенше, ағайынның, досжаранның, құрдастың бір ауыз созі керек-ақ. Төсекке таңылғандар кімнің келіп, кімнің келмегенін инеге іліп, жіпке тізіп жатады. Құлшекен анадай жағдайда жатырса, енді бармайын деген жаман ой болмаған шығар, бір жақын інісі көңілін сұрауга кешігіңкіреп келіпті. Адам жақын ет бауыр адамды өлімге кия ма, Құлшекеңнің ауруын әлдекалайға балағанын, тірліктің күйбенімен жүріл қалыпты. Кештетіп те болса келсе, шалдың жагдайы тіпті төмендеп кеткен, көңіл сұрай келген адамды шырамығып, танып-танаудауы неғайбіл қүйде екен.

Озінің келігенін білдіріп, Құлшекеңнің құлагына аузын тақап «Құлшеке қалайсың, мені танып жатырсың ба?» – депті.

Екі жаққа біткен қасиетті тіл, ажал міне-міне алыш кетейін деп тоңіп тұрса да, саган дауа жок-ау!

Інісінің әл-куаты барда көңілін сұрап келмегеніне назырқап жатырган, есіл Маңғыстаудың Құлшығы «Мен сені жеті атаңдан бері танимын» деген екен

## АҚШ-ТА ОЗҒАН

Маңғыстаудың арғы-бергі тарихын, көзінің тірісінде хатқа жазып, артында «Адай шежіресі» деген мол мұра калдырган Алшын Мендалиев әкеміз, соз өнерін қатты бағалаған Құлшық Жұбайдұлымен ел-жүргүт айтып жүрсердей, туысқандыққа бергісіз дос болған деседі.



Екеуі де өмірден өткенше ел арасындағы бірлікті, адамдық пен рухани тазалықты ұрпақ санасына сініруді, өздерінің үлт алдындағы ең маңызды борышы деп есептеген. Ел ішіндегі рулық сананы, тек ел араздығы мен күншілдіктің мақсатына бұрмалаушыларды сөзбен тұқыртып, матап бас қөтертпеген. Той-садақаларда, не қөвшілік бас қосатын әмейі жиындарда, болмашы кемшіліктерін тықпыштап айтып, бықпырт шигылдарын бықсытып отыратындарды бір-ақ сөзбен тұйыққа тіреп ауыз аштырмайтын болған. Олар отырган басқосуларда екі сөз зерігерінен асып, көңіл көншітетін сөзі жоқ көбікауыздардың мысы басылып «қыңқ» деуге мұрсалары келмей қалады екен. Қайыптан-тайып ру төнірегінде айтыс туындей қалса, өз төніреқстеріндегі халыққа өнеге болып әнгімеге қосуға тұратындарын ғана айтып отырады екен. «Бізде анау бар, мынау бар» деп Алшын ақсақал өз руындағы игі жақсыларды тізбелеп отырса Құлшық оған «Айтып жатырысың, айтып жатырысың, осы сенің Ақмышта туып, АҚШ-та озған балаң бар ма?» – деген екен. Мензеп отырганы, өз руынан шыққан, Кенес Одағының айбынын асқақтатқан, әлемдік деңгейдегі желаяқ спортшы Әмин аға Тұяқов болса керек.

1975 жылы Алладан бұйрық келсе пенденің жасар шарасы бар ма, жасы Алшыннан кіші болса да, Құлшық әкеміз дүниеден өтті. Құлшықтың қазасын естігенде Алшын «Жолына салғанда кезек менікі еді, енді кіммен сырласып, кіммен әнгіме-дүкен құрамын» деп көзіне жас алыпты.

Сойткенabyzdarдың екеуі де бақылық болып, өр өлкенің төсінде қалған ұрпақтарын желеп-жебеп, туган жердің құшағында мәңгілік ұйқыда жатыр.

## АЗАН КЕЛЖАНОВ

Құт дарыған Маңғыстаудың көрі шаңырағы Түпқараған мекені – тұбектен иғі жақсыларды түлетіп, талай таланттарды дүниеге әкелген киелі аймақ. Сонымен қатар шешендік сөздің түбін түсіріп, әзілдің қара суын кері ағызытын, аузы дуалы айтқыштардың да ауылы. Солардың бірі – әдебиетші ұстаз, артында аталы сөзі, мірдің оғындан жүрекке дөп тиетін өткір әзілдері қалған Азан Келжанов ағамыз. Оқырмандарға Азан ағаның ел аузында жүрген бір топ әңгімелерін ұсынып отырмын.



## САҚАЛДЫ ОҚУШЫ

Азан ағамыз көп жылдар бойы мектепте директорлық қызмет атқарып, сонымен бірге шækірттерге қазақ тілі және әдебиет пәнінен дәріс берген кісі. Көңілі біреуге қанша қатты қалып жатырса да, Азекен көп жүйкесін жұқартып ашуланбай, өзінің өткір де әділ қалжындарымен майдалай ғана тойтарыс бере салады екен. Кетік қаласының бір мектебінде директор болып тұрған кезінде жоғарыдан, қалайда жұз пайыздық үлгерім және ешбір оқушы мектепті тастап кетінеу жөнінде қатал, қаһарлы қаулы келіпті. Мұғалімдер әбігерге түсіп, жеп отырған нандары, көріп отырған күндері үшін әлгі қаулыны орында масқа лажы қалмапты. Бұйрықтың орындалуы жолында абыройларын құрбан етіп, төрдегі бастарын есікке сүйреп, шәкірт, ата-ана алдында мұжәлсіз халге жетті.

“Тағабайдың Еркіні биыл “тогызыншида” төртінші жыл отыр, мектептен шықпақ ойы бар, оған мұрт былай тұрсын,

сақал шығып кетті оны қайтеміз?” – деп бір сынның жетекшісі жыламсырай баяндапты.

Әлденелерді жазып шүкінен отырған Азекең қағаздан басын алмастан “Екеуміздің сөзіміз ешқайда өтпейді, сақалын қырдырып, алжығанша оқыта беріңіз” – деген екен.

## ЖАУАПСЫЗ БАЛА

Азекеңнің көршілерінің бірі той өткізіп жатырса керек. Жатбылай тұрсын, жақыны болсын шақырылмаған жерге бару қазекенің қанында жоқ нәрсе. Қонақтар келгенше оны-мұны сөз қылып қауқылдастып тұрған той иелері үйді айналып өтіп бара жатырған Азан ағаны көріп “Осы Азан аға шақырылды ма, әй соған айттылған жоқ-ау” – деп біріне-бірі қарасынты. Мұндай жағдайда ауыл адамдарының бар пәлені тойға шақыруға жұмсаған балага аудара салып, ешбір қысылмастан қайта шақыруышы жіберіп, тойға хабар айта салатын “тамаша” тәсілдері бар.

“Азеке, бізден кінә жоқ, хабаршы жүгірмек сізді қалдырып кетіпти?” – деп жогарыда айттылғандай бар кінәні байғұс балага қыыл салыпты.

“Қазактың қулығы тек қазакты гана алдауға жетеді” деген, мән-жайды түсініп тұрған Азекең “Сол жауапсыз баланы өзім де іздең бара жатырмын” – деген екен.

## АҒАЙЫННЫҢ БАҒАСЫ

Күндердің күнінде Азекең жақын ағайынының баласына «екі» деген баға қоюдан баска амалы қалмапты.

Ағайындығын алға тартып, мұны біраз тұқыртып алуға мектенке келген әлгі баланың шешесіне Азан аға «Басқаларға «бір» деген баға қойылып, жақындығымызды ескеріп озіміздің бала гой деп, сіздің балага «екі» қоюға тұра келді» деп сынның журналын алып жүре берінгі. Аузына қапелімде сөз түспей қалған баланың шешесі, Құдай сақтан «бір» алып қалмай, «екі» алған баласын алдына салып, үнсіз кете барыпты.

## **КӨҢІЛ АЙТУ**

Кеңес кезеңінде жазғы каникул күндерінде Кетікте пионер лагері ашылып, оған Азекенді менгеруші етіп тағайындалты. Ішкені алдында, ішпегені артында, оның үстінен Азан ағайларының жанында жүріп көңілсіздіктің не екені қаперлерінен шығып, демалуға келген бала біткен жаз жайнатып, күн күлдіріп жатыпты. Коп қызықтың бір шыжыбы болатыны сияқты балалардан қалған «саңғытты» өлгенін білмей жеп, лагерь маңындағы үйлердің бірінің сиры жарылып өліпті. Сирын балалармен бірге бордақылауға Азекене өткізіп қойғандай, мал иесі кіржиіп бірнеше күн амандаспай жүрілті.

Оның ренжуінің қисынсыз екенін біле тұра, көп жүрегіне жақын алмай Азакен женіл әзілмен: «Сирыңыз аштықтан емес, тоқтықтан кетті ғой» – деп көңіл айтЫПты.

## **ТЕЛЕФОННЫҢ ТӘЛКЕГІ**

Телефон қобдиынан ба, әлде тартылған желіден бе, тіпті болмаса телефон стансасының ақауынан екенін, Азекен біраз күн еш жермсі тілдесе алмай, хабар-ошарсыз құлақ кескендей болып қалыпты. Монтер жігіт құрал-сайманын арқаланып қанша келсе де нәтиже болмапты Тұрмысынан гөрі қызмет бабына керегірек болған соң, Азекен байланыстың бастығына шагымданыпты.

Мамандығын жете білмегені былай тұрсын өзінікін дұрысқа санаган байланысшы жігіт «Сақалды басыңызбен мені бастыққа келмейді деп жамандapsыз ұят емсс пе?» – деп кергіпті.

Жетесіз неменің орынсыз артық сөзіне шамданған Азекен «Мен сені келмейді деген жоқпын, келгенмен ештең білмейді дедім» – деген екен.



## ТЕЖЕГІШТІҚ ОҚУЫ

Мектепте окууды ойсыратып оқымағанымен Азанның бір оқушысы шопырлық бітіріп, бір мекемеде жүргізуші болыпты. Оку білмегенімен қоймай, ақылының аздап таяздығы да қосақабат бар көрінеді. Ақылы таяз болмаса, окууды басы алу керек қой, арғы жағында жаратылыстан да бар шығар. Онысын тізбелеп қайтеміз елдің бәрі ақылды, оқымысты болып кетсе мәшінді кім айдайды? Бір күні Азекең жұмыстан кешірек шығып жаяулатып келе жатыrsa, жанынан әлгі шәкірті мәшінімен өтіңкіреп барып тоқтапты.

«Баяғыда екіліктерді үйіп қанша қойсан да, далада қалмай шопырлық оқып алдым» – депті самолеттің оқуын бітіргендей Азекең ожырая қарап.

Азекең «тормоз басудың сабағына тіпті қатыспағансың-ау деймін» – депті.

## МЕКТЕПКЕ ҚАРАУЫЛ АЛУ

Бір жылды мектепке қарауыл тұтпей, бірінен соң бірі ауыса беріпті. Айлығы мардымысız жұмысқа жұмысшы қайдан тұрактасын. Ондай жұмысқа келетіндер, ана жер, мына жерден жұмыстан қуылған дәйексіздер. Ол да сондайлардың сортынан болу керек бір жездесі, «Азекенің мектебіне қарауыл керек» дегенді ұзынқұлақтан естіп, салып жетіп келіпті. Мектептің қарайған дүниясы бар, тентек балалар терезесін шағып кетсе де жақсы емес, мектепке соқтауылдай бір қарауыл дегенмен керек. Жездесін жұмысқа алайын десе, оның мектепті қырагы күзететініне күмәні бар, алмайын десе апасы көрмей кетуі мүмкін, Азекең екі оттың арасында қалыпты.

Жездесінің қас қарайса түзге отыруға, жалғыз шыға алмайтын қорқақтығынан тағы хабардар «Көп болса бұрынғылардай болар» деп амалсыздан жұмысқа қабылдапты. Жездесін жұмысқа алуы сол екен, мектеп мүліктерінің жоғалуы, терезе сынусияқты келенсіз жағдайлар

көбейе түсіпті. Қарауыл кеш түссе болды мектепті ішінен тарс кілттеп алып, таң әбден атқанша бір қылаң бермегесін солай болуы тиіс. Азекен бірдене дейін десе жездесі, өз қолын өзі кессін бе, іштен тынып жүріпті. Тағы да бір терезе талқан болған тұста, жездесіне білдіртпей мектепке қонып қалыпты. Терезеден айдаң жарығы түсіп тұр. Мектеп дәлізінің қақ ортасында жездесі біреу байлап кеткендей қозгалмастан отыр, ондай қарауылдан не қайыр?! Әдейі жездесіне көрініп, андай жерде ойқастап жүріп-жүріп, бір сынып бөлмесіне кіріп кетіпті. Азғана дамылдап сол жасағанын тағы бір қайталапты.

Жездесі сол отырган жерінде отыр, тіршіліктің нышанын беріп дыбыстау да жоқ. «Қой құрғырдың жүрегін ұшырып өлтіріп алармын» деп қайтадан шықпай, таң атқанша сол бөлмеде ұйықтап шығыпты.

Ертесіне жұмыс басталғанда қан-сөлсіз жездесі келіп тұр, қолында жұмыстан шығу туралы арызын жазып алып келіпті.

Азекен дым білмегендей «Ау, жезде, тым жақсы жасап жүр едің, не болды?» – депті.

«Басқа жерден бір жұмыстың реті болып» – деп міңгір-сіңгір етіпті жездесі.

Ал басқалар сұрай қалса «Ана Азанның мектебін пері жайлаган» дейтін көрінеді.

## КӨПБОЛ ДЕМЕСІН

### ТҮС КӨРУ

Көпбол Демесін – Маңғыстау түгілі атағы, Қазақстан Республикасының біраз жеріне барып қалған сәүлетші. Еліміздің батысы мен шығысында, теріскейі мен онтүстігінде оның қолының табы тимеген сәүlet өнерінің туындысы, ұлы тұлғаларға тұрғызылған көздің жауын алатын кесенелер қабырғасы қалмаған шығар.



Халықта, жігітке жетпіс өнердің аздық ететіні айтылып жүр, Көпболдың бойынан соның біразын табуға болатын болар.

Қазақтың арғы жағының қайдан шығатының дәлелден бермегенмен, оның бергі жағындағысын жатып өргізетін шежірешілдігін, құйлерді көсілте тартатын күшілігін, термелерді төкпектете төгіп жіберетін жыршылығының талай қуәсі болғанмын.

Сәулет өнеріне беріле бойлап кеткенше, оның мәдениет саласында қызмет жасағанын жалғыз мен емес, Маңғыстау жұртының бәрі біледі. Оның бәрінен ең жогары қоятыны – қазақтың тіл өнері.

Мына жазып отырғаным біртүрлі ол туралы мақалаға айналып бара жатырған секілді. Эу баста оның сөз өнеріндегі бір тауып айтқан әңгімесін жазғым келген.

Қалтай драматург айтып кеткен «Жазған әңгімем өзінен-өзі пьесага айналып кетеді» деп, мына әңгіме де сол бағытта ербіп бара жатыр ма, қалай?

Осы көп уақыт өте қойған жоқ жақын жылдарда, ақжайықтың елінде хан Жәңгірге кесене тұрғызу бақыты Көпбол шеберге бұйырыпты. Жұрт не десе о десін, ханның аты – хан емес пе, Көпбол артынып-тартынып «Атырау қайдасын?» деп жүріп кетіпті.

Атырау мен Маңғыстау елі тек төскейде малы ғана емес, теңізде балығы қосылған қашаннан сыйайлас отырған ел. Қазақтың басы қосыла қалған жерде, нагашылы-жиендігі ере жүреді, Көпболдың арғы аталарының бірінің алғаны Жайық бойының қызы екен. Жалпы әзілдесіп, бірін-бір қажауға осының өзі жеткілікті.

«Маңғыстаудан шебер келіп жатыр» деген хабарды естісімен, кесененің шаруасына жауапты басшылар жан-жақтан келе бастапты.

Басшылардың бірі өзін «Исатайдың жағынанмын» десе, екіншісі «Махамбеттің руынанмын» деп таныстырыпты.

Сол жерде Көпболдың Атырау еліне жиен екендігі жария болып қалыпты. Сөз андыған қазаққа сылтау бар.

Жұмыстың барысын сөз етіп, сол түні әлгі басшылармен бірге хан Жәнгірдің басына түнеп шығыпты.

Алғашқыдай емес бір-біріне бой үйренісіп қалған, таңертен әлгі басшылардың бірі Көпболға «Әй Адай, түсіне хан кіріп, аян берген жоқ па?» – дегіті.

Көпбол «Аян бере қойған жоқ та, бірақ түсіме Хан Жәнгір кіруін кірді» – дегіті.

«Хан түсіне кіріп алып үнсіз кетпеген болар, бізге айтсаңшы не дегенін?» дегіті екіншісі сөзді сол бойда іліп алып.

Көпбол темекісін тұтатып жатып « Сен Адай, менің моламды салуга келдің, ал мына Исадай мен Махамбеттің балалары неғып жүр, тірлігімде аталары балақтан алып берекемді қашырып еді, оларды куып жібер деді» дегіті.

## ҚОЛДАН ТАТАР ЖАСАУ

Көпболдың кім екенін жоғарғы әңгімеде мақтауын келістіріп жаздым. Сол жүргеннен Атырау елінің дәмі бұйырып, арасында хабар алып Ақтауға келіп кеткені болмаса, екі жылдай Жайық бетінде жүрді.

Хан Жәнгірге де, Махамбетке де Маңғыстаудың тасы бұйырып, Көпбол шебердің қолымен, ұялмай көрсетуге тұратын оқсаулы кесене салынды.

Ол шалдардың кезінде бір-біріне қыжағы, өкпесі болған болар, оның ақ пен қарасын айыру біздің шаруамыз емес тарихтың еншісінде, бір ақиқаты, бастарын қарайтып белгі жасаған шебер Көпболға екеуінің де өкпесі жоқ шығар.

Сол Атырауда болған күндері орысы бар, қазағы бар, кімдермен дәмдес болмады Көпбол. Талай жақсылардың әңгімесін тыңдан, Маңғыстау өнірінің шежірелерін таңды-таңға ұластырып айтып, талайлардың ауызының суын құртты.

Кобіне-коң жаңында болып, мұның жағдайын жасап жүрген жігіттердің бірі татар жігіті екен.

Бір күні жұмыс арасында тыныстаң отырса, айтылып-айтылып әңгіменің құрығаны ғой татар жігіт «Көпеке, сіздің жакта татарлар бар ма?» деп сауал тастанты. Жарты

гасырдың үстінде өмір сұрген менің өзім, татар мен орысы жоқ елді көрmedім.

Көпбол «Бар, я болмаса жоқ» деп ашып айтпапты. «Бар» дейін десе олардың қанша екенін, жағдайын сұрап әңгіме көбейіп кетуі мүмкін. «Жоқ» дегенге сірә ешкім сенбейді. Кішкене отырып-отырып «Манғыстауда татар жоқ, бірақ керек болса жігіттер қолдан жасап алады» деп алышп, айтқаны әзілі ме, шыны ма, сыр бермей отыра беріпті. Көпболдың қандай пигылмен айтқанын татар жігіт түсініңкіремей қалыпты. Татарды қолдан жасағанда қалай жасайды, саз балшықтан жасалынбайды ол да адам баласы.

«Сонда қалай жасайсындар?» – депті таңыркаганың жасыра алмай. «Біздің балалар татар керек болса орыс қызға үйлене салады, орыс пен қазактың арасынан татар шықпай кім шыгады?» – депті орнынан тұрып бара жатып.

## МОЛАДАҒЫ ОРЫН

Тек қазактың гана басында емес, адам болған төңіректе күндейстік деген пигылдың, бакталастық деген пақыршылық қасиеттің, екіаяқтының жазылmas дертіне айналғаны айқын. Күндейстікке бой алдыратындар өмірдің уақытша екендігін түсінбейтіндер. Анида бар, оған керек болсын-болмасын неге менде жоқ, таласып-тармасып дүние қуу, кеселдің ең жаман түрі.

Тірлігінде жеркепеде отырып, өлген соң өзінс мазар салдыру үшін тының-тебен жиын, оны балаларына аманат етіп жүргендерді де көріп жүрміз. Сенің зыңғыраған мазардың астында жатқаның не, я болмаса ит сарып кетпейтін тізеден келетін жанырайған тамда жатқаның о дүниеде есеп емес. Сенің молаңың сәулетіне қарап, о жакта тамұққа, не жұмаққа іріктеу жұмыстары жүрмейтін болар. Өліге құрметті де орнымен жасау көптің қолынан келмейтін шаруага айналын бара жатырған секілді.

Көпбол шебер, атағы жер жармағанмен, Сыр бойындағы, орташа дәuletі бар біреудің кесенесін тұргызыпты.



Шеберлердің гасырдан-гасырға жалғасатын туындылары қалуы тиіс, себебі келер үрпақ кесененің астында кім жатқанына көп бас ауыртпайды, оны қызықтыратын өнердің құдіреті. «Тие берсінін» ерінбесе айтар, көбіне-көп «Ойпырым-ай, мынаны қалай салды екен?» деп кесененің құрылышына ден қояры анық.

Көпбол әлгі кесененің іргетасын тұрғызуды бастаған күннен бастап, соңғы тасын қойғанға дейін күнде келгіштеп, бір шал маңайлап шықпапты. Тас сірә тас қой, адамның ішкі ойын екі ауыз сөзінен-ақ тұспалдайтын Көпбол, оның жүрісінің жай жүріс емес екенін сезе қойыпты. Шалдың жер бетіндегілерде бес бере, алты аласы жоқ, Көпбол басына тас қалап жатырған, топырақтың астындағы марқұммен тірісінде күндестік ойынын ойнаған болып шығыпты. Шалдың мазасын кетіріп үйқысын қашырып жүргені, оның басына ку мазардың салынуы екен. Тамды салдырмай жанжал шығаруға қауһары жоқ, бар құдіретінің жетері, Манғыстаудан келген шеберді мыжып, бір күнге болса да өлген күндесін дұрыс салынған молада жатқызбау екен.

Талайды көрген Көпбол қайдағы бір, бүгін бар ертең жоқ өлімтік шалдың сөзіне қайдан қынсын, жұмысын жасай беріпті. Кесене салынып, орталап қалған кезде бір күні, күндеңі әдетімен шал тағы жетіп келіпті. Көпболды мыжып кетуге жасап қойған жұмыс кестесі бар екенін, және өзі ғұмыры кешікпейтін көрінеді. Жұмысшыларға құдайға керексіз лағып сұрақ қойып, анда-санда көзіне-көзі түсіп кетсе Көпболға болашағы жоқ жобаларды сөз қылып отырады екен.

«Әй, шебер Адай, мына молана қанша адам сыйды» депті бір күні төбеден түскендей қылып.

Оның сұрағының да жаны бар, себебі қазактар «Осы тағы біреуміз өлуіміз мүмкін-ау» – деп моланы моландау кең етіп салатыны бар. Шалдың сырт пошымына қарасаң, бір қуырым еті жоқ тарамыс, тірі жүр деген аты болмаса сүйегіне-сүйегі ілінген, сол бойда жаны шығып кетсе де негесі жоқ, өте арық адам екен.

Ал Көпболдың өзі дұрыс етженді, ноқтаға толық, ішкен-



жегенді білетін адам «Бұған мен сияқты Адайдың біреуі қакортасында өзі жатады, ал дұрыстап «штабілдер» жатқызып көмсө, саған ұқсаған шілтік шалдың елуі, тікесінен көмсө жүзі әрқайын кетеді» – дегті.

## **КЕЛЕШ АЙТЫПТЫ**

### **МЕРГЕНДІК**

Кетік (Форт-Шевченко) қаласында тұратын, қашаннаи аралас-құралас жүрген Келеш пен Елубай бірде теңізге балыққа шығыпты. «Ауга бірдеңе ілінсе – асып жерміз» деген оймен ауылдан азын-аулақ нан-пан, бір уыс тұздан басқа жарытып жолға көп ештеңе алмапты. Дәм бұйыртпайын десе, сенің он жерден жоспарлап қойғаныңды қайтсін, жел көтеріліп кетіп, балығы сыймай жатырған көк теңізден, бұларға өлі шабақта бұйырмапты. Қарындары әбден ашып, көздері қарайып, үйлеріне қайтпақ болып отырғанда, қара бұлттай қаптап ұшып келе жатырған үйректерді көздері шалыпты. Құдай берейін десе, жерден емес көктен де бере салуы мүмкін. Үйректердің көптігі сондай мылтықты бағыттатып атып қалсаң жарап жатыр, тіпті дарымауы мүмкін емес.

Келеш «Елубай дабай атып қал, балықтікі болмаса, құстың сорпасы болар не шығынымыз» деп айтып ауыз жиганша Елубайда «гұрс» еткізіп атып үлгереді. Үйректер сусыладап ұшып өте шығады, бірақ құлаганы көрінбейді.

Елубайдың «мергендігін» көңіліне алып қалған Келеш «Ойпырмай, арасын тауып қалай аттың?» – деген екен.

## **НҰРЖАН АЙТЫПТЫ**

### **БУАЗ БАЛЫҚ**

Кетік қаласының байырғы тұрғыны Нұржан деген жігіт ауга ілінген бір-екі қазандық балығын алып, теңізден көңілі бірленіп үйіне қайтыпты. Әркімнің бір аңдығаны бар,

ойламаған жерден жаға торып жүрген балық инспекторларына кезігіп қалыпты. Елсіз жағалауда есепсіз адам бейсауыт жүре ме, мұның жүрісінің құр емес екенін сезген инспекторлардың бірі «Жай жүріс пе?» – деп сұрапты. «Жігіттер өтірік айтып не қылайын, ағаларыңың қазандыққа алған бір балығы бар» – депті Нұржан. Нұржанға сенсін-сенбесін олардың тексеру міндегі, жүк салғышты ашып қалса, бір емес, сұлап екі балық жатырған көрінеді.

«Аға бұл қалай болды, аулаған балығыңыз біреу емес, екеу сияқты ғой» десе, жалма-жан жүк салғышқа үңілген Нұржан шімірікпестен «Ой, жарықтық-ай, қарны қампиып жатыр еді, жолай туып қалған болды-ау» – депті.

## ТАҢАТАР ЖАҢБЫРШИЕВ

### АЛФАВИТ БОЙЫНША

Кетіктің байырғы тұрғындарының бірі Таңатар деген жігіттің, бір етжакын ағасы мерейтой ма, әлде қазақта Құдай көпсінбесін той көп, қысқасы бір мереке жасамақ болыпты. Той барысында жасалынатын жұмыстарды әркімнің қолынан келер шамасына орай бөліп, тапсырыпты. «Осының қолынан келеді-ау» деп жоспарлап, Таңатарға қонақтар кіргізілетін үйлерге стол жасау тапсырылыпты. Әр үйдің салыну ерекшелігі сан-түрлі, соған орай есептеп, барынша сыйымды етіп үлкен ықжадағаттылықпен ойластыру керек. Өзінмен-өзің болып, емін-еркін ойлауға шама беріп кірісіп кетсөн, қарғылы-қаратай қылатындаі алып бара жатырған қыындығы жок, әрине. Той шаруасының бітуіне атсалысып ағайынның бәрі келеді, соған орай жан-жақтан ақыл айтып білгішініп кететіндер де табылады. Бауыздап жатырған малының жаны шыққанша, екі арада келіп килігіп, өзінше сілтеу айтып кетеді. Бір ақылшы келіп «П» қылсақ қайтеді



десе, екінші біреуі келіп «Т» қылу керек жұрттың көбі сөйтеді деп женістік бермейді. Сейтіл жүргенде уақыт өтіңкіреп кетіп стол жасау кешеуілдеп қалады.

Той иесі ағасы ренжіп Таңатарға «бұл қалай?» десе, Таңатар «Алфавит бойынша түгел қарап келеміз енді «Ө» мен «Ю» деген әріптер қалды» депті маңдайының терін сұртіп жатып.

## ҚАЗАҚША ЖОЛ БЕЛГІСІ

Ақкетік пен Ақтау қаласының арасында жол мекемесінің жұмысшылары жұмыстарын атқарып жатырса керек. Бірі жолдың ойылып кеткен жерлерін асфальт төгіп жамап-жасқаса, екіншісі құлап не қисайып қалған жол белгілерін түзетіп, әркім өзіне тапсырылған жұмыстарды жасап жатыпты. Тұскі үзіліс кезінде әңгімен-әңгіме шығып кетіп, бөлімше бастықтарының бірі «осы Қазақстанда, неге жол белгілері қазақша жазылмайды екен» деп қазақ тіліне жанашырлық сыңай танытыпты. Жолшылар күнге бөлінген жұмыстарын бітіріп, Кетікке қайтып келе жатырса қазақ тілінде жазылған «Ылдига, құлди» деген жол белгісіне көздері түсіпти.

Жол шебері таңырқап «бұл не деген белгі?» деп сұраса, жолдың сол бөлігін өз міндетіне алған Таңатар «Бұл «крутой спуск» дегеннің қазақшасы» деп түсіндіріпти.

## МУЗЫКАЛЫҚ САУАТ

Қазақтар негізінен алғыр халықпаз ғой. Кез келген тілді де, шетелдік технологияны да олардың өздерінен бетер қағып алып, кейде өздерін жаңылыстыратынымыз рас енді. Сол айтқан Таңатар гитараны тартып, онымен сүйемелдеп ән шырқағанда, гитараның отаны деп жүрген Мексиканың жігіттері ойланып қалуы мүмкін.

Бір күні жігіттер бас қосқанда, Таңатардың өнерін көрген бір бастықсымақ мысқылдан «Әй, сен әнші екенсің ғой, шашаң болып өндірісте неғып жүрсің?» – депті.

Бастықтың әңгімесінің аздал қиқымы барын сезген, өзі

жұртты аузына қаратып жүрген Таңатар болса, қалай үндемей қалсын «Әншіліктің ешқандай қындығы жоқ, нота білсеңіз сіз де айтарсыз» – деп гитарасын онан әрмен сабалай беріпті.

## ТИГЕН АУЫЛЫНЫҢ ӘЗІЛДЕРІ

ЗАМАНБЕК АДЫРОВ

### «ТИГЕННИҢ ШЫРАҚШЫСЫ»

Аудан орталығы Шетпеден, Қызын мен Тұщықұдық ауылдарының бағытына жүретін үлкен жолдың бойында Тиген деген шағын ауыл бар. Исатай Сүйеубаевтай батыр шыққан, еңбек майталмандары ағайынды Бисалы, Еділбай Бекқалиевтар, қазір арамызда көзі тірі жүрген белгілі азаматтар Алпысбай Шүйішов, Сайын Назарбеков ағаларымызды дүниеге келтірген қастерлі мекен. Сол ауылда тұрып, еңбегін етіп тіршілігін жасаған Заманбек Адыров деген ағамыз болған. Қарапайым, аржайы, әзілсіз әңгіме айтпайтын көңілді жан еді. Ауыл енді-енді еңсесін түзеп келе жатырған колхоз кезі. Жоғарғы кернеулі электр жүйесі тартылмаған, күркілдеген ескі дизельмен Зәкең ауылға кешкісін бір-жар сағатқа ғана жарық береді еken. Күндіз колхоздың оны-мұны тірлігіне қол ұшын беріп, қолы боста Тиген маңындағы Тасмұрын, Селеулінің фонтандарын жағалап малын көздейді еken. Сондай күндердің бірінде өзі сықылды, түье қараған, Шетпенің бір шалына кез болыпты.

«Түье қараған мыжың» деген екеуі ананы-мынаны айтып отырғанда шал «Сонда Тигенде қандай жұмыс жасайсын?» – деп сауал тастанапты.

Зәкең көп ойланbastan «Тиген деген әулиенің шырақшысымын» – деген еken.



## **ТРАКТОРДЫҢ КУӘЛІГІ**

Тиген ауылында бір жігіттің үйлену тойы болып жатыр екен. Азғантай ауыл қаумалай келіп той қызығын тамашалап, әндерін айттып, күйлерін тартып арқа-жарқа болып жатырса керек. Үйленіп жатырған Оңайбайдың құрдастары Жайлау мен Лесхан «барып кел, алып келге» Ағатайдың сары «Москвичімен» тойға қызмет көрсетіп жүріпті. «Москвич» сол кезеңдерде біреуде бар, біреуде жоқ қазіргі «мерседеспен» пара-пар. «Абырой – қырыққан тоқты» деген айрандай төгілейін десе дауа жоқ нәрсе, ауылға рейдте жүрген бір топ МАИ қызметкерлері сау ете түсіпті. Салынып ішпегенмен той болған соң жігіттер құр жүре ме аздап ұрттап алған «Қасқыр иістері» шығып тұрса керек. Арақ жарықтықты аз іш мейлі, көп іш мейлі оның мөлшері емес сені кінәлі қылуға исінің өзі-ақ жетіп жатыр. Автоинспектор, бас жарылып көз шығып немесе қисандап құлап жатпаған соң ауыл жігіттерінің жағдайын ескеріп оларға аздаған «льгот» жасалты.

«Москвичтің» рөлінде пұшайман болып отырған Ағатайға «Аға шопырлық қуәлігінізден айырылсаныз қайтуы қыны шаруа, тракторшылық қуәлігінізді бере қойыңыз» депті. Ауылда нәпақасын трактормен айырып отырған, қашанда шалдарға ұқсап әңгіме толғайтын Ағатай сарыуайымга салынған дауыс ырғағымен «Япырмай, жігіттер, ол да керек еді-ау» – депті.

## **АЛТЫН МЕДАЛЬДЫҢ ДЕНГЕЙІ**

Кеңес кезеңінде «Шұбартаяулықтардың бастамасы» деп Қазақстанның түпкір-түпкірінде қой бағушы комсомол жастар бригадалары құрылды. Осы бастаманы Мәскеу қуана қуаттап «Қазақстанда қой санын елу миллионға жеткізу керек» деп даурықты. Жоғарыға мәймәнкеленген өзіміздің қазақ басшылар олармен ауыз жаласып бүткіл қазақ

жастарына өмір бойы қойшылықтың қамытын кигізбек болды. Жастар үшін білім алу, мектеп бітіру түкке тұрғысыз болып соңғы кезекке қойылды. «Қойши боламын» деген сөз аузызынан шықты болды аттестатың қойынымда дей бер, бұл бір жағынан мектептен құтыла алмай ілдәлап жүргендеге онынан келген жағдай болды.

Қазақты біржола қой артына салуға бекінген үкімет қазақ балаларын тіпті өскерге де уақытында алмады. Оның орнына екі жыл мерзімге қой артында салпылдасаң жоғары оқу орындарына жолдама берді. Біліміне сенгендер ол бастамаға қолдарын бір сілтеп алған беттерінен қайтпады, оқуға аттанды. Өзі ілініп-салынып мектепті әзер бітірген, оның үстіне екі жыл қой соңына еріп қарайып қалғандар он жерден жолдама берсе де оқу түгілі бас қайғы дайын қойши болып шыға келді.

Дәм бұйырып екі жылдық қойшылық мерзімін өтеп, Оралдың СХИ-на оқуға түсken Лесхан, қысқы сессиядан соң Тигенге келіпті. Үй жағдайымен оқуға бара алмай қалған Ағатайға, студенттік өмірден, оқу барысы жайлышты шертіп отырыпты.

Сөз арасында «Алтын медаль алған Жыңғылдының бір қызы сынақтан «құлап қалды»» – депті.

Сонда Ағатай Лесханға қарап «Алтын медаль алған ол қыздың деңгейі де, менімен қарайлас болды-ау» – депті.

## АЛПЫСБАЙ ШҮЙШЕВ

### «ҚАҢҒЫБАСТЫҢ» ӘСЕРІ

Бірде Тигеннің шағын клубында Радж Капурдың «Қаңғыбас» атты фильмі көрсетілетін болыпты. Дүйім елге мәшһүр болған атақты фильмді көруге ауыл тайлы-тұяғымен жиналыпты. Ауылдың дәл іргесінен қоныс тепкен комсомол-жастар бригадасының да қойшылары өкпелерін қолдарына алып



жетіпті. Сол түні қой тұнегу кезегі өздеріне келіп тұрған екі жігітте, саны екі мыңға жетіп жығылатын отарды бір тасалау жерге іріп, тәуекелге тапсырып тастап олар да келіпті.

Екі бөлімнен тұратын ұзынсонар фильм, бәленбай рет қойылып жұлым-жұлым болған ескі қырық құрау кинотаспаның үзілетіні бар, үш-төрт сағатқа созылыпты. Фильмнің соңына дейін жандары мұрындарының ұшында отырған екі жігіт, сеанс бітер-бітпестен қантарулы тұрған аттарына міне сала шауыпты. Бір бұтаның түбіне тастай салған дүние емес, жаны бар мал, жігіттер ойлағандай бір жерде жата ма, келсе отар орнында жоқ өріп кетіпті. Әлденеден үркіп тоз-тозы шыққан мыңғырған отарды жинауға бұтқіл ауыл дүрлігіпті. Аты барлар атымен, кейбірі машиналарымен шығып, тан дұрыс атып күн шыққанда, отардың жалпы жобасы табылыпты. Жігіттерге құдайлары қарасқан болуы керек,abyroй болғанда шығын шықпапты.

Отарды санап, әбден діңкелері құрып, көздері қып-қызыл үйқы көрмей азып-тозған бригада мүшелеріне ферма менгерушісі Алпысбай Шүйішев келіп, бетін бір сипап жіберіп: «Индия «Қанғыбасты» сендейлер үшін түсірген» – депті.

## ТИГЕННІҢ МАҢЫ

Спан Ізбасаров – Шайыр ауылының кәнігі шопырларының бірі. Машинасы жөндеуден шыққан Спекенді, гараж менгерушісі Қосуақ Шэмбілов, Тиген ауылына Алпысбай Шүйішевтың фермасына жұмсапты. Көп тіл қайтармайтын, мінезі жайлы, жер қозғалмаса қозғалмайтын Спанның өз қарауына келгеніне Алпекен өлердей қуаныпты. Уақыт бір орында тұра ма, фермада жұмыс жасауына белгіленіп берілген мерзім әне-міне дегенше өте шығыпты. Алпекенің көнілінен шыққан Спан совхоз орталығына қайтардан бір-жар күн бұрын, оған жолқағаздарын кол қоюға тапсырыпты.

Жұмсалған жанар майдың мөлшері, жүрілген шақырымға сәйкес мұқият толтырылғанымен үстелінің үсті додаланған жолқағазынан көрінбей кеткен Алпекен «Әй Спан, осы сен



бәләнбай жылдан бері шопырсың, мынаның бәрін ықшамдап бір-екі бетшеге сыйғызбадың ба?» – дегі.

«Е, жарайды» деп шығып кеткен Спекен, ертеңіне ферма бастық мензегендей «ықшамдап» әкеліп, бар болғаны жалғыз-ақ бетшес жолқағазын тапсырыпты.

«Міне, мынауың енді дұрыс болды» деген Алспекен қағазға бір, Спанға бір қарап аңырып отырып қалыпты.

Сөйтсе Спекен жолқағазына қанша шақырым жүргенін көрсетіпті де, жер-су аттары жазылатын тұсқа «Тигенің маңы» деп үлкен әріптермен баттитып жаза салған екен

## «АВАРИЯ»

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының орта кезі. Маңғыстаудың қысы қарақатқақ, жазғытұры ылғалсызы болып шөп шықпай, қоныс болмапты. Соган байланысты обкомда облыстың барлық ауылшаруашылығы қызметкерлерінің басын қосқан үлкен отырыс болыпты.

Бірінші хатыны жағдайдың өте томендігін, одан шыгар жолдыш жоқ екендігін айта келіп, совхоз басшыларына «Өз күндерінізді өздерің қорініздер, қай жерде қоныс бар өздерің тауып қонысташыңдар» деп катаң тапсырма беріпті. Түптің түбінде әңгіменің аяғы өзіне тірелетінін жақсы білестін ферма бастық Алпысбай Шүйішев, кешшар басшысына хабарлас-настап, бір түннің ішінде жау айдағандай, шопыры Жаңайбай екеуі малға қоныс ізден «Үстірт қайдасың?» деп, шұғыл жүріп кетіпті. Бас-аяғы екі-үш күннің ішінде қайтып оралып, қарауындағы шопандарга хабар жіберіпти. «Коши-конға дайын отырсын «авария»» деген сырмінез ферма бастықтың бір ауыз сөзін естісімен, малышлар кошуге камдана бастайды. Арада көп уақыт өтпей-ақ аудан жүртшылығы, Алпысбайдың Үстірт өніріне «десант» түсіргенін бір-ақ естіп жағаларын үстайды. Көрші совхоздың директоры, Үстірт өніріндегі өздеріне тиісті алқаптың жайылымдарына барса, жағалай қонған мал ауылдарды көріп, біршама уақыт өзіне-өзі келе алмай қалады. Барып білсе, Алпысбай Шүйішевтың отарлары екен.

Анда шауып, мында шауып ферма бастықты әзер табады. Ашуланып, қырып-жоярдай болып келе жатырган директорға қарсы жолыққан Алпекен саснастан, өзінің ескі әдетімен бетті бір сипап жіберіп «Обкомның тапсырмасымен келіп жатырган той» дегі. Обкомның аты аталғасын үні шықпай қалған директор сөзге келмestен, тұрып-тұрып қолын бір сілтеп көлігіне беттепті.

## **САМ, БЕЙНЕУ ӨҢІРІНІҢ АЙТҚЫШТАРЫ**

Біздің Манғыстау өнірінде, оның ішінде өзім көп жылдар еңбек еткен Бейнеу ауданының Ақжігіт ауылында, әзіл-сықақ, әжуа, құлдіргі әңгіме, болмаса өтіріктің өзін фольклорлық дәрежеге жеткізіп айта алатын айтқыштар аз кездеспейді. Енді солар туралы әңгімелерден өзім естіп есімде қалған кейбіреулерін естімегендер болса естісін, езу тартып құлсін, бір сәтке болса да жаны жадырасын деген ниетпен төмендегі әңгімелерді копшілік қауымға ұсынып отырмын. «Аюкігітте кім бар?» дегенде ауызға алдымен Бейнеудің бас Қожанасыры Қемекбай ағамыз тұрады. Одан кейін көп жылдар ұстаздық қызмет атқарған, қазір о дүниелік бол кеткен марқұм Төлеш ініміз, ағасы марқұм Жамигат, қай жагынан да қасиеті кем емес марқұм Төлеген Жалғасов ағамыз, оның баласы Куанібек ініміз, Сәбен ініміз тагысын-тагылар көптеп кездеседі. Ақжігіт ауылын Маңғыстаудың Габровосы десе де болғандай. Енді олардың өкілдеріне сөз берейік.

## **АМАНГЕЛДІ ШАМШАДИНОВ**

### **НАУРЫЗ БЕН ҚӨМЕКБАЙ**

Қемекбай марқұм Наурыз Балмұхановпен әрі құрдас, әрі нагашылы-жиенді, әзілі жарасқан достар болатын. Наурыз совхоз директоры болып жүрген кезінде Саратов қаласындағы зооветеринариялық институтында сырттай

оқып жүрген болатын. Бірде шаруашылық жағдайымен Сыңғыраулаға келген Көмекбай кешке қонуға Наурыз досының үйіне келеді. Қонақ келген соң әрине ішімдіксіз бола ма, кішігірім отырыс болады. Бірталай түн ортасы ауғанша отырған олар әлден уақытта жатып қалады. Бұл көктемнің кезі болса керек, алғы жолға шығатындар ертелеңтіп жолдың қатқақтығын пайдаланып аттанып кететін. Себебі, түске қалса жер бусанып жібіп, мәшіндер батпақтап жүре алмай қалатын. Соны ескеріп Көмекбай да кеше кешкісін жүктегін тиеп, ерте шығып кетуге жүретін көлігін дайындаған келген. Құнде ерте тұруға дағдыланған Көмекбай ертелеңтіп тұрып, Наурыздың Саратовқа киіп кетуге дайындаған қойған таза киімдерін киіп кетеді. Орнына өзінің құнделікті жұмысқа киіп жүрген лас күрте-шалбарын (шопырдың кімі қайдан құлпырып тұрсын) тастап кетеді. Сәскеде жайлап үйқысын қандырып тұрған Наурыз, ауыз үйдегі пеште ілулі тұрған Көмекбайдың қомшаларын көріп жүргегі зу ете қалады. Жалма-жан үйге келіп қараса өзінің жолға дайындаған қойған көйлегі мен галстукінен бастап, костюм-шалбар, тоны, қысқасы бар киімін Көмекбай ауыстырып киіп кеткен болып шығады. Сонынан қуайын десе мезгіл тұс болып қалған, Көмекбай сірә екібастан барап жеріне барып болды. Жер болса жібіп езіліп кеткен, Наурыз санын бір соғып қала беріпті.

Совхоз директорына киім табылар-ау, Саратовтан оқуына барып қайтқан соң «Жетіқаққа» соғып Көмекбайға «Әй, оның не?» – дейтін көрінеді.

Көмекбай «Сен совхоз директорысың, табарсың-ау, мен де киім кимеймін бе?» – деп құліпті.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» екеуі біраз құлісіп мәз болыпты. Әрине ол кездегі адамдар құрдастықты, достықты киім-кешектен жогары қойған. Бұл жазылып отырған жай олардың арасындағы қалжынның біреуі ғана. Наурыз да талай рет қарымтасын қайтарды, бірақ оны-мұныға олардың достығына сыйкат түспеді, керісінше нығая түсті.

## ЕСЕКТІҢ ҚҰЛАҒЫ

Бірде Көмекбай ферма орталығы Саршага, жақын мандағы өзінің қыстауынан есегімен бара салып және сол жердегі бір досының үйіне жақсылап қонақтаныпты. Күн кешкіріп қалған. Қомекең артықтау алынып қойылған «зәмзәмның» әсерінен болар көзі бұлдырап жүретін жолды дұрыс бағдарлай алмайтын шамада болса керек. Бұл ықылық атқан сайын есегі де жүрісін баяулататындаі көрініпті. Қомекеңнің ішіп-жемі түгел, қөнілі жай болғанымен күні бойы «қашып кетер» деген оймен қантарылып тасталған есек байғұстың қөніл-күйі адам қызығатындаі болмаса керек-ті, онысы мандымай келе жатырган жүрісінен де байқалған. Есегінің шабандығына қитықтанып, үнемі қалтасынан қалмайтын шаппасымен оның құлағын ортадан төмендеу жерінен сылып алып лақтырып тастапты. Үсті-басы қан-кан, Көмекбайдың ұсқынынан шошып кеткен ауыл адамдары қапелімде түкке түсінбей «не болды, не болдыға» салып әбігерленіп калыпты.

Сонда Қомекең «Мына есектің құлактары ебетейсіз үлкен екен, жолды көрсетпеді соны ықшамға келтірдім» – деген екен.

Сол кезде Алланың әмірімен, кесілген құлағының пышақ ашуы әлі басылмаған сорлы есек жантүршігерлік даусыспен оқіріп жіберіпті. Оның даусынан шошынған Көмекбай осы оқиғадан соң «есектің құлагын кесуді мұлдем қойып кетіпті» деп естіміз.

## ҚОШҚАРДЫҢ МУЙІЗІ

Бір жылдары Комекең «Жетіқакта» совхоздың кошқарын бағыпты. Қүндердің күнінде ауылға мал отарларын аралап жүрген, бір жағынан бұларға қүйеу боп келетін мал дәрігері Ауданбаев Тұмаш келе қалыпты. Қомекеңнен шаруа жайын сұраса ол «Шаруаның бет алысы жаман емес-ау, тек мал суаруга астаулар тарлық етіп, қошқарлардың бастары сыймай сүзісіп суға қанбай шолқакты болып олуге айналды»

деп көптен бері кинап жүрген жайды мал дәрігерінің алдына жайып салыпты. Сөз арасында «осылардың мүйіздерін қысқартатын құрал жоқ па?» деп өзінің бұйымтайын да құлаққағыс етіп үлгеріпті. Дәрігер байқап қараса шынында да қошқарлардың мүйіздері өрескел өсіп, айналып көздеріне, бас сүйектеріне кіріп кетуге шақ қалған екен. Тұмаш Көмекбайға сым араны (проволочная пила) ұстасып тұрып «Өзің асықпай қошқарлардың мүйізін кесіп ретке келтірерсің» деп аттанып кетіпті. Содан Көмекең құдық басында мал су ішіп жатқанда балаларына ұстасып, бірінші кезекте қысық есken қошқарлардың мүйізін отап шығыпты. Содан қызды-қыздымен, сым ара сірә қолда, барлық қошқарлардың мүйізін тәртіпке келтірмекші болады. «Сендердің төбелесіп астауға сыймай, тор қораны бұзып жүргендерің осы мүйіздерінің қырсығы, мен сендерге көрмегенді көрсетіп, молдаға берген баладай қылайын» деп отардағы қошқарлардың мүйіздерін түптеріне тақап кесіп алып, құдықтың басына жинап қойыпты. Көмекеңнің қошқарлары төңірегіндегі хабар маңайдағы ауылдарға ілеzdе тарапты. Бір күні шаруашылық аралап жүрген совхоз директоры Қорбақов Таушанбай мұның ауылына келсе, мүйіздері кесілген не қошқар емес, не саулық емес ұсқынсыз қойға ұқсамайтын бір мақұлықта тап болыпты. Сол жерде өмір бойы адам баласына кейіп ренжіп көрмеген Таушанбай Қорбақовтың өзі ашуланған деседі көргендер. Көмекбайды жерден алып – жерге салып ұрсып, тіпті «сottатам» деп қорқытып басылыпты.

Таушекең сабасына түсіп, сөз тыңдайтын шамаға келгенде «Мен мал дәрігерінің тапсырмасын орындағым, мына араны да берген өзі, қайдан білейін, совхоз бойынша қошқарлардың мүйізін кесуге бүйрік шыққан болар» деп ойладым деп бір тоқтапты. Совхоз директорының сөзге тоқтап мұдіріп қалғандығын пайдаланып «Сендер немене малшины келемеш қыласыңдар ма? Ветврач кесуге бүйірады, директор оның бүйріғын құптамайды. Жазығым малши болғаным ба, керек болса ертең райкомга барамын» депті адам мұсіркейтіндей түр көрсетіп.

Сонда иі жұмсақ Таушекен «Ал жақсы қояғой, Тұмашпен өзім сөйлесермін» деп көлігіне беттепті. Осы мүйіз мәселесінің төңірегінде совхозда бірталай жыр болып жүрді. Сол мүйіздер «Төлебай» қыстағында Қемекбай отырған судың басында бірнеше жыл жатты. Мүйізі кесілген тоқал қошқарлар бастарынан қан, көздерінен жас ағып бірталайға дейін қонданып, күй жинай алмай жүрді. Сартта-сұрт сүзісден қалып, сырт көзге тым аянышты болды.

*Aқтаяу қаласы.*

## **ТӨЛЕШ ЕРКЕБАЕВ**

### **МЕНИ АТЫП КЕТИҢЗ!?**



Бірде мектепті жақсы бағамен тәмамдаған баланың қойшы әкесі, мұғалімдерді қонақша шақырыпты. Мал ауыл орталықтан он-онбес шақырымдай жерде орналасқан екен. Директор Төлеш бас болып, бой жазып қайтуға бес-алты мұғалім жолға шығыпты.

Барса, бұлардың келетінінен хабардар қойшы бақадар әлінше дастархан мәзірін даярлап дайын отыр екен. Шәй ішіліп, ет желініп, бір еркін көсліп отырған мұғалімдер тұн ортасы ауа алақаудан, іри-тіри, іштерінде шалабурыл қызғандары бар, орталыққа қайтуға жиналады.

Астарына мінген көліктері мектептің жаман астаулы мәшіні, бағана орталықтан шығардың өзінде көкірегі тарсылап атып, сыр бере бастаған болатын. Қайда да қазақтың «құдай сақтасын» тәуекелі бар, ауылда кәдімгі мәшіндерге ұқсан қызып тұрғасын, мұғалімдер топырлан мініп алып қозғалып кеткен.

Мал ауылдан төрт-бес шақырымдай шыға бере, артқы түтін шығатын тұрбасы зенбірекше бір «тарс» етіп атып, мәшін мелшиіп үнсіз қалыпты. Мұғалімдермен ішіп-жемі бір

шопыр жігітте қайбір құлантаза сау дейсін, оның бір уақытта көлікті жөндеп жолға саларына толық көздері жетпеген олар, құдерін біржола үзіп орталыққа жаяу тартыпты. Біраз жүрген соң ырсылдап ішкен-жегені ауызынан шыққан Төлеш директор дінкесі құрып, жусанның үстіне отыра кетіпті.

Жүрге әлі жоқ, военрук жігітке «Жолдас комиссар, жолдас комиссар, жолдас комиссар» деп үш рет айттыпты. Әр айтқаны бастапқыға қарағанда қайталаған сайын өлімсірек шығыпты.

Былай жайшылықта сабақ қалдырған мұғалімдерге «Бұларың оқу-ағарту майданында балаларға жасалған сатқындық» деп ұрсады екен. Мына жүріспен таңертенгі сабакқа жетісуі беймәлім.

Завучтан сұраса «Сіздің сегізінші класқа бірінші сабағыңыз» бар депті қырсыққанда. Мұғалімдерге ұрысқандағы айтылған «сатқындықты» енді өзі жасағалы тұр.

Военрукті шақыруында да үлкен гәп бар екен, ол «Не болды?» деп жетіп келіпті.

Сонда Төлеш оған соғыс жағдайында тұрғандай салтанатпен «Жолдас комиссар, мен сатқынды атып кетің!» деген екен.

## ПАРТИЯҒА ТИРЕУ

90-шы жылдардың басы КСРО-ның шатқаяқтап тұрған кезі екен. Компартияның да басына күн туып, баяғы жантәнімен қан береміз деген коммунистер, ол анттарынан айнып кетіпті. Мәскеуде Борис Ельцин бас болып, содан қорлық көріп жүргендей партбилеттерін қоқысқа атып ұрып, оған бағынышты ермелер құлаштап тұрып лактырып жіберіпті.

Баяғы да бір әкеміз «корыстың ант ішкеніне сенбен» деген екен. Ұлы халық үшін ант дегенің, қызып отырып ауыздан шығып кеткен ажалы жеткен сөз болғаны ғой.

Кейбірі «қандай заман болып кетеді» деп қорқасоқтап, сандықтың түбіне тастай салып, енді бірі «көппен көрген ұлы

той» деген біздің қазақ коммунистері де, билеттерін алған жерлеріне апарып тастап қойларын бағып жүре беріпті.

Кім көрінгенді санасына үніліп қарамай қабылдай беріп, ақыры өз бастарыңа жау қылып алған компартияның көсемдері-ай, бар пәле өздеріңін!

Сол айтқан қызыл билеттерін тапсыруға жұрт құнжандап қойын қалталарына қолдарын салып іздел жатыrsa, Төлеш ағамыз партия қатарына өтпек болып жүрген көрінеді.

Ел ішінде ақылгөйлер қайда кетсін, «Қашқан жауға – қатын батыр» деген кезінде компартияның әжетханасының есігін ашуға дәрмендері жетпей жүрген кейбіреулер «Төлеш, сен жынды екенсің гой, Кеңестер Одагы партиядан теуіп-тістен іргесін аулақ салып жатқанда мұның не?» – депті.

Сонда Төлеш ағамыз «Менікі құлап бара жатырган партияга тіреу болу» – деп екі қолын басынан асыра көтеріп, аспанды тірегендей көрініс жасап көрсетіпті.

Айтуын айтса да «Ойпырм-ай, мен жалғыз партияны сатқан Ордалы Қосай ма десем, он сегіз миллион коммунист ың-шыңсыз тарап жүре берді-ау» деп басын шайқаған екен.

## ҚАРУ-ЖАРАҚҚА ТАПСЫРЫС

Бұл әңгіме енді Михаил Горбачевтың патшалық құрын тұрған дәуірінде болған оқиғаны баяндайды. Михаил Горбачев үкімет басына келіп орныққан соң, 85-ші жылдары ата-бабасынан, біздің қазақтардың айранында болып кеткен арақпен араздасып, біржола ат құйрығын шорт кесіп жойып жібермек болды. Бірақ өзінің орысының не пәленің бәрін арак қылып ішіп, аяғында кебістеріне жағатын қара кремді жалап қырылатынын ойламапты. Бұткіл КСРО-ның аймагында «сухой закон» орнатып, он бес республиканы өзінің орысымен қоса кептіріп таstadtы.

Сол жылдары Ақжігіттің шет жағынан қоныс тепкен Төлеш ағамыздың үйіне Ордалы Қосай қонақ болып түсіпті. Үйде басқа дәмнің бәрі бар «Иттің боғы дәрі болса, дарияға тышады» деген арақ жагы емге жоқ екен.

«Сүйген ерін сүйгісі келе берер» деген Мұқағалидың бір олең жолдары болушы еді-ау, сол айтқан ішкен ауыздың да арақтан ажырай салуы қын. Ол кезде Ордалы Қосай жездем жас, алдына мөлдіреп келіп тұрса «кет әрі» емес еken. Ал енді Төлештің үйінің дастарханында одан нәр татпай кету күнә, оны көрсетпей жіберсе Төкеңнің сүйегіне таңба.

Бейнеудегі танысына арақ-шарап жіберуін сұрап тұспалдаған, телефон арқылы өтініші « Ел шетіне жау тиді, қару-жарак пен оқ-дәріні молырақ жібермесен, жаудың бет алысы жаман, қайтартар түрі жоқ» деген бопты.

## ТАСПИХ

Төлештің нағашысы, қазір елге белгілі танымал болған Ордалы Қосай еді. Бірде Ордалының үйінде Мұқан молда таспигын санай беріпті.

Соған қарап отырган Төлеш нағашысын қағытып «Жап-жаңа түгел еді ғой, немене қайта-қайта санап, мен үрлап алды деп отырысың ба?» – деген еken. Мұның сөзіне нағашысы күліпті де қойыпты.

## ҚОЙДЫҢ БАСЫ

Ақжігітте Қосай Тіней руынан Жұмажан деген емші, құмалақшы, көріпкел кісі болды. Бір үйде қонақтықта дастарханға келген қойдың басын «көзім көрмейді» деп ұстамапты. Сонда нағашы қылып ойнайтын Төлеш Жұмекене «Немене күнде ашып жүрген құмалағың осы қойдың басынан үлкен бе, оларды көресің ғой» – депті.

## КҮЙІМІЗ КЕТТИ ҒОЙ!

90-шы жылдардың бас кезінде дүкендердегі тамакты талонмен сататын болды. Сол кездерде Ақжігіттегі мектепке облыстан комиссия келетін болыпты. Комиссия келе жатқанда мектептің оқу ісінің менгерушісі болып істейтін Төлеш есік алдына қүйі



бар толықтау өзі бас болып, Байбол, Сайын, Шұға, Сайлаухан сияқты мұғалімдерді шығарып қойыпты.

Оларды көрген комиссия бастығы « Немене, сіздерде тамаққа талон жоқ па?» – деп сұрақ қойыпты.

Сонда Төлеш жымыған күйі «Ойбай, осы талон келген соң күйіміз кетті гой, әйтпесе бұрын жақсы едік» – депті. Маңындағылар ду күліпті.

## БӘЛЕҢНЕҢ АУЛАҚ!

Бірде Төлеш жұмыстарымен Бейнеуге келіп, түске таман шай ішуге бір інісінің үйіне түсіпті. Шай алдында әжетханаға баруға тысқа шықса, онысы құлыштаулы болып шығыпты.

Далада көп тұрмастан бір тасалау жерге женілдеу шаруасын бітіріп үйге кірсе Төлештің жағдайын түсінген келіні «Аға, әжетхананың кілті міне, жолшыбай жүргінші көп болған соң есігін құлыштап қоямыз» депті.

Әжетхана түгілі отырған шаңырағына құлышп салмайтын казактың мына тірлігін ерсі көрген Төлеш « Қой, шырағым, бәлеңнен аулақ, ішіндегі бірденесі жоғалып кетіп, бәлеге қалар жайым жоқ» – деп күліпті. Қып-қызыл болып ұяты бетінс шыққан келін үндей алмапты.

## ӨРІСТЕ ӨЛЕМІЗ ФОЙ!

1990 жылдардың бас жағында Төлеш Қарақалпақстанға құдалыққа барыпты, бір қыздары сол жаққа тұрмыс құрса керек. Терезесі жоқ шұрық тесік вагондарға адамдармен бірге сықай тиелген тауар, ағып-тамған көкөніс, өлерменнің күнінде шаруаң шығып тұрған соң амалсыз сапар шегесін. Адамға артынды басып отырудың өзі мұн. Эйтеуір осы қалай деген тесіктің бәрі, тіпті әжетханаға дейін жүк салынған. Осындағай көріністен кейін бұл пойыздагы жүргінші байгүстың көрер күнін айтпай-ақ түсінуге болады. Сонау Хожелі, Қоңыраттан мінгендер не Ақжігіттен, не Бейнеуден бір-ақ түсетін. Жолай мініп-түсуге өліп кетсөн де мүмкін емес.

Сонау ерте кездегі «Ташкент тоқ қала» фильмін еріксіз тағы бір еске аласың. Мініп-түсетін есіктен тамғы болмаған сон, өзі ірі, толық етженді Төлешті қажарлы төрт жігіт вагонның ішіне терезеден атып жіберіпті. Жұқ толы, ішке қалай түссен де қауіпсіз, Текенің еш жеріне сыйат та түспепті. Пойыз орнынан қозғалып, адамдар өзді-өздеріне келіп, маңындағылар бір-бірінен жөн сұраса бастайды.

Қайдан келе жатырғандығын сұраса келе бір шал Төлешке «Дұрыс! «Қыз өріс» деген осы. Мінеки көрмеген-білмеген жерге барып келесің, құдаларың құтты болсын!» – деп жүрек-жарды тілегін айтыпты.

Үнсіз тыңдап отырған Төлеш әлгі шалға «Дұрыс қой, бір күні сол өрісте өліп қалмасақ болады да» деген еken. Елге аман-есен жеткен соң қыздарына «алысқа кете көрмен» деп жалыныпты деген сыйбыс бар. Бірақ оны тыңдайтын бала болса жақсы, дәм тартса айға да кете береді ғой.

## УӘЙІС ҚАЙРАЛАПОВ

### ВОКЗАЛДАҒЫ КӨРІСУ

Бейнеудің Маңғыстау ауданынан бөлініп, өз алдына аудан болып құрылған жылдар еken. Топырлатып апарып отырғыза салатын кадр жағы тапшы көрінеді. Теміржол вокзалынан басқа дымы жоқ, қаңырап жатқан айдалаға жылы орнын суытып, кім суырылап бара қояды. Сол кездегі басшылардың ойлап тапқан әдісі – жұмысынан ши шыққандарды Бейнеуге жер аудару.

Одақта Сібірге жер аударып үркітсе, Маңғыстауда Бейнеуге жер аударып жазалайды еken. Ол кезде партия бір құркіресе үскен тау асып кетерсің, дегенмен адам паналамастай жер емес, тек орнықты болып үйренісіп қалғандар жылы орындарын қозғалуды ақырет көретін болар.



Бейнеуге барып қызмет жасап жатырган халық ақыны Уәйіс Қайралапов, вокзалда Әбдібек Жаманбаев ағамызды күтіп алып тұрып:

«Шекеден тоқпақ кетпеген,  
Кұтылдық па Шетпеден» –  
деген өлең жолдарын, сол бір жылдары шығарса керек.

## АТТЕСТАТТЫҢ АЗАБЫ

Бұл әзілге жататын тақырып емес, бірақ жазуым керек болды. Кезінде сырттан оқитын біреуге, аттестат сатты деген статьямен халық ақыны Уәйіс Қайралапов ағамыз бірнеше жылды арқалап кете барды. Сол бір жапырақ қағазға бола, ағамыздың тірнектеп жиган абыройы аяқасты болды, тыныш заманда шаңырагы шайқалды.

«Құжат сатып байығанды көзденген шығар» деп ойлауға ағаның, мен өзім астына көлік мініп, қабат-қабат үй салдырганын көргенім жоқ. Орысқа да, қазаққа да ортақ сол кезде, түкке тұрмайтын бір нәрсені «қуу» деген қанга сіңген әдет болды.

Білетіндер айтады, әлгі қарғыс атқыр аттестат «жұылғаны» үшін, «сатылды» делініп, ағаның құғынға ұшырағанының басты себебі сол болса керек. Аттестаттың иесі де, оны алып білім жолына түскелі жүрген жан емес, бағып жүрген қойының санын білмейтін, қойши біреу көрінеді. Аға сотталды, бірақ елдігімізге сын, қара күйе өшпестей болып, баттасып жабысты.

Сот процесінің жүру барысында, істі қарau ақырғы межесіне жеткенде, айыпкерге соңғы сөз беріледі. Ағаның соңғы сөзі былай болыпты:

Әуелде біздер жетім ек,  
Халқым адам етіп ед.  
Қатырып кетті-ау жігіттер,  
Қатырма қағаз екі бет.

Кейін Маңғыстауға бірінші хатшылыққа келген Саламат Мұқашов «Осы сіздерде Уәйіс Қайралапов деген халық ақыны бар еді, сол жігіт қайда?» – деп іздепті.

Жергілікті жалбақайлар «Ой, ол деген біз білмей жүріппіз, бұзылған адам екен, солай да солай сотталып кетті, қазір Ақтөбеде жазасын өтеп жатыр» – деп сайрапты.

Мұқашов қатты налып «Маңғыстаудың жігіттері, мандаіларыңа біткен бір адамды, о не қылғандарың» депті.

Жеделдетіп Ақтөбенің обкомына телефон шалып, бас-аяғы төрт күннің ішінде Уәйіс ағамыз елге оралыпты.

## УӘЙІС ПЕН ҒИЗАТ

Мен білетін жерде ақын деген халықтың құрдасы да, досы да көп. Ертеректе Уәйіс Қайралапов ағамыз Маңғыстау ауданында оқу бөлімін басқарды. Сол тұста облыс орталығы Гурьев қаласына ісі түсіп бара қалыпты. Басында айтылған ақын ағаның Атыраудағы таныстары, ақындар, жазушылар Уәкенді жібермей бірінен соң бірі қонақ қылыпты. Өзіне салса ақындар баяғы Біржан салдарға ұқсап, басының ауған жағына жырын жырлап жүре беруі мүмкін, бірақ бір ауданның білім бөлімі өзіне қарап отырған Уәкен, жұмысы есіне түсіп ауылға қайтпақ ниетпен жолға жиналышты. Аржағында жібермей тартып тұрған дәм шығар, көшеде белгілі халық ақыны, қашаннан сыйласып жүрген Ғизат Әбліттаев кездесіп қалыпты. Уәйістің Атырауда жүргендігінен хабардар, бірақ ұстай алмай жүрген көрінеді, ақынды ақын көрсе тілдері қышиды, Ғизат Әбліттаев ағамызы:

Атақты ақын едің Уәйіс деген,

Келдің бе біздің жаққа жәй іспенен?

Қаланы аралаумен тауысыпсын,

Үйшікте үй қалды ма шай ішпеген? –

деп бір шумақты қас пен көздің арасында шығара салыпты. Енді бұл жерде өлеңге өлеңмен жауап бермесе ақындығына сын және шын таланттың сайрап көкірегіне келіп те тұрған болар, Уәйіс ойланbastan:

Мен едім, Қайралапов Уәйіс деген

Әрине жүрген жоқпын жәй іспенен.

Қонақ боп бұл қаланы тауыстым ғой,  
Тек сенің үйің қалды шәй ішпеген – деп төгіп  
жіберіпті.

Ғизат ақын Уәйісті сөзге келмestен үйіне бастап, сонымен  
іссапарды тағы бір күнге ұзартуға тұра келіпті.

## «ҚАСҚА КӘСІП»

Сол тағы оқу бөлімін басқарып тұрған шақ. Ол кезде  
Маңғыстау облысы тұтас бір аудан. Сондықтан  
Маңғыстаудағы барлық мектептер Шетпеден басқарылады.  
Уәйіс ақын мектеп шаруасымен Ақшұқырға келіпті. Келген  
соң окудуың барысы, мектептің жай-күйімен танысады.  
Ақшұқыр қайда, Шетпе қайда, жүріп кете беруге жол алыс  
және оның үстіне бұралаңы көп қара жол, осында қонып  
қалуға тұра келеді. Кешкін мектептегі қарт ұстаз Жолдыбай  
Шақшабасовтың үйінде болады. Аты бүткіл республикаға  
танымал ақын келгесін оның шашбауын көтеруге осы қалай  
деген сөз білетіндер қоса келіпті. Ақындар бір-біріне дес  
бермей қызу айтыспен отырганда қүннің батқаны, таңың  
атқанымен жұмыстары жоқ қой сірә? Тұнді орталап барып  
кеш жатқан, Уәкеңнің тұрған-тұрмағанына қарамастан  
Жолдыбай мұғалім қапылып мектепке кеткелі жатыр екен.

Сонда Уәйіс ақын:

Жаңың жоқ адам десе Шақшабасов,  
Жазуың қойғандай-ау тасқа басып.  
Бас жазып кетер едің меніменен,  
Не деген мұғалімдік қасқа кәсіп –  
деген екен асыл аға.

## АҚ ШӘЙНЕКТИҢ ЖЫРЫ

Тірліктің телевизордағы секілді ақ, я болмаса қара жолағы  
болады. Бірде сені тайрандатып қойса, енді бірде басыңа  
қасірет бұлтын қондырып меселінді баса қояды. Ақтөбедегі  
3-4 жыл абақтының азабы, екі ортадағы жұбайының

дүниеден өтуі, шайқалған отбасы шаңырағының шырғалаңы, Уәйіс ақынға жеңіл соққы болмапты. Ақынның өмірінің соңғы жылдарына күә болғандар, оның жалғызбасты жүргенін көрген. Өмірдің өткінші екенін түсінген, нар жігіттер ғана мүжілмей, басына түскен тірліктің ауыр салмағын «қың» демей көтеретіндер солар, асылдың сынықтары ғана. Бірде жұмыстан келе жатыrsa бір танысы «Хал қалай?» – депті.

Сонда Уәйіс ақын:

Әйеліміз ол кетті,  
Мәңгілікке мол кетті.  
Үйімізден сән кетті,  
Шалыңыздан мән кетті.  
Газым менен жарық бар,  
Ақ шәйнегім әндettі.  
Халдің несін сұрайсың  
Қатыны тірі болғыр,  
Сен де маған құдайсың –  
деп жабырқап өлеңдеткен екен.

## ОРЫНБАСАР АЙТЫПТЫ

### АСҚАНҒА ТОСҚАН

Орынбасар – Құлсарыдағы Ізтұрган жездемнің інісі болғандықтан, бізге құда болып келеді. Қашан көрсөн де баржоғын білдіртпейтін, әзіл-калжыңың қоймасы. Тірлік жағынан күнелтуі барлық қазақпен қарайлас, асып төгіліп те, аш жатып та жүрген жоқ. Мекені Атырау-Маңғыстау шойын жолының бойындағы, Үстірт деген шағын теміржол бекеті. Ауылдастары неге екенін білмеймін, Орекенді «Зик» деп атап кеткен.

«Неге олай?» – деп сұрағандарға Орекен «Ол – «зиялды», «иманды», «кісі» деген» деп, созжұмбақтың шешуін шешкендей қылыш айтады.

Сол Орекен бірде ісі түсіп, қоңсы тұратын жігітке барыпты. Барса әлгі жігіттің қызылжап қылыш, киіктің етін әкеліп

жатқанының үстінен түсіпті. Қызыл кітапқа енген бөкенді аулағанды үкімет сезіп қалса кешірмейді.

Сасқаннан қылмыстарының үстінен түскен Орекенді «Кел, кел, Ореке» деп жалпаңдал, сол үшін асып жатырғандай киіктің басына шақырыпты.

«Япырым-ай, мына иттерге бірдеңе көрінер, уақ малды қоспағанда, үйір-үйір жылқы, малдарын айдай алмай отыр, ондірістегі екі баласы мың-мыңдал табыс тауып отыр, шырылдаған шыбынның да обалы бар емес пе?» деп жегені желкесінен шығып, тамагынан жұрмепті. Аңды да адамның азығы үшін жаратқан, бірак елді аштық жайланаған кездерде де аксақалдар сауға сұрап ашқөздікке жол бермеген.

«Даланың аңын қызғыштай қорып мына сорлынікі не?» деп сөз кылар деп. үндемегесі келіп еді, бірдеңе бүйірінде тұрды да койды.

«Қорадағы мыңын көрмей, қорғансыз аңды қырган олардікі жәрекімалла да, менікі бейшаралық болғаны ма?» деп тағы тынышымады. Көзапара мелисаны ертіп келсе, жұтқандарын керессінен шығарып, сottалмаса да жиған-тергендерін шашып біраз сергелденге түсері анық.

Орекен «Ит те болса Құдай қондырган көршім гой, көршісін айдатып жіберді деген ел сөзіне қалармын» деп ішінен тынын жүрді. Бұның әрекетін сараптап ақтап алар адамның табылары тағы екіталай. Жоқ, көршісі бұрыңғының үстіне өршип түсіп, мұны адам есебіне қоспай, аулаған аңдарын тапа-талтүсте қан-қан қылып түсіріп жатады. Күндерлің-күнінде олардың етті қап-қап қылып, Бейнеуге апарып сатып жүргендерінің күәсі болды. Бір күні қайыптантайып, бұл тағы желініп жатқан еттің үстінен түсті. Қазан аңдып жүрген жоқ, көршиде бір шаруасы шығып бара салған.

Шыға берісте түрган бірнеше қапшықты шыға бере көзі шалып қалды «Дәу де болса, осылар ет сатқалы жүргелі отыр» деген ой басына сап ете қалды. Сол түні ертелеңін вокзалға келді. Тасадан байқатпай тұрып қараса, өздерінің жүк мәшиндерінен қапка салған еттерді, көршісі ырсылдан түсіріп жатыр екен.



Анадайдан тұрып көршісін ымдап шақырып алғып, жаны ашитын адамның кейпіне келіп «Жана сіздің үйден шыға бергенімде, екі мелиса ұстап алғып, доғдырға апарып рентгенге салып, ішің толы киіктің еті қайдан жедің деп қыспаққа алды, ертең тағы тергеуге шақырып кетті» деп құлағына сыйырлап, өзі жөніне кете беріпті.

Тұн ортасында үйінің есігін жау қуғандай біреу қағып тұрғанға шықса көршісі, өңен өң жок «Орынбасар, ертең тағы шақырып жатырса бізді айта көрме, осыдан соң аштан өліп жатырсам да өлемендікті қоямын» деп жыларман болып тұр. Осы оқиға болғалы бірнеше жыл артта қалыпты, содан бері көршісінің ацишылығы да додарылған-ау деймін.

## АНАША БЕРЕ ҚОЙШЫ?

Бірде Орекене Атырауга жол жүргуге тұра келіпті. Вагон толы саудагер, Орекенді өзінің заңды орнына да тыныш жатқызбапты. Тіпті көретінді өзіміздің қаракөз қыздарымыздан көріпті. Тосырайып шалбарланып алған үшеуі, құданың орнына отырып алғаны былай тұрсын, ибалылықты ысырып тастап, дарақылана құліп, барлық жолаушыларды әбден мезі етіпті.

Үлкендеу жолаушылар ескертіп қараган екен «Сіз не қазақ емессіз бе?» дейтін корінеді. Қазақ болғанда жүрттың бәрі, өздері секілді тұқыл тәрбие көрмеген қыздарды асырап, шолжаңдатып қойғандай. Қаны басына теуіп, ашудан жарылғалы отырган Орекен, бір кездे анадайдан вагондарды тексеріп келе жатырган мелисаларды көзі шалады. Әлгілер дауысты естітін шамаға жақындағы-ау деген шамада, қыздарға қарап даусын көтеріңкіреп «Шырақтарым, азғантай анаша бере қойыңыздаршы» – депті, адамдардың темекі сұрағандағы, саусағын бір-біріне уқалайтын ишаратты жасап.

Мелиса тіпті тақалған сайын дауыс ырғағын көтере дауыстап «Көп емес 50 грамм жарайды, өткенде бергендерің өте таза екен, сендерде бар екенін біліп отырмын» – депті.

Қыздар үнсіз орындарынан тұрып, қас қағымда жым-жылас жоқ болып кетіпті. Орны босаған Орекен өз төсегіне жайғасып жаны жай тауыпты. Анашаны өңі түгілі түсінде көрмеген Орекен, қара басының қамы үшін, жай бір осы күнгі жастарды үркіту құралы ретінде пайдаланынты. Бұдан сонда жаңағы қозтаныс үш қызы жол үстінде Орекене талай жолдас болыпты. Бір қызығы Орекеннің қарасы көрінгеннен зыр-зыр қашатын көрінеді.

## **САРМАН ШАЛДЫҢ АЙТҚАНДАРЫ**

### **КІМНІЦ ҚЕМПІРІМІН?**

Бұл тоқсан менің жасар жасым ба еді,

Быламық менің ішер асым ба еді? –

деп бір қария баяғыда налып айтқан көрінеді, мүмкін авторы да бар шығар мен дәл білмедім. Ұлы Жібек жолының Маңғыстауға енер қақпасындағы Сам құмы өнірінде Сарман деген әкеміз өткен. Арғы аталары Маңғыстаудың қара ойын қысталап, жаз жайлauын Үстірттің жазығы, Сам, Матай құмы жайлап, бар өмірі мал соңында өткен. Өмірі қой соңында өткенімен қара сөзге ешкімге есесін жібермеген адам. Баяғының шалдарының сүйектері асыл ғой, олар қайбір бізге ұқсан үш мезгіл астарын уақытында ішіп, мезгілімен ұйықтаи. майдайлары терлеп рахат көрді дейсін? Бірақ сөйтіп жүріп, бізге ұқсан елуінде денсаулыққа күй айтпай тоқсан жасап. жүздің жүзін көріп дүниеден өтіп жүр. Қайсыбірі жетпіс-сексенінде жас келіншектердің көңілін тауып, жас иіс те иіскегендері де жоқ емес. Жармыштағы, жүзге емін-еркін келіп дүние салған, кезінде мұгалім болып бала оқытқан Ергенқұл нагашымның, көзілдіріксіз газет оқыганын көріп жагамды ұстаганмын. Құдайдың қанша жас берері өзінің қолында, қазір газетті көзімізге лупа киіп оқып жүрген біздер. жүз жасай қойсак газетті оқымақ түгілі басқа жагдайға пайдалануға да дәрменіміз жетпейтін шығар.

Бірде Сарман әкеміз, тоқсанды орталап қалған кезі.

төсегінде қисайып жатырса шалдың жайын сұрауға бір кемпір келіпті.

Тоқсандағы шалдан алжығаннан басқа не күтеді, әлгі шешеміз «Сареке, мені танисың ба, мен кімнің кемпірімін?» – депті.

Сарман шал асықпай сақалын салалап жатып «Қай шалдың қасында жатырсан, сол шалдың кемпірісің» – деген екен.

## ӨЛЕ ҚАЛАТЫН ЖАС

Сарман шалдың малдан қалып, жасының ұлғайған шағы екен. Бірде шалға елдегі бір інісі қол ұшын беріп, көрісп қайтуға қонаққа келіпті. Мал сойылып дастархан жасалып, көптен төбесін көрсетпеген інісіне қонақасы беріліпті.

Үйде жатқан шал, жан-жақтағы аяқ жететін жердегі елжүрттың амандығын біліп, інісімен өткен-кеткенді айтып қауқылдасып мәз болыпты.

Ертеңіне інісін жолға аттандырып салып тұрып оған «Осы сенің жасың нешеде еді?» деп түйеден түскендей тосын сауал тастапты.

Үйінде бір күн, бір түн болғанда қойылмаған тосын сұраққа таңғалған інісі «Ол неге керек болып қалды, ал биыл жетпісінші қарды бастым» депті күліп.

Біраз басын шайқап-шайқап тұрып Сарекен «Ой айналайын-ай, өле қалатын жаста екенсің ғой» депті оған.

Оның бұл сөзіне інісі жатып келіп ашууланыпты.

«Өзің тоқсанға келесің, өзің жасаған жасты маған не қимайсың ба?» – депті кәдімгідей өні бұзылып.

Сонда Сарман шал «Тоқсанға келіп мен не бітіріп жатырмын, не өз шаңырағыма қадірім жоқ. не Сарманды іздеп келер замандас құрдастарым жоқ» – деген екен

# ТАУШАНБАЙ ҚОРБАҚОВ АЙТЫПТЫ

## ТӘРТІПТІң ШӨБІ

Таушанбай Қорбақовты бала кезімнен білемін. Біздің Шайыр бір жылдары «Правда» атындағы колхоз делінді. Таушекең сол колхоздың басқармасы болды. Дүниеде кеңшілік болса сол колхоз болған жылдары болған шығар.

Бекібай Шәуенов деген ағамның «Коммунизм – колхоздың тұсында өтіп кетті» дегені содан шығарып айтылған. Қазіргілердің біреуі бар, екіншісі жоқ деп қырық пышақ болып жүрген демократия дегеніңің өзі сол колхоздың тұсында болып, өтіп кеткен болуы керек. Менің колхоздық дәуірден көргенім екі бастық болса бірі – осы Таушанбай Қорбақов, екіншісі – Мұқаш Қадіров деген ақсақал еді.

Олардың алып бара жатырган оқу-тоқуы болмаса да, елге «Шаш ал десе, бас алган» шолақ белсенділік жасаған жоқ. Ешкімнің енбегін жеп, бауды мұрат қылмады. Екеуі де ел не жесе соны жеп, ел не кисе соны киді. Екеуінің елге жасаған жақсылығын, солардың көзін көрген ауыл жұртты құні бүгінге дейін аса бір ырзашылықпен еске алып айтады. Таушекең колхоздар тарап, кеңестік шаруашылықтарға шогырланғанға дейін Шайырда тұрып, кейін Бейнеу ауданына қоныс аударды. Сам өңірінде, басқа ат бұйырмағандай өлкенің өз атын жапсыра салған «Манғыстау» деген совхозды осы Таушекең басқарды.

Қалай-солай Таушекендер 60-жылдардың аяғында Үстіртке қоныс аударды, мен ол кісіні көргенім жоқ. Тұмсықты келген, кең иықты, ұзын бойлы ақсары жігіт еді біздің бала құнімізде.

Барлық табылған табыс, халыққа жасағанына қарай болінетін колхоз кезеңінің нанынан біз бала болсақ та жұмыс жасап ауыз тиіп қалдық. Төртіншіде оқып жүргенімде ағам Аманқоспен бірге жаздағы пішен шабуға қатысып, бақандай сексен сом алып, әлемнің жарты байлығы біздің үйге



келгендей марқұм шешем Балтөренің қуанғаны әлі есімде. Кеңес заңына орай жасы жетпеген жұмысшыларға үстеме ақы төленетінін мен сол жылы өз көзіммен көрдім.

Менің шынашақтай болып, таң қылаң берер-берместе үлкендерге еріп жұмыс жасап жүргенімді көрген Таушекең шешеме «Мына балаң бір жерден шығады» депті. Ол адамдар туралы том-томдап кітап жазса да артық емес.

Сол кісінің колхоз басқарып тұрған тұсындағы бір оқиғаны оқырмандарға ұсына кетуді жөн санадым. Ол кезде қоғам мұлкін көздің қарашығындай сақтауды адамдар кәдімгідей өз шаруасындағы қадағалайтын. Себебі, колхоздың мұлкі – өзінің мұлкі. Дегенмен есебін тапқандар, аздал, көп болмаганымен мал азығынан үйлеріне түсіріп жатады. Солардың маңдай терімен құралып, колхоздың солардың еңбегімен колхоз болып тұрғанын билетін басқарма андай-пұндайға коз жұмып елемейтін көрінеді.

Қырсыққанда бір күні колхозға тұтқылдан бір топ мелиса сау ете түсіпті. Колхоз дегенмен ол да Кеңес үкіметінің қарауында, сол үкіметтің зандарына бағынады, сондықтан тәртіп ортақ. Колхозды тонағаның – Кеңес үкіметін тонағаның.

Мелиса бастық «Так Таушеке бүгін тұнімен рейдке шығамыз, көп ешкімге дабыра қылма» депті. Елде ашаршылық жоқ, сондықтан өлермен біреу болмаса ұрлық жоқтың қасы.

Тұн қатып жүрудің келісі жоғын білген мелиса бастық «Таушеке, қайталық тыныштық қой» дей бергенде, сонадайдан бір өлімсірген жарық көрініпті. Жақындан келгесін қараса колхоздың тракторшысы Сайлау Обдіхалықов екен. Тракторының тіркемесінде он шақты бума шөп, оны сөзсіз ешкімнен сұрап алған жоқ.

Колхозда өлгенін білмей жұмыс жасайтындардың бірі Сайлаудың жүз бumanы үйіне түсіріп алса да сұрауы болмас еді, мына рейдке тап болғаны бастықтың дегбірін кетіріпті. Мелисаға тіркемедегі шөп бумасының біреуі не, оны не бәрібір ұрлық болып есептеледі. Ол заманда пара беріп

күтылу бар болса бар шығар, бірақ Сайлаудың қолынан келмейтін шаруа шығар. Көзапара оны айдатып жіберуге маңдай терімен күнелтіп жұрген адам, шөп деген не, адам деген кім, ол арасын көпті көрген колхоз бастық Таушанбай жақсы біледі.

Жеделдете басып мелиса бастықтан сәл ілгерілеу шығып, погондыларды көріп қара терге малшынып отырған Сайлауға «Слушай Сайлау, бала емессің, шаға емессің мына жасал жұргенің не, жұрт тұнделетіп жұргесін сені ұрлап жұр атаққа қалдырады, өткендеңі тәртіпке берген шөпті бүгін алып келесің бе, осы жалқаулықты қою керек қой» депті. Таушанбай бастық жерден алып, жерге салып ұрсып жатырған соң мелиса бастық иланып аудан орталығына жүріп кетіпті.

Олар біраз жерге ұзап қараларын батырды-ау деген шамада Сайлауға жақындаپ келіп «Әй Сайлау-ай, бірде көл, бірде шөлсің-ау, қарғайың десем жалғызың, қарғамайың десем кім екенінді өзің білесің» деп көлігіне беттеген екен дейді сол оқиғаның қуәсі болғандар. Арада бірнеше айлар өткенде сол тұнды еске алып Сайлау тракторшы «Таушанбай бастық болмағанда осы күні қай түрмеде шіріп жатыр екенмін» дейтін көрінеді.

Жасы сексеннің сенгірінен асқан, еліне көп жақсылық жасаған Таушанбай Қорбақов Бейнеу ауданында тұрады. Маңғыстаудың атырабында оның өшпестей қолтаңбасы жатыр, Маңғыстау өнірінде оның жүріп өткен жолдары жатыр.

### СМАҒҰЛОВ ТЕМІРХАН

Смағұлов Темірхан – көп жылдар бойы журналистика саласында қызмет жасаған, парасатты ойшил, танымал қаламгер. Өмірінің сонына дейін Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір» газетінде редактор болған. Өмірінде қаламды серік еткен ағаның артында сөз қалмауы мүмкін емес, Маңғыстау өнірінде Темірхан айтыпты деген уытты әңгімелерді қаламдастары күні бүгінге дейін айтып жүр.

Күні кешеге дейін газет шығару, бірнеше адамның мандай терінің арқасында, үлкен бейнетпен жасалатын еді. Әріп тери, қорғасын іісі құнірсіген ауасы алқымынан қысып, жұмыс сонында баспаҳанадан шыққандар естерінен танып шығатын. Газет шығуын шыққанымен, адам ағзасына орасан зиян салатын технологияның залалы көп есепке алынбайтын. Газет шығып тұрса, ол оқылса болды, оның қалай шығып жатырғандығында ешкімнің шаруасы жоқ. Сондай жағдайда тілшілердің, редакцияның маңындағы қызметкерлердің, жертөледегі баспаҳана орналасқан орынға барып, аздап «шаң басатындары» бар. Жұмыстың зияндылығына байланысты болатын бас қосулар, бастықтың рұқсатынсыз жасырын ұйымдас-тырылады. Бәрін сезіп білетін Темекен, көп жағдайда оларға көз жұмып қарап, сыр бермейді, рә бір шектен шығып бара жатырмаса. Бірде редактор оқыс шаруасы шығып баспаҳанаға кіріп келсе, журналистердің басында айтқандай «шаң басып» жатырғандарының үстінен түсіпті. Өздері журналист болса қалай үнсіз отырып ішсін, бір-біріне сөзге дес бермей жатқан көрінеді. Ортада соқайып ашылған «ақаң» тұр, рөмкілерге құйып қызмет жасап тұрган КСРО Журналистер одағының мүшесі Төлекеш Шайкөзов екен.



Бастықтың сыртынан келіп тұрғанын сезбеген Төлекеш «Болың, болың, бастық келіп қалып жүрер» деп жігіттерді сақтандырып қояды, артында келіп тұрғанын қайдан білсін. Шыдай алмаған Темекең «Төлекеш сенде өнер көп екен, қашаннан бері асаба болып жүрсің» – деген екен.

## АҚТАР МЕН ҚЫЗЫЛДАР

Райкомда қызмет жасайтын бір танысы мерейтойын өткізіп жатырса керек. Газет жұмысы қайбір басқалардың қызметіндегі уақытымен басталып, сақып белгіленген сағатта біtedі, әлгі танысының тойына Темірхан кешігіңкіреп келіпті. Келсе шәй ішіліп орталап қалыпты, кейбір жігіттердің жақтары босап қалған екен. Қазір де бар болса бар шығар. ол кезде кешігіп келгенге «Айып рөмкесі» құйылады. Құйылғанда рөмкені бетпе-бет қылып, керелендіріп құйылады. Өзің ашқарында келіп, «Айып рөмкенің» бір-екеуін тартып жібергенде, манағы жағы босап қалғандарды қуып жетіп, солардың денгейіне барып қаласың.

Темекеңе «айып рөмкесін» өткізбек болған асаба жігіт «Аға, ақтан ішесіз бе, әлде қызылдан қарап жібересіз бе?» – депті.

Сырт киімін ілгішке іліп жатырған Темекең «Қызылдар өзіміз ғой, әуелі ақтарды құрту керек» – деген екен.

## САМ, СЕНЕК, ҚОШАҚ

Қазіргі газеттерді қарап отырғанда, олардың жіберген қателерін көріп өзіңнен-өзің ұяласың. Бірен-саран тыныс белгілерінің қойылмай кетуі, қаптаған қалың әріптен бір әріптің түсіп қалуы, адамның қолымен жазылған соң болмады дегеннің өзінде болатын жағдай. Ал қазіргі газеттерді қарап отырсаң әріп түгілі сөз түсіп қалып жатады. Кенес үкіметі тұсында болса қазіргі газетшілердің тоқсан пайызы жұмыстан қуылып, қоныз теріп кетер еді. Темірхандардың тұсында газеттегі бір әріп қате үшін редактор басымен жауап

беретін, сөгіспен құтылсаң жеңіл құтылғаның. Көп жағдайда ондай мұсіркеу бола бармейді, креслоны босатуға тура келетін кездер де болады. Редакция алқасының бір отырысында Темекең тілшілерден «Басқа қате жіберсендеге, Сам, Сенек, Қошақ деген жер атауларынан бір әріп түсіріп, не қоса көрмендерші, шырақтарым» – деген екен.

## **ТӨЛЕКЕШ ОРАҚОВ**

### **ТӨЛЕКЕШТІҢ БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ**

Баяғы колхоз кезеңі болса керек. Аудандық «Жаңа өмір» газетінде Төлекештің жаңа журналистік кезеңін бастап жүрген жылдар болатын. Ол кезде қазіргідей шұбырып жатырған көлік жоқ. Баратын жеріңе қыс демей, жаз демей салдырлаған «газиктің» астауында кетіп бара жатасың, ол да табылса жақсы. Бірде Төлекеш редакция жұмсал, алыстағы бір ауылга іссапарға баруга тура келіпті. Қыстың күні, үстіндегі сырт киімі де жұқалтандау, тонып-шашырап межелі жерге әзер жетіпті. Бөркінің бауын шешуге қолы жуыспай, фотоаппараты салтылдан колхоз бастықтың бөлмесіне кіріп барыпты.



Колхоздың жұмысы келіспей қырын кетіп, бастықтың ашуланып терісіне сыймай отырған мезетіне тап болған болуы керек «Осы түйе қарагандар-ақ, маза бермейтін болды-ау» деп Төкенді контордан қуып шығыпты.

## **ҚАЙЫР БОЛСЫН АЙТУ**

«Жаңа өмір» газеті аптасына үш рет шығады екен. Ол кезде идеология біреу-ақ, ол – коммунистік идея. Жаппай мақтау, мадақтау газеттің басым жазатыны, сондай көріністегі мақалалар. «Бәлен қойшы, бәлен саулықтан түген қозы алыпты.

Ана совхоздың қойшысы бәлен қойдан, теңдесі жоқ қыруар жүн қырқыпты» газеттің ана санында да осы іспетті мақала, келесісінде де сол. Қазір заман өзгерген соң, өткен кезеңдерге бәлен-бақу деп мысқылмен күлетініміз бар ғой, десек те сол кездегі ел арасында «Жаңа өмірдің» беделі асып-төгіліп жататын. Қазіргі әдеби сапасы адам төзгісіз, кім көрінген шығарып жатырған имансыз газеттерге қарағанда, біздің аудандық газет салиқалы дұрыс басылым еді сол жылдары. Арагідік сын мақалалар, оқырмандар шығармашаулығынан әдептен аспайтын, там-тұмдап, әнгімелер жарық көріп тұрады. «Жаңа өмірге» сыналып шыққан басшылардың жұмыс орнында қалып, кіріске кіріп кеткені сирек кездесетін жағдай. Журналистер өте сақ халық, қай заманда да сынни мақалаларды екі шұқып, бір қарап, сақтықпен жазады. Абыройының қаламының ұшында тұрганын олар жақсы біледі. Ал біреуді мақтап жазсан, әлгі кейіпкерінің іші кепкенше мактай бер, ол үшін сені ешкім жауапқа тартпайды. Бірақ Төкен сондай бір қойшыны мақтап жазған мақаласы үшін тұтылыпты. Аптасына үш рет шығатын газетке, күнбе-күн тың тақырып өне бойы таптыра бере ме? Уақыты өтінкіреп кеткен «Жаңа өмірдің» бір санынан «осыны кім біліп жатыр» деп ойлап, озат қойшыны итінен бастап мақтаған мақаланы, қайтадан жаңа санына көшіріп, қыстыра салыпты. Бұл бірінші рет емес, бұрында солай етіп жүрсе де Құдай білсін? Қырсығып адам алдырайын десе қара басуы әп-сәттік шаруа, Төкенің әлгі мактауын келістіріп көшірген мақаласының басты кейіпкери шопан, баяғыда бақылық болған екен.

Төкенді жерден алып, жерге салып ұрысқан басшылар «кінәсін түсініп, кешірім сұрайтын болар» деп дәметтің отырыпты.

Басы салбырап тұнжырап отырған Төкен «а, байғұс-ай, ол шопан қайтыс болып па, барып қайыр болсын айтып, бата оқып шығу керек екен» деп шығып кетіпті.

## БОС КАДР

Нешінші екені белгісіз Маңғыстау аудандық партия конференциясы етіп жатыр екен. Жан-жақтан ағылған делегаттар, оған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы міндettі тұрде қатысады. Ол кездегі беделді жиындардың бірі болған соң ауданның барлық белсенділері қапылып, баспасөз өкілдері қолды-аяқта тұрмай жүгіріп жүр. Аудан өнерпаздарының күшімен концерт көрсетіледі. Таңертеңгілік басталған конференция жұмысы аз ғана дамылдап, делегаттар тұскі үзіліске шығады. Осы кезді пайдаланып қатысушылар естелік ретінде суретке түсіп жатыпты. Қазіргідей фотоаппарат ол уақытта әркімде жоқ, арнаулы шақырылған фотограф мамандар мен бірен-саран фототілшілерде ғана бар. Аудандық «Жаңа өмір» газетінен Текен, өз жұмысына беріле қызу қимылдаپ, қайталанбас сәттерді қалт жібермей шыртылдатып түсіріп жүр. Қалауынша түсіре беруге осы күнгідей сандық фотоаппараттар емес, әп-сәтте Текенің пленкасы таусылып қалыпты. Онысын сездірмеуге тырысқан тілші ағамыз, делегаттарды тізіп қойып түсіре беріпті, түсіре беріпті.

Кезекті бір топты түсіріп бола бергенде ортада тұрған ауданның бірінші хатшысы Өтеуов Арон жұртты құлдіру үшін әзілдеп «Әй, Төлекеш, осы сен ұзақ түсіріп кеттің, анауынның ішінде бірдене қалды ма?» – депті.

Сасып қалған ақкөңіл Текен «Ойпырым-ай оны қайдан біліп қалдыныз» – депті.

Жылдар етіп, облысқа Ләzzат Қыыновтың басшылық етіп тұрған кезінде Таушықта бір үлкен мереке жиын болыпты.

Жасы тоқтасып қалса да «Жаңа өмірде» жасап жүрген Текен, облыс әкімін кадрға алып жатырғанда Ләzzат Қыынов «Теке, пленаң таусылып қалған жоқ па?» деген кезде жүрт ду құліпті.

## АНДРОПОВ КӨРІП ҚАЛМАСЫН!



Брежнев бақылыш болғаннан кейін, үкімет басына Андропов келіп «Тәртіп, тәртіп» деп елді бір шыбықпен айдай бастаған кездер. Бұрын қолында билік жоқ, саудагерлерге тісін қайрап жүрген Юра, алып-сатар жазғандарды шыбыштай шырылдатып қамай бастады. Жұмыстан кеш қалып, не болмаса жұмыс уақытында қаңғырып жүрсөн, жұмыстан шығарып түпкілікті қаңғытып жіберді. Генсектің қаулысы ешқайда соқпастан Манғыстауға келіп, Шетпеде сол күні қарбалас басталып кетіпти. Қазір баспасөзді төртінші билік деп жүр, ал Андроповтың патшалық құрған қас қағым уақытта сол бірінші билік болған шығар. Танымал журналист, сыйқақшы Әзіrbайжан Қонарбаев ағамыз, Шетпенің үй арасына қатынап жүрген автобусымен түскі асқа беттеп келе жатыр екен. Жол тәртібі – ерекше қатал, қогамдық көлік бағытынан сәл ауытқыса бітті, шопыр шопырлығымен біржола қоштасады. Әзекең мінген автобустың шопыры, дүкенге бұрылып жұмыртқа сатып ала салып, көлігінің салонына көз салса, отырган тілшіні көріп зәресі ұшып кетіпти.

«Ойбай ағай кешірерсіз, жұмыртқа ала қояйын деп бұрыла салып едім» деп шыр-пыр болыпты.

Әзекең асықпастан тұрып, шопырдың құлағына сыйырлап «Мен ештеңе емес, Андропов көріп қалмасын» деген екен.

## КОММУНИСТЕРДІҢ ЖОЛЫ

Дүние жүзіндегі ең демократияшыл жиналыс – қазақтың той-садақалардағы жиналысы.

Үкіметтің өз саясаткерлері болса, садақаның болсын, тойдың болсын өз саясаткерлері бар.

Үкіметтің саясаткерлері анда-санда төбелессе, тойдың саясаткерлері кез келген жерде, кез келген уақытта бірін-бірі жағадан ала кетуі мүмкін.

Шетпедегі бір тойда баяғы заман мен қазіргі заманды салыстырып, қызу айтыс жүріп жатыр дейді. Кезінде ішкені алдында, ішпегені артында болған коммунист бастиқтар өз дәуірін жыр қылып айтып отырса, солардан қорлық көрген жайынжастар олардың әңгімелерін жүре тыңдал, қырындау қарап отырған көрінеді.

Бір жігіт қазіргі заманды өзі орнатқандай өзеуреп «Қазір рахат, не ішем не киен демейсің, долларың болса Париж асып кетсөң де ешкімнің шаруасы жоқ» – депті.

Мұны тыңдал отырған Әзекен «Заманды қанша мақтасаң да, коммунистердің жолымен жүріп келе жатырмыз гой» дегенде әлгі жаңа қазақ құтырып кетіпті

«Сіз қай планетада жүрсіз, Кеңес үкіметі баяғыда құлады, сіздің айтып отырғаныңыз қайдағы жол, мынау қайдан жүрген адам өзі» – деп жыларман болыпты.

Сонда Әзекен «Мен талқаны шығып жатырған «Шетп-Жетібай-Ақтау» жолын айтып отырмын» – депті алдындағы кіш-міштің екі-үшеуін аузына апара жатып.

## ҚҰРДАСТЫҢ ТІЛІ

Жұмыстың оңай, жақсысын көргенім жоқ, соның ішінде газет жұмысының ала-бөле қасқалығы бар жұмыс. Менің Сағындық көкем айтатын «Лаузымың өскен сайын жұмысың жеңілдей береді» деп.

Сыртынан көрген жұрт «Тікесінен тік жүріп, қазынаның ақшасын әншейін алып жатыр, өмір осылардікі» дейтін шығар.

Алтасына үш рет шығатын «Жаңа өмір» газетінің жұмысы, дәл олардың ойлағанындағы жұмақ емес. Құлаш-құлаш көсемдердің мақаласы, оқырмандардың хаты, қала берді тілшінің өзінің жазғандары бар, марқұм Оспанхан Әубәкіров айтпақшы, көздерінен қан аққанша отырып тексереді. Әріптен

не сөзден бір қате жібердің бітті, атылмағанмен соған бергісіз үкімің дайын. Анау бір жылдары атылып та кетуің ғажап емес.

Күн демалыс, көптен бері ешқайда қозғалып аттап шықпаған Әзекең қаламнан қолы босап, бір құрдасынікіне барып, бой жазып қайтуды үйғарыпты. Құрдасының тілі «рга» келмейді екен. Ол дегенің сықақшыларға таптырмайтын дайын тақырып. Үйге жақындай бергенде, бала-шағадан бастап Әзекеңе бәрі құрдас, мұны танитын досының баласы, алдынан жүгіріп шығыпты.

- «Әкең үйде ме?» – деп сұрапты Әзекең
- «Үйде» – депті бала бір сөзбен.
- «Сен жақсысың ғой, қане «Р» деп жіберші» – депті Әзекең.

Баланың ойында дым жоқ «Р» – депті. Сонда баланың басынан сипап тұрып Әзекең «Айналып қана кетейін, тілің әкеңнен бұрын шығыпты ғой» – депті

## ҚАЙЫРШЫ БАЙЛАР

Әзекең бірде шаруасы шығып Ақтауға келіпті. Тікелей келген жұмысын тиянақтап болған соң базарға соға кетуді жөн көріпті. Ауыл қазагына, базарда бір қызық бар сияқты болып көрінеді де тұрады, оған соқпай кетсе әлденеден құр қалғандай ішкен асы бойына батпайды. Әзекенің базарға соғуға міндеттілігі шамалы, ананы-мынаны көтеріп сатып алатын кәсіпкер емес, іздейтіні қағаз-қалам, жазуға керекті майда-шүйделер. Базар деген әңгіменің небір түрі шығатын сықақшыларға таптырмайтын орын. Әзекең базарға дүние қыып бармайды, шығармашылығына тың тақырып дәметіп барады. Базарды басынан бастап аралап келе жатырса, қайыр сұрап жүрген қайыршыларға көзі түсіпти.

Кеудесіне баласын таңып алған бір келіншек «Аға, он теңге садақа берініз, тілеуінізді құдай бергелі түр екен» деп жолын кес-кестеп болмапты. Олар да беретін адамның сыңайын алыштан таниды. Қалтасында уағы болмаганын, әлде басына

қызық ой келді ме, Әзекең оған 500 тенгені сұрып бере қойыпты. Әлгі ақшаны қағып алған келіншек, сол заматта оған 490 теңгесін қайтарып беріпті.

## БАСТЫҚТЫҢ БАСЫНА КҮЗЕТ ҚОЮ

Сықақшы деген халық біреуге жалбақтап, біреуге өтірік көлгірсімейтін жандар. Айтарын бетің бар, жүзін бар демей «лақ» еткізіп айтып жіберіп, «кессең бас мынау» деп, киікке ұқсап бауыздап жатырсан да тұяғын серіппей ерегесіп, құлаған жағынан тұрмайтындар. Елге айтар шын әңгімесінің өзін, тоқсан түрлендіріп құлкіге сайып айтып, әзілсіз бір күнін өткізсе, көнілі құлазып жүретін Құдайдың жаратқан пенделері. Айтар әзілдерінің тоқсан пайызын өмірдегі болып жатырган шындықтан алып айтады, өз жанынан қосып айтары, әрі кеткенде шамамен он-ақ пайыз болар. Одан көбірек қосынқырап жіберсең, жұрт сені суайттардың санатына қосып, дұрыс айтып тұрсан да сенбейді. Онда сен сықақшы емес, «мыжың» деген жанрда қалам тербел жүрген есепсін.

Әзекең бір отырыста «жаңа қазақтармен» табақтас болыпты. Әлгілердің әңгімесі аузын ашса болды, біссімілләсі «ақша», «мансан», «байлық» еken. Әзекеңе олардың тарқатып отырған тақырыптарының мазмұны онша ұнамапты.

Әлгілердің ішінде біреуі әкімін мақтап «Ой, ол кісінің жүзеге асырғалы жатырган перспективалары мықты, ол кісінің басы алтын ғой» – депті.

Манадан бері әңгіменің қай тұсынан кірерге саңылау таба алмай отырған Әзекең «Ондай болса оның басына қарулы күзет қою керек» – депті.

## ПЕНСИОНЕР БАЛА

Амал, наурыз мейрамдарының тұсы болса керек. Манғыстауда ол күні жұмыстың бәрін жиып қойып, үй аралап көрісу басталады. Қолың тимей қалып, дәл сол күні кол ұшын беріп көрісе алмасан да, сені ешкім ұры-бөріге алмайды.

Келесі жылдың он төртінші наурызына дейін көріссең болды. Кейінгі жылдары адамдар «Дәл сол күні көрісіп қалмағасын, амалдың «кәйпі» жоқ» деп, сол күні қалайда сары ала таңнан тұрып қапылып жатады.

Сол айтқан, амал күні Әзекең ауылдың шет жағында тұратын нағашысының үйін бетке алыпты. Нағашысы да еңбектеген кәрі емес, аулада, қасында немересі бар бірденелерді шұқынып істеп жүр екен. Әзіrbайжанды көріп, қалбалақтап қарсы алып, келген жылдарына құтты болсын айтып жатырса, мектеп жасына таяп қалған нағашысының немересі жүгіріп келіп, сықақшы жиенге ол да қолын беріпті. «Әй, Әзіrbай, мына баладан өскенде кім болатынын сұрашы» – депті нағашысы. Баласының кім болатынын білмесе де ырымдап қазақтардың, кішкентайларына прокурор, әкім, президент сияқты оқсаулы қызметтерді теліп, тілі шыққандарына «сол боламын» дегізіп үйретеді. Одан басқа космонавт, машинист, танкист дегендер тағы бар.

«Мұның кім болатынын Құдай білсін, ақырдың-акыры өзіне ұқсаған пенсионер болайын деп тұр» – депті Әзекең.

## ӘЙЕЛДІҢ ҚҰРДАСЫ

Бұткіл жер бетінде әңгімелері жарасып, жыны бірікпейтін екі пенде бар. Ол мас адаммен, ауызына татып алмаған сау адам. Бірде бір мас жігіт «Жаңа өмірдің» редакциясына кіріп кетіпти. Ол кезде бюрократияның басқа тұрлері болса да, бірде-бір жерде, осы құнгідей етігіннің размеріне дейін сұрайтын құзетші атымен жоқ. Редакция – тарсылдатып темірді соққылап жататын ұстахана емес, тып-тыныш, тымпиып қана әр бөлмеде қағаз кеміріп жатырган журналисттер. Әр журналистиң жүйкесіне ойнап, кабинеттерді адақтап шыққан әлгі жігіт, бытысқан газеттің мақалаларынан басы айналып отырган Әзекене келіп, онан сайын миын шұқылай бастапты. Қол жұмсан ұрып жіберейін десе, мас жігіт ұруға тұрмайтын қағысқан бірдене қөрінеді, оның үстіне жұмыс орны.

Бір уақытта мас жігіт Әзекенәді мойнынан қылғындыра құшақтап, сүйіскелі тұрған гашықтардай «Мен сенің әйеліңмен құрдастын, саған кім боламын» – депті.

Мас адамға сөз шығын, келіп тұрған сөзді іркіп қалса сықақшының сөзінің атасы өліп кетуі мүмкін. Әзірбайжан «Қайдан білейін, сен де әйелім болатын шығарсың» – депті.

## АҚМОНШАҚ БАУЖАНОВА

### АВТОМАТ АСЫНҒАН АПАЙ

60-шы жылдардың аяқ кезі. Жыңғылдыдағы Т.Г.Шевченко атындағы мектеп-интернатта бесінші класта оқып жүрмін. Ол кездерде мұғалім кадрлардың жетіспеуінен, Қазақстанның түпкір-түпкірінен оқытушылар Маңғыстауға арнайы жолдамамен жіберіледі. Кадрлар тапшылығы Маңғыстау елінің жетесіздігінен емес, сол кезде тубекте жалғыз – шопыр, тракторшылар дайындағыны СПТУ-82 дегеннен басқа оқу орны болған жоқ, тіпті ол күні кешеге дейін солай болып келді. Біздерді оқытуға келген апайларға енді бойымыз үреніп келе жатырғанда, белгіленген мерзімі бітіп елдеріне қайтып кетеді, не бақытын Маңғыстаудан тауып келін болып, бір ауылға томп ете түседі. Уақытша мұғалімдердің көпшілігі бізге Атыраудан келеді. Менің алғашқы ұстазым Теміржан Жұғінісов ағайдан бастап олардың бет-бейнесі әлі күнге дейін кешегідей көз алдыма. Мұқлиса, Галина, Сәліма, Айғаным, Әмина деген аттарына заттары сай әдемі апайларым болды. Солармен бірге шалғай түпкірде жатырған біздің ауылдарға, өркенисттің түрлері келе бастады. Сол бесіншінің бастаған жылы бізге орыс тілі мен әдебиетінен дәріс беруге Ақмоншақ Баужанова деген апай келді. Өзі де ак моншақтай томпиган аппақ, сүп-сүйкімді,



кара тұндей қап-қара шашын бойына сай келтелеп монтитың қиған, кішкентай ғана қыз. Ақмоншақ апайым біздің жақтың жігіті Бекбасар ағаға тұрмысқа шығып, көптеген жылдар бойы басшылық қызметтерде жасады. Қазір Қаражанбас мұнай кәсіпшілігінің әкімшілік департаментінде қызмет атқарады. Жақында осы әңгімені жазбастан екі-үш күн бұрын телефон шалып сұрағанымда, бізге ең алғаш апай болып келгенде өзінің дәл жиырма бір жаста екенін айтты. Ол кезде біз әлі шикі өкпе баламыз ба; әлде заман оларды ерте есейтті ме, сол апайлар бізге салиқалы үлкен адамдардай болып көрінетін. Менімен көрші тұратын, жасы жиырма беске келген, ертелі-кеш мысығымен ойнап жүретін көршімнің қызы, қазір маған бала секілді. Ақмоншақ апайлар бізге беретін білімінен басқа, интернатта тәрбиешілікті қоса атқарады. Құндіз-тұні олардың біреуі алмасып, міндетті түрде біздің ортамызда болады. Күзетші кемпірмен біздерді тұнімен құзетіп, таң қылаң бере шаштары қопырап, кезекшілікті тапсырып жататын. Олардың құзет қызметтері әрқиыл, кей күндері апайлар біріне-бірі ес болып, қос-қостан құзетеді. Яғни құшайтілген құзет. Ал Ақмоншақ апайдың құзет қызметі тіпті өзгеше. Ол құзетке автомат асынып, қаруланып келеді. Автомат дегенге сіздер таңғалмаңыздар, ол баяғы Ұлы Отан соғысында қолданған, орыстар жасап шығарған «ППШ» деген автоматты қарудың ойыншық түрі. Ақмоншақ апай жарқыратып оны тапа-тал түсте асынып келеді. Қарудың ойыншық екені ақымаққа көрініп тұр. Шабуыл жасар «бандиттер» апайдың ол қаруынан сескеніп, ойларына алған жоспарларын кейінге қалдыруы мүмкін емес. Соғыстың біткеніне жиырма жылдай уақыт болған, автомат асынып келетіндей жау жоқ, апай бейтаныс ауылдың жігіттерінен сескенетін болуы керек. Басқа жақтан келіп тұрган әдемі жас қыз, әркімдердің көз қырында қалуы әбден мүмкін. Ол кезде Ақтау қаласында көптеген колониялар болды, содан жиі-жіі тұтқындардың қашу оқиғалары кездеседі. Бәлкім, сондай қорқынышты хабарлар апайдың құлағына жететін болар. Апайдың автоматын, құндіз көрсетпей әкеліп тұнде оқыс

кезеңіп қалсан, бір жасқауға жасқайсың, ал ойыншықты күндіз жарқыратып көшениң ортасымен алып келсөн, одан шыбынның сескеніп үркің екіталай. Ойыншық болса да «тарс» етіп дыбыс шығаратын мылтықтар болады, апайдың автоматы ең болмаса ойыншықтың сол түрі де емес. Таңертенгілік кезегін тапсырып, Ақмоншақ апайдың соғыстан қайтқан солдаттарға ұқсап автоматын асынып алып, қарыштап адымдап үйіне кетіп бара жатырғаны әлі көз алдыма келеді. Апай деген аты болмаса, ол – біздің аз-ақ алдымыздағы бала екен ғой бүгін ойлап отырсам.

## **МЭЛСБЕК ХОШ ХАСАНҰЛЫ**

**1956-2008**

Көп жылдар бойы Маңғыстау ауданында мұрағат менгерушісі болып қызмет жасады. Атырау қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институттың тарих факультетін бітірген. Мамандығы мұғалім. Өмірінің соңына дейін Таушық ауылында ұстаздық қызмет атқарды. Жұбайы Бәтима, балалары сол Таушық ауылында тұрады.



**290 сом**

Мелісбектің ертеректе Атыраудағы ГГПИ-де оқып жүрген кезі екен. Ауылдан аттап шықпаған жас жігітке, Мәскеу мен Алматыны қоспағанда, сол кездердегі қара балшықтың отаны Үйшік қаласынан басқа алдып шаһар жоқтай көрініпті. Өзімен бірге оқитын немесе сырттай танитын Маңғыстаудың некен-саяқ жігіттерінен басқа жан баласын танымайды. Шешесінің бұған окуына деп, шалбарының ішкі астарына тігіп салып берген азғана пұлын, күнделікті ішіп-жеміне қытып сауып жүріпті. Сөйтіп жүргенде

оқудың екі-үш айы артта қалып, жаңа ортаға ептең үйренісі бастапты. Жұрттан ананы-мынаны көреді, кейбіреулердің ауылдарынан поштамен ақша алдырып жүргенін байқайды. Талқан қазан өтіп, қараша басталысымен ауылдан жылы киімін алып шықпаған Мелісбек ағасына қаржы сұрап хат жазады. Көп ұзамай ағасы Бақыт бақандай үш жүз сом салып жіберіпті. Үш жүз сом дегеніңіз ол кезде кім көрінгеннің қалтасында жүрмейтін дәүлет. Окуға тұскен соң жүрегі алышп-ұшып, алда қыс болатынын, қыста адамдардың тоңатынын естен шыгарып, бір көйлекпен арман қуып кеткен інісінің жағдайы жаңын қинап Бәкеңнің ерте қамданғанының арқасы болар. Бұларға ең жақын пошта бөлімшесі ескі базардан онша қашық емес, ақша сол бөлімшеге келіп тұр екен. Базар деген екібастан ұры-карының мекені, оның үстіне адам тонаудан Гурьев, Қазақстанды қоспаганда, Одақта ойып орын алыш тұрған қалалардың бірі. Бұнда ақша барын сезсе, қасындағылардың да қоз қырында қалуы мүмкін, елеусіздеу болып поштага келіпті. Ақшасын алышымен, тасалау жерге тұрып, «қызыл ондықты» бөлек, қалған 290 сомды басқа қалтасына салыпты. Ондағы ойы жүліктер кездесіп жатырса «Бастан құлак садаға» менде бары осы жігіттер» деп он сомдықты ұстата салу еді. Он сомда қарайған ақша, ұрыларға айқай-шусыз ұстата салсан олар қуанғаннан мұны тіпті құда күткендей әспеттеуі мүмкін. Ағылып жатырған көлік жоқ, аялдамага бару үшін айналасы атшаптырым базарды айналып өтуің керек. Мелісбек «құдай сақтасын» деп базардың ортасымен тіке тартыпты. Ал базарда қаланың бандыларына ұсталмай кетуің мүмкін емес, кімнің-кім екенін олар үш шақырымнан таниды.

Бір тасадан оқыс шыға келген үшеуі, әп-сэтте мұны коршап тұра қалыпты.

Мелісбектің өзі айтады «Бір-екі рет Радж Капурдың киносындағыдай «Құтқарындар» деп айқайлағым келді» дейді, алдында жатақханаада жігіттер «Гурьевте көмек сұрап қажеті жоқ, көмекке келгендер ұрылармен қосылып тонаиды» дегендері есіме түсіп, тырс етпедім» деп.

Бұл неде болса манағы ұрыларға арналған «қызыл ондықты» беріп құтылуға, қалтасына қолын салып оңтайланған бергенде, кәріс екенін, қазақ екенін адам ажыратып болмайтын, көзін тырнап ашқан, сығырайған әлгілердің біреуі, мұны шықшыттан періп келіп қалыпты.

Озі қағылез бала, оның үстіне қайбір жарытып тاماқ ішіп жүр «Ұшып бара жатырғаным есімде» дейді Мелісбек

«Дүниясы құрғыр жаман ғой, ұшып бара жатып ойлап үлгеріп, 290 сомды астыма ала құладым, байқап жатырмын біреуі үстіңгі қалтамнан өздеріне арналған «қызыл ондықты» суырып алып, екіншісіне қуана дауыстап «смотри, смотри» деп жүргегі жарыла айқайлап жатыр.

Шамасы ғұмыры ондай ақша қөрмеген. Есінен танған болып мен жатырмын. Ішінде мелисасы да бар, жүрттың бәрі анадайдан қарап тұр, бірі жоламайды.

Бір кезде ұрылардың бірі «Он живой?» – деп сұрады.

«Мен өлген болсам Жайыққа лақтырып жіберер» деген оймен тірілігімді білдіріп, ыңырсып дыбыс шығардым.

«Нормально живой» деді екіншісі.

Олар өз үлестерін алып кеткен шамада, біреу иығымнан жүлқып тұр, карасам бір қазақ жігіт екен «Жылдам тайып тұр, енді сені мелисалар тонайын деп жатыр» – деді.

«Қалай ұшып тұрғанымды, қалай Жайықтың екінші бетіндегі жатаханаға жеткенімді білмеймін, Әмин Тұяқов та жүгіруден менікіндей жылдамдық көрсетпеген болар» – дейді Мелісбек бар болмысымен тарқылдап құліп.

Бұл әңгімені Мелісбектің көзінің тірісінде жазғанмын, бірақ еш жерге жариялауга құнтым болмай жатып қалды. Құдай қалап осы кітабым жарық көріп жатырса оны еске алып құрдас жігіттер оқыр, балалары, жұбайы Бәтима оқыр.

## БІРІНШІ КОСМОНАВТЫ

Қазір қайда орналасқанын білмеймін, бұдан жиырма жыл бұрын Шетпе кентінің әкімшілік үйінің төменгі қабатында бір бөлмеде ауданның мұрағаты болушы еді. Қазірде сол жерде

шығар, шынымды айтсам Мелісбек сол мұрағаттың менгерушілігінен кеткеннен кейін аттап басқан емеспін. Сол кезде дербес өзі қожа, өзі би, менің құрдастарымнан кабинет ұстаған Мелісбек еді.

Жасы біздермен тетелес өскен, кабинетке ие болған ауылдың бір-екі жігіті болды, біреуіне қыстығұні жылынып шыға қояйын деп тұмсық сұққанымда, танымайтын адамға ұқсан «Не шаруамен келдіңіз?» деп кәдімгі бастықтардай ыңырысып отыр. Әуелі ойнап отырған шығар деген оймен елемеп едім, зер салып қарасам көзі шатынап біраз жерге барып қалған екен. Сол анда-санда Шетпеге ісім түсіп бара қалсам, Мелісбектің мұрағатына бір соқпай кетпеймін. Жұмыста бітіп жатады, әзіл, анекдоттың небір түрлері айтылады. Бір күні барсам Мелісбек қасында төрт-бес жігіт бар, атамзаманғы ісқағаздарын қопарып, бір маңызды құжатты іздел жатыр екен. Бір кезде тауып, көнілі бірленіп әлгі құжатты иесіне беріп аттандырып салды.

Арада кішкене бір үзіліс болды, ол бізге қарап «Осы сендер космосқа бірінші кім үшқанын білесіндер ме?» – деді.

«Гагарин да, басқа кім болушы еді» – деп білгішсініп елдің алдымен Хамитбек жауап берді. «Жоқ, одан бұрын ұшып барып келген біреу бар» – дейді Мелісбек бет-әлpetін, өзін-өзі сенімді адамның келбетіне келтіріп.

«Е, ана «Лайка» деген ит қой» – дейді марқұм Өрдек.

«Өзің итсін, мен саған адам деп тұрмын ғой» – дейді Мелісбек өжендереп.

Құдай біледі, мен іштей «Мынау мұрағатта жасап жүр, үкімет бізге туған інісіндегі шынын айта бере ме, жасырын біреуді ұшырып оны Мелісбек білетін шығар» деп ойлап қоям. Біздің білгеніміз екі ит және Юра Гагарин.

«Білмесендер біліп алың және ешкімге тістерінен шығарман» деді кабинетін ішінен кілттеп жатып.

Мемлекеттік құпияны білуғе оған қарап біздер отырмыз.

«Ол – ақсақ Ақан, оның космосқа қалай үшқанын айтып берейін» деді. Ақсақ Ақанды Шетпенің жігіттері танитын шығар, мен танымаймын. Ақанның космосқа ұшпас бұрын

аяғы сау, жеті мүшесі түгел өзіміз сияқты жүрген адам көрінеді. «Былай болған» деп бастайды Маңғыстаудан ұшқан алғашқы космонавты жайындағы тарихты. Шетпедегі бір гараждардың бірінде қарауылшық Ақан деген шал бар екен. Сол шал бір күні, екі жұз літр бензин құйған бөшкенің үстінде отырып шылым шекпей ме? Күннің ыстығында өзі буланып, оттың лебі болса атылғалы тұрған бөшке, дәл төбесінен от жаққасын не болсын «гүрс» етіп атылып ұшқан.

Осы оқиға болған күнді гараждағылар Ақанның космосқа ұшқан күні етіп бекіткен. Бір сағаттан кейін бөшке түскен, сәл кешігінкіреп Ақан шал түскен.

Ақан басын шайқап-шайқап жіберіп «Мынау Жезқазған облысы ма?» – депті.

Қасында жүрген жігіттер «Жоқ, Маңғыстау облысы» десе Ақан космонавт «Бұрынғыларды Жезқазғанға түсіретін еді, мені Маңғыстауға түсіргені ме?» – депті дейді Мелісбек.

## БАҚЫТ ЖЫЛЕКЕШОВ

### ҚАРА ТОҚТЫ

Шетпеде бір мектеп бар. Бір кездері «орыс мектеп» деп, кейіннен «темір жол мектебі» деп, ал қазір №1 мектеп болып аталып жүр. Жазмыштан болар өмірден ерте кеткен Бақыт Жылекешов, физкультура институтын тәмамдаған соң, бірнеше жыл сол мектепте дене шынықтыру пәнінен сабак беріпті. Орынды әзілді орайы келгенде қалт жібермейтін, Бақыттың орны бір күн жоқ болса үңірейіп, әріптестері қоңылтақсып қалады екен. Ол кезде Маңғыстау ауданының басты экономикасы – мал шаруашылығы еді. Сондықтан бірінші орында қара қойдың



мұддесі де, екінші орында аудан еңбеккерлерінікі. Кезінде бір қаһарлы райком хатшысы, қозы алудың жоспарын орындамаған қойшыға «әйелінді туғызысан да қозының орын толтыр» деген бұйрық берді деген бар. Макта жинау науқаны кезінде адамның көк тының құны болмайтын Оңтүстік Қазақстандағы секілді, Манғыстауда да мал төлдейтін уақытта мектеп мұғалімдерін еріксіз сақманға жұмсайтын көрінеді. Қөктемнің кезінде бірде Бақытқа мектеп директоры «Осы сен былтыр да есебін тауып төлден қалып қойдың, биыл смотри!» – депті.

Сонда Бақыт «Әрине барамын, қара тоқты қырылып жатырганда Ақбақыт үйде отыратын ба еді?!» – депті.

## ПОЙЫЗДАҒЫ ОРЫН

«Гурьев-Маңғышлақ» пойызында арнаулы №2 вагон деген болды. Арнаулы дейтіндей себебі бар – ол вагон тек Шетпенің халқына әдейі тіркелген. Басқа вагондар салдырлап бос келе жатыrsa да, оларға Шетпенің адамдары тұмсықтарын да сұға алмайды. Зонаға этаппен кетіп бара жатырган тұтқындардай барлық халықты сол №2-ге тоғытады. Жалпы вагондағы көрініс «Транссібір экспресс» деген Асекең Әшімов түскен фильмді еріксіз еске түсіреді. Жолаушылардың жартысы тұрып, қалғандары бірдене қылып сыйылысып отырып, ішінде Бақыт та бар Ақтауга келе жатыпты.

Орын табудан күдерін үзгөн бір кемпір, өзі зорға сыйысып отырған Бақытқа бақырайып қарап тұрып «Осы күнгі балаларға мектеп қандай тәрбие береді, үлкендерге орын берудің орнына бақырайып отырып алады» депті мектептегі тәрбие жұмыстарына бір соғып отіп. Кемпірдің әңгімесін өзіне бағыттап айтып тұрғанын сезген Бақыт «Бізге мұғалімдер автобуста болмаса, пойызда көп ешкімге орын бермен деген» деп жіберіп, кемпірге орнын беріпті.

## ДЕПУТАТ ҚҰРМАШ

Бақыт сабак беріп жүрген мектепте, Құрмаш деген бала оқиды екен. Құрмаштың ерекше бір қасиеті, еңбек сабағы болмаса, қалған пәндерді пән есебіне қоспайды екен. Құрмаштың осы қасиетінен хабардар кей мұғалімдер «Еңбек етсе далада қалмас, жұрттың бәрі оқымысты болып кетсе, қара жұмысты кім жасайды» деп айқай-шусыз, бейбітшілікпен бір «ұштерін» қойып, сыныптан-сыныпқа көшіріп жүріпті. Ал Құрмаштан «отличник» жасағысы келіп, арамтер болып жүрген ұстаздар, педсовет сайын қолдарын сермен сөйлеп Құрмашты жыр қылып айтады екен.

Қанша жер-жебіріне жетіп ұрыssa да, құдай бір рет жаратқан Құрмаш оған қызып, «осы маған біреу бірдене айтты-ау» деп арып-ашпай, жұртпен бірге мектепте ілініп-салынып жүре беріпті.

Құрмашты «оқымысты» қылғысы келген бір мұғалімге Бақыт «Сіз Құрекенің жынына тиіп мыжи бермеңіз, ертең ол партияның съезіне делегат болғанда кездесуге келмей қалар» деп ескертіпті.

## ДУМАН МЕН ЖАНЖАЛ

Өзі сақарып, жоғары курстарда оқып жүргенде, Бақыттың жаңадан оқуға келгенabituriенттерге қамқорлық жасайтыны бар. Қаланың аты – қала, аттап басқаның ақша, ниеті нашар адамдар бар екені тағы жасырын емес. «Былай-былай» деп, қасында қала көрген тісқақсан біреу жүрмесе, ауыл балаларына қыын. Қашаннан оқып жүрген, қалтасы жұқа Бақыттың жағдайына қарағанда, олар уақытша болса да күйлі. Ауылдан кеше келген, әке-шешесі бар тырларын қағып соның қалтасына салған. Ауылдастарының оқуға түсуге міндептілігі шамалы, бірақ коппен бірге барып кайту парыз. Іштерінде үлкен қаланы тамашалап кетуге келгендері де жоқ емес. Құнде-құнде барамын деген жерлеріне алтын уақытын боліп апарып, ешкімнен қағу көрсетпей қамқорлап жүрген

ағаларын, Шетпелік білім қуып келген жігіттер, жақсылан қонақ қылмақ ниетпен бір кафеге шақырыпты. Кафенің аты – Думан.

Біраз көңілденіп ауыл жақтан әңгіме айтып отырса, көрші үстелден біреулер өзді-өзді ілінісіп қалыпты.

«Көршілердің жалыны бұларды да шарпып кетер» деп алдын ала сақтаныпты Бақыт.

Өз жігіттеріне «Бұл кафенің аты – Думан болғанмен, ішіндегілердің кесібі – жанжал сияқты, қайталық» – депті жігіттерге.

## РИЗАМЫН ХАЛҚЫМ!

Манғыстаудың тек аудан болып, облыс орталығы Гурьев (Атырау) болып тұрған кездер болса керек. Ауданараптың спорт додасына, бір топ спортшыларды дайындаған Бақыт, көп ұзамай облыс орталығына аттанып кетіпті. Бұлар арыпашып пойызбен екі тәулікке жуық уақыт жүріп, Ақжайықтың жағасындағы шаһарға атбасын тірепті. Ертесіне ертелетіп орталықтағы стадионға келіпті. Спорттық жарыстардың ашылуын, халықаралық олимпиада ойындарына ұқсас кылыш, кішігірім салтанатты шеру жасап, аудан спортшыларын ретретімен өткізіп жатыр екен. Қолында кішкене қалақшага жазылған, «Манғыстау ауданы» деген жазу бар топты Бақыт бастап келе жатыпты. Көрермендерде тағат жоқ, елірін айқайлап, әр аудан өз спортишлары өткенде ысқырып, шулан, колпаштап жатырган көрінеді. Күшейткіштен «Манғыстау ауданы» дегендеге стадионның жартысы көтеріліп кетіпті. Олай болатын себебі, ол кезде Манғыстаудың бар баласы жогары болсын, арнаулы орта болсын Атырауда оқиды.

Бір жағынан жанындағыларды құлдіру үшін болар, өтес маңғаз қалыпқа енген топ бастаушы Бақыт, шулап жатырган көрермендерге басын иіп «Ризамын халқым, ризамын!» дегіті қолын қеудесіне қойып.

## ӘЙ, БАЛАЛАР ЖҮРЕ БЕРИҢ!

Халық екі жағдайда біреуге «жынды» деген атақ береді. Біріншісі ақыл-есі кем, табиғатынан солай болып туғандарды. Ондайларды мұсіркемесе, оларды кемсітіп, ортадан шығарып әжуаламайды. Ал екінші топқа жататындар, олар кәдімгі халықтың сүйер адамдары. Елді өздерінің қылықтарымен, айтқан сөздерімен риза қылып жүретін, ел арасынан шықкан әпенделер. Құрдастары, не ойнайтын нағашылы-жиенде болсын оларды әңгіме қылғанда, «бәленше жындының айтқаны», я болмаса олар көзге түспесе «косы түгенше жынды қайда екен?» деп сұрау салады. Халық өзі «жынды Ондаған» атаган, жүрген жері мәні бар әзілге толы, Оңкең шалды жақсы танимын. Үлкен ақыл иесі, парасатты, өз заманында қатар құрбыға да, елге де, үкіметке де қадірі болған адам. Көзі жоқ болса да, Ондаған айтыпты деген адамға қанжардай қадалатын, мірдің оғынданай өткір әңгімелер бүгінге дейін ел жадында. «Қаламқас-Ақтау» тас жолының ұрғыны да жоқ, жауынды-шашынды құндері Таушыққа бара жатырған бірнеше мәшіндер легі, «Ақмаяның» тауының етегінде батып жатырса керек.

Бірнеше шопыр, бірінің колігін бірі сүйретіп, көрмеген азаптары жоқ, қатқылдау жерге шығып тұрса, сондайдан жарығы өлімсіреп келе жатырған, тағы бірденені қөздері шалыпты.

«Е, бізге ұқсаган бір сорлы шығар, әзер келе жатырған» деп, кішкене күтпек болыпты. Арасында жарықты өшіріп-жағып «тоқта» дегеннің белгісін беріп келе жатыр екен. Машина дейін десе дыбысы шықпайды, шопыр біткен таңырқап қарап тұраса, қолында қол фонары бар, есекпен



жайлап келе жатырған Ондаған шал болып шығыпты. Аңтарылып тұрған бұларға «Әй, балалар жүре берің» деп, жандарынан өтіп кетіпті.

## АЛҒАН ЖЕРІҢЕ АПАРЫП ТАСТА!

Серік Еңсегенов Шайырда партия хатшысы болып қызмет атқарып жүрген кезде, ертелетіп аудандық буороның отырысына асығып келе жатыпты. Шайыр-Тұщықұдық-Қызын бағытынан келетін ұлы жол, тау беткейінде орналасқан Ескі Шетпенің үстімен өтеді. Ескі Шетпе мен жаңасының арасы жаяу адамға недәуір жер. Жиналыстан кешігіп қалмауды ойлап асығып келе жатырған Серік, таң атпай жолда тұрған Ондаған шалды көзі шалып, Құдай біледі «орталыққа барғалы тұрған болар» деп аялдап, «Оңке кел отырыңыз» деп асығыс отырғызып алышты.

Орталыққа келіп Райкомның жанына тоқтаған Серік, шалға «Ал Оңке қайда баратын едің, біз келдік» деп «УАЗ» дан түсейін деп жатырса, «Мен саған бір жаққа барамын дедім бе, қайтадан алған жеріңе апарып таста» – депті Ондаған.

Манағы асыққаны далада қалған Серік ашудан жарылып кете жаздап, шалды амалсыздан қайтадан Ескі Шетпеге апарып тастапты.

## «ШАТТАН» ЕСЕК СУАРУ

Ондағанның шал да емес, жас та емес қырма сақал қырықтың ояқ-бұяғындағы шагы болса керек. Таушықтан Ақтау бағытына жүргенде «Шат» деп аталатын құдық бар. Баяғыда шалдар жерге атты қоя берген, қалай «Шат» болғанын құдай білсін. Оңкең сол құдықтан астындағы есегін суарып алуға таяп келсе, бұдан бұрын аттарын суарып, тынығып отырған белсенділерге кез болыпты. Тілінің қотыры бар әзілқой адамдардың біреуді тұртпектегісі келіп тұратын әдеті, атпен жүрген өнкей жақсылар есек мінген Оңкенді көзге ілмеген шығар. Сол заманда бірақ беделі бар, елеулі

қызметтің құлағын ұстап тұрган бір зиялы апамыз, шөліркеп келген атын әбден қандырып алуға соңғы жағында қалып қойса керек.

Аздап сөзінде қыршыңқылықтың сесі бар Оңдаған «Ұрықсат болса, шатыңыздан есек суарып алуға бола ма?» дегіті. Жердің атынан хабары жоқ апамыздың ойында тек бір ғана шат – адамның шаты. Оңкеңнің сөзін турға өзінің сол жеріне бұрып алған басшы апамыз әжугаға шыдамай сотқа беріпті.

Сотта Оңдаған «Басқа шатта шаруам жоқ, «Шаттың» құдығынан есек суаруға ел сыйлайтын адамнан ұрықсат сұрағаным рас» деп өзін-өзі ақтап алыпты.

## ЗООПАРКТЕН ОРАЛУ

Жаңа туған нәрестеге ат қою жөнінде көп бас ауыртпайтын халық – біздің қазактар. Шақырғанда өз атын біліп, мойнын бұрып қараса болды дейтін болар кез келген есімді қызылшақа күнінде тели салады. Қойы еркек туып, әйел ұрғашы туса қабағын кіржің шалып құрсып-тырсып жүретін бөрік киген ағайынды талай көргенбіз.

Баяғы УЗИ деген пәле жоқ кезеңдерде, ұл болар деп дәметіп жүрген ағамыздың келіншегі қатарынан екі шәйқұяды дүниеге әкеліпті. Өзінің қайдан шыққаны есінде жоқ әлгі әңгүдік неме ай мен күндей болған екі гүлдің біріне – Олпы, біріне – Солпы деп ат қойыпты дегенде жағамды ұстағанмын. Адамдікіндей ақыл-есі болса, шыбын да іштен шыққан шұбар жыланына ондай қиянат жасамас еді.

Жер бітіп су аққалы аталары Маңғыстауды жайлап қоныстас болған, қашаннан көзтаныс бір шал Оңдағанды қонақта шақырыпты. Лақ сойса да, басын жалғыз өзі мүжісे тамағынан жүрмей қалатын қазақи болмыс, әлгі шал азғана күн бұрын бір жылқысын соғымға деп жаратып алған екен. Шетпе аудан орталығы болып салынбастан бұрын Таушықта да қоңсы болған торт-бес шал, баяғы өткен-кеткенді айтып, қүреңнің басын мүжіп тарасыпты.

Бәрі сол баяғы балага ат қоюдан шығады, Оңдағанның қонақ болған үйінің, бір-біріне тіркесе туған – Құдай көпсінбесін, сатырлаган алты ұлы бар еді. Жаңағы айтқан көп проблема тудырмай, балаларына зоологияға қарап отырып қойғандай, жыртқышы бар, жуасы бар, аңдардың атын қоя салған. Қабанбай, Қасқыrbай, Тұлкібай, Арқарбай қалғандары менің де есіме түспей отыр. Кішкене тоқтығын басып, асықпай үйіне беттеп келе жатырған Оңдаған шалға жолай бір танысы кездесіпті. Соған тіреліп тұрмаса да казекемнің «Қайдан келесің?» – деп сұрайтын әдеті бар. Сәлемдесіп болған соң қайдан келе жатырған бағытын сұраған танысына Оңдаған «Зоопарктен келе жатырмын» – деген екен.

## ЖОНАСҰЛЫ ӨТЕҒҰЛ (ӨТӘЙ)

### АЗАННАН ІШІЛГЕН СЫРА



Отәйдің басынан өткен бұл жай сртеректе болған көрінеді. Өтекең Маңғыстаудың байырғы шопырларының бірі. Шетпе төнірегінде Өтәй айтыпты деген сөз біздің өнірдің бәріне таныс. «Анадан гөрі жеңілдеу шығар» деп Өтекең сыраға сылқынып тойып алып жүре беретін көрінеді. Қай-қайсысының да иісі шығып тұрса абырой әпермесі белгілі. Шетпенің автоинспекторлары коз көрген, ауылдың балалары болғандықтан шалға рақымы көп. Бірақ қызығы соны рөлде тұтынбаған гой, туғаның болса да мелиса дегенге көп сеніп арқа тұта беруге болмайды.

«Жаман айтпай, жақсы жок» саған біреу келіп соғар болса, сен арак сасып тұрсаң, кінәні бәрібір саған артады. Біреудің тойынан шыққан Өтекең, баяғы ескі әдетімен «сыралатып» жіберіп келе жатырса, МАИ қызметкерлері, таяктарын

шошаңдатып тоқтата қойыпты. Инспектор жақындаپ келсе, сөзінен екенін, иісі тіпті шығыңқырап кеткенінен шал алдырыпты.

«Шал, тойып алыпсың ғой?» – депті инспектор

«Әй, балдар, тойдан аздап сыра ішіп едім» – деп ағынан жарылыпты Өтәй.

«Өй шал, сырасы не, арағы не, бәрібір емес пе?» – депті МАИ бала

«Солай ма, мен оны біліп жүргенім жоқ таңертеңнен бері басып жүрмін», – депті Өтекен

## ЕРЖЕТКЕН БАЛА

Дұниеде екі кәсіп иесіне тыным жоқ болса, бірі шопырлық кәсіп болар. Рөлі бұрылышп төрт дөңгелегі айналып тұрса болды, шопырлардың бір сәт байыз тауып, ел қатарлы тойсадақаларда жүргенін көп кездестірмейсің. Үстіртке ел қөшіріп, айлап үй көрмей кететін кездер де болады. Көжекөкірінді ішіп, күндеңісін-күнде өз шаңырағынан өргенге не жетсін. Шопырлық кәсіпті Құдай иесіп еткенде, елдің үстінен қылышп жаратқан болуы керек, солардың үйдегісінен түзде жол үстінде жүргені көп болар. Алыс жолдардан қажып шаршағанда, Өтәй анда-санда шаршағанын басып, жұз грамдатып қояды екен.

Сол әдетімен рейстен келген күні үйіне қызығындау келіпті. «Түнде қандай заман болады» деп. жанына самарды қойып жатырса, қырсыққанда үйлену тойынан шықкан баласы да ұрттап алған, ол да самарды өзіне тартып алатын көрінеді.

Өтекен таң атқасын кемпіріне шайдың үстінде «Кемпір, екі самар алып қоймасаң болмайтын көрінеді, балалар да ержетіп қалған екен» – депті.

## ЖЕҢІЛ АРАҚ

Өтәй бірде Тұшықұдыққа қой ауылдарды қырға көшіруге барыпты. Қойшы үйінің жүгін тиеп болып, қазанға салып бір қайнатса пісетін қозының сырбазы дайын екен, қойшының келіншегі бір табақ қылып буын бұрқыратып алып келіпті. Етпен бірге жұқаяқтың қуысында қалған бір шөлмек те, дастарханның шетінен қылқып орын алған екен. Алды кең болып жайшылық кез болса, жас еттің сорпасымен терлеп-тепшіп отырып тартып жіберсөн, сөз қылуға тұратын нәрсе емес. Өтәйді қинап тұрғаны алыс жол, кабина толы шүпірлеген қойшының балалары, шал үзілді-кесілді бас тартыпты. Үй иесі жұтатын болса, қонақты сыйлаған реуіш танытып, араққа зорлайтын әдісті қолданады.

Қойшы жігіттің де сөз саптасынан ақана кет әрі еместігі желдей есіп тұр екен «Ой шал, жол ұзак, тартып жібер, иісі білінбейді еттің астында қалып қояды» деп Өтекенің алмасына қоймапты.

Ет желініп, түстің қайтуында, «Үстірт қайдасын?» деп орындарынан қозғалып кетіпті. Манатаның тауына жақындағанда, топталып тұрған біраз көлікті көріп «Бұл не болды екен?» деп Өтекен мойнын созып қараса, рейдке шыққан жол полициясы екен. Шалдың жүрегі «зырқ» ете қалыпты. Саспас еді-ау, қарнында сасып манағы қойшы жігіттің, аузына құйғанның қасында ішкізген шайтан су жатыр. Мұның құжаттарын тексеріп жатырған инспектор, арактың иісін, қасында ертіп жүрген қасқыр итінен бұрын сезіпті. «Аға, аздап иісің шығып тұрғой, бұл қалай?» – депті Өтекене. Шетпенің МАИ-лары болса бірдене қылып құтылар еді, тіпті олар мұны токтатпауы мүмкін.

Салмақты қүйінен айнымаған қалпы инспектор жігітке «Койшы-ей, адам шыдамастай аңқып тұр ма, балалар еттің астында қалады дегесін құрғырды іше қойып едім, ол еттің үстіне шығып кеткен болды-ау» – депті Өтәй.

## КАПУСТА КӨЖЕ

Күзге салым, сол баяғы жылдың төрт мезгілінде тыным көрмейтін шопырлық кәсіп, Өтәй шопан ауылына жол тартыпты. Аргы жағы көшпенді қыр қазағы, күнде болмағанмен Өтекенің даланы аңсайтыны бар. Жайлаудың жазирасында мәшінің бұзылмай, бір төбенің шаңын бір төбеге қосып, кесілтіп жүрсөн, шопырға содан артық дәреженің керегі шамалы.

Өтекен кештетіп бір ауылға қонаға жетіп жығылышты. Кешкі шәй ішіліп тамақ піскенше, қойшымен әңгімелесіп, өзі естіген орталықтың хабарларын тарқатып отыр. Сарқылдан қара қазан қайнап жатыр. Сөздің шыны керек, мекеме жұмсамаса да, Өтекенің қырға шығуға аңсары ауып жүрген. Үйінде тамақ жоқ емес, соғымға дейін бір арасы болып, көптен табаққа қол салынбай жүрген. Күнара ішкен капуста көжениң кенеуі бар ма, «Бұйырса қойшы үйінен, иісі тұмсықты жаратын сүр етке қолды бір салармын» деп ойлап келген. Бір кездे қойшының келіншегі дастархан жайып, шетіне қазаның қойып, оның маңына тәрелкелерді қаз-қатар қойып жатырған көрінеді.

«Мынау арғы жағы «городской» келін болды-ау, етті тәрелкіге салайын деп жатқанына қарағанда» деп, ойлап қойып Өтекен отыр. Сөйтіп отырғанда келіншек сүйық бірденені тәрелкелерге сарылдатып құя бастапты. Ернеuletіп құйылған тәрелке алдына келгенде анықтап қараса, сол баяғы Шетпеде құтыла алмай келген – капуста көже. Бір нәрсені құшарланып жегін келіп, аңсарың қатты ауып келгенде, басқа бір ығыр қылған, қаламаған асынды алдыңа қойса өзің қандай боласың?

Өтәй ырза болмаған, лажсыз кейіппен тәрелкіге үңіліп отырып «Мына капуста көже де менімен бірге Үстіртке шыққан ба?» – деген екен.

## КӨРПЕНИҚ РӨЛІ



Бисен Жаңбырбаев – ел білетін Маңғыстау өңірінің танымал азаматтарының бірі. Көп жылдар бойы, Маңғыстау ауданында сауда басқармасының төрағасы қызметін аткарды. Сөзге сарап, көп сөйлемейтін біртога тұйық адам. Сөздің айтпайын десен де айтылатын жерлері болады, реті келгенде ағамыз айтуға тиісті сөзін кері жүтпаган.

Рұы Адайдың Жарысының Кеңесінен. Елге қызмет еткендердің, халыққа жағатындары ілеуде біреу болады. Ал сауданың тоңірегі дейтін де адам үйір болатын жер емес, соның ішінде үкіметтің саудасы.

Бисен ағамыз жасап жүрген жылдары, наң тегін болғанымен дүніяның тапшылау кезі. Қарға тамырлы қазак, той-садақасы бар, біреудің қызы кетіп соның жасауына, енді біреудің адамы қайтып кәдесіне алақан жайып келіп тұрады. Бәрін жарылқап, риза етуге үкіметтегі бөлінген тауардың коры тақыл-тұқыл болса қайтесің, кейде ауыл адамдарымен жүз шайысуға тұра келеді. Адам дегенді Құдай бірдей қылыш жаратпаган, бірі түсінсе, бірі ашуланып ырғып түсіп жатады.

Бірде қызы тұрмысқа шықкан бір шал, бас құдаларына атауға бір кілем сұрап келіпті. Қазір иттің астында төселіп жатырған кілем, ол кезде қолға бейнетпен түсетін қат тауардың бірі. Бар болса, біреу емес екеуін беріп жіберетін сыйлы шал, қырсыққанда айдың аяғы, дәл сол мезетте қоймада кілем түгілі, кілемнің түктегі де қалмаган көрінеді. Аламын деген жерінен алып жүрген, мінезі шатақтау шал «жоқ» дегенге қайдан түсінсін.

Бисен ағамызға бар қаһарын төге, арага оның руын қыстырып, айтпаганды айттынты «Руың да кеңе, өзің де соган

сай микеше екенсің» деп сөзге келмestен тайып тұрыпты. Артынан қудырып, хатшы қызға шақыртса, Бисекенді «райынан қайтып сұрағанын бергелі жатыр» деген болуы керек, арсаландап жетіп келіпті.

Шалдың руы Адайдың Бәйімбетінің Көрпе тармағынан болса керек, Бисен «Көрпенің де қандай рөл атқаратынын білеміз, жүре беріңіз» – депті.

## ШӨЛМЕК

Қазақстанның барлық ауылдарында дерлік, бірен-саран бала тентектерін қоспағанда, шал тентектерінің де болатыны рас. Балалардің балалық болсын, той-садақаларда кейде шалдардың да ұстасып қалғандарының талай күесі болып жүрміз. Жастардың тентектері ақылды, ақылсыз болып жіктелсе, шалдардің де сол жобада. Орынсыз тентектік қай жаста да адамға жарасымы жоқ әдет. Тентектігі мен ақсақалдылығы жарасып, бірінен-бірі аспаса, шалдардың тентектігін қойышы, айқайшы тентек шалың болса, үйінің тірегі, берекесі емес пе?

Бисен ағамыз зейнеткерлікке шыққан соң, баяғы жұмыс жасаған жерінен, анда-санда соғып хабар алып кетеді. Қарауындағыларға жайсыздық жасамаған Бисекең келсе, жігіттер жайрандап құшақ жая қарсы алады екен.

Бір күні мекеменің ауласына кірсе, көлігін қыздырып қойып, жол жүргелі сыңайда тұрған, мекеменің байырғы жүргізуіші Ержан інісін көріп жақын барыпты. Барса Ержан жалғыз емес екен, кабинада өзімен рулас болып келетін екі шал отыр екен. Бір жаққа шаруаларының орайына, Ержанның көлігін сұрап алғанға ұқсайды. Екі шал да елге сыйлы шалдар екен, бірақ көнілдерінен шықпай қалса, қолданатын шалт мінездері де жоқ емес көрінеді.

Екі ағасымен амандасып болған соң арасын тауып Ержанға жақындап «Әй, Ержан, шөлмектерді алып бара жатыр екенсің, жолда сындырып ала көрме» – депті.

## ШІРКЕУ

«Орыс білгенін жасайды, қазақ көргенін жасайды» деген, еш жерде тасқа басылып жазылмаған, елдің айтқыштары шығарған мақал бар.

Қызыл империя опат болған соң Құдайды ауызға алып, әркім өз дініне қарай ойыса бастады. 300-ден аса әулиелердің мекені Маңғыстау облысының орталығы Ақтауда, бірінші кезекте орыс ағайындар үн-түнсіз, «біз сөйтіп жатырмыз» деп әлемге жар салмай-ак, тымпитып қана шіркеулерін салып алып, жайлап шоқына бастады. Әңгіме басындағы мақалда айтылғандай, содан соң барып өздерінің мұсылман екендері естеріне түскен қазақтар, қалақтарын дайындалап мешіт құрылышына кірісті.

Ақтауда әуелі мешіт салынбай шіркеу салынғанына Шетпенің шалдары қатты ашуланыпты.

Шіркеу пайдалануға берілген күні, садақада алдарына келген асты ұмытып, ашу-ызадан жарыла жаздал отырган шалдарға Бисен ақсақал «Алды көрінді ғой, мешіт те салынатын шығар» деп басу айтыпты.

## «СЛУЖЕБНЫЙ» ӨТІРІК

Демалыс күні үйінде қонақтар болып, кешірек жатып, Бисен ағамыз ертеңіне қызметке жайрақ, түскі астан соң баруды ұйғарыпты.

Балаларына «Мені біреу сұрап жатырса «жок» дей салың» деп, өзі кәкір-шүкір үй маңының шаруаларын жасап жүріпті. Ауданның барлық ішіп-жемі, киері өз мойнында болған соң Бисекенің бел шешіп демалуы сирек. Жылдың үш жүз алпыс бес күнінде, мігір көрмей еткен еңбегін көрмей, бес-он минут кешіккенін көретін бастықтары да бар. Аздап дамылдалап отырган Бисекен сары УАЗ-дың «жып» етіп, қалай келгенін байқамай қалыпты. Жалтақ біреу болса түқшаңдалап іннен-інге тығылып қашар еді, бұл сабырлы қалпында отыра беріпті.

Келген аудандық атқару комитетінің төрағасы екен «Ойпырм-ай, Бисен сен өтірік айтпайтын едің, сен де өтірік айта бастағансың ба?» – депті сыйданып.

Бисекең оған жанынан орын беріп жатып «Ешкімге зияны жоқ «служебный» өтіріктер ғой» – депті.

## «ТҰҒЫРДЫҢ» ОСАЛДЫҒЫ

Ертеректе Маңғыстау ауданында Райком хатшысы бас болып, осы қалай деген атқамінерлер арасын тауып аңға шығыпты. Бесқарулары сай болғанымен, ен далада байлаулы тұрған аңдары жоқ, үшқанда қара кездеспепті.

Қызық қыып, аңшылық құрып жүргендері болмаса, даланың аңына қарап аштықтан көздері қарайып жүрген олар жоқ, түскі астың мезгілі болды-ау деген шамада далада дастархан жайып отырысты бастап жөнеледі. Арғы жақтарына ел қондырып алған соң қызды-қыздымен босаған ботелкелерді нысанага алып «шөке» қылышп атуға шешім қабылдайды. Бірінші кезек сірә «біріншінікі» ғой, мылтықтың оғын оқтап, оның тілеуін тілеп үйқысы қашып жүргендер әп-сөтте дайын қылышп оған ұстата салады. Күндегісін-күнде қару асынып согыс даласында жүрген несі бар, талтайып тұрып тартып жіберуге хатшының ебі келмей, жан-жагына қарагыштап қаруға «тұғыр» іздегендей сынай танытады.

Оның емеурінін айттырмай-ақ түсінген, бағанадан бері жақынырақ барып козге түсіп жалбақтаудың орайын таба алмай жүрген, Керім Шамалбаев деген қызметкер оның алдына барып «Г» әріпіне ұқсап, бүгіліп, көлденен тұра қалыпты.

Мылтықтың аты – мылтық, дұрыстап көздел атпаса райком хатшысы тұғілі, құдай көздел атса да тимейді. Райком хатшысы алдында айтқандай әскери адам емес, оның үстіне қызыу аяқта шабатын конъяктан сілтеңкіреп алғасын не болсын, атып келіп жібергенде оғы кең даланы кезіп қаңғып кетіпті. Оның таяқ тастам жердегі абажадай болып тұрған нысанага тигізе алмаганы оған емес, қасындағыларға қатты



батып, әбігерге түсіп, күйзеле бастайды. Қайтсін енді күнелтіп, күнкөріп жүргендері сол кісінің арқасы, кейбірі «мешіннің» орнына «Сен тұр» десе де тұруға бар.

«Басекен жеңді» деп, «көзір» болса да қолдағы карталарын тастай салып, «көнде» жатқан ақшаны оның алдына ысыра салуға, бұлар ауылда жайланағып алып карта ойнап отырған жоқ.

Жаңындағы жігіттер қылпылдаپ, жандары мұрындарының ұштарына келіпті. Арада жарты сағаттай уақыт етсе де мылтықтың «тұғыры» есебіндегі Керім Шамалбаев байғұс сол «Г» күйінде әлі тұр. Жайшылықта ауыл-ауылды аралап, есеп-қисабын тексеріп, қан сидіретін көкірегі таудай байғұс бір уыс болып, қара терге түсіп жан-жағына қарауға мұршасы жоқ, тұмсығынан сұы тамшылап тұр. Демін бұйрықсыз жерден алып, сол жерден шыгарып жатыр.

Ыңыранып ауыл адамдырының берген сәлемін зорға алатын, аспанды тіреп тұрған мәдениеттің бастығы сасқаннан, жусан иіскемек ойынан алжасып адыраспан иіскең әлек. Халықтың тұрмыс қажеттігін өтейтін мекеменің бастығы «Менің бұл іске қатысым жоқ» дегенді сыңайлап, анадай жерде «біріншінің» тонын қағып-сілкіп аяқастынан тазалық жұмыстарын жүргізе бастапты.

Керімнің мылтықка «тұғырлықты» апақ-сапақта иеленіп кеткенін қызганып, жарылып кете жаздаған жергілікті газеттің редакторы Ағашбай Ылғалбаев, қолында біржапырақ қағазы мен қаламы, қас пен көздің арасында шабыты келіп қалған дарын исесінің рөліне еніп отыр.

Айтқан сөзі дұрыс болсын, бұрыс болсын мұлт кетіп көрмегең «бірінші», оғының мұлт кеткеніне кінәліні іздең, маңайына ызғар шаша қарады.

Оның көзінс-көзі түсіп кеткенде, аудандық киноның бастығы Қалмұқан Бұркітбаевтың жүрегі жарылуға аз-ақ қалды. Мекеменің кинодан түскен тын-тебен болса да, жинала келгенде қыруар қаржыны құраған бір жолғы ақшасын, мемлекетке тапсыруға көзі қимай қалтасына басып алған. Онысын қазіргі сәтте ашулы «біріншінің» мылтығының

астында жатырған Керім сезіп қалып, «біріншіден» бастап берінің алдында көзінің жасын бұла етіп аяктарына жыгылып, ең соңғы сөзін айтып зорға құтылған. Азғантай топтың ішіндегі ең шетке шығар «аяқустінде» жүрген «қолы қаралы» осы ғана. Қалмұқан сасқанинан қалтасынан көлдей қылып тұмсық орамалын сұрып алып, «тұғыр» Керімнің тамшылып тұрған терін оның беті-ауызын жалпылама мәшіннің алдыңғы әйнегін сұрткендей айғыздап, сүйкеп сұрте бастады.

Мылтық тарс ете түскеннен бастап, бейшара қалыпқа түсіп берекеттері кеткен, сонысына қарамай ел басқардық деп жүрген өңшең жалбақайлардың тірліктеріне әбден қарны аши назырқаған аудандық сауда бөлімінің бастығы Бисен Жаңбырбаев ағамыз «Мылтықтың нысанага дарымай мұлт кеткені атушыдан емес, астындағы «тұғырдан» болуы керек» деп теріс айналыпты.

Одан бері қаншама жылдар өтті. Бірде жолым түсіп аудан орталығындағы бір мерекеге бара қалдым. Ортада қасқайып желге қарап әкімдер тұр. Олардың жанында сақалдары жалл-жалл етіп, екі-үш шал жүр. Шалдарды ақсақал еken-ay деп көзге ілмей, айдарларынан жел есіп тұрған әкімдерге, (балаларымен шамалас) адамның жаны ашитындей кейіпке еніп жапыраң-жапыраң қарап жүрген баяғы киношы, редактор, ревизорлар екен. Бірақ олардың арасынан баяғы Бисен ағамызды, басқа да ауылдың мәрт шалдарын көре алмадым. Мереке аяқталып қайтып келем. Ойлап келем «біздер осы ғасыр дерті деп СПИД, қылтамақ ауруларын саусақты бүгіп санап жүрміз, соған осы жалбақайлықты да қосып жіберсе артық болмас еді-ay» деп.

## БЕЛОМОР



Әншінің даусы деген көп күтімді қажет етеді. «Бәленше әнші даусын жоғалтып алды, түгенше әнді қойып кетіпті» дегенді саз әлемінде жи естіміз. Адамның табиғат берген даусы, тарсылдағы қалай болса солай ұстасаң, үн шығару қасиетінен айырылатын саз аспабы секілді.

Жаратқан өшпейтін дауысты, мыңнан, не миллионнан бір адамга ғана жоралғы жасауы мүмкін. Елдің бәрін жапатармағай құміс комей әнші қылса, ән онерінің көк тының құны болмас еді. Ән онерінің пірлері бар, не әрі, не сәрі тойлық әншілер және «апам кетті мен қалдым» ерме әншілер бар.

Қазақ әншілерінің ішінде кімнің өресінің қандай дәрежеде екенін, ән құдіретін түсінетіндер жақсы біліп, өздерінше бағалайды. Негізінде басты сыншы – халық. Ал тойларда қызы-келіншектерді тынырлатып билеткізу үшін оңешін жыртатындар, қарап жүргенше «не шығыным» дес жүрген, бала жұбатуга шамалары әзер жететін үй арасының «ду» дейтіндері. Олардың да өз орны бар, Роза мен Нұргали, Нұрландар колымызға түсіп, құдайдың құтты құні шыркай берे ме?

Ауыл сахнасынан әрі аса алмай жүрген бір әнші, (жас кезінде әркім өзіне құдірет болып көрінеді) композитор, кезінде атақты КСРО-ның халық әртісі Жамал Омарована баянда сүйемелдеген, Маңғыстаудың тол перзенті Рахат Еңсегенов ағамызға «Дауыс бірқалыпты болып, жақсы шыгу үшін сахнага шығар алдында не істеу керек?» – дес кенес сұрапты. Рахат әнші емес, қайдан білсін әншілердің не істеп, не қойып жүргенін. Ағаның айтқанына сеніңкіремей оқшелегі соңынан қалмапты әлгі әнші.

Өнердің маңында жүргесін бір атар тіл қайда кетсін Рекен: «Шырагым, мен әнші емеспін, менің білетінім Әбіл Жұмагалиев сахнага шыгарда «Беломор» тартып шығады» – деген екен.

## АМАНГАЛИ ЕРБОЗОВ

### АЙТЫС АҚЫНЫ

Облыста ақындар айтысы болатын болып, Маңғыстау ауданының мәдениет бөліміне, ауданның атынан ақын табу керек болыгты. Беріректе болмаса мен білген жерде, аяқастынан саулатып шыгарға жөнелетін ақын болған жоқ. Қағазға жазып жаттап, я болмаса ойлануға кішкене мұрса берсе, бір шумақ шығаратындар бар, бірақ облыстық деңгейге қадімгі дұрыс ақын керек. Айтыс дегенді тек телевизордан көру онай болғанымен, күрделі онер. Мен ақын емеспін, бірдене шимайлап жүргесін кейбіреулер дәметіп, кейде «арнау ода өлең жазып бере салышы» деп өлердегі сөзін айтатындары бар. Сонда ешкім қыстап желкемнен қарап тұрмаганның озінде, бір жол өлеңге қара тер боламын. Сөйтіп отырып шығарғандарың құлдібадам бірдене болып шығады. Өлеңнің не екенін білмейтін «заказчикке» оған сірә бәрібір мәз болып жатады. Жалпы айтыс ақындары дегендер құдірет қой. Баяғы Біржан сал. Сара, Сэттігүл секілді шын мәніндегі ақындар болса, айтыскер ақындар тұнеуге болатын әулие адамдар.

Сонан айтысқа ақын таба алмай біздің аудан қапылышып жатыр.

Мәдениеттің бастықтары бастарын ұстап тығырыққа тіреліп отырса, марқұм ақын, композитор Аманғали Ербозов ағамыз оқыстан бір ұсыныс айтыпты.



«Айтысқа атақты әнші Әбіл Жұмағалиевті апару керек» деген. Отырғандарға мына тосын жаңалық «Космосқа қазақ ұшты» дегенді естігеммен бірдей болыпты.

Мәдениет бастық «Әбіл деген әнші емес пе, әлде оның ондайы бар ма еді?» – депті Аманғалиға қарап.

Аманғали ағам «Ой, ол құдірет қой, соны әлі білмейсіндер ме, ол әннің сөзін ұмытып қалғанда сахнада тұрып, өзі саулатып шығарып айта береді» – депті.

## ӘБІЛ ЖҰМАҒАЛИЕВ

### АҚҚУЛАР МЕН АДАМДАР



«Әбіл әннің сөзін ұмытып қалады» дегеннен шығады, Аманғали ағаның айтып отырғанының жаны бар сөз. Ұмытшақтық дегенде бір, тым жақсы адамды аяқтан алатын кесел. Құнделікті тұрмыста бәріміздің де басымызда болады. Адамдар, телевизордағы жүргіртпелі жолдарға көз салсаң, құжаттарын, қымбат дүнияларын, тіпті ұмытылды деуге сыймайтын дорбадорба тамақтарын таксиде ұмытып жатады. Адамды сақатастай қылып жаратса да, роботтар әлемінде жүргендей болатын шығарсың, пенденің басының бағдарламасына кіргені, ұмытшақтықтың адам жаратылысына керек болғаны.

Ертеде Сыр бойының бір домбыра жасайтын шебері, жасаған домбырасын ұмытып тастан кете береді дегенді естіп айран-асыр қалғанмын. Дегенмен ұмытшақтық саган дауа жоқ шығар.

Бірде ақыық әнші, сол Әбіл Жұмағалиев ағамыз, Әсет Бейсеуовтың «Адамдар аққуларды атпаңдаршы» деген әннің сөзін шатастырып, «Аққулар адамдарды атпаңдаршы» деп аққуларды атқыш қылып жіберді деген бар.

## БАЯНДАҒЫ МӘТИН

«Алматының бағы қандай, алмасының дәмі балдай» деп «Қазақконцерттің» әншісі Әбіл Жұмағалиев сызылта шырқағанда, балқып тындаған қазақ кемде-кем болар. Кез келген жақсының, бір нашарлығы қай уақытта да еріп жүреді. Ол Әбекеңнің жаңағы ұмытшақтығы. Әнші ағамыздың барлық әншілік ғұмырындағы ұмытқандарын бір кітап етіп жазуға болады. Ұмытшақтық елде бар әдет, оның ешқандай ауыз ашып таңғалатын ештеңесі жоқ. Ұмытшақтықтың ең қызығы Әбекең сияқты атақтылардың басында болуымен маңызды.

Бірде концерт жүріп жатырса керек, кезегі келгенде Әбекең апыл-ғұпты сахнаға атып шығыпты. Әнді шырқап салып тұр, иығына асып алған баяны созылса созылып, керілсе керіліп, Әбіл ағамыздың берекеті кетіп тұр дейді.

Сөйтсө Әбекең «Сақтықта қорлық жоқ» деп, әннің мәтінін баянның бір жақ иығына жapsырып алған екен, қапылып жүріп онисын аспабының созылатын жағына жapsырып тастапты.

## ЖОМАРТ НҮРЛАЕВ ЖҰБАЙЫ ЖАҢЫЛХАНМЕН

### ШУХМАХЕР МЕН ЖОМАРТ

Облыстың бас мал дәрігері Шухмахермен, сол кездегі шаруашылық басшыларының бірі марқұм Нұрлаев Жомарт екеудің күрдас көрінеді. Қашаннан қазақтармен дәмдес болып, қазаққа сіңісп кеткен Шухмахер ұлты басқа демесен, жергілікті елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін жатып өргізеді екен.



Жомарт екеуі шаруашылық аралап жүріп бір ауылға келсе, бір үлкен кісіге уақыт болып, молда таба алмай қапылып жатыр екен. Құрдастығы өз алдына, мынадай кісі өлімі болып жатырганда ашықтан-ашық әзіл айтудың жөні жоқ.

Бір онашалау сәтті пайдаланып қалған Шухмахер, Жомарттың руының қожа екендігін меңзеп «Мына Арабияның қожасы тұрғанда, молда іздең не қажет» деп қалыпты.

Сол кезде Жомарт директор «23 пайғамбардың 18-і еврей көрінеді, сен де қапысыз болма» деген екен.

## ШУХМАХЕР МИХАИЛ

### ИЗРАИЛЬ МЕН ПАЛЕСТИНА



Облыс көлеміндегі барлық ұжымдар секілді, облыстық ауыл шаруашылығында да, «тек қара қоймен болып кетпей, әрнәрседен хабардар болып жүрсін» дейтін шығар, аптаның бір күнінде саяси сабак өтетін көрінеді. Тамағы құрғап бара жатыrsa, алдындағы судан ұрттаپ қойып, көзде көзәйнек, шешен жігіт жүртты дүниенің төрт бұрышынан хабардар етіп, лекциясын сапырып оқып жатыр.

Америка құрлығынан бастап, Азия мен Еуропаны жағалай-жағалай, Жерорта теңізін кешіп өтіп, Таяу шығысқа сөз басын тірепті. Дүниежүзі аландап отырган Израиль мен Палестина жанжалын айтып, қай елдің саясатының дұрыс, қай елдікі бұрыс екендігін суыртпақтап түсіндіріп, отыргандардың «көздерін ашыпты».

Лекция бітіп, азғана тыныштық орнаған кезде Шухмахер «Израиль мен Палестинаны білмеймін, Жомарт екеуміз жақсы тұрамыз» деген екен.

## АРҚАРДЫҢ САҚАЛЫ

Маңғыстау аудандық мал дәрігерлерінің бастығы Жалжанов Орынбасар, мекеме шаруасымен облыс орталығына келіпті. Жасы елуді дұрыс орталап қалған Орекен, үлкендіктің белгісін жасап сақал қойған екен. Сұңғақ бойлы, кеудеге түскен сақалы өзіне жарасып тұрыпты. Бұрын Орекеңнің сақалды түрін ешкім көрмеген, кейбіреулер қапелімде танымай жатырқап жатырса, енді бір ойнайтындары құтты болсын айтыпты. Әлдене есіне түсіп кеткен ол «соқпай кетсем ренжіп жүрер» деген оймен бастықтың кабинетіне басын сұғыпты. Бұрын жас жігіттерге ұқсап жылмып тұратын Орекеңнің орнында, сакалы желкілдеп тұрган ақсақал Орынбасарды көрген Шухмахер қапелімде оны танымай қалыпты.

Төбеден түскендей бол, оның сақал қойып келетінін қайдан білсін, кішкенеден соң барып әзер таныған ол «Орынбасар, сақал қойғансың ба, арқардың сақалынан аумайды екен, қойшылар Манатаның тауында сені арқар деп атып алып жүрмесін» – депті.

## ҚАШАҒАННЫҢ КЕСЕНЕСІ

Атақты Қашаған жыраудың 150 жылдық тойы, ол жерленген «Қырық кез» қорымынан көп қашық емес, «Ақеспе» қыстауының жайылымында «Ақмая» тауының маңында өткізіліпті. Әрісі республикадан, берісі бүткіл облыс көлемінен жүздеген қонақтар келіп, 200-ге жуық үй тігіліп, ат шаптырылып дүбірлі той болып жатыпты. Мақсат Нұрқабаев бастаған Маңғыстау шеберлері салған Қашаған ақынның кесенесі Өзеннің ақ тасынан қылышп тұрғызылып ерекшеленіп көздің жауын алып тұрса керек.

Кесененің асқан шеберлікпен салынғанын тамашалап тұрып, бұрын-сонды қазақ жерінен мұндай кереметті көрмеген облыс басшысы Новиков, аузынан шығып кетті ме қайдам «Неужели Адайцы такой могут» деп қалыпты.

Оның жанында тұрған Шухмакер «Адайларға орыстар ерік беріп жасатты ма?» – деп әдейі қазақша сайрағанда жиналғандар ду күліпті.

## НАҚУОВ ЕРАЛЫ

### ҮЙДІҢ ЖАРНАМАСЫ

Күндердің күнінде Ералы ағамыз қалага қоныс аудармақ болыпты. «Бәлен жыл елге қызмет жасаған, елге мынадай сәбекі сіңген» деп алты бөлмелі үйдің кілтін сылдырлатып үстата салатын заман өткен. Бағасы ұшынып тұрған біздің Ақтаудан екі бөлмелі қалқа табу, теңгесін қайда тығарын білмей жүрген алпауыт жігіттер болмаса, біздің Ералы ағамдарға оңайға соқпапты. «Қандай заман болып кетеді?» деп аздаған жиған-тергені де өнжейлі емес, о баста мұғалім болған адамға көтеріле көшіп қоныс аударудың «әп» дегеннен орайы келіп, шаруасының майлы қасықтай иіле қалуы екіталай. Жиганына, ойып тұрып септігі тиер қаржы табу үшін өзі отырган Ескі Шетпедегі баспанасын сатуға тұра келіпті. Қалтаға салып алып базарға өткізе салатын арзанқол бұйым емес, зыңғырап тұрған үйді сату қас қағымда бітер шаруа болмай шығыпты. Оның үстіне оттықтың бір талын саудалап көрмеген біздің қазаққа қара аспан төнгеммен бірдей. Дегенмен «басқа түссе баспақшы» деген, адамның үш күнде гозакқа да көндігетіні рас айттылған пәлсапа, оған да жүрт біраз машиқтанып үйреніп алды.

Саудада бірінші күнттап колға алатын шаруа сатар дүниенің жарнамалу. Алып-сатарлықта адамға ең қажетті құрал – ол сениң Құдай берген қызыл тілің. Әңгіменің түбін түсіріп айтатындаі бейімің болса, сауданы жасауға болатын кәсіп. Ол шүкір қазақтың бойынан табылады, аздал жалқаулығы бой бермей кетпесе.

Өзбек ағайындардан Құдайға қажеті жоқ дүниені қалай алғанымызды білмей қалып, талай санымызды соғып қалған күндер де өтті басымыздан. Эй, бірақ не көрмеген қазақпыз

оған да үйреніп, бұл күнде біз де біреуді отырғызып кететін жағдайға да жетіп жығылдық. Қатар сауда жасап тұrsa қай ұлттың болсын тәубаға келіп, бізben санасар мезеттерін көзіміз көріп жүр.

Сөйтіп Ералы ағамыз Ескі Шетпедегі үйін сатпақ болып жарнамалап жатырған көрінеді. Ерекенің жарнамасының мәтіні онша есте қалмайтында күрделі емес.

Үйін өткізгелі тұрган жігітке «Балаңың басы жасап, оқимын десе мектебі анау, ал тентек болып оқуға басқондырысы шамалы болса СПТУ мына тұрган, отын керек болса мынау – қемір, әңгімелесіп отырамын десен анау – Өмір» депті. Өмір деп отырғаны талай жыл дәмдес, қызметтес болған жеделдес Сагындықов Өмір ағасы екен. Міне, Ерекенің қарапайым жарнамасының мазмұны осы.

## ҚҰРДАСТЫҢ ҚӨҢІЛІН СҰРАУ

Қазакта «құрдастың елдігі жоқ» деп жатады. Біздің жүрт «кауызына келгенді айтып салар» деп көрген түсін де құрдаста айтып жорытпаған.

Құрдастың бірін-бірі адам есебіне қосып, бір дастархан басында дұрыс әңгіме айтып отырғанын көп кездестірмейсің.

Қазақтың қазактан қайбір айырмашылығы бар дейсін, мына даланың қай шетіне барсаң да бәрібір шығар, ал біздің жақтың мен көрген құрдаспен әзілі адам төзгісіз.

Аспанмен таластырып үйілген шөмелені арқанмен бастырып жатып, өзі бір шетін шірене тартып тұрып, екінші шетін ұстап іскірдтің ұшар басында тұрган аңқау құрдастына «Тарт, қатты тарт» деп айқайлайды. Ойында дәнене жоқ ана байғұс бар қүшін сала тістене тартып қалғанда, мынау ұстап тұрган арқаның ұшын босата салады. Одан кейінгі болған оқиғаны адамның басына бермесін. Жардан ұшқан жапалақтай жалпылдап іскірдтен ұшып бара жатырған сорлыны көрген кезде басында «өлді» дегеннен басқа ойдың болуы мүмкін емес. Бар салмағымен ұшып келіп тастақ жерге «былш» ете қалған әлгі «адам-итжанды» деген рас-ау

тірі қалынты. Сол бойда пышақ ашуымен есін жиған жігіт, құрдасын жеті атасына бері дымын қалдыrmай боктаң, жарып салатында ұмтылады. Арада бір-екі сагат өткен соң, екеуі ештеңе көріп білмегендсі шәйларын ішіп ырқылжырқыл отырганын көрсін. Ал құрдастардың бір-біріне жасаған жақсылыны, бірінде жоқта біріне қолдарын кесіп бере салатын дария көңілдері өз алдына бір төбе. Бірде Ералы ағамыз ауруханада, алдымен құдайдың, қала берді дәрігерлердің арқасында науқасының беті әрі қараган құрдасы Бақыттың көңілін сұрауға барыпты. Дертке араша тұрар дәрменің болмаса да, ол – басты міндеп. Барса, Бәкенің бауырдан алған сырқаттың әсерінен болса керек, қараторы оні сарғыш тартып кетіпті. Оны көрген Ералы құрдасы Бәкене «Ту, Бақыт сары өнді жігіт болсаң көрікті болғандай екенсің» дегеп баға беріпті

## ШАЙЫРДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

Мына өлеңді Халық ақыны Аңшыбай Науқанов Шайырдағы апаларыма арнап, осыдан тұра отыз сегіз жыл бұрын жазған екен. Ақынның шының жүргегінен шыққан өлеңін «осы кітапта тұра берсін» деген оймен көшіріп алды

## ШАЙЫРДЫҢ СҰЛУ ҚЫЗДАРЫ-АЙ

Көрінер әсем қоктемгі-ай,  
Бүршігін ашар бақша жай.  
Көктемгі гүлдей құлпырган,  
Шайырдың сұлу қыздары-ай.

Сендерге әр күн кездессе,  
Қалар ма ақын толғанбай.  
Көңілді күйге бөлеген,  
Шайырдың сұлу қыздары-ай.

Кездестім алғаш сіздерге,  
Шайырга келген кезімде.  
Ақжарқын ашық мінезің,  
Қаратпай қоймас өзіңе.

Серілік құрып талай жыл,  
Көрсем де сұлу әрқилы.  
Тенгермес едім ешкімге,  
Ғалия, Шархат, Алтынды.

Тербетер ақын жанымды,  
Сүйемін сұлу әнінді.  
Басқага қалай қиямын,  
Балзиба менен Балымды.

Таусылар ертең көктемгі-ай,  
Жемісін берер бақша жай.  
Сендерді қалай қиямын,  
Шайырдың сұлу қыздары-ай.

6 мамыр, 1972 жыл.

### **ҚАЛИ БӨБЕТАЕВ**

### **АСПАНДАҒЫ АЛМАТЫ**

80-ші жылдардың басында Шайыр ауылның қуаты мардымсыздау шағын таратқыштар қойылып сапасы төмен болса да, телевизия хабарлары таратыла бастады. Әуелі «орбита-4» деп аталатын бағдарлама бойынша, халық тек Мәскеуді ғана көргенге риза болды. Көп ұзамай Ақтау қаласынан таратылып тұрған телесигналдарды қүшету арқылы, ауылга Қазақстан телесарнасының хабарлары жеткізілді. Сапасы адам төзгісіз шамада болса да, ауыл адамдары телевизордан шықкан қазақша дыбысқа мәз болды. Быжылдап-тыжылдап әйтесуір бір нәрсе жүріп жатады, экрандағы жауып тұрған қардың арасынан еміс-еміс

бейнені ажырату мүмкін емес, бірақ әйтеуір қазақша. Ауылда антенна жасау қызу өріс алды. Үйлердің шатырындағы әркім өз білгені бойынша құрастырған, түрлі кескіндегі антенналардан көз сүрінеді. Әр арнаның жиілігі ескеріліп жасалуға тиісті болғанымен, ауыл адамдарының пайымдауынша, көлемі мазарлылау болса жақсы қабылдауы керек деген түсінік бар. Сондай қолдан істелген абажадай кереметтің бірін Қали үйінің төбесіне орнатыпты. Олай бұрады, былай бұрады бірақ көкжиектен Алматы көріне қоймайды. Әбден торығып, антеннаны жерге түсіріп жарға сүйей салады. Мына қызықты караңыз, келсе Алматы кәдімгі Көктөбенің баурайында тұрғандай көрсетіп тұр.

Екі-үш сағат бойы аспанға қарап ақшандап түк шығара алмаған Қали телевизорға қарап тұрып «Алматыны аспаннан іздең жүрсем, жерде жатыр екен ғой» депті шыық-шиық күліп.

## ГЕМОРРОЙДЫҢ ЕМІ

Одақ тарап, сүйенісіп күнелтіп отырған республикалар есендіреп қалды. Дүкенге түсептін азғантай тауар, баяғы соғыс кезіндегідей карточкамен беріліп, елдің ұнжырғасы түсіп, бала-шаганы асырау уайымға айналды. Қала түгілі ауылдарда ұзын-шұбақ кезектер пайда болып, ел кәдімгідей күйзеліске түскен шақ. Шайырда дүкенге картоп түсептіндігінен хабардар болған ауыл адамдары, орталыққа жинала бастапты.

Әкеліп түсіргенше, оны бөлгенше біраз уақыт бар, адамдар оны-мұны айтып әңгімелесіп отырса бір жігіт «Кеше «Аргументы и факты» деген газеттен оқыдым, картопты ұзынша етіп тіліп, тік ішекке бойлата тығып сол күйінде жылы суға, күніге 15-20 минуттай отырса, геморроиды қағып түседі екен» – депті.

Әлгінің ем-домын тыңдал болған Қали «Жеуге таба алмай отырған картошкыны, астымызға қайдан тығайық» – депті.

## КӨЗДІҢ ШЫРЫМЫН АЛУ

Қали өзіне жиен болып араласып отырған бір қойшыға бірекі тоқтысын қосып қойыпты.

Әйтеуір басына-бас жоғалтпағанына риза болып, екі тоқтысы ұргашы болса да өнімін сұрамапты. Құндердің күнінде әлгі жиенінің отарына қасқыр шапты деген жаманат хабар келіп жетіпті. Отардан он шақты бас мал шығын болған еken. «Байдың мыңын көрмей, кедейдің жалғызын көреді» демекші қасқыр «тандалап» жүріп Қалидың екі тоқтысын тاماқтап кетіпті. «Мал – адамның бауыр еті» Қалекең аздап ренжіп, қоңырайып қалыпты. Көзінің жел-құзы бар үнемі қызырып жүретін жиені, өзін кінәлі сезініп ұялғанның рәсімін жасап «Қара басып түнекте, кішкене көзімнің шырымын алайын деп жата қасам, үйқыдан қатып қалыптын» деп соттың алдында тұрғандай ақтала бастапты.

Жиенде қосулы малым бар деп жүргендегісі мынадай оқиғамен аяқталып, мыңғырған отардан қас қылғандай мұның малына тап келгеніне ашулы Қалекең жиеніне «шырымын алатын не оңған көзін бар» депті.

### АМАНГЕЛДІ МЫРЗАТАЕВ

#### КҮЙІП КЕТКЕН СТАЖ

Ауылда бір той болып жатыпты. Шай ішіліп болып, етке дейін карта ойнайтындары өздерінің өндірістерін жалғастырыпты. Баяғы сабан сарықұлақтардың заманы болса керек, карташылар қопыратып келді-кеттісіне қарамай салып, ойынды қыздырып жатырса керек. Ақшалары кетіңкіреп қалғандары, арасында іштерінің күйгендерін бір-екі жұзді артығырақ тастанап алып, басып отырғандары да бар. Той-томалақта



ішінкіреп алып көтеріңкілеу сөйлеп отыратын, бір жігіт молдаға берген баладай үнсіз отыр. Талай-талай нарқасқа салмақты жігіттерді көбелек қылып жіберетін сол ақаңың құші. Марқұм Оспанхан Өубәкіровтың бір өлеңінде «Қыр мұрынды қисайтқан, бір жұз грамм еһ, сайтан!» деуші еді.

Әлгіге таңғалған Амангелді «Сен немене мынаны қойып па едің» депті шөлмекті нұсқап. Анау «сонғы кезде денсаулық болмай қалып азайтып жүрмін» десе, Амангелді «Азайтып жүрсөң қайта ішерсің-ау, бірақ қарайған стажың құйіп кететін болды-ау» – депті.

## АДАСҚАН САҒАТ

Анау бір жылдары үкімет басқаның бәрін орнына қойып, «енди қалғаны осы» деп уақытпен алысып кеткен бір замандар да болды-ау. «Жазғы уақыт, қысқы уақыт» деп қарап тұрған сағатты, халыққа пайда, зиянының аңысын-аңдал қарамастан біресе ілгері, біресе кейін қойып мазамыз кетіп жүрген шақ.

Бір Құдайға керек емес үрдісті «өркениеттілер сөйтіп жатыр» деп, қазакта өркениеттің ұғыны болмағандай, кім көрінгеннің артынан, тіліміз салпақтап еретініміз бар ғой. Жаңағы сол сағатпен алысып жүрген кездер болуы керек, Амангелдінің ауылына шолақ белсенділер келіп түсіпті.

Үй-ішін жағалай қарап отырған парторғ, партияны сағатқа қарап отырып басқарып жүргендей «Әй, Амангелді сағаттарың тоқтап қалған ба, уақытты қалай шамалап жүрсіндер?» – деп әкімшілік сұрақ тастапты.

Таң атып, күн батса болды шаруадағылар сағатты қайтсін, әлгінің топас әкімшілік сауалына Амангелді «Үкімет сағатты біресе ілгері, біресе кейін қойып, біздің сағат қайда жүрерін білмей басы айналып тұр» – депті.

## ГАЗ БЕН БЕНЗИН

Мәшіндерге жаппай газ қондырғылары орнатыла бастаған кезде, бұл жаңа технологиядан ауылдың шопырлары да қағыс

қалмады. Бензинге қарағанда газдың қалтасы жұқаларға недәуір жеңілдігі бар.

Жарты шелек бензинді емге сұрасаң да татырмайтын, кессе қан шықпайтын сараптарға газ таптырмайтын сылтау болды. Багің сарқылып қалып, ондайлардан күнің түсіп бір ұрттам бензин сұрай қалсаң «Болса не қылайын, менің мәшінім газбен жүретін еді» деп ауызын қу шөппен сұртіп тұрганы. Газбен жүріп-жүріп бензинге аударғанда, ережесін сақтап аудармасаң, мәшініңін қақалып-шашалып дұрыс от алмай қалатыны бар. Бензин құйғанда мәшіннің тартуы газбен жүргендегіден көп тақыл. Бірде газы жарытусыз болғансын Амангелді мәшініне бензин құйып, стәртірді әрі басады бері басады, бәрібір от алмайды.

Сонда Амангелді «Иттің ішіне сары май жақпайды, біздің мәшінге бензин жақпайды» депті.

\*\*\*

Шаруаның жайымен совхоз директорына кірейін десе жаңадан тағайындалған тікбақай директор жұмыс көп деп қабылдамапты. Бірде сол директор Амангелдінің ауылына келіп, төbenің басында дүrbісімен түйелерін түгендереп отырған оған: Жай отырсыз ба? – депті. Амангелді: – Жұмыс көп, жұмыста отырған ғой, – депті.

\*\*\*

Амангелді парторгтан орталықта не жаңалық барын сұрапты. Парторг: Жақында депутаттардың съезі болды, КСРО-ның гимнін өзгертіп жатыр, – депті.

Ертерек ескертпедіндер ме, біз бұрынғысын магнитофонға жазып, жаттап алып едік, – депті.

\*\*\*

Түйе қарағандар мазасын алып қоймаган соң жексенбі күні келген ауыл адамдарына: Бұғін демалыс, дүйсенбіде айтамын түйелерінің хабарын – депті Амангелді.

\*\*\*

Түйе малы ащыласын деп совхоз басшылары түйе ауылдарға тұз жіберетін көрінеді. Қалай түйелер тұзды жеп тұр ма? – депті зоотехник. Амангелді: – Түйелер сол тұздың арқасында қалт-құлт етіп тұр, – деп жауап беріпті.

\*\*\*

Мотоциклін контордың жанында қалдырған Амангелді бір танысының үйіне шайға келіпті: – Кілтіңізді маган бере қойыныз үйге жақындағы әкелейін деген әлгі үйдің баласына, әлденеге ұшырап қалар деп қауіптен ол: менің мотоциклім жетекке жақсы жүреді, – депті.

\*\*\*

Тұнімен карта ойнап, құндіз ұйықтап жатқан жігітті бастық үстінен түсіп оятқалы жатырған көрінеді. Амангелді: Мазалап қайтесіз, «ночтан» келіп жатыр, – депті.

\*\*\*

Жері кенеіген сайын пейілі тарыла беретіндер бар. Кеңестік шаруашылықтар тарап, жекешелендіру басталған кезде, үлесіне атшаптырым жер иеленген бір жігіт:

– Сіздің балаларыңыз біздің жерімізге үнемі малдарын жайып жүр, – деп Амангелдіге шағым жасапты.  
– Жерлеріңіз қоршаулы тұрмажасын, балалар қайдан білсін?! – депті Амангелді.

\*\*\*

– Жылқы баққаныңа біраз жыл болды, бәйгеге ат қоспайсың ба? – дейді бір құрдасы.

Атбейлікті кәсіп етпеген Амангелді:

– Біз атты «кәшіге» қосамыз! – депті.

## ТАСБАҚА АУЛАУ

Амангелді баласын қасқырға қақпан құруға жұмсапты. Бірнеше күн өткөріп байқауға барса, қақпандарына тасбақа түсіп қалған еken. Сонда Амангелді баласына: «Тасбақаны былай қуып та алмаймыз ба, бізге қасқыр алу керек еді» – деген еken.

## ТҮРАР САРЫБАЕВ

### САРЫАҒАШТЫҚ ЕМІ

Бір жылы салқын тигізіп алғанын, Сарыбаев Тұrap деген ағамыз аздап сырқостанып қалыпты. Терен демалайын десе тынысы тарылып, ауа жетпей кәдімгідей ауырсынып жүріпті. Қазекен доғдырға екібастан, болары болғанда барады. Табиғатында уайымшыл Тұрекен, оның үстіне өмір бойы басы ауырып, балтыры сыздал көрмеген, сыртқа шығармағанмен іштей мұжіліп, жүдеп жүріпті. Дәрігерге қаралса «демікпе ме қалай?» дегендей диагноз қойыпты. Мына аурудың аты аталғанда Тұрекен онан сайын зәре-құты қалмай, темекі, анда-санда амандық үшін көтерілетін жұз грамнан да «Жүзін бабалы көрсін» деп біржола ат құйрығын шорт кесіп, араздасып тыныпты. Жақсылы-жаманды совхозға бір кісідей еңбегі сіңген адам, кәсіподақ бар, басқасы бар Тұрекенде есіркеп, Сарыағашқа емделуге шығарып салыпты. Сарыағашқа барған соң, ауылдың қойған диагнозына күмәнданып қайтадан қаралса, айтқандай ауылдікі қырын кеткен болып шығыпты. Демікпе де қолқаны маңайлап жүретін ауру ғой, ауылдағылар ныспы лағып қателеспеген, Тұрекенің қолқасына женілдеу салқын тиіпті. Көп ұзамай құлан-таза айығып ауылға оралыпты. Адам деген де сынап



секілді, аумалы-төкпелі болатын жаратылыс-ау, Тұрекен көп ұзамай ауруын ұмытып, қайтадан «аашыға» жайылып қоятын болыпты. «Өзің жақында ем алып келдің, сол құрғырды ішиегеннен өліп жатырған ешкім жок» деп Қағаз женешем ұрысса Тұрекен «Сарыағашта менен де жаман ысылдағандар ішіп жатыр» деп ақталатын көрінеді.

## **«СПОКОЙНО ЖЕРСІҢ-АУ...»**

Тұrap «Науарбұдақ» жеріндегі шөпшілерге запас бөлшектер апара жатып, жүргізуі және бір жас жігіт үшеуі адасып, елсізде жанармайлары таусылып тұрып қалыпты. Сусындары бітіп, тіпті радиатордағы суға дейін ішіп қалжырап отырса бір көк шыбын қайта-қайта Тұрапдың бетіне қона беріпті. Ызаланған Тұrap: Енді бір-екі сағат шыдасаң, бізді «спокойно» жерсің-ау, – депті шыбынға. Абырой болғанда малышылар кездесіп аман қалыпты.

## **КҮЗЕМБАЙ ҚҰЛТУМИН**

### **САҚАЛ ҚЫРУ**

Адамның жоспарлаганы кейде қырсығып оқынан оралмайтыны бар. Таңертенгілік «Бүгін бір орталыққа барып, ауыл адамдарымен әжік-күжік отырып қайтайын» деген Күзембайдың жоспарын гаң атпай жарық өшіп қалып, кішкене кідірте тұруға тұра келіпті. Электрсіз дүние қараң, ол жоқ болса ең кішісі сақал қырудың өзі проблема.

Әрі күтіп, бері күтіп жанбагасын Күзекен «Әй, кемпір, жылы су бар ма, сақалымды бастырайын, бір уақытта ток келеді деп жіпсіз байланып отырамын ба?» – депті

Кемпірі қөзі бақырайып «Осы шал қызық, мана жылы су барда айтпайсың ба, осы елу жыл жұмсадың гой тырқыратын мені» – депті шалының шаруа жоқ жерден жұмыс шығарғанына наразылық білдіріп.

Сақал қырғышын дайындал жатырған Күзекен «Кемпір,

осы соңғысы болсын, енді сені елу жыл жұмсамаспын» – деген екен.

## ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

КСРО-ның көзіндегі болған бір магнитофон болды. Оның ел ішінде «Қара романтик» деген атауы бар. Суга түсіп, не болмаса өртенип кетпесе бұзылмайтын, жаны сірі техника еді. Ауыл балаларының машиқтанғаны сондай, әлдеқандай ақауы болса, көшеде шашып тастап қайтадан жинап алғып кете береді. Оның өзі сол кездегі жастардың қолы жетпес арманы болатын. Бір күні Күзекең мектептің жанында әлдекімдермен әңгімесіп тұрса, қолдарында «қара романтик», дауысын бар шамасына бұрап бақыртып койған, бірнеше бала оқудан тарап келе жатыр екен. «Осы күнгінің балалары жетісken-ау, мектептен магнитофонмен шығып келе жатыр» – депті Күзекеннің серіктерінің бірі.

Сонда оқушыларға қарап тұрган Күзембай «Үйге берілген тапсырма «қара романтик» шығар» – деген екен.

## ТИМЕ ӨССІН!

Ауылда зейнеткер шалдардың бір-бірінің үйіне қыдырып, кемпірлеріне сұр астырып, ермек қылып қарта ойнайтындары бар. Сондай қыдырудың кезегі Күзембайдың үйіне тап болып, ауыл маңының шалдары сау ете қалыпты. Шалдар көп сенің жағдайынмен санасып жатпайды, баса-көктеп кіріп келеді. Күзекең кемпірі екеуі қапылып, баласы Нұрлыбекті дүкенге жіберіп, келіні Гүлшат шыж-пышқың қамына кіріспіті. Әлден уақытта ас әзір болып қонақтар дастархан басына келіпті.

Дастарханның жетіспестігін көзben шолып жобалап отырган Күзекең кемпіріне «Әй кемпір, жуаны ұмытып кетіпсің әксел, жерде өсетін нәрсе гой тамаққа қосалық» – депті. Шолан жакта жүрген кемпірі «Шал-ау жуаның бәрі көкten кетіпті» – депті налығаң дауыспен.

Сонда Күзекең «Козгай корме, өссін!» – депті

## БАР БОЛҒАНЫ ЕКІ АТ

Көп жылдар жылқы фермасында менгеруші болған Күзекенің атбейлік өнері болатын.

Шайырдан онша қашық емес «Шетпе-Қызан» жолының бойындағы Есібай ата қорымында ас берілетін болып, соған Күзекен де ат қосатын болыпты. Бәйгеден дәметіп орта жолдан жабайы қосып жіберстіндер де табылады, ұзын саны 20-30 ат шапқан бәйгеде Күзекенің аты екінші орын келіпті. Отыз аттың ішінен екінші келу де, әжептәуір көрсеткіш, ауыз толтырып айтуға тұрарлықтай. Бәйгенің хабары Шайырға Күзекенің бұрынырақ жетілті, хабар деген солай болуы тиіс. Бәйге – бәйге-ау, ауылда сүйінші сұрап тағы бірдене жырып қалғысы келгендер де табылады. Сүйінші сұрау бақыты, алдыңғы күні ашы судан, иесі келе жатқандай ұрттанқыран қойған бір жігітке бұйырыпты.

Аздап шөлдің сесі бар, тілі салақтап, Күзекенің қосағы Тәжіхан женгесіне жетіп жығылыпты.

«Женеше, сүйінші, Күзембай ағамның аты бәйгеден екінші орын келіпті» депті.

Есепсіз дүние бар ма, көп ештеңе шығаруға алып бара жатырган құлқы жоқ Тәкең «Қой, кайдан шырагым, бар болғаны шауып жүрген екі ат шығар» деп ішіліп жатырган шәйін жалғастыра беріпті.

## БАҚЫРАШ

Баяғының келіндері, жасы үлкен қадірлі адам сусын сұраса, мызылып, жүрісі білінбей сырлы зерендермен әкеліп беретін болған. Мал қарап жүріп Күзекен жайлауда отырған танысының үйіне түсіпті. Ми қайнатқан Манғыстаудың ыстығы, аңызақ қағып шөліркеп келген Күзекен сусын сұрапты. Қашан түскені белгісіз бір келін, шалға сусын әкелуге жүгіріп шығып кетіпті. Баяғының киносын көріп, баяғының адамдарынан естіп-біліп жасау міндег емес қой, адамның өзінің ішкі ойлау қасиеттері деген болмай ма, кім



саған алжығанша желкелеп үйретуі тиіс. Бір кезде бағана су әкелуге кеткен келін де жетіпті, екі етек болып. Қолында, құрығанда жарты шелек су кететін алып бақыраш, шалпылдатып төге-мөге шалға ұстата салыпты. Әйтеүір сүрініп кетіп Күзекенің басына құйып алмағанына шүкір. Келіннің қылышына қоңлі бітпегенімен, ерегесіп шөлден өлмек жок. Күзекен қонырданнан ішкендей болып шөлін қандырған соң, алып ыдысты алашаның үстіне қойып жіберіп «Бақырашым сау бол, бара ғой» депті.

## ҚҰМАЛАҚТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Күзембай ағамыздың үйі сол Шайырдың «Түйе ауыл» атанып кеткен бөлігінде. Сол бөлек ауылда тұратын төртбес үйлі жан, біреуі лақтың басын қанатса да бірін-бірі тастамайды, шақырып жоқ жерден қонақ қылып жатады. Мен ол уақытта үйленбеген сүр бойдақпын, сөз ортасында айтып кеткенмін, сол ауылда орналасқан телестансадамын. Менің «жалғызбастылығымды» ескеріп мені де шақырады. Телестансаны қолмен айналдырып тұрған мен жоқ, қосып қойсан шуылдап жасайды да тұрады, кейде сол ауылдың келіншектері бас қосқан «котел» шәйға да қатыса қоям. Карапашаның орта кезінде сол бөлек ауылда тұратын марқұм Ақылжан деген ағамыз соғым сойып, кешке солармен бірге болуга бала жүгіртіп хабар айтты. Соғымның кезі ауылда шағын мереке болады, түйе сойсын, бие сойсын, малдың басына міндетті түрде қонақ шақырады. Кейбіреулері шақырылмай жүрген жаңа түсken келіндерге есік көрсетіп, енді бірі адамы қайтқан қам көнілділерді көніл шәйға шақырып, қазаки дәстүрді қоса бірыңғайлад жатады. Кеш түсіп, адамдар жиналды-ау деген шамада Ақанның үйіне салып жетіп бардым. Барсам маған әрі құдаша, әрі жеңге болып келетін Шәрихан дастарханды жайнатып қойыпты. Күзембай шал отырған орта сірә күлкісіз, әңгімесіз болмайды. Телевизорды өшіріп, қарта ойыны да тоқтайды.

Әңгімеден әңгіме шығып Құзекең «Әй, Шәрихан, откендердің жоғалып кеткен қойларың табылды ма?» – деп сұрады.

Ойында дәнене жоқ Шәрихан «Е, құмалақ аштырып едік, біреудің қорасында түр дейді гой» – депті жоғалған қойы табылған, шаруасы түгел адамның әңгімесін айттып.

Шәриханның әңгімесін тыңдал болған Құзекең «Құмалақшылардың, кімнің қорасында екендігін айтпайтыны жаман» – деген екен.

## МЕНДІБАЙ АЙТЫПТЫ...



Мендібай Нұрбергенов – өмірінің соңына дейін әртүрлі басшылық қызметте болды. Туып-өсken жері – Шайыр ауылы. Қызмет бабымен Маңғыстау өнірінің дәм бұйырған ауылдарына көшіп-қонып жүрді. Ел адамының досы да, құрдасы да жетіп артылады. Оның совхоз директоры болған кезінде де, партия хатшысы болған жылдарында да, лауазымның құлы болып ауыл адамдарына жалын көрсетіп жатырганын ешкім көрген жоқ. Бәрінен бұрын елдің есінде қалғаны оның тәтті әңгімелері мен уытты әзілдері болатын.

## ШОПАТАЙ УШІН АЛЫП ҚОЮ

Мендібай Онды ауылында директор болып тұрғанда «Отырар сазы» оркестрімен ел аралап жүрген Нұргұса Тілендиев ағамыз үйіне қонақ болып түсіпті. Шай ішіліп орталап қалған кезде «қызынқыраған» Нұрагаң:

– Менің атымды неге «Нұргұса» қойғанын білесіндер ме? – деп сұрапты.

Райком, атком басшылары қапелімде абдырап қалып, білмейтіндіктерін айттыпты. Нұрагаң: «Мені шешем

босанғаннан кейін, әкем менің ұл не қыз екендігімді білгісі келіп көтеріп қалғанда, мен шопатайым шолтырып әкемнің бетіне шаптырып қойыптын, содан менің атымды «Нұрғұйса» қойыпты» – деген екен.

Сонда Мендібай сәл жымыып отырып жай ғана: «Ал, Нұреке, өзіңде өстіңіз, оныңыз да өскен болар, аты да езгерген болар, сол үшін осы тосты алып қоялық» – депті.

– «Атаңа нәлет» адайлар, сендердің осындай әзілдерің-ай, сендерге әңгіме айтып отырмын-ау, алсақ алып қоялық» – деп Нұрағаң мәз болып күліпті.

## КОМСОМОЛДЫҢ «ЖЕТИСУІ»

Ауылда 7 қараша мейрамы жүріп жатыrsa керек. Қызып алған ауыл жастары бір-бірімен жанжалдастып, арысы ұстасуға дейін барыпты.

– Эй, парторғ, ана комсомолдарыңа қой демесің бе? – депті директор.

Сонда Мендібай «Партия – бізге комсомолдардың өз қолдары өз ауыздарына жетті, олардың ісіне араласпаңдар деп жатыр» – деген екен.

## «ҚЫЗДАРДЫҢ ӨЗІ ШЕШЕДІ...»

Біраз жыл сүрбайдың болып жүріп қалған Мендібайға нағашысы Құлмұрын: – Ақыл айтатын бала емессің, жасың толды, үйлену керек, осы қыз дегенің көп емес пе», – деп ақыл-кеңес беріпті.

Сонда Мендібай: – Мен қыздарға сөз айтып болым, қалғанын қыздардың өзі шешеді, – деген екен.

## БАСТЫҚША БЕЛ ЕМДЕУ

Мендібай совхозда парторғ болып тұрған кезі. Бірде ауаткомның төрагасымен телефон арқылы сөйлесіп жатады. Торага совхоз директорының қайда екенін сұраса, Менкен



Директордың белі ауырып, содан ауыл дәрігері Жұмажанды шақыртып жатқандығын айтыпты.

«Жұмажан, оның беліне не ем жасайды?» – деп сұраған төрағага Мендібай: «Дәл білмеймін, шамалауымша, беліне шығатын болу керек» – деп жауап берген екен.

## «ЗАВКОЛОНКА»

Мендібай ауылдағы су шаруашылығының менгерушісін шақырып алғып, одан жасайтын қызметінің атын сұрап, партиялық есеп кітабына жазуға керек болып тұргандығын айтыпты. Ол: «Аудандық су шаруашылығының Шайырдағы белімшесінің...» – деп шұбырта бастағанда оны әзер тоқтатқан Мендібай:

«Мениң басымды қатырма, сені «Завколонка» деп жазып қойдым» – депті.

## ШЕШЕЛЕРДІҢ ӘЗІЛІ

Біз тұратын Шайырдың Қаратуға жақын жоғарғы бөлігі «Жоғарғы ауыл» деп аталады. Колхоздар ыдырап, совхоздар құрыла бастағанда салынған ауыл. Үйлері қалай болса солай, әркім ойына келгенін жасап қиқа-жиқа салынбаған, тым-тәүір, түп-түзу көшелері бар.

Біз жаңадан салынған кос қабатты мектепке жақын, аты есімде жоқ бір көшенің басында тұрамыз.

Біздің үйдің бір басында Біләл нағашымның үйі, яғни жарлас көршіміз. Білекен қолының ұсынағы бар шебер адам, үйінің қарсы алдында бірнеше адамға шақтап жасаған нары бар. Сол орын жастары шамалас, бұл күнде бәрі де марқұм болды, біздің көшенің кемпірлерінің бас қосып, әңгіме тарқататын орны болушы еді. Кемпірлер женіл әзілдерімен қарысып, сөз жарыстырады. Біздің үйге жарлас болмағанмен арамызда үй жоқ, менің құрдасым Айтанаңаттың үйі.

Оның үлкен шешесі Ілгек кемпір жуас, бірақ әңгімесі бірқойлық, сол келеді қолында ұршығы.

Алдыңғы көшеден Айжарықтың мамасы Күлдан кемпір келеді, көшенің бар баласы «Нән мама» атап кеткен, жайшылықта елді көшіріп аңқылдал сөйлеп жүреді.

Аяғын санап басып, көп асықпайды, Үзіл кемпір келе жатады.

Оларға қапталдан, нанның бірін табадан шығарып, екіншісін салып, менің шешем Балтөре қосылады.

Бәрінің соңын ала жүрісі тездеу, ширақ өзі қалбалақтаған Ибахан кемпір ол келеді жүре сөйлеп.

Кемпірлер женіл әзілдерімен қағысып сөз жарыстырады. Абысын-ажындылары бірін-бірі сөзben атып жатады, сыртынан тыңдал отырсан керісіп жатыр ма деп бір ойлап қаласың. Ибахан кемпір келе сала көвшілікке қарап сөз бастайды «Кім алғанын білмеймін, бір киілген ішкімім жаюлы тұрган жерінен ұшты-құйлі жок» – дейді.

Сөзге Күлдан кемпір қосылады «Кім алсын, алыстан ұры келген жоқ, мына Балтөре мен Ағымның біреуі алды» дейді жан-жағына қарап көзін қысып жіберіп, бір жағынан отқа майды құйып отыр.

Ағымды біз апа дейміз, Білекенің кемпірі, жаулығына қылап түсірмейтін өте кірпияз адам, Ибахан кемпірді женге қылады.

«Осы, осы алған» – дейді Ибахан кемпір аңқылдал.

Ағым апам басын шалқайта бірқырын қарап, ернін сылп еткізіп «Пыт, жүзіқара сонда мен сениң дамбалыңды мына таза қолыммен ұстаймын ба?» – дейді.

«Мынау алған шығар, күйбендең сіздің қоршаудың маңында жүрген» – дейді менің шешемді нұсқап.

Оның сөзін шын деп ойлап қалғанын «Қой құдай, дұрыстап жаймай жел ұшырып кеткен болар» – дейді менің шешем жайғана тұмсығын тартып жіберіп.

Көнілдері мен әңгімелері жарасқан қайран шешелерден мен естіген бір әңгіме еді бұл. Жаратқан жандарына жәнненнан мәңгі мекен берсін! Желеп-жебеп жата көрің!

## «ҚАРҒАЛАР» МЕН «ТЫРНАЛАР»

Қыдырбайдың «Тырналар» әні дүйім елге танылып, ауыздан-ауызға ілігіп, халықтан өзінің бағасын алған болу керек. Жаратылышында әншілік, жыршылық, күшілік дарын атойлаған пендеге ешбір нотаның не консерваторияның пәлендей қажеті шамалы.

Өнер институтын бітірген бір жігіт, өзінше әлдеқандай болып «Тырналар» әнінің нотасын қолына алып отырып: «Мына жерін былай ет, мына жерін олай ет», – деп кеңес беріпті. Қанша ашууланса да, әзілі қатар жүретін Қыдырбай: «Тырналар елге тарап кетті ғой. «Қаргалар» деген ән жазып жатырмын. Сенің жасаган сыйныңды сонда ескерсімін», – депті.

## КОЛБАСА ЕСЕБІНДЕ...

Біреу тәттіні ұнатады, енді біреу керісінше ацы, тұзды нәрсеге құмар. Ал, Қыдырбай сарымсақсыз ас ішпейтін көрінеді. Сарымсақ жарықтық өзіңе білінбегенмен әжептәуір иісімен касындағылардың қатерінде қаларың сөзсіз. Қашанда әзілге жақын жүретін парторг Мендібай Нұрбергенов бірде оған: «Түсіне сарымсақ кірді ме, мынауың не сарымсақ сасып тұрганың?» – депті. Сонда Қыдырбай: «Стүннен қалған етке сарымсақ қосып, колбаса есебінде жеп алғанмын» – деп акталыпты.

## ҚОС ТІЛДІ ФИЛЬМ

Колбиннің Қазақстандагы билікке келген жылдары екен. Ауыл клубында киномеханик болып қызмет жасайтын жұбайы Орал, үй шаруасынан қолы тимей қалған кезде Қыдырбай бір кезек кино қоюга көмектесетін. Фильмнің пленкаларын шатастырып, орысша фильмнің ортасына



келгенде, қазақша фильмді жіберіп қойыпты. «Көрсететін болсан, дұрыс көрсет» – деп ауыл адамдары ашууларын білдіріпті. Салмақты күйінен ауытқымаған Қыдырбай байсалды кейіппен:

«Үкіметтің нұсқауымен түсірілген қос тілді фильм гой, мен қайтейін» – дегенде, халық үнсіз қалыпты.

## ҚАУІПТІ НҰСҚАУ

Совхоздың жалпы жиналышы, комсомол үйіміның жиналышы, советтің сессиясы ірлі-ұсакты жиналыштарға Қыдырбайды қатыстырмада жөнінде нұсқау беріліпті. Өйткені, тумысынан әртіс болған Қыдекен: «Директор былай деді, парторг былай деді, ауылсовет олай деді» – деп әлгілерге пародия жазатын көрінеді.

## ТЕЛЕФОННЫҢ ҚҰНЫ

Тамыр-таныстықтың арқасында Қыдекен Шайырдағы үйіне телефон құрдырыпты. Байланысшы жігіттерді қонақ етіп дастархан жайылыпты. Қонактарды шығарып салып тұрып, телефонның құрдыру ақысын сол жерде төлеген екен.

Бақандай жиырма сомды төлегенін көрген Орал женгеміз: «Ту, қымбат екен» – депті, сонда Қыдекен: «Құруы ештеңе емес, жууы қымбат па деп қалдым» – деген екен.

## ЕТТИ КҮТУ

Қол босаған сэтте әңгімелесіп, қауқылдастып бір кезек бой жазып қайтуға құрдасының үйінде Қыдекен бара қалса керек. Құрдасы аузын айса аржагы корінетін, оның үстіне жүрген жері әзіл-қалжыңға толы Қыдекен келген соң мәз болып, келіншегін дүкенге жүгіртпіп, қазанға ет салдырыпты. Үй иесі дастарханның жасалуына шыдамай, шагын газет дастархан жайып, «Шәй қайнап жатыр, ет пісіп жатыр, оған дейін ауыз жылыта отыралық» – деп, түннен қалған супыны әкеліпті.



Сүрленген еттің іісі тұмсықты жарып, супыға Қыдекенің тәбеті ашыла қоймапты.

Онысын құрдасына:

Жатырганда ет пісіп,  
Жындымыз ба супы ішіп, –  
деп екі жолмен жеткізген екен.

## ШЕТЕЛДІҢ ШИКІЛІГІ

Комсомолдың жолдамасымен Болгар жеріне барып келген ауылдағы кітапханаши қызы жол сапарынан алған әсерлерін қызу әнгімелеп жатыр. Ауыл көлемінен ұзап шықпағандар ауыздарын ашып, тамсана тыңдал, бастарын шайқап қояды. Әрине әңгіме 100 пайыз шындық емес. Қызды-қыздымен тыңдаушылардың сеніміне кірген кітапханаши тіптен шектен шығып кетті. «Универсамда жүр едік, бір американцың келіп: «Сіз японка боларсыз» – деп соңымнан қалмады» – депті.

Өтірігін шығаруға ыңғайсызданған Қыдыrbай жорта таң қалып: «Қойшы-ей, қазақша айтты ма?» – деп сұрапты.

## ОҒАШ ОҚИҒАЛАР

Газетте істеп жүрген кезінде («Жаңа өмір») редакцияға бір құрдасы келіпті.

Аңзы судан ұрттап қойып айықтырғышқа түсіп қалғанын, маскүнемдерді масқаралайтын Қыдыrbайдың қолымен шығатын газеттегі «Оғаш оқиғалар» бөліміне өзінің аты-жонін шығармауды өтініпті. Сонда Қыдыrbай: «Социалистік Қазақстанға» шығайын деп жатырган жоқсын, «Жаңа өмірдің» зәрі шамалы» – деп жұбатыпты құрдасын.

## ЕРТЕ СОЛҒАН ГҮЛ...

Қыдыrbайдың ақындық, актерлік, әншілігімен қатар асабалық өнері бар болатын. Ауылда той болып соган шакырылыпты. Әзіл-қалжынмен, әдемі сөздермен, әсем

әнмен тойды құлпырта басқарып, елді аузына қаратып жүріпті. Ел ішінде не кездеспейді, бір жігіт тойға алдын ала қызып келіп, көп ұзамай құлап қалыпты. Сонда Қыдырбай: «Ерте көктеген гүл, ерте солады» – депті.

## ҰНАҒАН ЖЕРІ

Бір әуесқой музыкант Қыдырбайға: «Саржайлауды» гитараға түсіріп едім, тындалап көріңіші» – деп, гитарасын сабалай жөнеліпті. Еліріп сабалап отырганда гитарасының бір ішегі шарт үзіліпті. Амалсыз тоқтаған жігіт Қыдекене: «Қалай ұнады ма, ұнаса қай жері?» – депті. Қазактың домбырасынан басқаны көп мойында майтын Қыдырбай: «Қатты ұнады, әсіреле жаңағы ішегінің үзіліп кеткен жері» – депті.

## ГАЛСТУККЕ ЖАСАҒАН ОБАЛ

Құдалықтан келген киттің арасында Қыдырбайға арналған ер адамның көйлегі болса керек. Көйлекті киіп қарап, Қыдырбай айнаның алдында тұрып: «Былай жаман емес екен, бірақ галстукке қызындау екен», – депті. Себебі, көйлек етженділеу адамға арналып тігілген және жағасы орасан зор кең болса керек.

## БУРА МЕН ІНГЕН

Өнер адамының қашанды үй тіршілігіне атүсті қарайтыны белгілі нәрсе. Үй ішіндегілерге сенген Қыдырбай қорасынан өрген қойын танымайтын көрінеді. Жасынан әкесі түйе бағып шаруаға араласқаны не керек, орталыққа көшіп келіп, шаруадан әбден қол үзген көрінеді. Бір күні құрдастары Сағын мен Аман бойдақ түйелерін көздеп келуге жиналып жатса, Қыдырбай да оларға өздерімен бірге ала кетуге тілек білдіріпті. Себебі, таңертенгі шәй үстінде әкесі Тұрмаганбеттің бір қысыр інгені жайлышты, оның ешбір белгісінің жоқтығы туралы айтқаны құлағының шарбағында қалса

көрек. Сарыойдың құдығының басы ығы-жығы ірілі-ұсақты маға толы екен. Үшегін көп түйені аралап келе жатса Қыдыrbай қасындағы серіктегіне: «Жұні қопыраған мына бір інген біздің қысыр інген секілді екен» – деп әлгі екеуін ертіп, бір түйенің жанына келіпті. Жаратылысында жуас, түйе малы бұларды көзге ілмей маңқылшып күйсеп тұра беріпті. Әуелі бас жағын зер сала қарап, өркешіне қарап, одан шабына көзі түсіп кеткен ол, шошып кеткен дауыспен: «Өй, мынау бура екен ғой» – депті.

## **«ҚАЙЫРЛЫ ТҰС ҚАЙТА!»**

Алматыдан практикаға ауылға бір топ студенттер келіпті. Әлгілердің арасынан біреуі ауыл адамдарын менсінбей. «Ауыл адамдары надан «Қайырлы таң», «Қайырлы кеш» айтуды білмейді» – депті.

Сағат 14.00-де басталатын жұмысқа әлгі студенттер үйінде қалып кешігіп келіпті.

Сонда Қыдыrbай әлгілердің арасындағы «мәдениетті» жігітке қарап: «Жігіттер, қайырлы тұс қайта» – депті.

## **ӘРКІМНІҢ ЖОҒЫ**

Бір бас қосқан отырыста Қыдыrbай сілтеңкіреп жіберіп, қатты қызғаннан қалғып кетсе керек. Сол екі арада келіншегі қашанғы құтсін үйіне кетіп қалыпты. Көп ұзамай таң атып, жарық түсіпті. Қонақ қабылдаған үйде түнеп қалғаның біреуі: – Ойбай, аяқ киімім жоқ, – деп айғайлапты. Сонда Қыдыrbай: Соны да сөз деп... Қатыннан айырылған мен қалай шыдал отырмын, – депті. Анау үнсіз қалыпты.

## **ЛАҚТЫҢ БАТАСЫ**

Қыдыrbайдың бір әріптесі лақ сойып, үш-төрт адаммен бірге ет жеп, жас сорпа ішуге шақырыпты.

Ет желініп болған соң Аязжан ас қайырып жіберіп: –



Молданың баласы дұға жаса, – депті. Әп-сәтке бармай қос алақанымен бетін сипаған Қыдырбайға Аязжан: – Мынау тым аз болған жоқ па? – депті.

Сонда Қыдырбай: – Кішкентай лақтың батасы ғой, – депті.

## КІМ БАСТАСА

Інісі әскер қатарына жүрердің алдында ғана сарай құрылсының бастап, төбесін жабуға келгенде тоқтал қалыпты. Себебі, інісі Әзіrbай әскер қатарына жүріп кетіпті. Жұмысқа онша ебі жоқ Қыдырбай, әкесі құрылысты аяқтауын өтінгенмен, «Кім бастаса сол бітіру керек!» – деп шаруага мойын бұрмай қойыпты.

Ақыры, дегені болып, сарайды екі жылдан соң әскерден оралған Әзіrbайдың өзі аяқтапты.

## ТЕЛЬМАН ӘУЛИЕ

Бірде қасымда ауылдас, бала күннен бірге өскен, ақын, сықақшы, журналист Қыдырбай Тұрмажанбетов ағам бар, екеумізге Ақтауға бірге баруға жол түсті. Автобус Қаратаяуды жағалай салынған тас жолмен ызғытып келеді. Таңғы салқында көніліміз көтеріңкілеу әр тақырыптың басын шалып әңгіме айта бастағанбыз, күн ысып, оның үстіне автобустың қапырығы қосылғасын мәзіміз кете бастады. Екеуміздің басымыз қосылса жұрт анекdot, басқа да қысыр әңгімелер дәметеді. Жол ұзарған сайын маужырап үйқымыз келіп әңгімеміз де қожырай бастады. Ауық-ауық оянып кетіп жолдағы кездескен қауымдарға бет сипап келеміз. Қалага жақындағасын үйқым қашып ояу отырғанмын. Мынау Тельман ауылы, көп ұзамай Ақшұқыр, аржағында қала қолсозым жерде тиіп тұр.

Бір кезде Қыдекен қолын жайып бет сипап жіберіп «Ойбай, мынау Тельман еken ғой» дегені. Көзінің алыстан көрмейтіні бар еді, Тельман ауылын көп әулиелердің бірі шыгар деп ойлаған шығар.

## **ӨТЕУЛИЕВ ОРАЗҒАЛИ**



Өтеулиев Оразғали көп жылдардан бері ұсбаздық қызметте келеді. Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Қазақтың тілі мен өнеріне бір кісідегі жанашыр азаматтардың бірі. Қазақтың танымал азаматтары Жүрсін Ерманов, Бақыткерей Ысқақов, Өмірсерік Жұмандармен бірге оқыған.

Қазір Шайыр ауылында мектеп директоры болып қызмет жасап жүр.

## **ТЕРЕЗЕНИҢ АЙҚАЙЫ**

Аудандық оқу бөлімінде, мектептердің қажетті материалдармен қамтылуы жөнінде, ауыл мектептері директорларының бас қосқан отырысы болыпты. Баланың жүрген жерінде барлығы бүтін, қайдан сақтаста болып тұрсын. Мектеп директорлары кімге не қажет, құлаштай-құлаштай тізім жасап тапсырып, анау-мынау ұсақтарын ауызша сұрап жатырған көрінеді. Мектептердің аса көп зардал шегетіндері сынған терезелер. Аудандағы мектептердің бәріне, қолда бар әйнектерді, ешкімді алаламай қылдай тең етіл боліп беру тапсырылыпты.

Осы тұста аздап мектеп директорларының арасында наразылық туындаптты. Шайыр орта мектебінің директоры Өтеулиев Оразғали «Әйнектердің көп сыну фактілері таулы жерлердегі Шайыр, Онды, Жармыш мектептерінде тіркелген. Сондықтан қолда бар әйнектердің басым көвшілігі осы мектептерге бөлінуі тиіс, ал бір түйір тасы жоқ, терезе сындыруға мүмкіндіктері аз Тұщықұдық, Шебір, Қызан сияқты құмның мектептеріне бөлмесе де болады» деп ұсыныс айттыпты.

## МЕКТЕПТІҢ ЖАҢА ИІСІ

Көп жылдар бойы Шайырдың «телеышкісінде» жұмыс істедім. Ауылдардағы теледидар хабарларын тарататын кешенді, ауыл адамдары осылай атайды. Телеқондырғылар ауылдың батысында, «Түйе ауыл» деген бөлігінде, шағын тәбешіктің үстіне орнатылған. Жұмысқа бара жатырғанда, немесе қайтқанда жолдағы мектеп үйіне бір соғып өтемін. Мұғалімдермен ананы-мынаны бір айтып, уақыт өлтіретінім бар. «Осы келсе мұғалімдер жұмыстарын естен шығарып, әңгімеге айналып қалады» деп мектеп басшыларының ішінде жаратпайтындары бар, оны да сезем. Тамыз айының орта кезі, балалар жазғы демалыста болғандықтан мектептерде жөндеу жүргізетін кез. Сырдың иісін аңқытып сырлап жатқандары анадайдан белгілі болып тұр.

Мектептен шығып қарсы кездескен директор Оразғали ағай «Ерекенжан-ау, жаңа оқу жылында балалар «алтын ұя мектебім» деп алтып-ұшып келгенде жаңа иіс болсын деген оймен сырлатып жатырмын. Эй, бірақ өйдеп келетін бала бар дейсің бе?!» – деп үйіне беттеп бара жатыр.

## НҰРСӘУЛЕ ЖЕҢЕШЕМНІҢ АЙТҚАНДАРЫ

### ҚАЙНЫЛАРДЫҢ БАҒАСЫ

Айналайын қасиетті Шайыр жері, талай әнші мен жыршыны, ақын мен қадірлі қара сөздің небір дүлдүлдерін, елді ауызына қаратқан өнер саңлақтарын өргізген өнір. Шайыр жерінде, әлде Қаратаудың бұлағының нәрі ме, өнерден кенде қалғандар некен-саяқ болар. Осы «Маңғыстау әзілдерінің» екінші кітабын жазуға отырғанымда, тек өз ауылымның адамдары туралы жазбаққа бекінгенмін.

Бірақ соңынан «Алақандай Шайырды Маңғыстаудан бөліп алдып қайтасын» деген ой келіп, айнып қалдым. Мына теріп жазылып жатырған, шағын әңгімелердің басым көвшілігінің басты кейіпкерлері жігіттер. Өзім ойланып, «Бізде, айтқан

сөздері бірқойлық, жатып атқанда тұргызбай тастайтын қызыл келіншектер бар-ау осы» деп, олар туралы да жазып кеткенді жөн санадым. Өзім талай қолынан дәм татқан Шайырдың «Түйе ауыл» деген болігінде Нұрсәуле деген женгем тұрады. Баяғы бала кезімізде, қазақ айтқан тал шыбықтай бұралған талдырмаш, белі әні-міне үзіліп кетуге шақ тұрған, сары өнді келіншек еді. Ал қазір жасы алпыстан асқан, кім екенін айтуда ауызым бармай отыр, өздерің елестетіп болжай жатарсындар. Шайырда жесіз күндері, жан-жағын тау коршап тұргандықтан, леп болмай қалады. Күннің ыстығынан аздал тыныстауға, үйінің көлеңкесінде отырған Нұрсәуле, анадай жерде күйбендел, бір нәрсе жасап жатырған жігіттерге көзі түсілті. Жігіттер бұған руы жағынан қайны болып келеді екен. Күннің ыстығынан белдеріне дейін шешініп тастанған олардың арықтығынан, қабыртқаларын ұстап көрмей-ак, алыстан «штуктап» санап алуға болатындей екен. Тамақты бір кісідегі жесе де шыр бітпейтіндер бар, аржағында құдай адамды бір жасайды, оған не шара?

Әлгілердің болмысын алыстан қарап отырған Нұрсәуле «Пай, қасқалар-ай, сурет-ау» деп баға беріпті.

## ҚАРА КӨЖЕ

Ауылдағы қазақтың малсыз күні бір уыс. Пакетің салпылдаш барып, базардан ала қоюға дайын тамақ ауыл базарында болмайды. Ақшаң қалтаңа сыймай жатырса да, ауылда күннің малға түседі. Құрығанда ауыл арасының қонағын алдайтын он жандығың, кезекпе-кезек ерінге тартар бір-жар түйен болмаса, ауылда тұрып қажеті жок. Бір жылы түйесі қысыр қалып, Нұрсәулелер сауынсыз қалыпты. «Елде болса ерінге тиеді» деген, ауыл-үй, көрші-көлем бар, шайлық сүтке уақ мал сауып та ілдәлауга болады. Ауылда шөл басуға ұн шалып, кара көже жасайды. Бабын тауып ашытып жасар болсан, керемет сусын. Қара көженің қасында «Кока-кола», «Квас» дегендерің ойнап қалады. Ернің тобарсып, кенезен қеуіп шөлдеп келгенде, қымыран болып ашып тұрған, қара

көженің бір тостағанын тастап алсаң құлағың жыбырлап қалады, тіпті ханға сәлем беріп-бермеуің негайбіл.

Түйелерінің бар-жогынан хабары жоқ бір қайнысы адыраңдал келіп «Женеше, шұбат бар ма?» – депті.

Ашыған кара көжені билғап-билғап жіберіп құйып беріп жатып Нұрсәуле «Шұбат істемейміз ішімізге тиеді, көже жасаймыз» – депті.

## ЗАВХОЗ ШАЛ

Ауылдың болсын, қаланың болсын мектептерінде. мектеп директорының оң қолы завхоз деген қызмет бар. Мектептің бар дүние-мұлқі, сол завхоздың құзырында. Завхоз болу үшін жоғары оку орнын бітірудің міндетшілігі жоқ. Төртінші сыныптық білімің болып, арифметикадан дұрыс хабарың болса болды. Баяғының завхоздары тастанын сатырлатып есепшот алып жүретін, қазіргілер орамалға орап, төс қалталарынан калькуляторларын тастанамайды. Біздер мектепте оқып жүргендегі завхоздар, бізге кәдімгідей мектеп директорымен иық тіресіп тұрып ұрысатын. Білімі болса сабағымызға да кіруге жүзі жанбайтын шығар. Завхоз демекші менің Ақкенже женешем бар, осы Нұрсәуле бар мектепте жұмыс жасады. Жұмыс болғанда екеуінің де білімдері қарайлас, дипломды қажет етпейтін үй сыйыруши болған болар. Өзі соғысқа қатысқан, әрі жасы ұлғайып мектептің бұрынғы завхозы жұмысын тапсырып, оның орнына басқа завхоз келіпті. Алдыңғы шалға қарағанда соңғы завхоз жастау екен. Келген бойда алдыңғы шалды тындармай, бойкүйез болған жалқау келіншектерді бір шыбықпен айданпы.

Жаңа завхоздың көзін ала беріп тыныстауға отырған Нұрсәуле қасындағы жұмыстас келіншектерге «Бұрынғы завхоз жаксы еді әйелмен ісі жоқ, мынау бізді бір-бірлеп сорлатады екен» – депті.

## БІР ТОП КЕПТЕР

Бір күні жұмыста отырғанмын, телестансы орналасқан үйшіктің жанына, совхоздың парторгының УАЗ-ы, жеделдетіп бар екпінімен келіп, жерді сыза-мыза тоқтады. Амандықтан соң шопыр жігіт «Сені бастық шақырып жатыр», – деді. Ауылдағы партия ұйымының хатшысы Дүйсен Бекмұратов ағамыз еді.

Менің мекемем ауыл адамдарына қызмет көрсеткенімен, көнторы Ақтауда өз алдына әкімшілігі бар, сондықтан маган жұмыс бағытында совхоз басшылығы басыбайлы әмірлігін жүргізбейді. Жұмысым тоқтап қалып, ел телевизор көре алмай аңтарылып қалғанда болмаса, менімен көп хабарласпайды.

Дүйсекең маған «Ал Ерекен, жұрт сені кептер аулаудан алдына қөп ешкімді шығармайды деп жүр ғой» – деді. Мен түсінбей қалдым, кептер аулап тамақ асырайтындаш шүкір құсқа қарап қалып жатырғаным жоқ. Жағдай былай екен. Сол жылы Ұлы женістің 40 жылдығына ауыларалық ән фестивалі ұйымдастырылған. Соған біздің ауылда қатысуы керек, тек қатысып қоймай, мәндайы жарқырап елдің алдында жүруі керек. Шайыр ауылы талай байқауларда, қарсыластарын шаң қалтырып кеткен өнерлілер мекені. Бұл жолы да солай істеп, тіпті елде жоқ жұрт ауызын ашып қалатында көрініс ұйымдастыру керек болынты. Сахнада хор тұрады. Әншілер екпіндегі Әбілахат Еспаев ағамыздың «Бейбітшілік сақталады» деген әнін бар дауыстарымен шырқап салады.

Ән аяқтала бергенде «Бізге сиді соғыстың керегі жоқ» дегенді меңзеп, ақ көгершіндер қалықтып жүруі керек. Бәрі ойдағыдай, тек қалықтап ұшатын көгершін жағы өнерпаздарды біраз ойландырып тастанапты. Ауылда ит мысық, тауық жағы табылады, қырсыққанда көгершінмен айналысатын бірде-бір пенде жоқ екен.

Ауыл мәдениет үйінде режиссер болып жасайтын

Орынғали Берікбосынов «Көгершіннің орнына аққа бояп жіберіп, кептер ұшыруға болады» деген ұсыныс айтыпты.

Кетек-кетек қылыш кептертер асырап отырған тағы ешкім жоқ, тағы ойланған келе мәдениет үйінің директоры «Кептер дегеннің клуб шатырында жүздеп ұялайды, мәдениет үйін бүлдіріп қоймаған соң, талай Ерекенге айтып аулатқанмын» депті. Бітті, мәселе шешілді. Ертеңіне топырлатып тұрып, тұнде қол фонардың жарығымен ұстаган бес кептерді Дүйсен ағамның құзырына өткіздім. Дүйсекең мәз болып, менің қолымды қысты. Партияның өзіме сеніп тапсырған жұмысын абыраймен атқарғаныма мен де ризамын. Міне, межелі күн де келіп, аудан орталығы Шетпеде, біздің ауылдың әртістері дүркіретіп концерт беріп жатыр. Өн айтылып, күй тартылып болды, енді міне, халықтың жүргегін тебірентіп толқытатын соңғы шешуші кез де келді. Хор айтылып бітті, сахнаның екі қапталынан екі пионер шығып, аққа боялған кептерлерді ұшырды. Бұл көрініс біз ойлағандай жан тебірентерлік болмады. Бір жақ қанаттары жасамай қалған екі кептер, оқ тиғенге ұқсап қалбалактап барып, қазылар алқасының тап алдына «торс» ете түсті. Ақ, су сырмен боялған үшеуі, Шетпенің мәдениет үйінің ішін айналып ұшып, ақтүтек қылыш жүр. Ел бастарын сауғалап дүрлігіп кетті. Бәрінен де алдыңғы қатарда отырған, ауданның басшыларынан ұят болды.

Мына жақтан Шетпе халық театрының бас режиссері марқұм Нұреддин Мұхаммеджанов айқайлап жатыр «Шайырдың жігіттері ешқайда қашпаңдар, өзіміз кептерден құтыла алмай жатырсақ бұларың не, дабай кептерлеріңе ие болындар» деп.

Ауылға барғасын Дүйсен ағам ұрсатын шығар деп ойлағанмын, жоқ қабағын шытып «ілә» деген жоқ Одан бері жиырма төрт жыл өтті.

Қазір қалалықпен. Балконға келіп қонақтаған кептер көрсем, баяғы Шетпедегі концертті жылы сезіммен еске ала маын.

## ТАУШАМАН СӘРСЕНГОЖИН

### ТАУШАМАН НАҒАШЫМНЫҢ АЙТҚАНДАРЫ



Таушаман нағашым көп өтірік айтпайтын адам. Анда-санда қожанасырлығы ұстап кетіп, соғыстағы хикаяларын әдейі бұрмалап, жүрттыв құлдіру үшін аздалап қосып айтатыны рас енді. Оның қулықпен айтып отырғанын ел біледі, сондықтан әзілге шорқақтау біреу болмаса оған «Мынауың өтірік» деп ешкім айтпайды. Таушекеңнің сол қасиетін білетіндер, көңіл көтеру үшін кейде тіпті оған заказ бергендей сұрап айтқызады. Таушекең бұлданып, елді зарықтырмайды бастай жөнеледі.

«Бірде» деп бастайды ол әңгімесін, Берлинді пашти алып болдық, немістердің қашқаны қашып, қалғандары Рейхстагтың астына тығызып алыш, шықпай біраз жанымызды қинады. Біреу сұрап жатырмаса менікі не, қалай немістерді шығарудың жолдарын ішім біліп отырса да сыр бермедім, отыра бердім. Өздері әбден ақылдарынан торықсын дедім. Бұткіл генералдар, маршалдар жиналды, алдарына Рейхстагтың картасын жайып салып қарап жатыр, арасында бірімен-бірі керілдесіп қалады. «Бірің өліп, бірің қалың» деп мен отырмын.

Сейтіп отырғанымда біреу иығымнан қаққандай болды, жалт қарасам Жуков тұр.

Өзінің жаны қиналып тұр гой, сиралып сұрақты төтесінен қойды «Сәрсенгожин не істейміз?» – деді. Оған жаным ашып кетті «қой айтайын құрсын» – дедім, соғысты тезірек бітіріп өзімнің де ауылға қайтқым келіп жүр.

«Тышқаннның ініне су құйса шыға ма?» – дедім. Ой, Жуковтардың түсінігі жоғары адамдар гой, 5-6 водовозбен суды айдағанда немістер қалқып шықты.

Елден бөліп мені шақырып алыш «Сен баланың еңбегің

бар баласың, ертең Кремльде жеңіске арналған жиналыс болады, соған келе қойшы» – деді. Ертеніне Кремльге салып жетіп бардым.

Барсам жиналыс басталып кетіпті, Сталин баяндама жасап жатыр екен, қолмен ымдап алдыңғы жақты нұскады. Мен орын таңдап жатамын ба, Рокосовскийдің қасына отыра кеттім. Сталин арасында мен жақты нұсқап «Сәрсенғожин, Сәрсенғожин» деп бірденелерді айттып жатыр.

Сөйтіп отырғанда біреу жеңіл қолын иығыма аса салғаны. Қарасам Крупская жеңешем екен «Таушаман, Володя аған қайтқалы есіктен қараған жоқсын» деді көзіне жас алып. «Тар жерде немесе кошеде кездесіп қалады-ау» деп уайымдап жүр едім, ақыры сол болды да қойды. Надя жеңешемнің үйіне барып, бет сипап бір міндеттен құтылып шықтым-ау эйтеуір. Қызыл алаңмен келе жатыр едім, екі орыс жігіті Кремльдің сафатын түзеп жатыр екен. Біреуі жақын келіп:

«Қайдансын?» – деп сұрады.

Мен «Маңғыстаудан Қызан деген жерденмін» – дедім.

«Сағат неше болды?» – деді сағат жөндеп жатырғаны.

«Сағат тошыны 12» – дедім де жөніме кеттім.

Аман-есен ауылға жеттім. Бейбіт өмір басталып кетті.

Бір күні үйде отыр едім бір бала жүгіріп келіп «сені телефонға шақырып жатыр» – деді

«Кім екен» – деп жалма-жан жетіп барсам, баяғы Кремльдің сафатына жауап бертін орыс екен.

«Рахмет саған Таушаман, дүниежүзіндегі ең тошный сағат Қызанның сафаты екен, Мәскеудің уақыты әлі Қызанның уақытымен жүріп тұр» – деді

Міне, осындағы әңгімелерді Таушекен көп айтатын. Елге зияны жок, қайта жүртттың жанын жадыратып күлдіретін өтірікті айта білу де өнер.

Біреулер маган «сен анекдотты көп айтасың нағашыларынан келген болар» – дейді. Мүмкін рас та болар. Жаның жәннатта болсын, Таушаман нағашым!

## 20 КИІК ПЕН 30 ҚОЯН

Таушаманның өзіне айтқызысаң көнігі аңшымын дейді. Аңшылық жөнінде айтқызысаң, сонау ашаршылық жылдары, бүткіл Манғыстауды жалғыз өзі аңмен қамтамасыз еткен. Аңшы деген халықтың көп сөзіне сене беріп те қажеті жоқ, оның ішінде Таушаман аңшының. Ашаршылық жылдары ақсақ-тоқсағы бар, аздаған бұйырғанын алып, халықты тойындырмаданмен ауыз тигізіп тұрғаны болған болуы мүмкін, ал мен көрген жердегі Таушаман шыбынға зиян салып көрмеген адам.

«Бір күні тауга құрған қақпаным айға жақын қанданбай, салым суға кетіп, ауылға қайтып келе жатырғанмын» – деп бастайды аңшылық хикаясын Таушекен.

«Күн тұман еді жақын жерден тысырлаған малдың тұяғының тықыры құлағыма келгендей болды.

Тұманның қалындығынан мені байқамаған, ұзын саны жиырма шақты киік алдында келе жатыр, бір қарасам. Мен де оғаш қымыл жасамай қақпайлай-қақпайлай келіп қораға қамай салдым. Үйге келсем мұнымды естіген апаң тас-талқан болып кейімесі бар ма, сөйтсем ол отыз қоянды қамап қойып не істерін білмей отыр екен» – деп рахаттана қүледі нағашым.

Қайтесін, тыңдамайын десен құлағың саңқып жердің түбіндегіні естіп тұр. Осыны тыңдауға бағанадан бері кеткен алтын уақытты айтсайшы

## СЕБЕНГАЛИ АЙТЫПТЫ

### ДЕНІ САУ ҚАРБЫЗ

Қызан ауылдының көкөніс сататын шағын дүкеніне, бір күні қайдан екені белгісіз қауын-қарбыз түсіпті. Ауыл адамдары таласып-тармасып алып жатыпты. Адам аяғы саябырып толастаған кезде, марқұм Себенғали ағамыз бала-шағасын алдауға бір-екі түйнек ала салайын деп дүкенге бұрылышты. Дүкеннің маңы тып-тыныш, Себенғалиға нағашы болып

келетін сатуши шал іштен жауып алышты. Қайбір сақып тұрган бүтін дүкен дейсін, Себенғали санылаудан сығалап караса, нағашысы пендешілік жасап, қарбызға уколдың инесімен салмағын арттырмақ оймен, тұқшандап су айдал жатыр екен. «Ассалаумағалайкүм» – деп кіріп келген Себенғалиға «Жиен амансың ба, қандай қарбыз аласың?» – депті шеккісін сұққаттып.

Себенғали «Маған укол алмаған, дені сау қарбыздан салып жібер» – деп қолындағы қапшығын дайындай беріпті.

## КОСТАПРАВ ҮСЕН

Әр ауылдың өз шебері бар. Мен білетін Қызан, Ақшымырау ауылдарына ортақ Үсен деген бір шебер жігіт, қолдан машина жасап шығармағанмен жасаулы тұрған техниканың құдайы. Жол апатына түсіп «Мынауың енді түкке де жарамайды» деп ел күдерін үзген, талай мәшіндерді төрт аяғына тұрғызып бергенде, ауыл адамдары ауыздарын ашып қалған. Қолында балғасы мен қысқашынан басқа көзге ұрып тұрған құралы да жок, шелпек болып қалған мәшіндер Үсеннің қолына түссе, баяғы сол «завадской» реңіне қайта оралады. Бүркеншік УАЗ көлігінің бірін қак ортасынан бөліп тастап, екіншісіне геометриялық дәлдікпен косқанда, УАЗ-дың конструкторларының мін табуы киындау болатын шілғар. Үсен сияқты қолынан келетін он шақты жігіт болса Қызан мен Ақшымыраудан, автомобиль жасайтын зауыт ашуға әбден болады. Өкінішке орай Үсен жалғыз.

Сөйткен Үсен «Қашан мәшін төңкеріледі, қашан «шабашкі» түседі» деп, мысық тілекпен үйде отырғанды жөн санамай өндіріске жұмысқа орналасыпты.

Үсеннің шеберлігінің хабарын естіген мұнай бастықтардың бірі шіреніп тұрып «Әй, жігіт, осы сені жұрт «костаправ» дейді ғой, сен бізге жақсы болдың, қисайып қалса көліктерімізді саған жөндете міз» – депті, кімге әңгіме айтып тұрғанымен ісі жок.

Үсен «Осы күннен бастап айтып қояйын, «бесплатны» жасамаймын» – депті.

# ТҮШҮҚҰДЫҚ АУЫЛЫНЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

## НӘУБЕТҰЛЫ ЖАМБЫЛ

### БІР ҚАП ЖЕМ



Жамбыл деген ағамыз Тұшықұдық орта мектебінің директоры болып жасап жүрген кезі екен. Мектеп директірінің тек директор деген аты болмаса, совхоз директіріндегі шертіп мініп кететін көлігі жоқ, жаман салдырлаған газиктен басқа. «Әркім тапқанын теке қояды» деген, жүріп тұrsa соның өзі қарайған мектептің шаруасын тындырады. Соның өзін «мектептің техникасы бар» деп атан түйедей қылып айтады. Бірақ енді мектеп директірінің мініп қайда барамын десе де алаңы жоқ, даусыз өзіне үкіметтің бөлгөн көлігі. Сол айтқан күндердің-күнінде, Жамбыл ағамыз аудандық оқу бөлімінің кезекті бір отырысынан Тұшықұдыққа кештетіп, қайтып келе жатыпты. Құмның жолымен зауылдатып келе жатқанда, совхоздың көліктерінен түсіп қалған бір қап жемге тап болыпты. Мал жемі – Маңғыстауга басқа облыстардан келетін болғандықтан, бізге қара уылдырық қандай қат болса, қара қой үшін жем таптырмайтын – деликатес. Жалма-жан мәшіннің үстіне атып үлгерген шопыр жігіт, бүгінгі табысына іштей мәз болып келс жатырған көрінеді.

Ауылдың шетіне енді кіре бергенде Жәкең шопырына қарап «Жаңағы жем екі қап болғанда қатып кететін еді, біреуін міндетті түрде сен алатын едің» – депті

## ҚАНТАРДА ТІГІЛГЕН ҮЙ

Ажал келейін десе ауа райына, қыс-жазына қаратпайды, қантардың ішінде Жамбыл ағамыздың анасына уақыт болыпты. Көшпенді бабаларымыздан қалған дәстүр бойынша, өлілерімізді киіз үйден ақтық сапарға шығарып саламыз ғой. Әйтеуір топан су қаптап кетсе амал жоқ, қай Құдай болса да бұл ата-баба дәстүрін әзір ешкім өзгерте алған жоқ. Қақаған қантардың кара сұығында, өліге тірінің жасап қалар ақтық құрметі абыраймен қаделерін жасап шығарып салу, киіз үй тігіліп қайтқан адамды оң жаққа орналастыру үшін қызмет жасалып жатыпты.

Не болғанын түсінбей қалғанын, әлде ақылның бар жеткен қашықтығы сол ма ауылдың бір адамы келіп «Жәке, ағаш үйді не үшін тігіп жатырсындар» – деп сұрапты.

Қазіргі қазактар қыста ағаш үйді бір жағдайда ғана тігеді, әлгінің жетесіздігіне қитықтанған Жәкең «Мамам ыссылап далаға жатамын дегесін тігіп жатырмыз» – депті

## АПАДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Жамбылдың бір нағашысы, баласы үйленіп оны тойға шақырыпты. Қазіргі заманда аузызекі айта салғанғанды ешкім тойға шақырганға есеп қылмайды. Қайткен күнде де бір жапырақ қағаз келмей ешқайда тырп етпейді. Шақыру билеті Жәкеңе келсе де, жазылуында адам көнілге алатындей қателік кетіпті. Тойға шақырушы жақ, Жәкеңің қайтыс болған шешесін, яғни апаларының есімін жазып койыпты. Ақылы шамалы әмейі біреу болса, өз аты көрінбегесін ерін мойнына алып тулап, ренжіп көрмей кетер еді. Жәкең ондайлардың сортынан емес кой, жұбайын ертіп тойды бетке алышты. Келіннің бетін ашқан соң, келіннің қолынан шай ішіліп, жас келінге көрімдік беріледі.

Бір мыңдықты нағашысына беріп жатып Жәкең «Апанның сандығының түбінде қалып қойыпты» – депті, өзінің атағының шақыру қағазының сыртында жазылмағанын түспалдала.

# **ЖЫҢҒЫЛБАЙ СӘРКЕНОВ**

## **ИЫҚТАҒЫ БӨТЕКЕ**



Көзін ашқалы шаруамен күнелткен Жыңғылбай әкеміз, сөзден де есесін жібермеген адам. Тұшықұдық ауылында ол айтыпты деген әңгімелер, күні бүгінге дейін екі адам бас қосқан жерде айтылмай қалмайды. Талай жыл мал соңында жүрген адамның денсаулығы қайдан жұз пайыз болсын, соңғы жылдары қыңқыл-сыңқыл жиілей беріпті. Бірде иығы қозғалтпай,

шамалы ауруға көп мойыматын Жықаңның, амалсыздан Тұшықұдықтың дәрігерлеріне күні түсіпті. Шалды дұрыс қарамаған дәрігерлер, аузына келген диагнозды қоя салыпты.

Оның иығымен тіпті саудасы жоқ «сіздің бөтекеніз ауырады екен» деп қойып қалыпты. «Дәрігерлер не деді?» – дегендеге Жықаң «Тұшықұдықтың дәрігерлері бөтекемді иығыма шығарып жіберді» – деген екен.

## **ТӨБЕЛЕСКЕ ТАБЫЛҒАН СУ**

Кенезесі кепкен Маңғыстаудың қашаннан суға жарығаны бар. КСРО құламай тұрғанда тұбекте отар-отар мал өсіріліп, аздаған ырыс болғаны рас, Кенес өкіметін ішін кептіріп жамандай береміз. Бірақ сол су тапшылығы аяқтан алып, баяғының шалдары болса күнде төбелеспен жатуымыз әбден ықтимал. Бірде 5-6 отар, әрқайсысы әр шаруашылықтікі Үстіртке айдалып бара жатырыпты. Межелі жаз жайлайтын жерлеріне жеткенше қайбір дарияның жағалауымен айдалады, ұшқанда қара жоқ, шөл дала. Аralары атшаптырым құдықтарға жеткенше, кой байғұстардың күр сүлдесі гана қалады.

Жеткен күнде де қырғын ширет, қой адам емес «арттағылар күтіп қалды ұят болар» дейтін, ындыны құргап барған, шамалы уақытта қанып болмайды.

Күні бойы ас жоқ, су жоқ күннің астында жүрген кейір қойшылар, жүйкесі сыр беріп ұстасып жатырса «Төбелеске табылған су – дария ғой» деп Жыңғылбай шал да кірісіп кеткен көрінеді.

## БІЗДІҢ АЯҚ

Бір жылы Тұщықұдыққа жаңадан директор тағайындалыпты. Әлгі директор, бір жағынан жастығы бар шығар, бір жағынан лауазымның буы бар әупірімдеу жігіт екен. Ішінде Жыңғылбай да бар, бір үйде отырыс болыпты. Директорға жалбақтап түскен үйі дастарханға балашағасынан тықпыштап жүрген дәмдерінің бәрін қояды. Шалпылдатып арақты да әкеледі, содан кейін ғой дастархан басындағыларға жан кіретіні. Жаңа директор өзінің өмірбаянын айтЫП, кім екендігінен жұртты хабардар етіп отырыпты.

«Бәленшені тастанап жіберіп едім тұрмай қалды, түгеншени басып жіберіп есінен тандырдым» деп қасындағылардың алдын ала мысын басу үшін, жұдырығын түйіп жіберіп әңгімені бөсіп отырса керек. Жыңғылбай шал да заманында бір таудың арқары болған, бөспе директордың айтЫП отырғандарына шыдай алмай, кең дамбалдың балағын шабына дейін түріп жіберіп, еті қашып сидиып қалған жіңішке аяқтарын, оның алдына көлденең қоя салыпты.

«Бетіме қарсы келетін адамның сиқы жоқ-ау осы жерде» деп еркінсіп отырған директор, қапелімде түсінбей қалыпты.

Аздап бойын жинап алып Жыңғылбайға «Ақсақал мынау не?» – депті.

Онша сасыңқырай қоймаған Жықаң «Бұл біздің аяқ» – депті ныгарлай сөйлеп.

«Мен аяғыныздан алып лақтырып жіберсем қайтесіз?» – депті директор айбаттанып.

Сол шалқайып жатқан күйінде «Әй, бала лақтыра алмайсың-ау, баяғыда біз жас уақытымызда ескертпей лактырып жіберетін едік» – депті Жыңғылбай.

Әлгі үйден тауы шағылып шықкан директор өзіне-өзі «Жалпы Тұщықұдықта абылап сөйлемесе болмайды еken» – депті күбірлеп.

## ШИ ҚОРҒАН

Бір жылы жазғытұрым Тұщықұдық өнірінде ауа райы жаңбырлы болыпты. Аспанға тулақтай бұлт айналса болды, нөсерлетіп жауып малшылар жауыннан көз ашпапты. Мұқағали ақынның «Сабылтып келді міне сәуір айы» деген, сәуір айы тұғасымен жаңбырмен өтіпті. Уақ малдың ауызына ілінетіндей болып жерге жан енген соң Тұщықұдықтың кейір малшылары қыстаудан шығып, Үстіртке жаз жайлауга шыққанша ықтырмамен отырганды жөн көреді еken. Баяғы шалдардан қаға сіңген көшпенділіктің ұргыны бар қойшылар есебін тауып, малдарын ықтырып алмай қайырмалап, көші-қонға дейін бірдене қылып отырады. Бір күні шаруа аралап жүрген совхоз директоры кешке қонаға Жыңғылбайдікіне түсілті. Шаруаның адамдары күн батысымен астарын ішіп, ертерек жатып қалыпты. Тұн жарымында қатты нөсерлете жауған жауынның тырсылынан директор оянып кетіпті.

Абыройды сол қара қойдан жиып жүрген директорға да малдың амандығы керек

«Мына отар ығып кетпес пе еken?» дегенді ойлағанда үйқысы шайдай ашылыпты. Жайлап тың-тыңдал байқаса Жыңғылбай шалдың шаруасы түгел сияқты, жайбарақат үйіктап жатырган көрінеді.

Жаңбыр болса толастар емес, директор шыдай алмай дауысталап «Жықа, мал неғып жатыр, ығып кеткен жоқ па еken, ықса ши ұстан тірлік жасамайсыз ба?» – депті.

«Күдай сақтасын» деп ши атаулыны қыстақ басында қалдырған Жыңғылбайдың өзі мыңғырған отарға ықтасын бола ма, козғалмастан жата беріпті.

Директор «Ши ұстамайсыз ба, ши ұстамайсыз ба?» – деп құлағының түбінен қайталай беріпті.

Жыңғылбай жастықтан басын көтеріп «Жаңбыр қайдан жауып түр» – депті.

Директор «Қайдан жауушы еді аспаннан да» депті дауысында ренжігеннің ызгары бар.

«Онда тыныш жатып үйікта, аспаннан жауған жауынға қапталдан ұстаған ши пана бола ма?» – деген екен.

## САРЫ ИТ

Ол да сол мал төлдеп жатырған шақ болса керек. Жыңғылбай шал отарын өргізіп жіберіп, үй маңында атын ерттеп жатыrsa керек.

Мал төлдету науқаны басталысымен қойшы сірә қойшы гой, ауданнан, облыстан қаптаған уәкілдер ауыл-ауылды аралап маза бермейді. Әр қойдың артын багып, қозы санап құдайдың құтты күні сабылады да жүреді. Туған қойды басқа ұрып түгендеп, апта сайын ақпар алып қойшыларды ығыр қылады. Ауданның күнелтісі осы қара қойға қарап тұрған соң олардікі де дұрыс.

Тағы да сол уәкілдер болса керек, атының жанында тұрған Жыңғылбайды шаңға көміп екі УАЗ өте шығып, өріп, ұзап кеткен отарды бетке алады. Екпіндете барып отарды үркітемүркіте бір шетіне аялдайды. Жыңғылбай атымен жеделте жортақтап оларға соқпастан отардың келесі шетіне қарай тартады. Бір кезде қараса совхоз директоры жаяу салпылдан, екі УАЗ оның сонынан іркесіп-тіркесіп, бұған бағыттап келеді екен. Жыңғылбай ерегесіп отардың ана басына қарай жүріпті.

Жүгіре-жүгіре өкпесі өшкен директор, дауыс жететін шамаға келгенде бар дауысымен айқайлап «Жықа, бері жақында, амандық-саулық сұрасалық» депті ентігін баса алмаған күйі.

Манағы ауылда мұны көріп тұрып, адам есебіне қөрмей жанынан шаңдатып өткендерінің ызасы бар, Жыңғылбай ат үстінде қамшысына таянған қүйі «Амандақ-саулықты, ана

қой сонында жүрген сары иттен сұрап кете бермедіңдер ме?»  
— деген екен.

## ҚОШАНАЙ БАЛЫҚБАЙҰЛЫ

### КӨЖЕ



Қошанай ағасы Тоқтарбай екеуі

«Тұшықұдық» совхозында шопыр болып жүргендеге, Қошанай шалғайдагы қыстаққа шөп түсіріп, мезгіл кеш болған соң, шопан үйінс қона салуды үйғарыпты. Біреудің үйі ағайынның үйі болса да, өз үйіндегі қайдан болсын. Саган алма, жеме демесе де, нанға қол созғанның

өзінде ыңғайсыздынып отырасың. Өзі құнара жатып отырса да, қазекем көп қонақ жатырқамайды, қаңғып жүрген орыс болса да, соңғы асын соңың алдына тосады. Шәй ішіліп, ет желініп болған соң, құні бойы тыным жоқ, шаруадан шаршаган үй иелері жату қамына кірісіпті. Үйықтар алданда, шәй мен ет аз болғандай көкірек сұытатын сусын ішілуі керек. Қонған үйінің сауыны болмаған болар, кәдімгі ұннан жасайтын ашыған көже беріпті. Қожеден дәметкен Қошанай төсегінے жатпай құтіп отырса керек. Қоженің қоры аз ба, әлде мұны ұмыт қалдырды ма, қойшының келіншегі атасына, күйеуінс беріп бұған көже ұсынбапты. Ішем деп көппен бірге отырганда жалғыз саган ас берілмей қалса қатты ыңғайсызы- ау. Арсыз болмасаң «Кісі асына – сабыр» деген, сұрап тағы іше алмайсың Қошанайдың орнында басқа біреу болса, үн шығармastaн бүркеніп жатып қалатын жер. Қошанай аз-маз отырып-отырып, келінге естіртіп «Мен көже ішетін адамға үқсан неге отырмын осы» – деп тосегіне қисая кетіпті.

## ЗДАЧ СУРАУ

Қошанайдың көрші совхозда бір құрдасы үйленген екен. Өзі еңбек демалысында жүріп, бір жағынан бой жазып, әрі құрдасына құтты болсын айтуга сонда барыпты. Совхоздың жігіттерінің өндірістегілерге қарағанда қалталары жұқалау, есепсіз шаша қоятын көп қаржылары болмайды. Қошанай – қашанғы Қошанай, ол ауылдан да таныс жігіттер табылады, бір жігітті ертіп үйленген құрдасынікіне барыпты. Барған соң ішкен-жегенінді адалдап көрімдік тастауын керек сірэ. Бүтін «жиырма бестік» сол заманның ақшаларының көрнекті, әрі қажарлыларының қатарына жатады. Құрдасынан аяғанды ит жесін Қошекен мырзасынып құлғін «жиырма бестікті» лақтырып тастайды. Аздап жемсауларына бірдене айналған соң, рахметін айтып шығып кетеді. Бұл арақ дегеннің шайтаны бар, басқа тамаққа тойғаныңды білесін, араққа тойғаныңның қорытындысын, кеше не бұлдірдің соған қарап шамалайсың. Ағыл-тегіл болып, арақ қанша ішілсе де, сәл-пәл жетпей тұратының қайтерсін.

Әлгі үйден шыққан соң, тағы аздап жалғастырғысы келгенімен қалтаның тубі көрініп қалған, жанындағы жігіт «көрімдікке бүтін «жиырма бестік» бермей-ақ «қызыл ондық та» жарайтын еді гой» – депті, аздап назырқаған сыңай танытып.

Өзі қалтасындағы бар болғаны бүтін «жиырма бестік» болса Қошанай не істесін, қасындағыға «Енді мен одан «здашымды» берің деп қалай сұраймын» – деген екен

## НАҒАШЫНЫҢ ТҮЙЕСІ

Құдай алжастырғанын, әлде жоқтық мәжбүр етті ме, Қошанай өзіне пагашы болып келетін бір ауылдастының түйесін сойып алыш, істі болып әзер құтылыпты.

Іс жабылып, әңгіме толастаган кезде, құрдастары әзілден:

Түйенің еті қалай екен? – десе, Қошанай: – Мен сойып алмаганда, қыстан шыға алмайды екен, – депті.

## МЕТР ЖАРЫМ ГАЛСТУК

Қошанай жол үстінде жанармайы таусылып тұрған, шіреніп галстук таққан біреуге кездесіпті. Майы таусылғаны былай тұрсын, әлгінің не шелегі, не май соратын шлангасы жоқ екен. Сұрағандарының бәрін беріп жатырған Қошанай:

«Метр жарым галстук таққанша, метр жарым шланга алып жүрмейсің бе?! – депті.

## ТАСАТТЫҚ

Бір жылы қуанышылық болып, ауыл адамдары қайта-қайта Алладан жауын сұрап, тасаттық беріп, әбігерге түсіпті. Құдай да ерегесіп қолма-қол жауын жаудыра салмапты. Кезекті тасаттыққа дайындалып жатқан шешесіне Қошанай:

– Мама, қайығынды алып кет, суға кетіп қаларсың! – деп сақтандырыпты.

## ЕРҒАЛИ МЫҚТЫБАЕВ АЙТЫПТЫ

### ТҰЛЫП

1969 жылдың қысы қатты болып, құм бетіндегі шаруашылықтар біраз күйзеліп қалыпты.

Қарсыз, қара қатқақ, сарышұнақ аяз, бірнеше күнге созылып сынбапты. Маңғыстауда малды есебін тауып, сайсаланы қуалап жайып, малшылар қолға қаратпауға тырысады. Қолға қараған күнде шабындығы жоқ Маңғыстаудан шабылған шөп, қасқалдақтың қанындай қылып астықты алқаптан әкелінген мал жемі, құрығанда он-он бес күннен әріге жетпейді. Қысқасы, бұл аймақта мыңғыртып мал ұстая өлемендендік, оған ауа райы қатал өлкес ырқын бере қоймайды. Онымен санаасып жатырған үкімет жоқ, өлсең де бағасың, қара қойды көбейтесің бітті, олай іstemесен құның бес тиын.

Абырайдың өлшемін қырыққан тоқтымен өлшеген қазак,

өзіне бұйырмайтын өзгенің малын бағып та бедел жинаған бір кездері.

Ерғали Мықтыбаев ақсақалға, шаруашылық басқаратын жиені не нағашы болып келетінін, әйтеуір өзілі жарасатын бір жігіт, тілдей қағазбен сәлем жолдапты «Үкіметтің малы болса қырылып жатыр, өзім де салқын тигізіп алып ауырып жүрмін, үйінде жатқан-тұрған тұлып болса беріл жібер» – деп жазылған екен әлгі қағазда.

Қағаздың келесі бетіне «Өлтіріп жатырған қойынның терісі, тұлып жасауга жетпей жатыр ма?» – деп жауап жазыпты Ерекен.

## ЖАРЫ АЙТЫЛПТЫ

### ТОЙҒАНЫН ҚАЙТАРУ

Қазақстанда білмеймін, қолдағы қонақ-қопсысын алдайтын он шақты жандықты кезекпен бағу Маңғыстаудың бар ауылдарында солай еді. О баста ауылдарда «жекеменшік қойшы» деген халықтың өзі тағайындаған штат болды. Кейін каржының тапшылығына байланысты ел жаппай «кезек» деген үрдіске көшті. Қаржыдан бұрын, жұртты дағдарысқа тіреген «жекеменшік қойшылардың» мінез-құлқы, тәртіп мәселесі болды. «Бәленшеке, түгеншеке» дегенге масайрап кеткен «жекеменшік бастықтар», Сталиннің кезіндегідей жеке басқа табынушылықтың сыңайын таныта бастады. Бет-ауызың ұнамай қалса, онымен шаруа жайында сөз жарыстырсан, орынсыз оның қызметіне сын айтсан, қайда барсаң онда бар, қойларыңың көзін жәутендетіп айырып тастайды. Қойға шыққысы келсе шығады, қоңіл-күйі төмен болса, отарды іріп тастап жатып алады, «кесетін жерді кес» деп. Халықтың да шыдамының шегі бар, ел ішінен ойшылдар шығып, он жетінші жылғы Қазан төңкөрісі тақтан тайдырған Николай патша сықылдандырып, «жекеменшік бастықтардың» тамырына балта шапты. Сібірге апарып атып тастамағанмен, соған жақындағы қаңғытып жіберді. Эй, ақымақтар-ай, тілінің

шығып, шыр бітіп отырганы сол халықтың тиынның арқасы екенін қалай естерінен шыгарып алды екен? Қолына билік тиғен қойшының жасап отырганы анау, аздап оқуы бар санасыздар не істемесін? Қой кезек деген таптырмайтын әдіс болды, ешкімнен құқай көрмейсің, мәндай теріңмен тапкан тиын-тебеніңді шай-суыңа үнем қыласын. Әр түтіннен баратын қойшының кәсіптік деңгейіне қарай, малдың күйіс қайыруы да сан түрлі болады енді. Малға жаны ашитындары от жерлерге қайырмалап, қойының қоңын ойласа, енді бірі, сол күнгі кезектен құтылып, жогалтпай басы түген, айырылып қалмай айдан келгеніне мәз болады. Тұщықұдықта қойдың кезегіне Жары деген ағамыз барған күні бір оқига болыпты. Танцергенгісін ерте шыққасын құмда қалғып кеткенін, не болмаса қой шетінде жүргенде біреулер кездесіп шағын отырыс болғанын, ағамыз мызығып кетіп, отар тоз-тоз болып, ауылдың әр тұсынан келіпті. «Бақсан әүріс бак, баға алмайды екенсің кезектен кетесің! Мынауың не, малды іри-тіри қылып» деп алдынан ашу-ызага булыққан екі ағасы, Кенжегұл мен Әбдеш шығыпты. Отардың соңында қалып қойған, шабандau бірлі-жарым тоқты-торымды алдына салып, «кіш-кіштеп» келе жатырган Жары, агаларының айбарлы сұсынан қаймығып «Тойған қойларды бірінде ауылға қайтардым, оларды қалай ұстап тұрамын, қарындарының орталарын тойдышып, міне айдал келе жатырмын, маған негіл дейсіндер» деп ыскырып, жандарынан өтіп жүре беріпті.

## ЖАНГАЛИ АЙТЫПТЫ

### БАСТЫҢ АМАНДЫҒЫ

«Бажаның, бажаны көрсө басы қышиды» деген бар ел ішінде. Біздің Маңғыстауда бажалар бірін-бірі «жұқа жердің шатагы» деп атайды. «Екі аяқтыдағының татуы – бажа» дегенді әүріс айтқан, құдалық, тойларда екі бажа араға ешкімді салмай-ақ әмпәй-жәмпәй бола қалады. Ол өз басымыздан өтіп жүрген жағдай. Күйеу сорлылардың, қайын жүрт жағы той тойлап шыж-пыш жасай қалса, қызметі сол

ошақ басынан әрі аспайды. Шаруа біткен соң да көп адам санатында жоқсын, бала-шага қаужап бітіріп, жау шапқандай қылып кеткен дастарханның төменгі жағынан, оны-пұны теріп жеп жан сақтайсын. Тойдың ертеңіне «ауырып-сырқап» қалса да, бір-бірінің көнілін сұрап, әлінің келгенінше «емдомын» жасап жататын да бажа байғұстар Құрып кетсін, балдыз-салдыздың қасында басың ауырып, балтырың сыйзамасын. Әсіресе ұргашы балдыздардың. Тұщықұдықта Жанғали және Жайтұрган деген бажалар бар екен. Бір ауылда тұрғасын жиі-жиі көрісіп, қауқылдасып жатады. Реті келіп қолдарында болып жатырса, бірінің-бірі бастарын жаза қояды. Бірақ кездесудің басым көвшілігінде Жайтұрганның басы жиі ауырыңқырап тұрады екен. Жанғалиды көрсе болды анадайдан «Бас ауырып тұр, нең бар?» екен қойылатын сұрактың басы. Бүгін де сол, ертеңде сол Жайтұрганды көрсе сұрактың мәтіні белгілі. Бір күні Жанғали сондайдан өзіне қарай жеделдете басып келе жатырган Жайтұрганды көзі шалып, жанына маңайлатпастан дауысын көтере «Басыңнан басқа жерің аман ба?» – деп сұрапты.

## ТӨБЕЛЕСТИҢ ҚЫЗЫ

Дүниежүзінде алты миллиардтай халық бар көрінеді. Халықтардың түсіне қарап ақ пен қара болып бөлінуі немесе тіліне қарап жіктелуін былай қойғанда, әрбір адамды бір-біріне ұқсамайтын қылып құдай шебер жаратқан.

Ер адамды әйелге ұқсатып, дауысын шіңкілдетіп, не керісінше әйелді ер адамға ұқсатып дүңкілдетіп қоюы жаратқанның кателігі болар деп шамалаймын. Алты миллиардты жасағанда мұлт кетуі әбден мүмкін, бірлі-жарым болса тап-тұйнақтай қылар еді. Сені әйелге ұқсатып майыстырып қойса, я болмаса ереккек ұқсатып тарс-тұрс еткізіп жатырса, өкпенді құдайыңа білдіріп, өзінен-өзің бүлкілдегеннен басқа жасар шарғаң жоқ. Тұщықұдықта да барлық ауылдағы секілді жұрттың қысыр әңгіме өрбітетін жері – сол поштаның, клубтың маңы. Ананы айтады, мынаны

айтады, Тұщықұдық дегенде бір Манғыстаудағы сөзге түсініп, сөз айтудан алдыңғы орындардағы ауылдардың бірі. Кез келген ауылдың той-садақаларында «Тұщықұдықтағы Қошанай айтыпты, Жыңғылбай айтыпты, Аңшыбай былай деп жырлапты» дегенді әйтеуір бір естіп қаласың.

Ішінде Жанғали бар бір топ адам ауылдың орталығында әңгімелесіп, бірін-бірі қажап тұрса керек. Бір кезде сонарадайдан өтіп бара жатырган жігітті біреуі, көзі жетіп баса тани алмай «Анау кім, бұрын-соңды біздің ауылда көрінбеген адам сияқты ғой» депті. Сөйтсе ол басқа жақтан келмеген, жігіт те емес, өздерінің ауылының бір қызы екен. Алдындағы айтқандай құдайдың қателігі, тегі қыз болғанымен, жүрісін, қарадүрсін сөйлеген сөзін, түр әлпетін қысқасы барлық болмысын ер адамға ұқсатып жасалған.

Кім екенін әбден жыға танығанда барып Жанғали «Осы қызды шашын алдырып тастап, төбелеске қосып жіберетін» деген екен.

## **НҰРСҰЛТАН ДУЙСЕБЕК**

### **ШАЛ ҚАЙДА?**



«Жан бар жерде – қаза бар» қалалық жердегідей күнде болмағанмен, ауылда сиректеу болса да адамдардың бақылық болуы – өмір заны. Кәделері өтіп, топырағы кепкенше көзкөрген ауыл адамдары, қөңілдерін білдіріп, артының қайырын тілеп, бірін-бірі қоніл шайға шақырып жатады. «Көзден кетсе-көнілден кетеді» дегенімен, ауылдық жерде бүгін бар болып, ертең жоқ болған, күнде көз көріп жүрген адамын қапелімде ұмытып естерінен шығара қоймайды.

Ертеректе Тұщықұдықтан қалаға көшпестен бұрын

журналист, заңгер Нұрсұлтан Дүйсебек ініміздің әкесіне уақыт болыпты.

Елу дегенді баяғы жас құнімізде, қарайған жас көретін едік. Елу жастағы адам көрсек «Жасарын жасап, біткен адам» деп, мұсіркеп қарайтынбыз. Енді келіп өзіміз елудің табалдырығын аттағалы, әлде көңіл болса да ит біле ме, елу деген Нұрсұлтанның өзі айтпақшы, «можантопай» жас емес сияқты.

Нұрсұлтанның әкесі Хибадолла ағамыз, сол біз әңгіме қылып отырган елудің үстіне шығып дүниеден өтіпті. Алладан бұйрық келсе «мұның жасы нешеде еді?» деп ешкімнен сұрамайтын болуы керек. Ағамыздың қырқы өткесін бе, әлде өтпей ме, ауылдың бір жігіті, Нұрсұлтанда шаруасы болып, үйіне іздел келіпті. Нұрсұлтан сол жылдары совхозда мал дәрігері болып жұмыс жасап жүрген, түйесінің бір көзінің кіреукасі болып, соны айтқалы келген сыңайлы. Көңілі, ауырып тұрған түйесіне ауынқырап тұр ма, не қунде көріп жүрген марқұм ағамыздың дүниеден өткендігі тап сол бойда есінен шығып кетті ме, әй жоқ, шәй жоқ «Шал қайда?» – дегені ғой жаңағы жігіттің. Қунде көріп, естіп біліп, ағамыздың барлық қәделеріне аяқтай қатысып жүрген жігітке «осылай да осылай, ол кісіге уақыт болды» деп қайтадан естіртіп жатудың тағы ретін таппаған Нұрсұлтан «Білмеймін, шал қора жақта жүрген шығар» – депті.

## МӘДІБАЙ ҰЗАҚБАЕВ

## МӘДІБАЙ, СӘДІБАЙ

Екі ауыз сөз айтса, бір сөзі қырын қарап тұратын ауыл адамдары болады. Ондайлар біреудің көңіліне тиіп, біреудің қотырын қасып ашуландырып жатпайды. Кәдімгіше көпpen бірге жұмысын жасап, солармен көрген ұлы тойларын тойлап жүре береді. Каспийдің терістік жағалауындағы, шығанақ



теңіздің де арғы бетінде, «Көгал төбе» деген жерде, шөбі шүйгін шабындық бар. Теңіздің шамалына шыққан еркек пен жусаны аралас қалың жынысқа, жаздың ортасы ауа шаруашылықтар орақ салады. Бұрынғы үш колхоздың ізінен біріккен «Октябрдің 50 жылдығы атындағы» деген, аты сала құлаш совхозға, үкіметтің бөліп берген аймағы. Бірен-сараң аспаз қыз-келіншектер болмаса, шал-шауқаны бар, жігіт-желені бар басым көвшілігі ер адамдардан құрылған еркек қос. Көвшілік жиналған жерде, көнілдің көп құлазымайтыны сірә белгілі. Тұщықұдықтан келген шөп тасушылардың ішінде ағайынды Мәдібай, Сәдібай деген екі жігіт болды. Кішісі Сәдібай менімен жасты, Орал қаласына екеуміз оқуға бірге барып, бірге «құлап» қалдық. Оқымаған адамға совхозда, қой мен шөптен басқа қызметтің түрі шамалы, өндірістің кең етек алып ашылмаған кезі. Үлкені Мәдібай – шопыр, бізге қарағанда тіскәқкан, манағы әңгіменің басында айтқан, аузынан көп дұрыс әңгіме шыға қоймайтын жігіт. Шөп тасушылар шөптерін тиеп койып барып, сонысын астарын іshedі. Олар өз алдарына бөлек қос, іштерінен біреуі қалып кезекпен тамак дайындауды.

Ас әзірлеу кезегі өзіне келген Наурыз деген жігіт, түстік даяр болған шамада «Әй, Мәдібай, Сәдібай шәй ішіндер» – депті айқайлап.

«Екеуміздің бірімізді шақырсаң болмай ма, өзінді «Наурыз-Паурыз» деп шақырса жақсы көресің бе?» – депті Мәдібай.

## ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ЖИНАЛЫС

Қаражанбас жерінде мұнай қәсіпшілігінің әлі ашылмаған уақыты. Ауасы таза, бөкені мен қаракүйрығы отарлап жосып жүретін, құмақ арымды жер – елдің ырысы еді. Таза жерді аң мен құс адамнан бетер біледі, мұнай шыққасын ол жерден безіп кетті, тек өлетін жерін білмейтін біздер, адамдар қалдық. Қалың шағырдың ортасында біздің ауыл, яғни шөпшілер ауылы. Ағам трактормен шөп тайлайды, мен артында тұрып тайланған шөпті, он-оннан шөмелеле етіп, бөлек-

бөлек тастап кете беремін. Бригадирлер қатал-жұлдыздар жайнап тұрганда ерте оятады. Күн көтеріліп ысып бастағанда, қосқа қайтамыз. Күн бұлтты салқын қундері таңертең оразанды ашпастан кеткенің есеп емес, шөп бастықтар «Мынадай ауа райы таптыра бермейді» деп, діңкен құрып қозің қарауытқанша жүре бересің. Біз құннің салқын болғанынан, аспан жерге түсіп адам апшысын қуыратын ыстық болғанын қалаймыз. Әйтпесе демалыс жок. Бәрі адамның емес, қара қойдың қамы, адамға болсын десе олай жасамайды. Сөйтіп жүргенде, соған сай еңбек те төленбейді, ол туралы сөз қозғасаң қогам ренжіп қалады. Қогамды қогам қылатын адамдар екені, сол кездегі шаласауатты топас бастықтардың қыртына да келмейді. Олардың ойында, қогамда адамды қинап, қогамды гүлдендіру тұрады. Жалпы шөпшілер қосы жан бағатын жер емес. «Осылар осы елсіз жағада компартияны ұмытып кеткен шығар» деп ойлаған болуы керек, бір күні парторғ жетіп келді. Қасында мойны қылқиған, шиборбай комсорг бар, қогамды құлатпай ұстап тұрган екеуі сияқты, шіренулерінің кемі жок. Келе-сала, немістер Мәскеуге тақап, жау қуған кездегідей жиналыс ашты. Жиналыстың басты тақырыбы «Қазіргі заманғы империализмнің сипаты» деген.

Күнге қарап тұрып екі сағат көпірген парторғ әлден уақытта «қандай сұрақтарың бар?» – деді. Арт жақтан Мәдібай көтерілді.

«Ойпырмай, мынаның көзі ашық жігіт болды-ау» – деп кейбіреулер тілдерін тығып қалып жатыр.

Сол бір көрініс күні кешегідей көз алдында, басына тұмсық орамалдың төрт бұрышын түйіп телпек жасап киіп алған Мәдібай, кіндігінен келіп тұрган комсоргқа тәбесінен қарап тұрып «Бізге масахана керек, Қаражанбастағы масаның көптігінен арқамызды айырмен қасып жүрміз» – деді

## АҚШАНЫң ҚЫЗЫҒЫ

1976 жылдың көктемінде, кешігіңкіреп әскер қатарына шақырылдым. Ол кезде ауыл шаруашылығындағыларды, екі жылға әдейі қалдырады деп естідім. Бір жағынан бойым метрден сәл асатын мені «уақытында алғанда осы не қарық қылады» деп ойлаған шығар, бір-жар жыл ауылда болып, марқайып барып алындым. Әскерден де аспан тіреп, өсіп келгенім шамалы. Үстімде солдат киімі, тәлтиіп тұрган мені көрген Мұратбай нағашым «Саған да сеніп тыныш ұйықтадық-ау» – деп қайран қалғаны бар. Сол жылдары әскерден қалғанды ар санаушы едік. «Бұл неге әскерге жарамай жүр, яғни мұның бір жерінде жасамайтын, денсаулығының ақауы бар» – деп құрбы қыздар, саған құдікпен қарайды. Бәрібір ата сақалың ауызына түскенше шақырып тырқынды шығарады, одан да кетіп қалғанды тыныш көреміз. Бір жағынан оқыған окуың жоқ, совхозда тоқсан сом үшін ит болып жүргенше, «Отан қорғап жүр» деген көп дәреже емес пе? Әскерге шақыру қағазын алғанда қатты қуандым. Барынды қөрсетіп дәрігерлік байқаудан өтіп, қолыңа «солдатқа жарамды» деген біржапырақ қағазды алыш, соғыс комиссары Оралбеков Гарифолла деген капитан «18-ші майда отправкісін» дегенде, Фарекенди құшактап сүйіп алғым келді. Отан қорғауға кететін болғасын аздал тоілайсың, кейбіреулер соғысқа бара жатқандай, енді елді қөрмейтіндей, репертуарындағы бар өнерін қөрсетіп кетеді. Бәрі ондай емес, кейбірі совхоздың жұмысынан кеше келіп, таңертен ерте тайып тұрады. Қысқасы әскерге аттанып кетудің, біздің ауылда түрлі-түрлі нұсқалары бар.

Шашымызды тоқырайтып сыйырып тастаған, Байбакты, Амалбай, Лашын, Мәдібай бәріміз, Шетпедегі үш қабатты, қазіргі Сегізбайдың қонақ үйінің қасында отырмыз. Қонақ үйдің астында рестораны бар. Аудан орталығында қайбер құлпырған, қаладағыдай төрт құбыласы түгел ресторан болсын. Ауылдағыга ұқсан етті асып, сорпасымен қосып, «қазақский блюда» деп шалпылдатып алыш келеді. Қатардағы

«столовыйдан» артықшылығы, мөлтілдеген жұз грамм, әлгі «қазақскиге» ере келеді. Жалпы бұл ресторанның ресторан болып, атының озып тұрганы, осы жұз грамның арқасы болу керек.

«Үкімет аштан өлтірмейді» деп өлім-жітігімізді Кеңес үкіметіне артып, үй ішіндегілердің де қалтамызға салғаны, көңіл көншітпейтін тыын-тебен. Қарнымызға көп ештеңе барыңқырамай көңіліміз орталау отырғанбыз. Рестораннан кереленіп шыққан, ішкен-жегенді білетін боққарын ағаның, дәл біздің жанымызда тұрып, ішіндегі желге ие бола алмай қалып «тарқ» еткізгені. Өзіңнен үлкен дап-дардай адамның, тата-талтұсте аудан орталығында, дәл желкеңнен тұрып өйткені жаман екен, біз ыңғайсызданып қалдық.

Біраз адам өлтіретін тыныштықтан соң Мәдібайдың нығарлап тұрып «Міне, ақшаның қызығын көрген адам» дегені.

## 100 ГРАМНАН КЕЙІН

Мен көптің бірі шөпшімін де, Мәдібай шөп тасып жүрген шопыр. Сондықтан ол туралы әңгіме, онымен бірге жүрген шөпшілер қосында өрбиді. Шөп тасушылар жаз бойы шабылған жеройдық шөпті, әуелі орталық базаға тасиды. Бірден қыстақ басына тасымайды, өйткені малшы ауылдар бұл уақытта әлі Үстірттен құлап үлгермейді. Иесіз тұрган қыстаққа барған шөпке, сұқ көздер мен сұғанақ қолдар көп, әй-шәйға қаратпастан құмға құйған судай қылады. Ел құлап, қыстақ басына қара-құра пайда болып, орныққан кезде барып тасылады. Күн жылы, қазан айының орта кездері. «Аласақ» деген қыстауға келін түсіп жатыр дегенді естідік. Үйленіп жатырған Шайырдың Емдібай деген жігіті. Мал ауылда болатын тойдың ерекшелігі өте қарапайым. Үйленіп жатырған жігіттің жақын-жуығы, аяқ жететін көрші қыстақтың адамдары шақырылады. Дәм бұйырып тап келгенге кет әрі жоқ, төрден орын беріледі. Күн барында Аласаққа жетіп жығылудың қарекетін жасап, түскі асымызды

ішпестен жұмысымызды тиянақтап, жанталасып жатырмыз. Үнемі далада қостанып жүріп үйреніп қалған, адам көзіне ұялмай түсуге дұшпанкөз киімдерімізді ұқыпташ алып жүреміз. Шөпшілер тобында жақында қосылған Қосан деген жігіттің, өзімен бірге алып шыққан киімдері болмай шықты. Бере қоятын ауыс-күйіс киім бізде де жоқ. Қосан кәдімгідей жуасып, жабырқап қалды. Қапқа мыжырып-тыжырып тығып алған, үтек көрмеген біздікінің де онып тұрғаны жоқ, бірақ әйтеуір Қосандікіндей алба-жұлбасы шыққан жыртық емес.

Қосанға бірдеңе айтып жұбатып, жігерлендіру керек. Мәдібай оған «Көніліне алма, біздің шөпші екенімізді біледі, кішкене отырып 100 грамм ішкеннен кейін, «любой» киім сужана болып шығады» – депті.

## ЧТО ЗА БАРДАК?!

Бұл енді Мәдібайдың әскери өмірінен алынған әңгіме. Біз дәм айдан Ресей жеріне борышымызды өтеуге, бір жағынан совхоздың қара жұмысынан қашып, сол 1976-ның көктемінде аттанып кеттік. Мәдібай да сол біздің шақырылыммен кетуі тиісті еді, бірақ күзге қалыпты. Неге күзге қалғанын Мәдібайдың өзі жақсы біледі. Мен білмейтінімді жазып, қагаз былғағым келіп отырғам жоқ. Әскерден адам болып келетіндер бар, керінше құтырып келетіндер бар.

Ол енді адамның өзіне байланысты, кейде әскери ортаға да байланысты болады. Әскери маңызы бар, маңызды согыс нысандарында солдаттық жарғы бойынша қызмет етіп, темірдей катал солдаттық өмірді бастан кешкендер, жіптікей болып келеді. Ал тәргібі бостау, құрылымындағы батальондарында болып, қолдарына мылтық үстап көрмestен, ауылға сол күйінде қайтып келетіндер де бар. Үстіндегі өздері жасауын келістіріп жасаған киімдеріне қарал, ерекше отрядтың сарбазы ма дең қаласың.

Жалпы әскери қызмет әркімнің қалауынша таңдалмайды, отка айдаса да, суга айдаса да, сенің еркің басқалардың колында. Әскерден қайту, Бердібек Соқпақбаев ағамын



айтқандай, түрмеден қайту емес, көнілің пәс көтерінкі, қыздарда саған ерекше бір көзқараспен біртүрлі қарайды. Өзі сықылды әскерден келген жігіт үйінде отырыс жасап, Мәдібайды да шақырыпты. Мәдібай кешігінкіреп келсе, шәй ішіліп болған, бірақ дастархан жиналмай, үйдің іші бытысыңқырап жатыр екен.

Қанға сіңген қыңыр тіл әскер емес, айға апарып тастаса да өзгермейді. Мәдібай «Что за бардак, вышли строиться!» – депті.

## БИШЕН АЙТЫПТЫ

### АРАҚТЫ ҮКШАМДАУ

«Маскұнемдік пен алкаголизмге» қарсы атақты Михаил Горбачевтың маусым жарлығы шығып, КСРО-ның қапылып жатырған, 80-ші жылдардың орта кезі. Ресейді білмеймін, біздің Қазақстанда жарлыққа байланысты қауырт жұмыстар басталып кетіпті. Ірілі-ұсақты шенеуніктер бірін-бірінің ауыздарын аңдып, 37-дей кей ауылдарда, асыра сілтеушілік орын алыпты. Оразасын арақпен ашатын, орманнан көп қалың орысқа арақты қойдыру, қасқырға қойға шабуды қойдырумен бірдей, ал арақ ішуден орысты жаңылдыратын, қазақтарға тоқтам салу одан онайға соқлады.

Кеше ғана кеңесінде араққа тойып алып, қызара бөртіп отыратын бастықтар, дым білмегендей белсенді болып шыға келіпті.

Үкіметке шын берілгендігінің айқын мысалы ретінде, үйлеріндегі, талай бастың амандығы үшін көтерілген рөмкелерді, көшеде жұрттың көзінше отын қылышты. Арақ ішкендерді тезге салатын жиналыш Тұщықұдық ауылсында да өткізіліпті.

Баяғыдан бері келе жатырған совхоздың қатардагы есепшісі Бишен деген ағамыз болды. Есепшілер деген сырын сыртына көп шығармайтын тұйық жандар, іштерінде ит өліп жатырса да, сол баяғы қалыптары.



Менің бала кезімде сол Бишен ағамыз, шөпшілердің ақшасын таратып біздікіне жиі келетін. Менің жеңгеме нағашы болып келеді, өзі жаңағы айтқан, дүние төңкеріліп жатса да көп қозғалмайтын адам.

Тұщықұдықтағы арақты қойдыратын жиналыста совхоз директоры едірейіп «Сен арақты не істеп жатырсың?» – депті.

Бишекен «Жалпы қойып кетпегенмен, ықшамдағ жатырмызы» – деген екен.

## ТӘЖІМАНОВ ОМАР

### БІЗДІҢ ҮЙ ЕМЕС



Қашаннан Тұщықұдықта қоныс тепкен менің нағашым Омар Тәжіманов – бала оқытқан көзі ашық шалдардың бірі. Жасы келіп, зейнеткер атағына ие болғанша балаларға, Ом заңы мен Карл Гаусты кезекпе-кезек оқытып, Тұщықұдықтың талай баласын алдынан откізген. Бар ғұмырын балаға арнап, улап-шулаған мектептен іргесін аулақ салғасын, құлаққа ұрган танадай болған.

Қаншама тынымсыз кәсіп болғанымен, үйреніп қалған мұғалімдіктің де өзіндік «кәйпі» бар. Тыныш өмірге қапелімде көндіге алмаған Омекен, кемпірі Патшахан апамды ертіп алып, мотоциклмен арым-арымнан түйе қарап сабасына түседі. Кемпірі де үйдегі тыныштықты көтере алмай еріккеннен ермейді. Шалымен бірігіп түйе қараудың үлкен мәні бар, себебі Омекен өзі кетсе түйе қарап мандытпайды. Жағалай отырған ел, бірі нағашы, бірі жиен, не малда отырған құрдастары, Омекенді бәрі біледі. Табылып жатырған түйе жок, күнде бір ауылға қонақ болып, шал үйге шалабурыл «зарядкімен» оралатын көрінеді.

Айтатын мақалы «Түйені табу міндет емес, бірақ іздеу парыз».

Бір күні апам екеуі, шаруада отырған бір ауылға, түйелерінің хабары шығып, жетіп барыпты. Мезгіл тұс болып қалғансын, түскен үйлерінен бір-екі аяқ су ұрттап шыққысы келеді. Үй иесі, баяғы өзі оқытқандардың бірі болса да құдай білсін, дастарханға бір шөлмекті желкесінен қыса тізе бүгіпті.

Ол ішілсе түйе қарау кестесінің қалт өзгеретінін сезген кемпірі «Жоқ, жоқ шырағым, біздің шал ішпейді» – деп азарда-безер болыпты.

Омекең сабырлы қалпынан айнымаған күйі «Патшахан-ау, бұл біздің үй емес қой» – десе керек.

## БАСҚА ШӘЙ

Бұл да Омекенің қалай түйе қарағаны жайында, бірақ өзгешелеу.

Қазакта «Түйе қараган мыжың» деген мақал бар, ол айнымаған шындық әңгіме. «Бәленшені көрдің бе?» деп сұрай салатын түйе-адам емес. Барған ауылында жоғалған түйесінің «погорнайын» айтуға Омекенің, мектептің өлшемімен бір қырық бес минуты кетеді. Түйесінің түсі, ұрғашы не еркегі, өркешінің қалай қисайғаны, қашаннан бері жоғы, барған жерде осының бәрін тізбелеп айтуың керек. Басының ауған жағына жүре беретін түйені, іздең таба алмайсың, әркімдерден жанағы тізілген ұзыннан шұбак белгісімен сұрап табасың. Магнитофонға жазып алып, барған жерінде қосып жіберетін тәсіл жасауға болады, бірақ «Омар сөйтіп жүр» деген әңгімесі, Манғыстауда бір ғасырға жететін тақырып болуы мүмкін. Мүмкін емес, дәл солай. Жамалдатқыр түйесін әркімдерден сұрай-сұрай, тамағы құрғап, діңкесі құрыған Омекең бір ауылға көлік басын тірепті. Түйесін табудан біржола болмаганмен торығып, әбден шаршап жүнжіп келгенде бір жұз грамм болса, көзі жарқ ете түсер еді-ау? Дастанхан жасалып, әлгі үйдің бәйбішесі қонағына қолда барын қойып, қою бүйра шәйін құя бастапты.

Шәй ішуді кішкене созыңқырап, көңіл ашар тамақты қанша күтсе де, дастанханға бөтен өзгеріс бола қоймапты.

Күдерін үзіп, шынысын төңкеріп жатқан Омекене үй иесі «Шәйді аз іштіңіз ғой, «әбедтің» кезі ішсөңізші» десе Омекен «Бұл шәйінді болдық» депті.

## СҰҒАНАҚ БАЛА

Қазақтардың үйлеріне құлып салуы, берігеректе пайда болған. Ауыл қазақтары күні бүгінде есігіне тас бастыра салып, қаннен-қаперсіз тойын-тойлап, басқа да баар жеріне әрқайын жүре береді. Даланы былай қойғанда «Тақиялы періштедегі» Тайлакқа ұқсап, үйдің ашарын, есіктің алдындағы аяқ сұрткіштің астына тастай салатын қазақтар, қалада да жоқ емес. Үйлерін тонатып алып барып, есіктерін жөндеуге кірісетіндер де бар. Тұрмысында ата-бабадан балаға мирас болып, есік қапсыруды әдет қылмаған кең даланың аңқылдаған қазағының болмысына, есік құлыптауды заман тыққыштап үйретті.

Кейде өзімнен-өзім отырғанда «Осы Қазақстанның бар темірі, есік жасауға кетіп жатырған жоқ па еken?»ден ойлайтынам бар. Патшахан апам жұмыстан келсе, Омар тұратын үйлерінің есігін айқара ашып тастаған, өзі сарайдың көлеңкесінде бір баламен шүйіркелесіп отырған көрінеді. Әлгі баланың бір үйді көтеріп кетпегенмен, осы қалай жатырған, қолға ілінетін дүнияны ұстап кететіні бар екен.

Содан секем алғанын апам шалына «Мынау не мынау, есікті аңырайтып ашық тастанап, бала-шаға бірнәрсені ұстап кетсе қайтесің?» депті.

Омар «Әй, кемпір-ау, несіне сасасың, бір нәрсені ұстап кететін бала жанымда отырған жоқ па?» – депті сұғанак баланы басынан сипап.

## 30 ЖЫЛ КЕРІС

Сөйтіп жүрген зейнеткер Омекен, талай бейнеті мен рахатын сыйлаған өмірдің сынынан мұдірмей өтіп, алпыстың жақын ағасы жетпіс жастың есігін қағыпты. Қай уақытта

туғаны беймәлім, өлгенін бір білетін қазаққа туған күнді атап өту, жаңа заманда қожесінің қатығы молайғанда пайда болды. Құдай көпсінбесін! Қай заманда туғанын сұраганымызда менің марқұм шешем «Орыс шұбырған жылы, меке жүгері піскенде» деп отыруши еді. Омекең көзі ашық, жогары білімі бар адам, менің шешеме қараганда туған күнін біледі. Жетпіс жас дегенде Маңғыстауда екінің бірі келе бермейтін жас, жақын-жықтары, бала-шагасы бас қосып, ат шаптырмаганмен атап өтуді ұйғарыпты. Қазақ тойға ас дәметіп бармаса да, сөз дәметіп баратыны рас.

Омекенің туған күні өтіп жатыр, адамға жақсы тілек артық ете ме, сөз бұйырып тост көтергендердің барлығы жалынды жүрек жарды әңгімелерінің соңын «Ой, Омеке, жүзге келіңіз!», «Ой, бапа, жүзге келіңіз!», «Ой, құда, жүзге келіңіз!» деген мәтіні бірдей лебізben дөңгелектеп жатырған көрінеді.

Адам алжымай, тыңдау болып, жүз жасағанға не жетсін!

Барша жүрттың «Жүзге келің» тыңдал болған Омар «Сонда мен, кемпіріммен әлі отыз жыл керісем бе?» деген көрінеді.

Менің де шашылып жатырған сендей нағашым көп емес, не де болса жүз жасты байқап көр, Омеке!

### **АҢШЫБАЙ НАУҚАНОВ**

Аңшыбай Науқанов – Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданының Тұщықұдық ауылынан онша қашық емес, Қияқты деген ауылда тұрады. «Халық ақыны» деген атақты ел берген, сұрыпсалма, шындықтан басқаны кормейтін қып-қызыл демократ ақын.



## БЕС АДАМ

Аңшыбай ақын күндегі әдетінше, өрістен кешке салым отарын қайырып, қыстаққа оралыпты. Келсе қорадан көп қашық емес, әдейі түйе тиеге дайындалып қазылған орында төрт-бес жігіт бір тайлақты мәшіндеріне тией алмай жатыр екен. Күні бойы көк қуалаған отарды тоқтатам деп, қия шабуылмен ат үстінен түспей діңкесі құрып келген Аңшыбай, олармен жүре амандастып жандарынан өтіп кетіпті. Өзі шаршап келе жатырса, бұдан не қайыр және оның үстінен тиеліп жатырган жануардың түйе дегені аты болмаса, шарғасы ботадан сәл мазарлылау жаман тайлақ екен. Болмашыға байбалам салып елді көшіретін келіншектер қайда кетсін, әлгі «қарулы» төрт жігітке солардың біреуі еріп келген көрінеді. «Бұл да адам-ау, бұл байғұс күні бойы ашқұрсақ мал соңында салпақтап жүр-ау» деп халық ақының мүсіркеудің орнына, оның қайдан келгені ойына кіріп шықпаған келіншек қолын орынды-орынсыз сілтеп «Ойбай, мыналар әлі жүр екен гой, ақсақал барып көмектеспейсіз бе?» – депті Аңшекенді өз қарауында жасайтын мекеменің жұмысшысына ұқсатып. Сонда Аңшыбай ақын:

Бір тайлаққа жабылды,  
Сайдауылдай бес адам.  
Сала алмаса мәшінге,  
Бес адамның несі адам? – депті.

«Осы мен кімді жұмсал тұрмын» деген болу керек, келіншек кері бұрылып жүре беріпті.

## ДОСҚА АРНАУ

Аңшыбай ақынның досы да, құрдасы да көп. Аңшекенді компьютермен шатастырып алған кейбіреулері орынсыз жерге пышақ ұрып, өлеңнің қандай жағдайда шығатынымен хабары жоқ, одан аяқ астынан өлең шығаруын өтінетіндері бар. Өлең деген мениңше жаның жайлалауда, көнілің шарықтап кокте жүргенде шығуы тиіс. Бірақ ар жағында Құдай берген

дарынның арқасында Аңшекен – күй, жер талғамай шығара береді. Тек кішкене бабын жасап, ойлануға мұрсат берсең болды.

Бұл енді кейінректе болған жай көрінеді. Аңшекенің жанағы айтқан, әрі ауылдас, әрі көңіл тату бір досы «Маған бір шумақ арнап жібер» деп жата келіп жабысыпты. «Басқа пәле тілден» деген, дүлей біреу болып тарпа бас салуы әбден мүмкін. Мына досы қашаннан сыралғы, бірақ «сақтықта – қорлық жок» дейді, талайды бастарынан өткіргендер айтып қалдырыған халық даналығы. Аңшекен сақтық шарапарын жасап оның алдынан өтіп, үәдесін алып алады.

«Өлең болған соң оның адамға жайсыз тиетін шумақтары болуы мүмкін, ренжіп жүрмейсің бе?» – дейді басты кейіпкерге ескертіп.

«Жоқ, ешқандай әңгіме болмайды, мақтасаң да, даттасаң да әйтеуір осы бойы шығарсан болды» – депті

Сонда Аңшекен бұйра мұртты бір ширатып жіберіп:

Қарны қабақтай,  
Бұты таяқтай,  
Беті табақтай,  
Шашы селеудей,  
Кірпігі егуедей.  
Екі беті албыраған,  
Мұрты салбыраған –  
Жұмыс десе баспаған,  
Арақ десе қашпаған,  
Жүрген жері кең жайлай,  
Сұрауы бар деп саспаған, – деп төгіп-төгіп жіберіпті.

Аңшекенің өлеңінен өзінің образын айналтпай таныған досы «Ойпырм-ай, мынау шынымен менен аумайды екен» – деп ысылдалп күліпті.

## РЕСТОРАН СИЯҚТЫ

Қайда қара бар, елегізіп тұратын ақынға қойшылық деген – келіспейтін кәсіп. Колхозда «Халық ақыны» деген штат қаралмаған. Байлағанның қасында қойшылыққа әзер шыдан жүрген Аңшыбай, балалары қарақанат болғансын қойды соларға тапсырып, гастрөлде жүргеннің есебінде қайда той, қайда отырыс, басының ауған жағына болмағанмен жүрінкіреп қалатын көрінеді.

«Анда-санда Тұщықұдыққа бір келеміз,

Онда да бір өліп, бір тірілеміз» –

деген Аңшыбай ақынның қанатты сөздері осындай кезеңдерде шыгарылса керек.

Ертеректе Маңғыстауда «коммунизм жылдары» атанған, сол колхоз дәуірінің салтанат құрып тұрған кезі болса керек. Тұщықұдыққа малдың жайымен келген Аңшекененді колхоз бастық олай-былай қарауға шамасын келтірмей, астына бір көлік беріп ауылына қайтарыпты. Олай жасайтын себебі, Аңшыбайдың Тұщықұдыққа тұқайы ілініп, біреумен тілдессе болды, одан шаруаның жайынан тамғы құтпейсін. Өзі алдына әспеттеп көлік беріп аттандырып жіберген Аңшыбайы, Қияқтыда жүр деген «суық хабар» көп уақыт өтпей-ак Тұщықұдықта «Дүңқ» ете түсіпті. Ауыл арасы көп қашық емес, барса Аңшыбай ақын желбіреп жүр екен.

Ашуы басына тепкен колхоз бастық «Мынау не жүріс?» – дейді ғой баяғы.

Сонда Аңшыбай:

Мына тұрған қияқты,

Кім білмейді бұяқты.

Азық-түлік дүкені,

Ресторан сияқты –

дегенде колхоз бастық қолын бір сілтеп, көлігіне мініп Тұщықұдыққа тартып отырыпты.

## БІР АҚЫНҒА АРНАУ

Жетпісінші жылдардың орта шенінде бір ақынның мерейтойына қызу дайындық жүріп жатыпты. Ол кездер жұрттың бәрі біледі, қазақтың өз билігі өзіне тиіңкіремей тұрған заман. Оның үстіне Мәскеуге білдіртпей өз ішімізде «Ұлы», «Орта», «Кіші» болып бөлінетініміз тағы бар. Қандай дәрежедегі ақын болса да, көп дабырық қылмай, Қеңес үкіметінің сызып қойған шенберінен шықпай, үнсіз бүркеніп отырғанның қасында атап өтіледі. Үкімет мойындаған халық ақындары болса өте қын шаруа. Жергілікті бастықтардың қолынан келетіні, елеусіз ақындарды мектепке шақырып алып, пионерлерге қүшентіп горн тарқызып, тарсылдатып барабан соқтырып, мойнына үшбұрышты қызыл матадан қарғыбау байлап үйіне қайтару.

Бастықтар Аңшыбайды шақырып алып, қыстағанның қасында әлгі ақынға арнау жазу керектігін айттыпты.

Ақын болсын, жазушы болсын, мына дүниеде тапсырыспен өзінің ықтиярынсыз бірдене түрткізуден өткен азап және қорлық жоқ. Бірақ тапсырыспен өлең жазып, кітап жазып, бала-шағасын асырап жүргендер бар, тек өздерінің келісімімен, ол да екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Жазатын адамға, бәрі ақшамен өлшеніп тұрған заманда қаламақыны кімнің төлегені бәрібір.

Арнау өлең жазылуға тиіс ақынды Аңшекең ұнатпай ма, әлде бастықтардың қылып отырған қысымына жасаған қиямпұрыстығы ма былай деп сүйкей салыпты:

Байды мақтап нар алған,  
Биді мақтап пара алған.  
Осы ақынның несібесі,  
Халықтың үстінен жааралған –  
десем қайтеді депті.

Мынаны естіген бастықтардың зәресі ұшып кетіпті. «Аңшеке, мынаны жүрекке тимейтіндей қылса қайтеді?» – деп қанша жалынса да Аңшыбай сынбапты.

## И.О. БАСТЫҚ

Дүниеде бастықтың өзінен, ақылы жоқ болса, оның орнына уақытша қалғандар жаман болады, Құдай күнінді оларға сала көрмесін. Бұрынғы бастықтың тұсында оны менсініңкіремей, адам есебіне қосып онымен сөйлеспей жүрсөң шаруаң бітті дей бер. Өзінің уақытша екенін білетін ақылы бар жігіттер, тігісін сыртына шығармайды, ешкіммен жүз шайыспайды. Бірде Аңшыбай ақынның сондай Сәндібай деген уақытша бастыққа күні түсіпті. Негізгі бастықтан сұрағанын алып жүрген Аңшекен, әлгіден ақшасына сұраса да ештеңе ала алмапты.

Ақындығы сол жерде қозып кетіп:

Діңгілдік-ау, діңгілдік.

Сәндібай бастық үш күндік.

Шын бастық болса қайтер ед,

Онда қара аспанды қабыстырып,

Қара жерді жабыстырып,

Бірді-бірге шабыстырып.

Қатындарды алыстырып.

Салар еді бізбілдік,

Қой мұнымен сөйлеселік,

Қырық қадам алыс тұрып –

деп тайып тұрыпты.

Сонынан ырсылдан қуып жеткен Сәндібай «Әй, сен шал не, ойнағанды көтере алмайсың ба?» – деп Аңшыбайдың сұрағанын беріпти.

## ДОСҚА ӨКПЕ

Ақынның көңілі деген шыны тәрізді болады. Болар-болмас нәрсеге бұлтыып қалатын, титтей де болса жақсы сөзге марқайып қалатын ақындарын қазақтар балаға теңеген. Ренжуді, баладай шаттанып күлуді білмейтін ақын болмайды. Атағы дардай, жырларын бүткіл қазақ елі шулап жатқа айттын

жүрген, бір ақын ағамыздың газетке бір шумақ өлеңі шыққанда қарқылдап күліп мәз болғанын көргемін.

Бір газеттің редакторы қазактың бір ақынына телефон шалып «Қалай менің газетімді оқып тұрсың ба?» – депті. Өлеңдерін баспай жүргенін қайдам, ақын ағамыз неміңдайрылау «Өзімнің өлеңдерім шыққанда болмаса көп қарамаймын» – деп тастаған көрінеді. Аңшыбай өзі халық ақыны болса, ақын бойында кездесетін соқпа мінезben, кінәмшіл бала болмыстан жүрдай ада болуы мүмкін емес.

Ақынмен дос болсаң, онымен бар көңіліңмен құлай дос болуың керек. Оның ұлылығына қызығып, бәленше ақынның досы деген дақпырт атақ үшін «Қай жағынан шығып қаламын» деп жалбақтап жүрсөң, олар сенің күндікшілігінді ғұмыры кешірмейді. Ақынмен дос-жаран болу үшін сен де ақынжанды болуың керек. Сөз қадірін білмейтін біреу болсаң қызығы олардан қашық жүргенің абзал.

Көп жылдар бойы ауыл шаруашылығында маңдай терін төгіп қызмет жасаған Мендіғали Досмағанбетов деген ағамыз болды. Құлық-сұмдығы жоқ, ата-бабасынан аңқылдаған ауылдың қазағы. Сол ағамыз Аңшыбай ақынмен көңіл тату, тіпті құрдас болса да білмеймін, ақын досын баласының үйлену тойына шақыруды қалыс қалдырыпты. Негізінде күнде көріп жақын жүргесін, шақырту күтпей келетін болар деп дәметкенін қайдам. Әйттеір сол той Аңшыбайға бұйырмапты, кездескен жерде арғы жағында батпандай зілі жоқ мына өлең жолдарымен жеңілдеу өкпесін білдірген екен:

Мендіғали, арғы атаң Досмағанбет,  
Сөзінді осы күні қостаған көп.  
Жігіттер көп болса да ізdemедім,  
Қадірлі сенен артық дос табам деп.  
Бұл қалай сіздің ауыл той жасаса,  
Өлеңшіні қатарға қоспаған ба ед?  
Кешегі келін алған мерекенен,  
Ойлаған жоқ едім мен бос қалам деп.

# ОНДЫ АУЫЛЫНЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

## КӨЛІКТІң ТӘРТІБІ

Бегенішов Бесінбай Ондыда мектеп директоры болып тұрған кездер болса керек. Үш ай жазда, арасында көктемгі, күзгі, қысқы каникулдар болмаса, мұғалімдердің ел қатарлы той-садақаларда арқасын кеңге салып отырғанын көрмейсің. «Жағдай қалай?» – деп сұрағанда бір мұғалім « тоғыз ай бойы баламен – мұндас, әйелмен – сырлас болып жүріп жатырмыз» деген екен. Жылдың қай мезгілі екенін білмеймін, сондай бір каникулдың кезінде бір топ мұғалім, бірінің үйінде бас қосып отырыпты. Шайды орталап бола бергенде, Бесінбайға жездे болып келетін, өзі соғысқа қатысқан Қарағұлов Жұмаш деген шал кіріп келіпті.

«Жезде жай жүрсін бе, сұыт жүрісіне қараганда ертеңге қалдыруға болмайтын шаруа шығып қалған емес пе?» – депті Бесінбай әңгімесінің соңғы жағын әзілге шаптырып.

«Бесінбай, сен айттырмай-ақ түсінетін жігіттің сортынансың, мына тұрған Жармышқа тойға шақырған, соған сенің көлігінді сұрай келдім» – депті Жұмекен.

Шетінен шертіп мініп кетуге мектеп автобаз емес, қақалып-шашалып кәбенкесін зорға көтеріп жүрген, жүргенінен тұруы көп ескі көлік бар екені бар. Дәңгелегі дәңгелеп бара жатырғасын қайдан білсін, жұрт дәметіп сұрайды ғой баяғы. Мәшиіннің қай жерінен қирап шойырылып жатқанын айтып, Бесінбай әңгімені көп созбайын деген шығар, қолына деру қаламын алып, сүйкеп жазып жіберіп шалға ұстата салыпты. Шопырға берілген бұйрықты алысымен Жұмекен, балдызына тілінің ұшына келген бар білетін алғысын жаудырып, жүргізушінің үйіне қарай кете барыпты. «Билет қолда, пойыз қайда барады» деген бұйрықты алған Жұмекен жайбарақат, мәшиіннің астында жатырған шопырға ұстата салады. Бесінбай директордың берген бұйрығын оқыған шопыр, ішін басып он бес минуттай күлді деген бар, Ондының жігіттеріне айтқызсан. Бұйрықтың мәтіні былай екен:

Жұмекендей жездеміз,  
Көлік іздең кезбеніз.  
Қыс болмаса, жаз болар,  
Күдерінізді үзбеніз.  
Уәде беру қыын ғой,  
Ішіп жатқан кезде біз.

## ЖҰМБАҚ

Маңғыстау ауданында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында, арақ дүкендердің бәрін тыптипыл қылып жауып, аудан орталығы Шетпеде жалғыз үйшікті қалдырыпты. Өлермен қазақ сонда да қонағын алдауға, итарқасы қияннан сол бір қарғыс атқыр бір шиша үшін, салпаңдап сапар шегетін көрінеді. «Тракторға – елу, мәшінге – жұз шақырым бұру емес» деген мақал сол тұста айтылған болуы керек. Маңғыстаудың бар ауылның басына туган күн, қайдан Ондыны айналып өтсін, қайта жақын жер болғасын бірінші сол ауылға бармаса. Мектеп директоры Бегенішов Бесінбай кабинетінде отырса бір мұғалім келіп, үйіне қонақ келіп қалғанын айтЫП, Шетпеге барып келуге ұрықсат сұрапты. Шетпеге айдың күні аманында тек бір нәрсе үшін барады, оны директор біліп отыр. «Шырагым, қарайған сабағың бар, арақ бермесен үйіңнен шықпай қала ма?» деп біраз бөгеген екен, анау өлердегі сөзін айтЫП қоймапты.

«Онда саған бір жұмбақ айтамын соны шешсөн, үскен тау асып кетсөн де өзің біл» депті Бесекең. Сондағы директордың жұмбагы:

Басында кепкісі,  
Қолында «сеткісі»,  
Келеді кеткісі,  
Ол кім?

Ойланып келуге шығып кеткен мұғалім біраз уақыттан соң келіп, өзі аңқау, жуас жігіт екен «Бесеке, мынау біртүрлі маған ұқсайтын адам сияқты» десе керек.



## ҚАРАҚИЯ ӨҢІРІНІҢ АЙТҚЫШТАРЫ

### МЫРЗАТАЙ БОЛАТ



Ақын, әдебиетші, журналист, педагог және сазгер Мырзатай Үйсінбайұлы Болат 1947 жылдың 12 қарашасында Маңғыстау ауданының Тұщықұдық ауылында дүниеге келген. Өзі әдебиетші болса Мырзекең үнсіз жаза бермей, арасында сөйлеп те қалатыны бар. Мына бірқақпайлар сол кісінің ауызынан шығып кеткен, әдемі қазақи әзілдің нақ өзі.

### «АДАЙДЫҢ НӘШІКҮРІ»

1966 жылы Құдай сәтін салып Мырзатай ағамыз Ұлттық университеттің филология факультетіне окуға түседі. Ол кезде басың іstemесе, қалтаның қалындығы рөл ойнамайды. «Біржапырақ қағазы бар адам жерде қалмайды» деген ұстаныммен, мектепті бітірген соң әйтеуір оқудың есігін сығалап қайту бір міндеп. КАЗГУ-ге түсу дегенің сол заманда үлкенabyрой, неде болса Маңғыстаудың шағылынан аттанған шарғасы шамалылау Мырзекеңнің миының қыртыстары жөнді қызмет атқарып тұрған болуы керек. Әйтпесе «Біліп тұр едім, әдейі құлатып жіберді» деген сол кездегілердің бетперде қылатын жаттанды мақалын айтып жөніне кететін болар.

Оралдың СХИ-да бірінші курстың студенттерін өскердегіше, жоғарыда оқып жүргендег «тоқтылар» деп атайдын көрінеді. Бұлар да сол тәріздес қазақ жерінің әр түкірінен окуға түскен, бес-алты шикі өкпе біріншінің студенттері, окуға түскендерін өздерінше «жұмып» отырыпты. Кім қайдан келді, аты-жөндерін сұрасып, кішкене бір-біріне бойлары үйрене бастаган соң, жер-су бөлісетін баяғының шалдарынша ру сұраса бастапты.

Балалардың бірі – Найман, бірі – Арғын, біреуі – Қыпшақ, енді бірі – Үйсін және бір жігіт Керей болып шыгады. Үлкен жерге ауылдан кеше келген жасқаншақтау Мырзатайдың әп дегеннен «лидерлігі» шамалылау, оның үстіне өндірдей болып көрінуге тұлғасы да бәкенелеу еken. Қасындағылар керісінше торы еттері бар, көрсетуге тұратын жігіттер. Шынтағынан келіп, үнсіз отырған Мырзатайға әлгілердің біреуі « Сенің не руың жоқ па?» депті.

Мырзатай болар-болмас дауыспен «Мен – Адаймын» депті. Қасындағылар әлгі сөз «шынымен осыдан шықты ма?» дегендей бұған үрке қарапты.

Адай болса олардың естуінше, бурасан, апайтес, ауық-ауық көтеріліп отыруға тиіс еді, ал мынау көйлегінің иықтары салбырап шынтағына түскен, шілтиген біреу.

Құдай сол мезетте жарытып бой бермесе де, бір жағынан қарасып тіл берген Мырзекең «Мен Адайдың ең нәшікүрі боламын» десе керек.

## ГОЛ СОҒЫЛСА БОЛМАЙ МА?

Студент Мырзатай бір күні құрстастарымен, орталық стадионға «Қайраттың» ойынын көруге барады. Жоғарғы топта ілініп-салынып жүрген «Қайрат» сол күні Тбилисидің «Динамосымен» ойнайды еken. Грузиндер командасының «Қайратқа» қарағанда шоқтығы биіктеу, құрамында Метревели, Месхи деген допты көп аяқтарынан түсіре бермейтін шебер ойыншылар бар. «Қайрат» үшін ауыра ауыра «созылмалы дертке» шалдыққан жанкүйерлер бұл жолы да дәмеленіп, стадион у-шу болып жатыр. Доп анда санда грузиндердің қақпасына барып қайтқаны болмаса, көбіне «Қайраттың» қақпасын маңайлап жүріпті. Грузиндер баспен соқсын, тұмсықпен соқсын, басымдылық танытып қазактардың апшысын қуырып, адымын аштырап емес. Футболдан біздің әуелден ауызымыздың салымы жок, спорттың басқа түрлері болмаса. Баяғыда Серік Қонақбаев Мәскеу олимпиадасында күміс алғанда, біздің ауылдың бір

шалы «Біздің балалар төбелестен алса жарайды, қалғанының қажеті жоқ» деген екен. Аңдыған жау алмай қоя ма, ақыры грузин жігіттер, шықпастай қылып бір голды «Қайратқа» айдал жіберіпті. Қосқан атың шаң қауып қалса қандай күй кешесін, стадион бүйірықсыз жерден демалып ұнсіз қалыпты. Бүткіл қазақ елі қайғырып жатырса, Мырзатай жалғыз озі стадионды басына көтеріп айқайладап тұр дейді. Оны грузиндерге сатылып кетті деп ойлаған курсастарының бірі «Сенің есің дұрыс емес шығар, деп «Қайратқа» кіріп кетті ғой» – депті. «Кімге кірсе оған кірсін, қазір «Қайрат» салса оған да қол соғамын, жігіттер қызықсындар гол соғылса болмай ма?» – депті Мырзекең бүйірін таянып тұрып.

## МӘНЕТТИ АЛАР ЕДІМ!

Уақыт сынаптай сырғып өтіп жатыр, Мырзатай білдей тәртінші курстың студенті. Баяғы қолпылдаған көйлекпен мойны қылдырықтай болып, Алматыға арман қуып келген баланың орнында, студенттік жылдар шындаپ ысылған сака жігіт Мырзатайды көресің. Тәртінші курс дегенің – оң мен солыңды байқап, орынсыз жерге ыссылай сұғынбай, студенттің кәдімгідей ақыл тоқтатар кезі. Өзіне-өзі сенгендер бұл шамада, қолды бір сілтеп үйленіп те үлгереді. Қазіргілерді білмеймін ол кездегі студенттер, әлде қызықтайтын басқа ермектері жоқ па, жиі-жіні бас қосатын. Мұғалім араласып құқ-сұқ көрсетпей-ақ, өздері тақырыбын ойладап тауып, өздері уақыт белгілеп кестесін жасап, жасандылықтың ұрғыны да жоқ шын жүректен сырласатын. Ал ұстаздардың айдауымен бір бөлмеге қамап, құдайга қажеті жоқ «кананы таны, мынаны таны» деп студенттердің басын шарадай қылу ол кезде атымен жоқ. Оған ол заманның студенттері мылтықпен айдасан да бармайды. Ол кездегі студенттердің бірен-сараны болмаса, шетінен білімді, керек десең декан-пекандарының жаңылдыратыш аса дарынды екшеленген жастар. Сонымен бір күні Мырзекенің курсастары бір кеш өткізіпті. Ол кешке

жиналғандар «Кім қандай, кімнен қандай отағасы, қандай бәйбіше шығады» деген сұрау тастап, бір-біріне құлблітесіз баға беруді ұйғарыпты. Жігіттердің қандай екенін қыздар айтуы тиісті, ал қыздардың қандай жақпас жақтары бар, бет-жүзіне қарамай жігіттер сайрауы керек. Озалда Мырзекеңе «кет әрі» емес бір қыз тұрып, мұны жер-көкке сыйғызбай мақтай жөнеледі. Мұның окуға алғырлығын, әншілігін, қүйшілігін, бәрінен бұрын ақындығын айтып біраз жерге апарып тастайды. Сөзінің соңында қызды-қыздымен «Қысқасы, бұған тиғен қызда бір грамм өкініш болмайды» деп барып тоқтайды. Мынадай жігітті кім жек көреді, қалған қыздар да бірауыздан мұның кандидатурасын мақұлдайды.

Бір кездерде барып Хожеліден келген, бұрымы балтырына соғып жүретін, тентектеу Мәнет деген қыз тұрып «Сендер сияқты ақымақ біреуді бұл табады, бірақ тұрмыспен ісі жок қиял қуып кеткенде, сендерді кім бағады?» – депті Мат болмағанмен шах жағдайында отырған Мырзекен «Сендердің араларында менің жанымды түсінетін жалғыз Мәнет екен, әттең соның өзін алар едім, бірақ ол маган тиер дейсін бе?» – деген екен.

## БАЖА БОЛА АЛМАЙМЫН

Бес жыл бес күндей болмай 1971 жылы оқуын бітірген Мырзатай Гурьевке келеді. Атыраудың Балықшы аудандық газетіндегі әрі аға, әрі досы белгілі ақын Марат Отаралиевтің үйіне барады. Ақын деген халық, сенен жас сұрамайды, әңгімесі жарапса болды көп адам жатырқамайды.

Ақындардың сөзі таусылып қалады деп қауіптенбейсін, айтуға шамасы келмей «шаршап» қалмаса, содан бұл екеуі Атырауды біраз ойқастап аралайды.

Алдыңғы күні «аашыға» жайылғаны бар, екеуі таңертенгісін сумен бастарын алдап тұрса, бұл үйден бұрын-соңды Мырзатайдың көзіне түспеген бір әдемі бойжеткен шыға келіпті. Қолында екі шелегі, суга барған қыздан өткен сұлу көрініс бар ма? Бұл аңқыып тұрғанда, ерні болар-болмас

жыбырлап әдеппен сәлемін берген қыз, сүйн алып жөніне кетеді. Мырзатайдың қызға көз салғанын байқап қалған Марат ақын «Мырзаш, мына қыз туған балдызым, кеше біз жоқта келген екен» – дейді.

Азгана тыныштықтан соң тағы «Мен сені жақсы көрем, жаман жігіт емессің, мына қыз сенен артық кімге барады, бажа болсақ қайтеді?» – деп оқыс ұсыныс жасайды.

«Марат аға, шынымды айтсам өкпелемейсің бе?» – дейді бұл кібіргіктеп.

Мұны «жалп» ете қаладыға жорыған ақын ағасы «Қайдағы өкпе, айта бер» депті болашақ бажалықтан дәметіп.

Мырзатай «Мәке, сен де, мен де араққа көп қамшы салдырмаймыз, сондықтан әйелдің алдындағы беделіміз жогары болмайды. Пейіліңе раҳмет мені аяқтандырмақ болған, балдызың да тәуір қыз екен, тек менен екі есе ірілігі болмаса. Саған ұқсаған мен де жұдеулеумін, ішіп келген күні бір аяғын арта салса соның өзі маған жүк болатындай екен, жоқ саған бажа бола алмаймын» – деп үзілді-кесілді бас тартылты.

## «СЫҢСУ» ДЕГЕН НЕМЕНЕ?

Мына әңгіме Мырзатайдың ұстаздық еткен жылдарынан баяндалады. Мырзекең мұнайлы Жетібайдагы №8 мектепте мұғалімдіктің нанын жеп жүрген кезі.

Оқу жылы бітіп, окушылардың каникулы жақындағап ала-көніл болып, ұстаздар оның аржағында қуанып жатқан, мамыражай мамыр айының соңғы күндері екен.

Қазіргідей тест, месіт дегендер ешкімнің түсінеде кірмеген заман. Мектеп бітіретіндер болмаса, тәменгі жақтағылар бірен-саран сабактардан емтихандарын тапсырып, тоғыз ай бойы ығыр қылған мектептен «Құтылдым ба, жоқ па?» деп жүректері алып-ұшып мәз болып жатыр.

Ол кездегі зан бойынша сегізіншіден соң, өзің шаманды байқап, оқуды онан әрі жалғастыруға дәтің бармаса кітапты жылы жауып, жеңіл-желлі кәсіптік білім беретін жерлерді

сағалап жылыстап кете беруіңе болады. Оныңа мұғалімдерің қуанбаса, сені мүсіркеп реңжімейді. Сондықтан сегізіншінің де ортандары бар.

Айтқандай сол сегізінші сыныпта, емтиханның билеттерін Мырзекен жалбыратып алып келіп жайып тастап, сынақ алып жатыр екен. Билеттегі жазылған екі сұрақтың біріншісіне, онша көңіл көншитіндей қылып жауап бермей, екінші сұрақтың тақырыбын мұлдем кітаптан көрмегендей, бір оқушы «кессең бас мынау» деп тұрып алышты. Сұрақ «Тұрмыс-салт жырлары» деген, талпынып білсем деген адамға онша қиын емес, тіпті кітаптың бетін ашпасаң әрине қара аспан таудай болады. Бұл оқушы да сол сегізіншіден соң мектептің маңайын көргісі келмей жүргендердің бірі болса керек, оны ұстап не қылсын, оған бір соқыр үшті қою үшін Мырзекен жетекке алып қарайды.

«Сыңсу деген неменс? Оны өлім үстінде айтқан ба, әлде тойда айтқан ба?» деп сұрайды баладан Мырзатай.

Бала кішкене кібіртіктеп ойланып тұрып «Сыңсу тойда айтылады» дейді.

«Мынауың дұрыс болды» дейді Мырзекен «ал сонда айтши, бүгінгі тойларда ұзатылатын қызы сыңси ма, жоқ әлде машина сыңси ма?»

Бала тағы да кішкене ойланып «Машина сыңсиды ағай!» – дейді дауысы қуанғаннан қаттылау шығып.

«Жарайсың, балам! Бара бер! Бағаң «үш» деген екен. Мырзатай емтихан тапсырып тұрған баладан бетер қуанып.

## НАР КҮЙЕУ

Бір жылы Мырзатайдың жақын балдызының қызы күйеуге кетіп, соның құдалығына баруға тұра келіпті. Бар тырын салып жинап, жасалатын қазактың құдалығының дастарханы. Үтір қойып айтылатын құрмалас сойлемдерден тұрратын, шеті жоқ сала құлаш тостар. Құдалық пен тойға ас дәметіп бармаса да, сөз дәметіп баратын дастарханды жағалай отыратын ағайын. Бірінші дастархан ұзакқа

созылады. Ешкім еш жерде сөз бермей сөзде өші қалғандар өңештеп жатыр.

«Алып қой, алып қой» деп арақ бергесін, содан соң өзі бабында отырған адамға сөз бергесін не болсын? Мырзатайдың аздан соң берекеті кетіп шаршай бастайды. Әркімнің жүзіне барлап қараса, өзі сықылды әзер шыдап отырғандарды, түсіп кеткен қабақтарымен, күреңіткен жүздерінен сезе бастайды.

Бір жаны қысылған шал айтты деген бар «Қазақтың құдалығынан, баяғы немістің плені жақсы екен, уақытында зәрінді шығарасың» деп. Бір арасы болғанда Мырзатай асаба мен балдыздарына қарап:

Кұдалықта отырған,  
Мен – Матайға шал-күйеу,  
Аяқтары сырқырап,  
Болып отыр дал күйеу!  
Шығар ма еді далаға,  
Бұт созуға зар күйеу?  
Шыдайды ғой амалсыз,  
Шал да болса нар-күйеу! –

деген екен.





## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

*Теңсемейтін мір сөзді көңілдегі  
Пай-пай шіркін, қазақтың әзілдері!*



## АБЫРОЙДЫҢ «СТАВКАСЫ»

Мұсылмандықтың бір белгісі – баланы сүндетке отырғызу. Компартияның уақытында, «ескіліктің қалдығы» деп, көбінесе қала қазақтары балаларының бұтына тиіспеді. Билік Ұлы орыс халқының қолында болғасын, он бес мемлекеттің халқы өздеріне ұқсап бүріліп, сасық текеге ұқсап сасып жүрсін деген болар. Жергілікті басшылардың топастығы да, әйтпесе сонау Мәскеуде кім ауылдың қара баласының шопатайын сөз қылып жатыр дейсін. Ауылдарда үкіметтің ол жарлығына пысқырган да жоқ. Тапқаны молдаға, таппағаны дәрігерге, жасырын, балаларын «ат» қылып жатты.

Біздің Шайырда 70-ші жылдарға дейін Ізтұрган ақсакал талай баланың сауабына қалды. Кейін жеке адамдардан ол көсіпті ешкім машиқ қымлай, халық дәрігерлерге жүгінуге мәжбүр болды.

Кешкісін Шайырга белгісіздеу астыртын, көзге түспей келін. атакты хирург Мұрсалы Құшікбаев ағамыздың талай кең жазираға сыймай, сайын далада шапқылап жүрген қара домалақ тентектердің он-он бесін бір түнде піштіріп, жуасытып, «төсек тартқызып» кеткенін талай көрдім. Дәрігердің аты – дәрігер, хирургияның барлық заңдылықтарын сақтап сүндептейді. Баяғының молдаларындағы бұтыңа бір уыс күлді үйіп, үстіне тостаған тоқкеріп тайып тұрмайды. Шайырдың бар баласы хирург Мұрсалы мен балалар дәрігері Жәңгірге өмір бойы риза шығар.

Қазақтар баласының сүндетке отырғызылуын ерсекис, кәдімгідей той жасап, елеусіз қалдырмайды. Пішпе той күні үйдің қақ торінде сүндеттелген батыр жатады. Әркім өзінше оған тарту жасайды. Баяғыда біздер кемпірлердің берген құрт-ірімшіктеріне алданып жата беретін едік, қазіргі балаларға қатан түрде тенге ұстатуың керек. Көбірек берсең пышаққа түскен, бұтының арасындағы дүниясын ұмытып кетіп жатады.

Бір ағасына белгілі журналист Сұлтанбек Құдайбергенов баласы Шәкәрімді сүндеттеп қойғанын айтса, ағасы «Шәкәрімнің «ставкасы» қанша?» – деген екен.

## АТЫЛАТЫН НЭРСЕ

«Әке – балаға сыншы» деген, баласының, ел аузына алып жүрердей жақсы адам болғанын тілемейтін әке-шеше жоқ. Өмір бойы елдің баласының қисығын түзеймін деп, бар ғұмырын сарп еткен Жанар мұғалімге де солай. Баланың кемшілігін басқаны білмеймін мұғалімдер көргіш. Жүрттың бәрін бала көретін кейбірі, үлкендерге де тәлім-тәрбие бере салуға кет әрі емес. Біздің Шайырда бір мұғалім, садақада дабырлап сөзге конак бермей жатырған шалдарга «Тыныш!» деп ақырып жіберді деген бар. Қайтсін енді, әркім үйренген оз кәсібінің құлы. Басқаны білмеймін балаға ақыл айтып, шектен шығып бара жатырса ұрысадан өзі мұғалім болса, Жанекең қалай кенде қалсын, баласы алжып сақалы шықса да өзінен өнгесін, оған бәрібір баяғысындаи бала болып қалады. Жанекенің өндірісте жасайтын ұлы Берік тұнімен қыдырып үйіне кеш келіпті.

«Тұздегі май і shedі, үйдегі қан і shedі» деген, кемпір-шал оны тұнімен уайымдап көз ілмей шығыпты.

Тұске таман, ұйқысын қандырған Берік үйден шығып келе жатып, еркелеп аяғына оралған итін теуіп жіберіп «Осы итті ататын» депті.

Тұннен ұйқысы шала, сіркесі су көтермей отырған Жанекең баласына тиісудің амалы табылып «Ата берсе, осы үйде басқа да ататын нәрсе көп» депті.

## ЧЕРНЫЙ ИВАН

Кеңес кезеңінде әскери борышын өтегендер тек Қазақстанның ғана аймагында емес, дәм қайдан бұйырып, отан-ана қайда бұйырса сонда кете беретін.

Ол кездे сонау батыстағы Калининградтан бастап, Қызыр Шығыстағы Владивостокқа дейін біздің отанымыз саналатын. Әскер катарынан оралғандар ел танып, жер көріп біраз еңселері көтеріліп қайтатын. Солдаттық өмірдің екі жылын орыс жерінде атқарған кейбір жігіттердің қазақшаны

«ұмытып» қалып, елге шүлдірлеп қайтқандары да болды. Олардың хикаялары өз алдына бір төбе.

Әскерден келген бір жігіттің қазақи болмысты, елінің тұрмысын ұмытып қалғандығы сондай, өзін құрметтеп жайған дастарханға шашылған бауырсақты қолына алып, таңғалып қарап отырып-отырып «Что такой сары домалақ» депті.

Сықып Кенес әскерінің киімімен келген ұлын көріп, оның аман-есен елге оралғанына қуанып жылап көріскең анасына ұлы «Мама не плачь» депті, сол кезде шешесі өзінің үстіне қарап «Мынаны айтасың ба, баяғы өзің кеткендегі бір плашқой» депті дегендер сол замандағы біздің тұстастарымыздың өмірінен айтылған әзілдер болатын.

Он бес республиканың аумағыбы лай тұрсын, ол кезде Кенес әскерінің етігі баспаған жер жоқ, жігіттердің әскери борышын өтеуге шетел асып кеткендері де болды.

Шығыс Азияда Монгол жерінде, Шығыс Еуропада Кенес үкіметімен ым-жымы бір социалистік лагерь елдерінің бәрінде дерлік КСРО-ның соғыс бөлімшелері тұрды.

Біздің Шайырдың бір жігіті дәм айдап Шығыс Германиядағы әскери бөлімшеге түсіпті. Туысқан республикалар жеріндегідей емес, шетелдегі әскери тәртіп қатал. Өз ішіміздегідей босбелбеуліктің ол жерде бірі жоқ, арасын тауып басың ауған жаққа жүре беру деген атымен болмайды. ГДР-дің немісін қаншама біздікі дегенмен, немістің аты – неміс, іштерінде не жатқанын құдай білсін, бүйірлерінде баяғы фашист аталарының кегі қайнап жатпасына кім кепіл? Арасында берілетін бой жазып қайтудың өзіне біздікілер топ-тобымен, бірқора солдат болып жүретін көрінеді.

Еуропаның аты – Еуропа, біздің одақтағыдай емес көлденең жатқан затты ұстап кету деген болмайды. Біздің солдаттар бір дүкеннің алдына келсе жабық екен, бірақ жанында жәшік-жәшік болып тұрған азық-түлікті қөздері шалыпты.

Жігіттер жәшіктердің сұрауы бар екенін біліп тұрса да.

«Піскен астың күйігі жаман» бір-екі шұжықты ешкім көріп тұрмаған соң ала салыпты. Кім хабарлағанын құдай білсін, көп ұзамай бұларды полиция қуып жетіл, тінту жұмыстарын жүргізіпті. Қырыққанда шұжықтың бірі біздің жігіттің қойнынан шығыпты.

Шұжықты салаң еткізіп суырып алып жатып неміс полицейдің бірі біздің жігітке «Черный Иван хулиган» деген екен.

### 36-НЫҢ ШӘЙІ

Шәйқорлықтан, шәй өсіретін Үндістаннан соңғы орынды біздің ауылдың кемпірлері алатын болар. Шәй ішудің де өзіндік реттері бар көрінеді.

Мысалы, жапондар шәйді белгіленген мөлшерден бір грамм да ауытқымай мұқият демде, дайын болған кезде үн-түнсіз отырып ішетін көрінеді.

Ал біздің қазақтар шәйдің қалай дайындалатынына көп бас ауыртып жатпайды. Он литр суды қайнатып жіберіп, құманға шәйді уыстап салып демде, әбден қызыарып шыққан соң, сүт қатылған қою шәйді әңгімені сапырып отырып, тұмсықтары жіпсігенше тарта береді. Тер шықласа – шәйдің батпағаны.

Ал білгіштер шәйда аздаған наркотиктің сесі барын айтады. Оnda біздің ауылдың кемпірлерінің тоқсан пайызы наркоман шығар, бірақ ауысып сөйлеп, жынынан айырылған бақсыдай әрпіл-тәрпіл әңгіме айтып жүрген кемпір көргенім жоқ.

Шәй атамзаманнан бергі көшпенді халқымыздың шөлбасар сусындарының бірі.

«Шәй – ішсең көнілің жәй» дегенді біздің даналарымыз бекерден-бекер айтпаған. Марқұм менің шешемнің шәйдан басқа қорегі болған жоқ. Жаман шәй ішсе басын көтермей басыр болып жатып қалатын.

Тұн жарымында жұмыстан келіп, біржар шыны ыстық шәй ішкім келіп, дайын болған кезде шешемді оятсам, «сағат қанша?» деп уақытпен санаспайды «Ішсем ішнейінші, тамағым

құрғап жатыр еді» деп төсегінен сүйретіліп тұрып келе жататын. Біздің ауылдың кемпірлері жаман шәйдің сортын ііскеп қарап-ақ айта береді.

Жүрген жері құлкі, жүрген жері бір оқиға ауылда Сәнімгүл деген жеңгем бар. Жаздың бір аптапты ыстық күнінде, сол жеңгемнің қолынан асықпай жайланағып отырып шәй ішуге, бес-алты шәйқор кемпір ойда жокта сау ете түсіпті. Біздің Маңғыстауда жазда басқа тамақты білмеймін, шәй жақсы жүреді, тек бабымен құйып беретін келінге тап болса. Женешем жас, әлі бойына шәй сіңбеген яғни шәй талғамайды, сондықтан кемпірлердің талғамынан шығатын жақсы шәй үйінде жок болып шығыпты. Абырой болғанда үйден үнді шәйінің босаган қорабы табыла кетіпті. Сол қорапты дастарханға көз қылып қойып, тасадан 36-ның шәйін уыстап салып жіберіп, кемпірлерге сарылдатып құя беріпті. Шәй ішіліп болып шөлдерін басқан кемпірлер Сәнімгүлге алғысын жаудырып кете барыпты.

Шәйқорларды алдаң соққанына жеңешем мәз болып отыrsa кемпірлердің бірі қайтып келіп «Сәнімгүл, суларың ашып кеткен бе, әлде жанағы шәй 36-ның шәйі ма, жүрегімнің тырысып тұрганы» деп қайтадан шығып кетіпті.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Ауылдың кәрісі бар, жасы бар қолы бостардың жиналып, өткен-кеткенді қазбалап, алдагы күнге болжам жасап, сан қылы тақырыпта әңгіме-дүкен құратын орны – клубтың немесе гараж маңы. Ол жерде бәрі айттылады, бірін-бірі сөзбен жанап әзілдеп, енді бірі оналмай жүрген шаруасының жайын айтады. Кейбіреулер өз басына да, жүртқа да пайда бермейтін қыршыңқы әңгімелерді беталды жок төпеп, елді бездіріп жібереді. Кейбірі үнсіз тымпиып қана тыңдал, жүйкесін жұқаратпай-ақ мылқау адамдай тұра береді. Жалпы адам бейберекет сөйлей берсе, бір жер болмаса бір жерде алдырады, сөз білмесең тыныш тұрган гой абзалы.

Ауылда бір сөзден ағат кеттің болды, тыңдал

тұрғандардың жауы сенсін, бәрі жабылып, қалай тығырыққа тықсырылып қалғаныңды сезбей қаласың. Ауылдағы көшілік жиналған жердегі әңгіменің тақырыбы, теледидарды әр арнаға бір аударған секілді, аумалы-төкпелі болады. Біреу итжылғы болған бір жайды бықсытып айта бастаса, оның әңгімесі басына қонбаған біреуі сол бойда басқа бір, ананың тақырыбына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жайды бастап лағып кетеді.

Бір күні клуб маңына жиналғандардың бәрін айтып-айтып тоқтаганы, Иран мен Ирак жанжалы болыпты. Тұрғандардың бірі Иранды жактаса, екіншісі өзектеп Иракқа болысып кетеді. Сөйтіп тұрғанда үшінші біреу Палестина мен Израиль жанжалын бастап жібереді.

Жалпы дүниежүзіндегі болып жатырган қақтығыстардың бәрі айтылып болған соң, өзін көп білемін деп есептейтін Тоқсан басын шайқап «Қыын, халқаралық жағдай қыын» деп жасалып жатырган саралтаманы қорытындылайды.

Сонымен әлден уақытта ертені кеш қылып, жапатармағай үйді-үйіне тарасады. Танертеңгі басқосуда айтылып «халықаралық жағдай қыын» деген құлағында қалған Уәли шал «бізде де соғыс басталып кетер-ау» деп уайымдай ма кім білсін, өзінен басқа тірі жанға ұстаптайдын радиоқабылдағышын іске қосады.

Үйлдатып-шуылдатып радиотолқынды кешіп жүріп, бір күніренген музыканың үстінен шығыпты. «Ойпирмай, мына бір музыка тіпті ерекше күніреніп кеткен екен, шынымен халықаралық жағдай бүлінген болар» депті.

## УАЗ-ДАҒЫ ДИСКОТЕКА

Маңғыстаудың еліне УАЗ деген көлік құт болды. Жол талғамайтын, өзіне ерекше күтімнің де қажеті жоқ. Жігіттер майын, суын қарап жіберіп қуа береді. О, баста УАЗ-дың үстінен кенеп ұстаган түрі болды, сонынан додырлардың жедел жәрдеміне арналған секілді, тұтас қаңылтырмен қапталған «крайти» дегені қаптап кетті.

Әлемдік базардан орын ала алмаған, орыстардың осы көлігі біздің Маңғыстаудың даласына мәп болды. Мықтылығы мықты, бірақ майды үнемдеу жағынан шетелдің көліктерінен басып оза алмады. Сондықтан орыстың өз жерінде сұраныс азайып, шетқақпайлыш қоріп, өгейсіп қалды. Алушылар да айналып өте бастағасын, бағасы адам үрікпейтіндегі арзансып, қалтасы жұқалу қазактар үшін көліктің көкесіне айналды.

Ресейге УАЗ қуып келуге барған жігіттер айтады, Ульяновск шаһарындағы алып заводқа бара қалсанқ, өнің қазаққа ұқсайтын болса болды, «Маңғыстаудансың ба, не болмаса Бейнеуденсің бе?» – деп сұрайтын көрінеді. Соған қарағанда ол заводтың саудадан шығып, жабылып қалмауына дәнекер болып, абыройын жауып тұрған біздің жігіттер болуы керек. Маңғыстау жігіттерінің аз-ақ алдында Монғолдың жігіттері тұрган көрінеді.

Басқа жақты білмеймін, ақшасы тамағынан ауысып, қор айналса болды, біздің Шайырда УАЗ сатып алуға талаптанады. УАЗ-ы жоқ үй ауылда шамалы, бұрын айдалып, не төңкеріліп қайта жөнделгені болса да, аула сайын сүмірейіп біреуі тұрады.

Неде болса халықта болғаны жақсы, жазда ыстықтан аузың қеуіп, қыстың қара қатқағында бүрісіп, үлкен жолдың бойында қолынды әркімге бір сілтеп мәшін тоқтатып тұрмайсың. УАЗ-дың ауыл жігіттеріне оңаша жеңіл-желіп отырыс жасай қоюға да болатын жақтары бар.

Біздің ауылдың бір топ жігіті көліктерін тасалау жерге койып, оңаша өзді-өзді құбірлесіп отырса, үстеріне ауылдың бір шалы келіпті. Шалды жоғары өткізіп, аздан астарынан ауыз тигізіпти. «Қой» дейтін ешкім жоқ, қалай қанша отырсаң да ешкім кіржінде мейді риза болған шал «Мынау бір таптырмайтын көлік екен, мұнда үйдегідей емес еркін, ойынса не келсе соны жасайсың ғой» – депті. Сонда шопыр жігіт «айтатыны жоқ, мұның ішіне билеп те көргенбіз» – депті.

## ДИРЕКТОРДЫҢ МАФИЯСЫ

Баяғының шалдары барап жерлеріне атқосшы ертіп жүрген. Барған жерінде атын әкеле қояды, дәрет алса құмандың дайындалған береді. Атқосшыны кез келген шал ертіп жүрмейді, атағы бар беделді шалдар, не қартайып жасы жеткен, адамның көмегінсіз қозгала алмайтын мүжәлсіздері. Атқосшы болып еріп жүрген шалың дұрыс шал болса, жаман емес кәсіп, ішкенің алдында, ішпегенің артында, ешкімнен қағу көрмейсің. Ал шақшасы ұртынан төгіліп, ақсақалдылығы мардымсыз шамадағыларға еріп қажеті жоқ. Ол ит болса, барған жерінде ел сені де ит қылады.

Баяғы атқосшы балалардың орнын қазір, шопыр балалар басты. Бастықтардың лауазымы жоғарылары бар, онисы төмен болғанымен жоғарыларға ұқсап бағып жүргендері болсын, бәрінің басыбайлы шопырлары бар. Бастығы арам, зымиян болса өзіне шопырды, сұмдығына наиза болмайтын өзі сияқтылардан таңдал алады. Не болмаса анқау, оқыған тоқығаны жоқ надан, не ақылының бір орамы кемдерді таңдайды, ондайлардан оған келіп-кетер қауіп жоқ. Қазіргі бастықтардың құдай дегені жоқтың қасы, соған орай шопыры да құдайсыз болуы керек.

Ертеректе көрші совхозда менің Баракбай деген құрдасым директордың шопыры болды. Алтыншы кластан соң көп оқып жарытқан жоқ. Ол кездегілердің басы сабакты қабылдамайтындарының жетіп жығылатын оқу орны Таушықтағы СПТУ-82 еді, соны оқып шопыр болды. Үй жағдайына байланысты әскерге де барған жоқ.

Мұхтар Шахановтың қорықпайтын – түсінігі жоқтардың қатарын көбейтіп жүрген адамдардың бірі. Ал қазіргі бастықтарға сондай шопыр керек. Директор не жасап жатырса да оның шаруасы жоқ, көлігінің рөлі бұрылыш, дәңгелегі дәңгелеп тұрса болды.

Бірде директор өзінің тонның ішкі бауындағы араласып, жең ұшынан жалғасып жүрген сыйбайластарын шақырып қонақ қылышты. Қонақтар кеткесін, төрт сағат бойы мұның

итіне ұқсап мәшінінің көлеңкесінде жатқан Баракбайға ас күйіпты.

«Шаруаның бәрінің бітуі сенің арқаң, шаршап жүрген шыгарсың алтып жібер» деп арақ ұсынып, қонақтардан қалған оны-мұны тамақтарды алдына қойыпты. Баракбай бастығы ұрықсат бергесін араны ашылып кетіп, үйіне әрпіл-тәрпіл сөйлеп мас болып қайтыпты. Үйіне келіп қойдан жуас келіншегінөтиіспі, балаларын шулатып, көрші-көлемнің көзіне түсіпти.

Ертеңіне сау алғасын әйелі «Сорлы-ау мұның не, бастығың лактырып тастаса қайтесін» деп ұрысса, түйсіксіз Баракбай «Қорықпа кемпір, біз директордың мафиясында жүрген адамбыз» деп қарап түр дейді.

## ТАЗА АРАҚ

Он сегіз мың ғаламда, тіршілік иелерінің арасында адамнан өткен есте сақтау қабілеті төмені жоқ шығар. Жас кезінде дүниені бүлдіріп жүріп, қазір дым білмегендей тымпиып өзінен кейінгілерге ақыл айтып жүргендер қаншама?

Менің ойымша жастарға ақыл беру үшін шамалы шегініс жасап «Мен осының жасында қандай болдым, ешкімге жайсыздық жасағаным жоқ па?» деп өткеніңе шолу жасағаның дұрыс секілді. Оның жасында ақылың асып, елді аузына қаратып жүрсөң онда айта бер, қашанғы айтасың. Жасында отты отқа, суды суға құйып жүрсөң, біреу соныңды бетінде басып қораға тықпай түрганда қоя гой. Қазіргі заманда ең арзан дүние ақыл тәрізді маған. Баяғының шалдары айтқан «Әке тұрып, бала сөйлегеннен без» деп, «Ол былай гой» дең сүқ саусақтарын шошаңдатып, балалардың бапаларына ақыл айтып жүргенін де көріп жүрміз. Қысқасы, қазір бір адамға екі данышпаннан келіп түрган дәуір болды. Біздің бір көрші шал болды ауылда, сәл қолы не ауызы босай қалса, жарып бара жатырган ақыл ол жарықтықты. Ол шалдар әлемді жалпағынан басып шайқап жүргенде, біз де есімізді дұрыс біліп қалғанбыз. Ішken арагының мөлшерін шамалап айтсак

Каспийдің десек сәл артықтау болар, тартылып қалған Аралдың суындаған анық болады.

Сол шал бір күні кенже баласын, жеті атасынан бері қарай сықпыртып боктап, ұрсып жатыр. Арасында нервісі бастапқы деңгейінен жоғарылау көтеріліп кетсе, баласының жаңына қалашылдап, ұрмак ниетпен барып қайтады. Бірақ ұрмайды, баласы да қара жаяу емес ұр да жық ожар неме, өзін салып қалып жалғыз еткіземе деп сескенеді.

Сөйтсে баласы ішіп алғып, түнімен көрші үйді терезесін қағып жатқызбапты. Көрші үйдің үріп ауызға салғандай әп-әсем қызы болса керек. «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» жігіт сау кезінде үндегі алмайды, аздап ұрттаган соң қеудедегі жаңа тұтанып келе жатырган махаббат оты «клап» ете түспей ме? «Ұшқыннан жалын қауляп» сол екен коршінің терезесін қактырып жүрген.

Шалының түкірігі шашырап өршіп бара жатырган соң кемпірі «Әй, сен алжыган күні кеше емес пе еді, мені алған соң он жыл откенде, сақалың қурағанда ішіп алғып, «екіспедисияның» орыс қатынын тырқытып түнімен қуганың, бұл әлі бала гой қызықтап жүрген шығар, қоятын уақытың жетті гой енді» деді шалын ата жаздай қарап. Кібіртіктеп қалған шалы, манағы тоқтамастай қарқын алғып кеткен ашуды әзер тоқтатып, кемпіріне жаныраң-жапыран қарап «Сен кемпір балага орынсыз ара түспе, мен ішсем ол кездे арак таза болды ғой» болты бар тауып айтқаны.

## «SOVEREICN» МЕН «ҚАЗАҚСТАН»

Ауыл әкімінің кенсесі жанында бір топ ауыл адамдары оны-мұны әңгіме етіп тұрса керек. Әлгілердің ішінде қашаннан мұнайшы болып өндірісте жасайтын мақтаншақтау жігіт, майлығын-шайлығын айтып, дарақылана құліп кошени басына котеріп, ерекшеленіп тұрыпты.

Сөз арасында қалтасынан қорабы жалтыраған темекісін шығарып (оны да көрсетіп қалу керек) қоқырайып тұрып «Япирым-ай» пастаяны «Қазақстан» шегетін едім, білмей жүр екем, мына «SOVEREICN» тартқалы жақсы болып

жүрмін» – депті. Ана жылы темекі атаулы жоқ болып кетіп есектің қыны шеге жаздағаны жадында жоқ, адамға сәуе бермесе қынғой.

Мақтаншақ жігітпен нағашылы-жиенді ойнайтын бір шал, бетінде әзілдің нышаны жоқ таңырқай қарап тұрып «Бәсе, өңің кіріп қалыпты» – депті

## МӘДИНАНЫҢ БИЛЕТІ

Абысын-ажынды бір топ келіншек, бірінің үйінде кезекті сағат 4-тің шәйін ішіп отырыпты. Әңгіме әртүрлі тақырыпта өрбіп жатыр. Ауылды қойып ауданды жағалап, арагідік қаланы шарпып өтіп, арасында шетелдерге шолу жасап қояды. Арасында ауылға қайта бір соғып, қандай жігітпен қай қыздың жүретіні, кіммен-кімнің ұрсысып қалғанын төңіркептөреді.

Бабына келтіріле сүт қатқан шәйға терлеп бусанып отырған бір келіншек «Біздің қалаға Алматыдан көп әншілер келіп жатырған көрінеді, ішінде Мәдина Сәдуақасова да бар еken» депті бір қозғалып, аяғын созып жатып.

Үнемі қалжыны арылмайтын қылжақбас тағы бір келіншек «Билет жоқ, билет жоқ деп ән салатын қыз ба, ақыры бір жерден тапқан болды-ау» – депті.

## РНН МЕН СИК

Бірі ауылда, бірі қалада тұратын екі құрдас жігіт өндірісте мұнайшы болып бірге жұмыс жасайды еken.

Жұмыс арасында бірі қаланың тірлігін, екіншісі ауыл жайлы әңгіме қозғап отырыпты.

Ауыл жігіті қалалыққа «Он бес күн бойы қалада не бітіресін біздікіне келіп ет жеп, шұбат ішіп қайтпайсың ба?» – дейтін көрінеді, баяғы далалық дархан көңілмен.

«Мен барғанда өзің ауылда болмай қалып, әйелің кіргізбей жүрмей ме?» – депті қалалық құрдас, бейтаныс адамды үйінің маңынан жүргізбейтін өз тірліктеріндей көріп.

Жұмыс орнына бағыт алып, орнынан тұрғалы жатып ауылдық құрдас «Әйеліме ескертіп кетермін, дегенмен де нағыз кіргізбей жатырса РНН мен СИК-ті көрсетерсің» – депті.

## БЕРИВАННЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ

«Көктемнің он жетінші сәті» деген Штирицтің киносын көргенімізде «Ойбай, мынау қашан біtedі?» деп сарыуайымға салынғанбыз.

Рита, Бобби, Гита мен Зиталар бар, баяғы кейіпкерлері еңіреп жылап тұрып шырқай жөнелетін үндінің фильмдері көзден бір-бір ұшты. Сол үнді кинолары патшалық құрып тұрған дәуірде ауылда бір жеңгеміз, Үндістанда жер сілкінгенін естігенде үш күн төсек тартып жатып қалыпты. Кішкене тақыл болып, басын көтергенде алғаш сұрағаны «Митхун деген бала аман ба еken?» болыпты.

Көретін қызығымыз әлі алда еken, «Изаура Күн» фильмінен басталып кеткен телехикаяларды әлі көріп тауыса алмай жатырмыз. Бразилияның «Жабайы Розасы», «Қарапайым Мәриясы» ауылдың келіншектерінің туған сінлісіндей болып кетті. Олар жыласа жылап, құлсе құліп, қайғырса тамақ батпай біраз әуре-сарсанға түстік.

Еліктеуден алдына жан салмайтын қазақтар, сол хикаялардан соң «шортик» деген киімнің барын көріп, бұты бұралған сарықарын бәйбі sheden бастап, қырма сақал қырықтағы жігіттерімізге шейін, жарасын-жараспасын шортиып киіп алдық.

Өзі оңбай жүрген қазақшамызға енді «Фазенда» «Ранчо» деген терминдер сыналасып сініп кетті.

Есімізді алған Оңтүстік, Солтүстік Американың телехикаяларынан соң, ішектей шұбатылған Түрік пен Корейдің кинолары көрсетіле бастады.

Арасында бір-екі қара тепкі салып, біздің киношылар да «Қилем» пен «Шегірткелерін» көрсетіп көрермендердің тамырын басып көрді.

Сөйтіп жүргенде телевизорды ашып қалсан, қаптап жүрген орыстың бандыларынан көз ашпауга айналдық.

Енді келіп мән-магынасы жоқtele хикаяларды, қазақшага кадрдың сыртында тұрып аударып, қара терге түсіп жатырмыз. Аударғанда балаларымыз үлгі алатындей. қыздарымыз қылықты бола түсетіндей жөні түзу фильм болса гой, қатындарын шұлғауша ауыстыратын түріктің несі қызық.

Аудармашылар да санаулы төрт-бес адам. «Қыналы қардагы» есалан Қамбар бірде кәріс, бірде неміс болып сойлей жатады.

Түріктің бір киносында «Сен кеше Илханмен неге сүйістің?» деп сұраса оған жауап «Ия, мен де оны қаламан едім» дейді түйеден түскендей етіп, сондай әңгіме болып па?

Я болмаса ешкім ұрмай-соқпай еніреп жылап отырган қызға жігіті келіп «Бәрі дұрыс па?» – дейді. Мен мұндай сұрапты кобіне-көп сантехниктердің ауызынан естуші едім. Олар әжетханада су жүрмей қалғанда осылай деп сұрайтын. Фильмдегі кейіпкерлер күлсे күліп, жыласа жылап аударатын баяғы шебер аудармашылардан ұргында жоқ, олардың орнын робот аудармашылар басқан.

«Бұлары несі екен?» деп сұрағанымда бір қыз «осы заманда осылай сойлейді» дегені беті былш етпестен. Қай елдің фильмі болмасын орыстар оз тілдерінің қаймагын бұзбастаң шебер аударады. Сонда заман қазақ тілінің басына ғана қара бұлт төндіріп тұр ма? Қазақшаға аударылған басқа елдің киносы басталса, бүгінде телевизордың қуын тастайтын жағдайға жеттік. Ол қазақ тілінен безгенин емес, адамды жынды қылатын аудармашылардың былшылынан. Қазақ тіліндегі аударылған киноны көріп отырып, орысшага аударылған фильмге жылап көрісетін болдық. Өзіміз өнжейлі жарытЫп кино түсіре алмаймыз, енді келіп біреудің түсіріп қойғанын, озі аржағында онбай тұрса да қазақшага аударып, онан әрмен итке тастагысыз қыламыз. Шетелдің дүниелерін көрген жақсы, іргемізді қымтап тастап отырганда да шыққан мүйіз жоқ, себебі әлемдегі адамдардың мүддесі ортақ болуға айналып келеді. Бір кемпірден «Откендерегі күйеуге кеткен

қыздарыңмен араластыңдар ма?» десе шешеміз «Ол қыз, ол қыз-ау, оған Бериванның проблемасы қосылды» деген екен.

## АЛЖЫҒАН СИҮР

Күні бойғы тірліктің күйбенін шаршаған бір жігіт, кешкі ас алдында тынысып жатыр екен. Келіншегі қашанғы тездетеін десе де, қазандағы еті пісіп болмапты. Еркегі де бір «дызы» етпе шыдамсыздау неме екен, қайта-қайта қазан-ошаққа мойнын созып қарағыштай беріпті. Әйелі байғұс қайтсін енді піспей жатқан етке, қазанға түссін бе?

Күйеуінің алдында өзін ақтап алғысы келген ол «Құрымбай құрдасың жас сиырдың еті деген соң, бір жілігін ала салып едім» – депті.

Өзі ашқұрсақ, ашуы терісіне сыймай ұрынарға қара таба алмай жатырған күйеуі «Ол ит саған, сиырын алжыған деп қайдан айтсын» – деген екен

## РЕКС ПЕН ВАЛЬС

Бір жылдары күзететін қора-қора қойы болмаса да, біздің ауылда ит ұстай әдетке айналды. Күшік пен иттен мал жинайтын көбінесе балалар. Ісің түсіп қай үйге барсаң да, алдыңнан арсылданап иті бірінші шығады. Біреудің үйіне бармастан бұрын иті бар ма, жоқ па соны білуің керек. Абайламай барып қалып, итке таланып қызыл қан болғандарды талай көрдік.

Қай мейрам екені дәл есімде жоқ, амалдың кезі ме, әлде Жаңа жылдың қарсаны ма Кеңес деген біздің ауылдың жігіті қол ұшын беруге, шет жақта тұратын ағасының үйіне бармақ болыпты. Ойында дәнене жоқ ысқырып қойып келе жатырған ол үйге тақалғанда барып, ағасының үйіндегі аулаға тірі жанды жолатпайтын, Рекс деген иті бары есіне түсіпті. Ауланың шарбагынан байырқап қарайды, ит көрінбейді. «Рекс, Рекс» деп екі-үш қайтара дауыстайды, жоқ өлі тыныштық. Ректі ағасына еріп барғанда күшік күнінде бір

көргені бар. Одан бері де бірталай уақыт өтті, иттің мұны танып-танымауы дүдәмалдау, сонда да «құдай сақтасын» деп, жан-жағына қырағылау қарағыштып аулаға енеді. Енген соң да иттің атын атап дауыстайды. «Иттің аты – ит, қаңғып біржагында жүрген болар» деген оймен жеделдетіңкіреп келіп сыртқы есікті ашып қалады. Не болғанын Кеңестің өзі айтады «қапелімде түсінбей қалдым» деп. «Кішкенеден соң есімді жиып қарасам, менімен вальс билеп жүрген адамдай, алдыңғы екі аяғымен иығыма асылып алған Рекс тұр екен» дейді. Вальсті ер адаммен ер адамның билеуі, әйелдер қат болып қалғанда болмаса сирек жағдай. Елестетіп қараңызышы, иығыңызыг асылып, еркек те емес, әйел де емес тісі ақсиып, тілі салақтап қабаған қасқыр ит тұрса қандай күй кешер едің. Дегенмен иттің есі бар хайуан ғой, күшік құнінде көрсе де Кеңесті есінде сақтап қалған, айбат көрсетіп залал салмапты. Ауылда қабаған деген тізімде Рекстің атағы бар, оқыс қымыл жасап қашып кетуге мүмкін емес. Иттің алдыңғы аяғынан, Вальс билеп жүрген қыздың қолын ұстағандай болып тұрған Кеңестің дауысы дірілдеп тұрып айтқаны «Рекс біз ағайынбыз ғой» болыпты.

## ШЕКТЕУЛІ ЖЫЛДАМДЫҚ

МАИ бекеті .Бақылау үйшігінің жанынан, өткінші көліктер үшін орташа жылдамдықты 20 шақырым сағат етіп бекітіпті. Полицейлер тоғыз жолдың торабы болғандықтан өткен-кеткенді асықпай қарап, ұңғы-шұңғысына дейін тексеруге ынғайлы болсын деген болу керек.

Кең сахараның төсінен 100-120 шақырым сағат жылдамдықпен айдарынан жел есіп келе жатырғанда. оқыстап тасбақа жүріске түсіп қалғанда жігерінді құм етпей ме?

Бір күні ауылдың егделеу шопыры бекет жанынан өтіп бара жатырса, оны тоқтатқан инспектор жігіт «Аға, сіз жол тәртібін бұзып «ожиырма беспен» келесіз» – депті.

МАИ қызметкерінің бетіне оқырая қараган шопыр «Айналайын, бұратала мәшінімізді итеріп өтетін қылсаңызышы» – деген екен.

Жүргізушилердің жүрісіне колайсыздық жасаған жол ережесі, олардың наразылығын тудырып, кейіннен орташа жылдамдық 40 шақырым сағат болып өзгергіліпті.

## ТАР ШАЛБАР

Ауылдан келген жігіт базар аралап жүріп, бір шалбарға көзі түсіпті. Адам осы заманғы киімнің жақсы-жаманын айырып бола ма, былай қараганда тігісі, ұлгісі жаман емес екен, алуға бекініп киіп жіберіп айнаға қараса қырсыққанда тарлығы байқалыпты. Тікесінен-тік жүретін біреу болмаса, тынымсыз қозғалысы көп ауылда тар киім қол емес. Оқыс отырып тұрғанда «дар» ете қалуы әбден мүмкін.

Тіпті әр жерлері тосырайып балеттің әртісіне ұксап кетіпті. Онымен ауылдың шетіне кіргеннен-ақ қатар жігіттердің әжуасына ілінесін. «Бәленше балетке жұмысқа жүріпті» деп біреулері айта салуы ықтимал.

Саудагер келіншекке тауарының өткені керек, қайтерін білмей пұшайман боп тұрған бұған «Ағай алыңыз өкінбейсіз, бір жуған соң кеңіп кетеді» – депті.

Шалбарды шешіп қайта беріп жатырған жігіт «Жуып кеңітіп қой, ертең келіп алып кетермін» – депті кетіп бара жатып.

## ТОМПАҚ АУЫЗ

Бет әлпетінде болсын, тұла бойында болсын, ерекшеленіп тұрған оғаш бітімің болса ауыл адамдары көргіш келеді. Содан болар ауызы томпайып, біреуге үнемі бұлданып тұратында көрінетін Бөпіш кемпірдің келіні Болдықты, ауылдың үлкен-кішісі «томпақ» деп атап кеткен. Атына заты сай «томпақтың» томпақтығымен бірге ұрыншақтық мінезі

тағы бар. Таңертеңгілік ұйқысы қанбай қалсын, немесе шәйдің уақытын өткізіп алып басы ауырсын мейлі, өшін момын енесінен алып жатырғаны.

Жуастан жуан шығып, ұндемей жүріп-жүріп, анда-санда Бөпіш кемпірдің де келінін «нокаутқа» жіберетіні бар. Бірде Болдық келін, көшеге шыққанда киетін біркиер дұшпанкөз көйлегін, үй-ішін түгел қопарып таба алмапты.

Күйс-қуыстың бәрін ақтарып, жасар шарасы таусылған келін ақыр сонында, таңғы шәйін бейқам ішіп отырған енесіне «Жайыңа тұрған осы үйдің дүниясын былайда-былай аударыстырасың да жүресің, үйімде жүргенде еш жерім ауырмайтын, осы үйге келіп ауру болдым» – депті.

Нанның қабығын шәйға жібітіп қаужап отырған кемпір «Сенің аузынды да томпайтқан мен бе?» деп тұмсықты бір тартып жіберіп, ішіп отырған шәйін «спакойны» жалғастыра беріпті.

## БАЙЛЫҚ

Біздің ауылда Күнімше деген жеңгеміз бар. Құдай етегінен беріп он баланы дүниеге әкелген, солардың тілеуін тілең біреуден ілгері, біреуден кейін кешіп жатырған қоңыр тірлігі бар. Жұрт мына заманда, бір-екі баланың өзін күй айтып әрең бағып отырғанда, жеңгеміз бар-жоғын білдірмей, шалымен екеуі бар тапқандарын ұқсатып, жоққа мойынай жүріп жатыр. Балалары да жүдеулеу тірлікке мойынұсынып бейімделген. Үлкендеріне сыймай қалған киімді кішілері киіп, жылтыраққа көнілдері алып-ұштай, біріне-бірі тіркесіп өсін келеді. Осы күнгінің адамының үлкенінің де, кішісінің де, бір жыны телевизор емес пе? Балаларын кез келгеннің үйіндегі, бар әлемді көз алдыңа айнаңтай әкелетін көгілдір әйнекке телміртпей біреуін алу, Күнімшениң көптен бергі көнілінің түбінде жатқан түйткілі еді. Топырлап кіріп-шыққаныңды жақтырмайтын көршілердің қыттымыр мінезділері тагы жоқ емес.

Бүгін сары ала таңдан тұрып, ауыс-түйістен сығымдал

жиган азгана пұлын жаңына басып «Қала қайдасын?» деп тартып кетті.

Балаларын әркімнің босағасында телміртіп, көптен арман болған, қорабы жалтыраған шетелдің телевизорын алып тынды-ау әйтеуір.

Қазекемнің кейде адам таңданбайтын нәрсеге басын шайқап таңданатыны бар, әлде бұлар да телевизор сатып алып елдің алды болып кетер деп көпсініп түрма, қарсы жолыққан Жанымгүлдің әй жоқ, шәй жоқ «Мә, Құнімше сіздер де телевизор алғансыңдар ма?» – дегені.

Телевизорды үпірлеп-шүпірлеп кезектесіп көтеріп, қуаныштан жарылайын деп мәз болған балаларының сонын ала келе жатырган Құнімше «Бізді де жүрт бай екен деп ойласын деп алып жатырганымыз ғой» – деді.

## «СТО ТРИДЦАТЬ ОДИН М»

Маңғыстауда ертеректе бір ауылдың жаңына көшпелі экспедиция келіп қоныстаныпты. Бірде ауылдың бір ашкөз сиыры әлгілердің жуып жайып қойған кірлерін түсіріп, ашық тұрған шикілі-пісілі азықтарын жеп кетіп әбден зықыларын кетіріпті. Сиырмен ерегесіп абырай таппасын сезген экспедиция бастығы, ауыл советке шағымданыпты. Хабар-ошаарын мал қарагандардан естіп-біліп көңілдерін бірлеу үшін ауыл адамдарының қалың резеңкеге ойып есімдерін жазып, сиырларының мойнына салбыратып іліп жіберетіні бар-ды.

«Мойнында белгі, жазуы бар ма?» – деп сұрапты ауыл совет.

«Да, да есть, там написано, сто тридцать M» депті экспедицияның бастығы.

Мал иелері көбінесе өздерінің есімдерін жазатын болғандықтан, әлгі жұмбақ жазуға түсінбеген ауыл совет, қолігіне міне сала құйындастып жетіп барса, сиырдың мойнындағы белгідегі жазу IZIM деген шалдың аты екен.

## ДҮНИЕНІҢ ҮЛҒАЛЫ

Асубайдың арақтан аузының кепкенін көргендер ауылда некен-саяқ болар. Ол мас болып құлап та қалмайды, болмаса біреумен сөзге келіп тәбелесіп жатқанын тағы көрмейсін, бірақ айлап-жылдап ауызы құрғамайтыны рас.

Бірде реті болмай қалғанын, жоқ әлде ешкім ұсына қоймады ма, қайдам әйтеуір бір арасы болып Асубай құлантаза сап-сау тұрса, көрші кемпір жанынан өтіп бара жатып «Бүгін неғып сау тұрсың, әлде дүниенің ылғалы тартылып қалды ма?» депті.

## ҚОЙ МАШҚАРА!

Анау бір жылдары барлық мекемелерде, жыл соңына қарай жасаған жұмыстарынан есеп беретін үрдіс болған. Қия шабуыл жиналыс, қара терге түскен мекеме басшылары жау шапқандай қапылады екен. Жиналыстың адам үркетіндегі атауы бар – есеп-беру сайлау жиналысы. Жыл бойы не бітірдің, нені қираттың, бәрінен есеп бересің. Жұмысынан ши шығып, есебің қисық болса, он жерден құдай болсаң да қарамайды, қызметіңен қол сұрткен майлыштай лақтырып тастайды. Ең қорқыныштысы сол. Аудандық байланыс бөлімшесінде жиналыс болып, бір ауылдық бөлімшениң жасаған жұмыстары тыңдалыпты. «Бәлен айда бәлең жеделхат иесіне тапсырылды, түген адамға хат-хабар уақытында жеткізілді» деп пошта бастық желпініп саулата жөнеліпті. Қолында онысын дәлелдейтін еш құжаты болмапты.

Онысын сезіп қалған аудан басшысының бірі «Соларды нақтылап сандармен айтыңызшы» – депті

Сасып қалған пошта бастық «Несін санап тұрайық, кой машқара» – деген екен.

## АУЫЛДАҒЫ СВИДАНИЯ

Совхоз орталығынан қашықтау, бір түпкірде жатқан шағын ферма орталығында, бар болғаны отыз шақты шаңырақтай тұрады. Ауылда жас қыз берін-бірі ұнатып қалып онда кездесіп жүріпті. Алақандай ауылда басқан адымың санаулы, сонда да екеуі есебін тауып жолығатын көрінеді. Көзден таса отыра қоятын бау-бақша деген атымен жоқ, тек маусымында болмаса жабық тұратын қой қырқатын пункт бар екен, екеуі соны паналап ғашықтық күндерін өткізіп жүріпті.

Әлгілердің кездесіп жүрген тұрағын сезіп қалған бір жігіт «осылар не айтып жүр екен?» деп білуге өте құштар болып, пунктке құн барында ертелеу барып, тығылып жатыпты. Қараңғылық түссе әуелі ғашық жігіт келеді, біраздан соң аңсатып қалындық келеді. Одан кейінгі әңгіме былай өрбіпті:

- Негып жүрсің? – дейді жігіт
- Қой тек жай, бір лағымыз бүгін қораға келмей қалды, – дейді қыз.
- Біздің де бір тоқтымыз жоқ, қозінде болсын, – депті жігіт шығып бара жатып.

Кешкі асын ішпей, қойдың шуашы сасыған пунктте, бірнеше сағат тығылып жатқандағы күә болған, ауылдағы свиданияның түрі әлгіндегі болыпты.

## АКУЛАНЫҢ ШАБУЫЛЫ

Жаздағы шөп шабу науқаны кезінде, бір топ шөпшілер теңіз жағасында қостанып тұрыпты. Арасын тауып теңізден балықтарын аулап, қазандықтарын алып тұрады екен. Манғыстау теңізге тиіп жатырғанымен, жігіттердің ішінде ғұмыры аяқтарын теңізге салып көрмегендегі бар көрінеді. Ішіндегі әлгідейлері түнеріп, жұтып қояйын деп жатырғандай көрінетін теңізге баруға жүректері дауаламайды. Бірақ табақ, табақ болып алдыңа келген балық етіне ұлмай қол салу үшін, көппен ілесіп теңізге шығу керек. Балыққа салынған ау,

## ДҮНИЕНІҢ ҮЛҒАЛЫ

Асубайдың арақтан аузының кепкенін көргендер ауылда некен-саяқ болар. Ол мас болып құлап та қалмайды, болмаса біреумен сөзге келіп тәбелесіп жатқанын тағы көрмейсін, бірақ айлап-жылдап ауызы құрғамайтыны рас.

Бірде реті болмай қалғанын, жоқ әлде ешкім ұсына қоймады ма, қайдам әйтеуір бір арасы болып Асубай құлантаза сап-сау тұрса, көрші кемпір жанынан өтіп бара жатып «Бүгін неғып сау тұрсың, әлде дүниенің ылғалы тартылып қалды ма?» депті.

## ҚОЙ МАШҚАРА!

Анау бір жылдары барлық мекемелерде, жыл соңына қарай жасаған жұмыстарынан есеп беретін үрдіс болған. Қия шабуыл жиналыс, қара терге түскен мекеме басшылары жау шапқандай қапылады екен. Жиналыстың адам үркетіндегі атауы бар – есеп-бериу сайлау жиналысы. Жыл бойы не бітірдің, нені қираттың, бәрінен есеп бересің. Жұмысынан ши шығып, есебің қисық болса, он жерден құдай болсаң да қарамайды, қызметіңнен қол сұрткен майлыштай лақтырып тастайды. Ең қорқыныштысы сол. Аудандық байланыс бөлімшесінде жиналыс болып, бір ауылдық бөлімшениң жасаған жұмыстары тыңдалыпты. «Бәлен айда бәлең жеделхат иесіне тапсырылды, түген адамға хат-хабар уақытында жеткізілді» деп пошта бастық желпініп саулата жөнеліпті. Қолында онысын дәлелдейтін еш құжаты болмапты.

Онысын сезіп қалған аудан басшысының бірі «Соларды нақтылап сандармен айтыңызшы» – депті

Сасып қалған пошта бастық «Несін санап тұрайық, қой машқара» – деген екен.

## АУЫЛДАҒЫ СВИДАНИЯ

Совхоз орталығынан қашықтау, бір түпкірде жатқан шағын ферма орталығында, бар болғаны отыз шақты шаңырақтай тұрады. Ауылда жас қызың мен жігіт бірін-бірі ұнатып қалып онда кездесіп жүріпті. Алақандай ауылда басқан адымың санаулы, сонда да екеудің тауып жолығатын көрінеді. Көзден таса отыра қоятын бау-бақша деген атымен жоқ, тек маусымында болмаса жабық тұратын қой қырқатын пункт бар екен, екеудің соны паналап ғашықтық күндерін өткізіп жүріпті.

Әлгілердің кездесіп жүрген тұрағын сезіп қалған бір жігіт «осылар не айтып жүр екен?» деп білуге өте құштар болып, пунктке құн барында ертелеу барып, тығылып жатыпты. Қараңғылық түссе әуелі ғашық жігіт келеді, біраздан соң аңсатып қалындық келеді. Одан кейінгі әңгіме былай өрбіпті:

- Негып жүрсің? – дейді жігіт
- Қой тек жай, бір лағымыз бүгін қораға келмей қалды, – дейді қызы.
- Біздің де бір тоқтымыз жоқ, қозінде болсын, – депті жігіт шығып бара жатып.

Кешкі асын ішпей, қойдың шуашы сасыған пунктте, бірнеше сағат тығылып жатқандағы күә болған, ауылдағы свиданияның түрі әлгіндегі болыпты.

## АКУЛАНЫҢ ШАБУЫЛЫ

Жаздағы шөп шабу науқаны кезінде, бір топ шөпшілер теңіз жағасында қостанып тұрыпты. Арасын тауып теңізден балықтарын аулап, қазандықтарын алып тұрады екен. Манғыстау теңізге тиіп жатырғанымен, жігіттердің ішінде ғұмыры аяқтарын теңізге салып көрмегендегі бар көрінеді. Ишіндегі әлгідейлері түнеріп, жұтып қояйын деп жатырғандай көрінетін теңізге баруға жүректері дауаламайды. Бірақ табақ, табақ болып алдыңа келген балық етіне үлмай қол салу үшін, көппен ілесіп теңізге шығу керек. Балыққа салынған ау,

шамамен жағадан екі-үш шақырымдай қашықтыққа салынады. Себебі, бұлар тұрган жаға таяз, шөпшілердің қайбір қайығы дайын тұр, жаяулатып кешіп баруға тұра келеді. Теңізден иманы ұшып қорқатын Өтембай, сылтау тауып жағада қалып қояды, немесе су тілерсектен келетін шамада «аяғым сырқырап барады» деп кері қайтатын көрінеді.

Бірде орта жолдан кері қайтып, топтан ұзай бергенде тракторшы Аяп «Өтембай, жолда акула шабуыл жасап, жарып кетіп жатырса, бізге ренжіме» – депті.

Көзіне кинодағыдай тістері ақсиган акула елестеп кеткен Өтембай «Жайратса осылармен бірге жайратсын» дейтін болуы керек, лажысыз топқа қайта келіп қосылатын көрінеді. Каспийден акула не алсын, Өтембайдың бейнетіне қаңғып басқа теңізден келмесе?

## ПРОСТЫ МАРИЯНЫҢ СЫРҚОСЫ

Ауылда бір шағын той болып жатырса керек. Ошақ басында бауырсақ пісіріп отырган келіншектер, бауырсақты пісіріп те, әртүрлі тақырыпта әңгімелерін айтып та үлгеріп жатыр. Сөйтіп отырганда ноктаға толықтау, білегін түріп, көйлегінің етегін ышқырына қыстырып алған Күнім әңгімені, кешегі телевизордан болған киноға аударып жіберді. Кесіп отырган қамырды табагымен ысыра салып «Байғұс-ай, кеше Просты Мария қатты ауырды» деді, кәдімгідей өзі де ауырсынып.

Қазанда әнкі-тәнкісі шығып қуырылып жатырган қызыл бауырсақты қолы-қолына жұқпай былғап тұрган Айнаш мандай терін сыпсырып жіберіп «Ауырмай қайтсін, осы кино басталғалы отырып бір ыссы тамақ ішкен жоқ» – депті.

## МИНАҒА ТҮСКЕН ШАЛ

Соғыс жылдары ауылдың бір шалы, аяғын тізесінен беріп үйіне қайтыпты. «Бастан құлақ садаға» ауылға жаны аман келген соң ағайын-тумалары «шүкір» десіпті. Соғыстан келу әмейі бір сапардан келу емес, әркім көрпесіне қарай көсіліп, үйлерінде барларын қойып қонақ етіпті. Ол кезде үйіп-төгіп дастарханға қоятын не бар дейсің, тары-мары, қолдан шайқаған май-сайларын көрсетіп, әйтеуір қонақтықтың рәсімін жасайдыдағы. Шәй ішіліп болған соң шалдың аяғына қарап отырып үй-ішіндегілердің бірі «Аяғынды қалай алдырып жүрсін?» – дейді. Шал сау аяғын жинап жатып «катақаға шығып келе жатқанда минаға түсіп қалдым» – дейді. Ауыл адамдарының мина жөнінде түсініктері шамалы «Мина деген не пәле?» – дейді үрейленіп. Тарыны дастарханның ортасына үйіп жіберіп, үстіне кәдімгі қойдың кепкен азы құртын қойып, бар пәрменімен әлгі үйіншекті періп келіп қалады. Тары бұрқ етіп жан-жаққа шашылып кетеді.

Минаның не еkenін іс жүзінде көрсеткен шал «Мина деген примерні осындай болады» деп жантайып жата кететін көрінеді.

## ҚҰДАЙҒА Да ҚӨЛІК КЕРЕК

Шопыр Есен совхоз конторына еңсесі түсіп, ілгері басқан аяғы кері кетіп зорға келеді. Алғанына көп бола қоймаған, совхоз сеніп берген «Газ 53-ті» төңкеріп алды. Сәл жаңбыр шықтаса болды, жүргізушилерге бейнет болатын «Құртұрмастың» құлауынан, мәшині бұл тежегішті қанша жанталасып басса да ырқына көнбей, сырғыған күйі, жолдың қапталындағы терең сайға төрт «аяғы» аспаннан келіп кептеліп қалған. Әйтеуір көретін жарық күні бар еken, сыртынан көргендегерге адамның тірі қалғандығына сеніңкіремейтін адам шошырлық, шелпек болып қалған кабинадан аман қалды. Ауыл адамдары «Мәшіні құрсын, өзің басың қайырылып өліп жатырсаң қайтер еді» деп мұның аман

қалғанына шүкір айтысты. Есен «Бас инженер» деген жазу ілінген кабинетке жасқана енді. Бас инженер білімі таяздау, біліміне ақылы сай ожар біреу еді. Бұткіл автомобиль тарихында машина төңкеріп тұрган осы Есен сықылданып, бұған ажырая қарап «Құдайдың көзі соқыр, сенің су жаңа көлігінді іске алғысыз еткенше, сенің өзінді алу керек еді» – деді өкіре орнынан атып тұрып.

Колхоздың, кейін совхоздың көк есегіндей, өмір бойы жебір бастықтарға есесі кетіп жанышла еткен еңбегі былай тұрсын, бағасының қу темірден төмен болғанына Есен күйіп кетті. «Аға, сенен де күшті жаратушы бар, Құдайға да жаңа көлік керек болған шығар» – деп есікті тарс жауып шығып кетті.

## ПАРЛАМЕНТ ПЕН СЕМЕЙ СУ

Өндірістегілер жиналып, бір жігіттің туған күнін атап өтіпті. Тойланатын жер жағажайдың кафелердің бірінде өтетін болып белгіленіпті. Он бес күн вахтада болып, шаршап келген жігіттер дұрыстап отырмақ болыпты. Дұрыстап отыруға ең қажетті сусын арақ қой, онсыз мерекенің сәні бола ма? Аты түрлі-түрлі болғанымен, есіңен айыратын заты бірдей, арактан үстелдің үсті көрінбей тұрыпты. Ішінде «Нұреке» деген арақ та қылқыып тұрыпты. Президент емес басқа «Нұреке» шығар, бәлкім? Ал басқа бір құрметті адам болғанда да, дені дұрыс адам, оның есімін шайтан суға бере ме?

Қазакқа қапыда бұйырған тәуелсіздік пен демократияны топастардың түсінуі солай болғасын не шара?

Жігіттер жемсауына бірдене барғасын, бірі билеп, бірі ән салып, ырду-дырдудың қызған шағы. Жүрегі көтеріп кеткен бір жігіт лоқсып жатырса екіншісі «Не болды?» – депті.

Сонда лоқсып жатырған жігіт «Семей Су шыққысы келеді, Парламент жібермей жатыр» – депті.

## ҚАҢҒЫҒАННЫҢ ПАЙДАСЫ

Әлімбайдың әскерден келгеніне тұра екі айдың жүзі болды. Әуелгі кезде әке-шешесі «жас балаларды қойша қамап қоятын солдат өмірі оңай ма, тынығып біраз бойжазсын» деп бесікке салып бөлемегенмен соған жақын бәйпөктеді. Анауда наизаласып соғысатын Шыңғысханның нояны тәрізді, жауды жапырып жалғыз өзі қиратып келгендей қоқырайып, «қой ұят болар» деген жоқ. Адамның жастығы болар, ертеректе шинелдің буы деуші еді, жалпы армияның он-он бес күн желі болатыны рас. «Баламыздың үлкені Отан алдындағы борышын орындады, енді қарайлайтын ештеңесі жоқ, ауызымыз аққа тиетін болды» деп шал әркімге ғәүкіп мақтандып жүрсе, мынаның жатысы мынау. Төленнің баласы әскерден келе жатып «жыл бойы сары сиыр жоқ деп хатпен мазамды алып едіндер, жатыр ғой мына Ақмышта» деп жолай автобустан түсіп қалып жаяу айдал келген. Әне есі бар бала. Оңаша қалғанда «оқуға пұл жинап биыл ауылда бол, аздаған жандықты бағыс» – деп құлақ қағыс еткен-ді.

Баласы «ой бапа, қой баққаннан қандай төлкі» – деген қойдың жілігін мүжіп отырып.

Шал не десін «Қаңғығаннан төлкі болса, қаңғи бер» – деді

## АВТОРАЛЛИ

Москва-Пекин мәшін жарысы маршрут бойынша Манғыстаудың үстімен, соның ішінде біздің ауылдың Үстірт жазығындағы қой қырқатын «Басарға» келіп аяқ суытып алады. Бұл анау-мынау емес, әлем көз тігіп отырған халықаралық жарыс болғандықтан, ауыл адамдары үшін елеулі оқиға. Көз көрмеген түрлі техника, әлекей-қүлекей ала-бажақ сырланған мәшін, мотоциклдер, жапон дейсің бе, неміс дейсің бе, әйтеуір жоқ емес пәле жоқ. Ол кезде, қазір кез келген жерде төгіліп жатырган «Коко-кола», «Пепси-кола» деген сусындарды елдің көзі көрмек түгілі, құлағы естімеген. Ымына түсінбейтін, неміс екенін, француз екенін құдай білсін,

әлгілер мырзалық танытып біздің ауылдың Сәбит, Тұрган деген екі шопырына екі қалбырын ұстата салыпты. Қүннің аптабында кенезелері кеүіп шөлдеп келе жатырган екеуі, қара мұздай сусындарды әп-сәтке келтірмей қағып салыпты.

Шөлі қаныңқырамай қалған Сәбит Тұрғанға «Тағы сұрап көрші» – депті.

Сонда Тұрган серігіне «Сен не мені француз деп ойлап тұрсың ба?» – депті.

## ХАЙЛЬ ГИТЛЕР!

Бір топ жігіттер бір шетелдік экилаждың қасында тұрса керек. Әлгі экипаж мүшелері тілін кесіп алсаң да өзге тілде бір сөз айтпайтын көрінеді. Тек қолдарын көтеріп «Сәлем» деп амандақаннан басқа. Кімдер еkenін жақынырақ білуге тіл жетпейді, ауыл жігіттерінің бірі қолын гитар қылып сабалап көрсетіп «Битлз, Битлз» десе аналар басын шайқапты. Екінші бір жігіт «Франсуа Миттеран» десе, әлгілер тағы басын шайқап өздерінің француз емес екендігін байқатыпты. Куаныш деген бір қулау жігіт бар еді, қолын қақшаң еткізіп алға созып «Хайль Гитлер!» дегенде әлгілер жалт қарапты. Барлығы жамырай «Я, Я зер гуд» деп өздерінің кім еkenін білдіріпті. Аталарының атын атағасын риза болған немістер, бұларға өздерінің шнаapsынан құйып беріпті. Біздің жігіттер оларға үқсан қайдан дүрішкілеп отырсын, біреуі кесе толы аракты басына бір төңкеріпті.

Көзі шарасынан шыға жаздаған бір неміс «О, майн гот!» дег жағасын үстапты.

БЕТСІЗДІК

Манғыстау әулиелердің мекені екені белгілі. Әр әулиенің «жекешелендіріп» алып, алайқтардың табыс көзінегін айналдырып алғалы қашан. Жолай түсіп бата оқи қоянын десен де, шалдардың басына түнеп зиярат ете қойғын келіп барсаң да, олардың штатын кім тағайындағаны белгісіз.

сүмірейіп телпекті бастырып киген біреу отырады. Такпақтап бата оқығанда жағанды ұстайсың, батаның мәтінін филологияғылымдарының докторлары да анадай қылышп қиоластыра алмас. Әлгілердің көбі Қазақстанның барлық түрмелерін адақтап немесе жанұяларынан безіп араққа салынғандар. Кейбірі өтірік түшкіріп-ұшкіріп ем-дом жасайтынын қайтерсің. Біздің ауылда Талап деген кісі баласы ауырып, дауасы түсіп жазылып кетер деген үмітпен, ауылдан онша қашық емес, бір әулиеге тұнеуге барыпты. Барса шырақшы қып-қызыл болып араққа тойып алған, өзінше намаз оқып түр екен.

Ағамыздың үйіндегі женгеміз «Намазды құбылаға қарап оқымайды ма, мынаның теріс қарап оқып тұрғаны несі?» – деп сұрапты.

Шырақшының қылышына күйіп кеткен Такен «Ой соның құбылаға қарауга беті қалды дейсің бе?» – деген екен.

## ҚОШҚАРДАН ҮЙРЕНУ

Дәм тартып бұйырмыс болмағанын, біздің ауылда Туғанбай деген жігіт үйленбей ұзак жүріп қалыпты. Жаратылсынан нәті жуас, артық сөзі жоқ жігіт еді. Қыздармен сөзге келіп, өзің құнттаңқырамасаң «мынау байғұс жуас екен» деп сені мүсіркеп, олар қайдан сенің үйіне салып-жетіп келсін. Мен де үйленіңкіремей бойдак жүрген кезімде, аңқаулау Қалилан деген құдам «Ерекенжан қыздарға бару керек, жағдайды түсіндіріп айту керек» дейтін, менің тезірек аяқтанғанымды тәуір көріп. Оны кімнің іші жек көрсін, бірақ жағдайыңды айтатын қыздар мекеменің бастығы емес. Бір күні Туғанбайдың бір жолдасы оны ізден үйіне барса, ол үйінде жоқ екен. Қайда кеткенін сұраса, қырқүйектің кезі болғандықтан совхоз оны қой қашыруға жұмсап жіберіпті. «Солай да солай» деп жөнін айта салса болды емес пе, бірақ қысыр әңгімесіз біздің қазақ сөз айтса, бірденесі кетеді ғой.

Туғанбайдың бір жақын женгесі «Қалай үйлену керектігін қошқардан үйренуге кетті» депті.

## ТӨРТТІҢ ШӘЙІ

Баяғының бастағысының жаңа бір түрі – ауылда «төрттің шәйі» деп аталады. «Төрттің шәйінің» дастархан мәзірі, құда келетіндей көп қапылуды қажет етпейді. Женіл-желпілеу күнде өздеріне арнап жасалған шәй сияқты, кәмпіт-сәмпіттің өзгелеу түрлерін төге салады Ойдан-қырдан естіген әңгімелерін жаңартып қайта айтып, қою күрең шәйді сораптап ішіп, келіншектердің бусанып отырғаны. Олар күндегісін-күнде бір үйге топырлап мезі қылмайды, өздерінің жасап қойған «жұмыс кестелері» бар, бәрі заңды ешкімді ренжітпейді. Күндердің-күнінде келіні жоқта, біздің көрші үйге қонақ келіп қалыпты.

Енесі салмақты, әңгімесі дұрыс кемпір еді, немересінен шешесінің қайда екенін сұраса «Мамам Қаншаның үйіне «төрттің шәйіне» кетті» – депті, уақытын өзгертуге болмайтын партияның құрылтайына ұқсатып.

Көп даусын жоғары тонға көтермеген күйі кемпір «Бар. шақыр шешенді, «төрттің шәйі» Қонаев пен Брежnevтің бекіткен шәйі емес» – депті.

## ҚОЙ ДЕСЕНДЕР-АУ ҚОЯЙЫН!

Шалғайдағы бір ауылда көп жасаған, тоқсанның үстіне дұрыс шыққан шалға уақыт болыпты. «Кәрі өлсе той!» деп жатамыз, балалары марқұмды ақырғы сапарға қолда барымен, ел қатарлы қәделерін жасап шығарып салыпты. Жасы келген адам болғанымен, келін-қыздары қартты жоқтап, жоқтауларын айтып жатырған көрінеді. Әлгі шалдың кемпірі, шешеміз, он сегізінде жесір қалып жатыргандай шарылдал елдің берекетін алыпты.

«Артының қайырын берсе болады да» деп, көзінің жасын сығып қоя қойса да ерсілігі болmas еді.

Айтары таусылды ма, әлде әлі бітіп шаршады ма, бір заманда барып «Қой десендер-ау, қояйын Үһ!» деп әзер дегенде тәжеліпті. Жанында қашан тоқтар екен деп, жыны

құрсып күтіп отырған құрдас кемпірі «Әй, кім саған қой деп отыр, жылай бер» деп сары майға бауырсақты былғап жіберіп жайбарақат жей беріпті.

## ӨЙДӨЙТ ДЕРСІҢ!

Қыстың бір аязды күні, ауыл адамдары қайтқан кісіге қайыр болсын айтуға келе жатыр екен. Жолдан недәуір қызығындау жігіт қосыла кетіп бұларға. Жігіттер «Сен сау алғасын баарсың, мына түрімен абыройды жұттарсын» деп өздеріне ергенін жаратпапты. Ішken адам қасқа болып, өзінің мас екендігін жалп етіп мойындай қоя ма? Қайта бұрынғысынан бетер жолкер болып кетіп «Қой, мен есімді білем, осыдан бір қалып қойсам, «вабше» қалып қоямын» деп жеңістік бермей, ақыры көппен бірге ол да кіріпті. Сақырлаған сары аяздан жылы жерге кіргесін, жұтқаны буынына түсіп кетіп, былқ ете қалған жігіт қалғып кетіпті. Батаға мынадай жағдайда келгенін ерсілеу көргенімен, «қақалған деген елде бар» ешкім көңіл аудара қоймапты.

Жоқтау айтқан дауыстан бір уақытта оянып кеткен әлгі жігіт, не болып жатырғанын түсінбей қалғанын, әлде біреу «вешірде» ән салып жатыр деп ойлаған шыгар «Өйдөйт дерсің» деп бар дауысымен айқайлап жіберіпті.

## ҚЫЗДЫҢ «ПРИЕМЫ»

Біздің ауылда екі құрдас жігіт «Қаламқаста» мұнайшы болып жұмыс жасап жүріпті. Біреуі бойлы-сойлы, бұлшық еттері ширатылып теуіп тұрған, тепсе темір үзетін қажарлы да, екіншісі тәпелтектеу, тықырақтаған пысық жігіт екен. Қашанда талай марқасқа жігіттерді отқа салатын, махаббаттың араласқан жері ғой. Жанағы екеуі ауылдың, ақылын білмеймін бірақ көретін көз керек, әдемі қызына өліп-өшіп ғашық болыпты. Бойжеткен «Қыздың көзі – қызылда» деген, тапал жігітті көп «қол» көрмей, ұзын жігітке «кет әрі» емес көрінеді. Тапал жігіт те адам баласы, оның да сезімі

тоқтайды, мектепке біреу зорлағандай болып келіп жүргендердің сірә мұралы беріп, кітаптарын жинастыра бастапты.

Бұткіл мұғалімдер жабылып, ондаған паяльникпен қой үйткендей өртеп, түстің қайтуында жылуды қосыпты.

Мындан аса бала оқитын мектептің жұмысы тоқтағасын, директордың да көніл-күйі қайбір адам қызығарлықтай дейсің, «күнәһар» шалды шақырып алып «Жасыңыз болса біразға келді, ұлмайсыз ба?» – деп жерден алып, жерге салып ұрсып жатыrsa Қажекең «Сендерді де оқыған дейді-ау, маған судың темірден күшті екенін ескертіп айтпайсындар ма?» – деп өзіне бажырайыпты.

## ШАШ АҒАРТУ

Бұл оқиға 8 наурыз әйелдер күні қарсаңында, қаланың бір мектебінде болған көрінеді. Бір сыныптың оқушылары өзді-өзді кенесіп, құдайдың құтты күні бұлар үшін басын ауыртып жүрген сынып жетекшісіне, сыйлықтың ырымын жасап, қаржыларының көлеміне орай жеңіл-желпілеу бір нәрсе атағысы келіпті. Көлдей қылып құттықтау қағазын жазып, қағаз дорбадағы белгісіз сыйлықтарын апайларына ұсыныпты.

Тегін сыйлық деген жақсы ғой, оның үстінен тапқаны-тапқанына әзер жететін мұғалімдерге.

Жүргі жарыла сыйлыкты қабылдап алған мұғалім қыз «Мениң балаларым маған не сыйлады екен?» деп жіберіп оқушыларының көзінше ашып қараса, «Лондоколор» атты шаш бояуы екен.

«Сыйға тартқан аттың тісін санамайды» деген орыстың мақалы бар, апайы шәкірттеріне қарап, күлімсіреп алғысын айтып тұрса бір анқау бала «Апай өзініз айттыңыз ғой «сендер менің шашымды жасыма жетпей ағарттыңдар» деп, мына бояуды күнде басыңызга жағып жүрсөніз дым білінбейді» – деп шынын айттыпты.

## СПИРТТЫҢ ҚАСИЕТІ

Кезінде одақ бойынша «Жалпыға бірдей – орта білім» деген ұран болды. Әуелі сауатсыздыкты жоямыз деп қанылып, арты осылай орта білімге ұласты. Елдің сауатты болуы, берік мемлекеттің қалынтасуына керек. Бірақ бізде қанға сінің қалған сан қуатын әдет бар. Мына шаласауаттылар оқып, үкіметке пайдасын тигізсін деген ой ешкімнің басына келген емес. Шаласауаттыларды тізіп алып, жылдың аяғында өтірік козбояушылықпен емтиханның ырымын жасаи, аттестат үлестіріп бергенді, жалпыға бірдей орта білім беріп жатырмыз деп жар салады, біздің атқамінерлер елге жаны ашитын түр корсетіп. Оқу жылы бітіп жаңагы айтқан сырттан оқитындарға өтірік емтихан басталып кетінгі. Химиядан сынақ тапсырып отырган Айекенге спирттің қасиеті келінгі.

«Спиртті ішіп алып, ертеңіне су ішсең қайтадан мас қылады» – депті Айекен.

## НЕМІС ЖҮТҚАН ШАЛ

Біздің ауылда Қадірбай деген шал бар. Өзі соғысқа қатысқан, көрмеген пөлесі жоқ. Баяғыда байдың баласы деп, ана бір кездерде козін ашишай жатын сотталған. Түрмеден шығып алып, ешқайда сокпастан «айыптылармен» бірге соғысып, одан немістің тұтқынында болған. Біздікілер немістің тұтқынынан азат етіп, елге әкеліп шалды қайта соттап жіберген. Сібірде он бес жылдай отырып, елге келген соң түрменің жайын сұрагандарға «Ақ орыстардың түрмесі тақыл еді. мына өзіміздің сары орыстардың түрмесі жайсыздау болды» деп шынын айттынты. Өмір бойы түрменің бәрін адактап шықкан адамда қайбір денсаулық қалсын, бірақ «адам – итжанды», «қырық жыл қыргын келсе де ажалды өледі» деген сөздердің жаны бар. Мұнымен түстас шалдардың, өмір бойы шөп басын сипидырмагандары баяғыда бақылық болды. Ал Қадекең күні кешеге дейін атқа

мініп, той-садақасынан қалған жоқ. Кей күндері етті аузына шамадан тыс көп салып қойса, тозып жүрген асқазаныңда арпалыс басталады. Шеті жоқ ұзын сонар кекірік. Орыстар естісе ыңғайсыздық танытуы мүмкін, Қадіrbай шалға, азған ауаның қайдан шыққаны жаңын жегідей жеп көп толғандырмайды.

«Атамның мынасы несі» деп немересі сұрай қалса «Атаң баяғыда неміс жұтып қойған» – дейді әжесі.

Сәл нәрсені шын көретін бала көңіл «Атам оны фарш жасап жүтқан ба?» – депті.

## СОҚПАЙТЫН ЖУРЕК

Етженді адамға жасы келгсн соң қозғалып жүріп-тұрудың өзі мұн болады. Семіздік дегенде құдайдың адамға беріп қойған бейнеті. Кейбіреулер жаратылысынан дейді, семіздіктің пайда болуы адамның былапыттап тاماқ ішүінен сияқты.

«Қайғысыз – қара суға семіреді» деген бар, ол адамның былшиып семіруі жөніндегі пәлсапа емес әрине. Ішкен-жегенді білмей, қатып-семіп жүргендер де жер басып жүр. Олай да болмай, былай да болмай, адам шошымайтындаи торы етің болып, ел қатарлы жүрсөң содан артық не керек. Біздің ауылда Таңсық деген кемпір бар, жаңағы айтқан семіздіктен қорлық көріп, қарға адым жерге барып келсе, жүргегі қысылып қалады.

Күн ыстық болып «уһ, жүргегім соғып отырғаның қараышы» десе, немересі Алым шошып кетіп «Сонда менің жүргегі тоқтап тұр ма?» – депті.

## ҚАНАШ ПЕН МАНАШ

Бір жылы «Ембі» тауының үстінде, күзеуде отырған біздің ауылдың отарларына қайта-қайта қасқыр шауып, мал шығыны болып тұрыпты. Таулы жердің қасқыры кәнігі, әккі болады, шамалыға алдырмайды. «Аңдыған жау алмай қоймайды» деген ақыры, Манаш пен Қанаш деген екі

ағайынды жігіттер, таудан есебін тауып екі арланды соғып алыпты. Жұрттың көңілі бірленіп, еркін тыныстап қалыпты.

Қойын иесіз тастап кеткен Ағыбайға «ана малыңа бар» десе, ана шетімен мына шеті ат шаптырым «Ембінің» үстін мекен етіп жүрген, тек екі қасқырдай болып көрінген ол «Ембіде екі қасқыр бар еді, біреуін Манаш алды, екіншін Қанаш алды» деп қамсыз шәй ішіп отырғанда, таудағы тұқымға қалған басқа қасқырлар бірнеше қойын тамақтап кетіпти.

## ҚҰСКАН МАЙОР

Бұл оқиға бұдан қырық сегіз жыл бұрын болған екен. Екі иттен соң, Юра Гагариннің гарышқа барып келген 1961 жылдың көктемі. Бұл туралы бұрында да әр жерлерде түртіліп жүрген болар, менің де кітабымда тұра берсін деген оймен жаза салдым. Жерден басқа жаққа, адамның бірінші болып барып қайтуына әлем аузын ашып, тарихты дүр сілкіндірген айтұлы жыл болды. Жер бетінде бөркін аспанға атып қуанбаған адам жоқ шығар. Юраның гарышқа ұшқанын біздің Маңғыстауда да өзінше атап өтіпти. Жайлаудағы киіз үйде, ішінде аудандық соғыс комиссары майор бар, бірнеше адам, іргені түріп тастап тойлап жатыпты. Көбірек алыңқырап қойған болар, майор жігіт ішкенін кері қайырып, өзін жайсыз сезініп жатыр екен.

Бұл көріністі сыртынан бақылап тұрган ақын ағамыз (аты-жөнін әркім әрқилю айтады)

«Жұрттың майоры аспанды айналып ұшып жүр,

біздің майор үйді айналып құсып жүр» –  
деген екен.

## ҚАРАУЫЛ МЕРЕКЕ

КСРО-ның күні өтіп, империяның шаңырағы ортасына түскен жылдар болса керек. Бұрын Мәскеудің нән жұдырығының арқасында, қорыққаннан бірін-бір сыйлап

бірігіп отырган он бес республика, он бес жерде шашылып қалыпты. Елдің ең соңын ала, далада қалғаның есебінде енші алып шықкан, казақ елінің де жағдайы адам қызығатындай емес еді. Үкіметтің әлсірегені ұры-қарыға тантырмас шак. Тонап кету, сойып кету кең етек алып, сл енді қайттік күйге түсіпті. Ондірістің бір мекемесінде ұрылардан корғану үшін берілген мылтықты сейфке салып қойып, қарауылдарға бермепті. Қолына қару тигесін кез келгенді жайратып салар деп, қарауылдарға бастықтың сенбекенін қайдам. Кезекті бір гараж тоналғаннан кейін мекемеде жиналыс болынты.

Ұрыны жасқайтын қаруды бермегесін күйінгін Мереке деген жігіт «Сен қазір осы жерде тұра тұр, мен барын мылтық алып келейін» деп ұрыға түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз бе?» деген екен.

## ОТЫЗ ҰШ ҚВАС

Ақтау қаласы жаңадан бой котеріп, шағын аудандар бірінен- соц бірі салынып жатырган кез. Ауылдан ағтан шығып көрмеген даланың балаларына, Ақтауга бару қол жетнес арман. Құрдай шұбырын жатырган көлік жоқ, бір тон бала пойызбен арып-ашып қалага келінті. Қала тұргындарының басым көпшілігі, қайда акша бар, өкпесін колына алыш жететін орыстар. Шаңда-шұнда бір қазак көріп қалсаң, басқа планетаның тұргынын көргендей, таңғалын қарайсың. Балалар ауылда жүргенде естіген «Қалага барсаң шөлден олмейсің, әр жерде сары бөшкемен квас деген сусын сатылады» деп. Бір уақытта ел ішіндегі «сары сиыр» атанған, әлті бөшкедегі гажайып сусынға кез келіпті. Еріндегі кезеріп шөлдеп келе жатырган екі-үш бала жақындаш келіп, орыс сатушыга еркін тіл қатуға тіл жоқ, мыж-мыж болған бір сомдықты ұстата салынты.

Квастың бір бақалы ұш тыны, яғни бір сомға отыз үш бақал түседі.

Отыз үш бақал дегениң бүткіл Ақтауды суаруга жететін сусын.

Орыс келіншек бажырайып қарап «На все!» десе, біздің балалар басын изепті.

Не көп, бос бақал көп, келіншек сарылдатып құйып жатыр, құйып жатыр.

Қарынның да сиятын шамасы бар, әбден шәлдерін қандырган соң, «болды, жетті» деу ұзак әңгіме, балалардың бірі тұрып «Апай әрі қарағанда қашып кетейік» депті қасындағы қарындары сыздап жарылуға шақ қалып тұргандарға.

## СЛАВА КПСС!

Шайырда анқаулығы басым бір клуб менгерушісі бар еді. Сол жігіт, ауылдың жігіттерінің басын қосып асар жасап, үйінің қасынан қой қора салыпты. Қарайған адам жабылғасын қора деген сөз болып па, бір күнде қабыргаларын тұрғызып, төбесін қараңғылып беріпті жігіттер.

«Артынан әйнек сала жатармын» деген оймен, клубтан бір пәнер әкеліп терезеге қағып тастапты.

Қырсыққанда әлгі пәнердегі «Агитпункт» деген жазу анадайдан мен мұндалап тұрыпты. Көп ұзамай әлгі жазу партия жиналышында шулы сөз болыпты.

«Бәленше клубтың дүниясын жеке шаруасына пайдаланып жатыр» деп шолақ белсенділер өре түрегеліпти.

Үкіметте дүмпу болмасын, әйтпесе жаңа көбейіп келе жатырган қазақ халқы азайып кетуі ықтимал, себебі бірін-бірі қара қойдай қосақтап ұстап беруден, біздер елу елдің алдындамыз.

Парторғ өзі «тәйт» десен жүргегі жарылып кетуге шақ қалып тұрган клуб бастыққа, «өлтіріп алып обалына қалармын» деп ойлаған болуы керек жайлап қана «Шырағым-ау, анау деген үлкен саяси қателік қой, ең болмаса ана пәнердің арғы бетін қақпадың ба?» – депті тістеніп.

Сүмірейіп тұрган клуб менгерушісі дауысы шығар-шықпас болып мінгірлеп «Арғы бетінде «СЛАВА КПСС» деп жазылып тұр» – депті.

Ауыл адамдары күлдіру үшін редакциялап әңгімені өсіріп айта береді «Содан әлгі парторгтың жүргегі ұстап қалып жан сақтау бөліміне түсіпті» – дейді

## 29 КҮН

Баяғыда цехтық партия ұйымының жиналысы деген болды. Шағын мекемелерде, немесе адам саны аз ауылдарда өтетін, коммунистердің отырысының бір түрі. Ол жиналыстың әлі жетіп қарайтыны, сол ұйымның бітіріп жатырган шаруасының қорытындысы, партияның шенбөрінен шығып кеткен тәртіпсіз коммунистерің ісі. Сол замандағылардың аяқтан алдырып алатыны, көбінесе арақтың араласуынан болады. Шамадан тыс сілтеңкіреп жіберсең, қалтадағы қызыл билетті қорлағаның болып есептеледі. Сондай бір жиналыста мас болып, елді қырып кете жаздаған, партия мүшесінің тәртібі қаралып жатыпты. «Торғайдай болған бір басың, топқа бір түссе сол жаман» деген, әлгі сорлыға дүниедегі қүйенің бәрі жағылып, әлемдегі ең құрыған адамдардың санатына қосылыпты.

Жұырда арақты қойып адам болған Қалдыбайды мысалға алып сөйлеген парторг «Міне, өзіндей адам қойды ғой, бұл да бір адамдай ішті, іше алмайтынын білді, арақпен қоштасты» депті сөзінің арасында нақты мысал ретінде Қалдыбайға қарап «Қойғаныңа неше күн болды?» – деп сұрапты.

Ауылдың өзіндей жігітін жұндеген парторгқа жыны құрсып отырган Қалдыбай «29 күннен кейін бір ай болады» – депті.

## АУРУХАНАДАН АЛАСТАТУ

Шетпенің аудандық аурұханасына соқырішегі жарылып кетіп, шешемнің бір айдай жатуына тұра келді. Жасың жетпістің алтауына келгенде пышаққа түсуде оңай емес, марқұм шешем қатты қиналды. Дегенмен көретін жарық күні

бар екен, ол кеселден Құдай сақтап аман қалды. Жұмыстағы жігіттермен келісіп, шешем аяғына тұрғанша, қасында мен болдым. Ауруханаға адам ертелі-кеш бір согатыны анық, бірақ бетін аулақ қылсын, сау адам паналайтын жер емес. Кезекті бір дәрігерлік байқау біткен соң, мені медбике келіп, аға хирургтың шақырып жатырғанын айтты. Ойымда дәнене жоқ, «шешемнің денсаулығы жайлы бір нәрсе мәлімдейтін болар» деп салып ұрып жетіп бардым.

Хиург, жасы менен көп кіші, Рысбек деген жігіт еді, менімен салқындау сойлесіп «Ереке, шешем жақсы болды ғой, енді үйге қайта берсөн де болады» – деді.

Артынан біреулерден естігенім, менің айтқан әзіл әңгімелеріме құлемін деп, шешемнің палатасындағы басқа да соқырішектердің тіккен жерлері сөгіліп кетіпти.

## МЫҚТАП ҰСТАП ОТЫР

Ауылдағы шаруадағыларға мотоцикл таптырмайтын көлік. Әсіресе «Орал» атты мотоцикл, машинаға бергісіз, ішіндегі ең мықтысы, әрі төзімдісі. «Орал» – кім көрінгеннің қолына түсे бермейтін көлік. Еңбек озаттарына, соғыс ардагерлеріне кезекпен сатылады. Көп жылғы қой баққан еңбегі ескеріліп, тізім бойынша келіп тұрған «Оралды» балалары тарылдатып қуып келгенде Мұратхан қатты қуанды. Әркімге бір жалынып ызасы өткен, көлік ауласында тұр. Баласының көлікті қалай айдайтында шаруасы жоқ, көптен бері хабарсыз кеткен қара қашарды көздеп келуге бекінді. Қара қашарды іздеуін бір адамдай іздеді-ау, бірақ қара таудың сілемінде қалып қойған «Оралды» ертеңіне сүйретіп алыш келді. Оқиға былай болды. Қызыл сайдың құлауына келгенде тежегішті басып үлгере алмай қалған баласы, өзі секіріп түсіп қалыпты.

Салдыр-гүлдір мотациклдің қорабында кетіп бара жатырған әкесіне «Мықтап ұстап отыр» деп айқайлапты.

## ИНЖЕНЕРМЕН БІРГЕ ІШУ

Совхоздың бас инженері Амандос, директордан сөгіс алғып шығыпты. «Гаражында тәртіп жоқ, шопырлар мен тракторшылар басына кеткен, техниканың жүруінен тұрыу көп» деги директор үстелді жұдырықташ тұрып айтыпты. Шайырдың барлық ерек кіндіктесі жиналатын гаражда қайдан тәртіп болсын. Біреу «ақ мотор» алғып соны жуа қояды, бір шопырдың әйелі босанса да, қайдан үйіне шұбыртып жүрсін, сол гараждан жеңіл-желлі аталып өтіледі. Ең күрганда бұты сынған ошагы, я болмаса үзіліп түскен жүгенінің ауыздығын да жөндестуге сол жерге барады. Директордан сөгіс алғанына бір-екі күн өткен соң, өзінің жұмыс жасап жатыргандығын көрсету мақсатында, аздал арақ ісі шығып тұрған моторист Ақжанды құрбандыққа шалып, директорга сүйреп анарыпты.

Ақжанда гараждагы беделділердің бірі, директордың алдында тұрып «Жалғыз мен бе ішіп жүрген, ұстап жазаласаңдар алаламай бәрін жазалаң» – депті дау шығарып.

Сөзден ұстагысы келген инженер «Кім, айтшы сенен басқа ішіп жатырган, сен өзіне жауап бер» – депті директордың көзінде бастықтықтың инициаторын жасап айқайлап.

Ақжан оған сүқ саусагын шошайтып «Өткенде бірге ішкеніміз қайда?» – дегі.

## ҚЫСЫР ҚАЛҒАН БИЕ

Шайырда бір жігіт үйленіп, кешкі жастардың отырмагы болып жатыр екен. Бірен-саран жан-жақтан келгендер болмаса, басым копшілігі ауылдың жастары. Қазақтың тойының «канапікі керемет болды» деп бірінен-бірін айырып алатыны жоқ, шай ішіліп болып қызыра бөрткен жастар билеуге шығыпты. Тойға дейін де бұйырган жерден ауыз тиіп, тойға недеуір қызғын сөйлеціреп келген, жылқышы Амалбайдың көзіне директордың қызы түсіпті. Адам жас кезінде, бетіңе күде қараған қыздың бәрі сенікі секілді болып

тұрады, әлде шәйдің үстінде қыздың озі жылы шырай бергенін қайдам.

«Директордың қызы» деген статусының жогарылылыны болмаса, ауылдың басқа қыздарынан асып бара жатырган оғаштығы шамалы. Неде болса ішімдіктің буы болсын, махаббаттың азабы болсын, сол түні Амалбайдың ісі сол қызбен болыпты.

«Қарындас, қарындас» деп соңынан қалмапты. Ішкен адаминың қатесі көп, қыз ана бұрышқа бір, мына бұрышқа бір тығылыш қашып жүрген көрінеді.

Тіпті болмаган соң, осы қалың жүрттyn ішінде не жасар дейсің деген оймен, оған байырқап тоқтап «Амалбай, сениң маган не айтқың келіп жүр?» – депті.

Амалбай басын қасып, тұрып-тұрып «Әкеңе айтып бар, былтыргы бізге қосқан биесі тағы қысыр қалды» – дегі

## БАРЛАУШЫ МЕН ШПИОН

Ертеректе Шайырда, басқа жақтан көшіп келген Құсан деген бір тарихшы мұғалім болды. Үлкен білімдар адам болатын. Сол кездің өзінде СССР тарихын «Мынау өтірік тарих» дейтін. Негізінде сөз саптасына қарасаң, қаланың қазағының белгілері бар. Айтарын абайламай айтып қалып, содан біздің ауылға шеттетілген секілді. Өзі біздің ауылға көп тұрақтаган жоқ, бір жылдай бала оқытқан соң басқа ауылға кетті. Бір жерге табан тіретіп тұрақтаганағандығына қарағанда, неде болса біреуден. Я өкіметтен құқ-сұқ корген адам. «Ұрының әйелі өзіне лайық» деген тарихшы мұғалімнің өзінен аумайтын баласы бар. Біз жалаңақ тыным көрмей ойнап жүргенде, оның баласы басын кітаптан көтермейді.

Бірде баласы әкесінен «косы папа, шпион деген кім, барлаушы деген кім?» – деп сұраса әкесі «Ана жаққа бізден баратын болса барлаушы дейді, олар бізге жіберетін болса шпион болады» – депті. Эрине мұғалімнің сөзінің қиқымы бар, бірақ шындыққа да қысатын секілді.

## ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ

Маңғыстауда халықтың күнелтісіне, мұнайшылықтан өзге қолайлы кәсіптің ынгайы шамалы. Эйтеуір мұнайдың маңына, қарауыл болып болсын тұмсығынды тықсан жетіп жатыр, елдің алды болмағанмен әжептәуір күнелтесің. Басқа кәсіп те шамалы, болған күнде де мұнайшының тырнағына татымайды. Жұрт оқытса, балаларының мұнайдың оқуына оқығанын құп көреді. Қазақстан халқының күнелтіс көзін іздегендері осы Маңғыстаудан табылады. Жең ұшынан жалғасып, тамыр-тансыстық бар, жігіттер далада қанғып қалып жатырган жоқ. Мұнай кәсіпшілігінің үлкен бір транспорт болімін басқарып тұрған марқұм Жәкүлаев Артелбек ағамызға, бір танысы інісін жұмысқа орналастырмак болып алып келіпті.

Танысы, інісін жер-көкке сыйғызбай мақтап жатыр. Өзін мұнайшы қылмақ ойы болса, шектен шыққан қызық құлақ болсын мейлі, таныстырған мезетте оны қойдан жуас ете инабатты қылып, қазақ жерінде одан өткен салауатты адам жоқ қылып көрсетеді ғой, сірә. «Артық жүрісі жоқ, қылтың-сылтыңды білмейді, арак ішпейді, темекі тартпайды» – деп, қазіргі заманғы адам жиіркенетін әдеттің бәрінен алыстаташпайтын жатырса, Артелбек ағамыз «Әкеліп тұрғаның тірі адам ба өзі?» – деген екен.

## 40 ГАРМОШКІ

«Өленге әркімнің-ак бар таласы» деген Абай сөзінің, қай заманда да жаны бар сөз. Ой, жас кезінде басынды тауға да соғасын, тасқа да соғасын. Кім боларынды білмей, әліңе карамай әр нәрсенің басын шалып, шарғаң жетпейтін шаруага араласатының бар. Жиырмадан кейін де ақыл кіре қоймайды, бірақ соған дейінгі тірлігің жаңағы.

Сөйтіп жүріп әскерге кетесің, содан бір тоқтал қалсаның, қаласын.

60-тан бастап, 70-ші жылдардың басында, бүткіл Қенес жастары «ВИА» деген аурумен ауырды.

Бұл – вокальды аспаптық ансамбль деген сөз.

«ВИА-лар» дегенмен таза өнер үлгісі еді.

Қазіргідей «минус», «плюс» деп жазып алғып, аузынды кисандатып ән салғанның репетін жасап тұрмайсың, дауысың болса жарадың, болмаса «бұқаның сүзгеніне өгіз қуанады» деген, солардың қасында ысқырып қойып тұра бересің. Қайтесін енді, Құдай сені өнерден мақұрым қалдыrsa.

КСРО-ның астанасы Мәскеуден бастап, Манғыстауда Қаратаудың куысында жатқан біздің Шайыр ауылының өз «ВИА-сы» болды. Қырыққанда ансамбльдің құралдарының бағасы ұшынып тұр. Совхоз директоры өнерді түсінетін адам болмаса, ауыл әртістеріне аспап сатып алғаннан гөрі, қара қойға жем сатып алғанды ынғайлап, соны құп көріп отырады. Өнерін жүртты тамсандырып, оған Райком араласып жатырсағана, қорыққаннан сатып алып береді. Шайырда комсомолдар жиналышы болып, мүшелер қызыл кеңірдек айтысып жатырган көрінеді.

«Қоғамның малына жем-шөп жетпей жатырганда, гитар аламыз дегендерің ұят» – деп директор екі сөзben тоқтау айттыпты. Бірақ оған қоғамның жастары келісер емес.

Ойлап-ойлап тығырықтан шығар жол осы-ау деген болар, езі Қазалының ауылшаруашылық техникумын сырттай бітіріп келген жігіт еді, бас инженер орнынан атып тұрып «Жолдастар біз неге совхозға алақанымызды жаямыз, осы отырган комсомолдар, он сомнан жинасақ 40 гармошкі түседі, пажалысты естрады!» – депті

## ОТАН МЕН ШОТАН

Манғыстау өңірінде Тәжімаддин, Исамаддин деген ағайынды, орақ тілді, сөзді айтқанда түбін түсіріп айтатын, сөзге шешен шалдар болды. Тәжімаддин аксақалды көрдім, Шетпенің поштасында, ауылдарға ақша апаратын құзет бөлімінде, зейнеткерлікке шыққанга дейін де, кейін де ұзақ жыл қызмет жасады. Оның туысы Исамаддин Құрық бетінде қоныстанған. Исаекенің ұлы Отан көп жылдар бойы Ішкі

істер болімінде автоВИспектор болып қызмет жасады. Зан – кай заманда болсын жұртшылыққа ортақ болуы тиісті. Заның алдында сен президент бол, премьер-министр бол, бәріміз бірдейміз. «Тура биде тұган жоқ» дегенді шалдар осы турасында айтып қалдырып кеткен. Бірде Отаниң інісі Шотан жол ережесін бұзса, ағасы өзін қорқытайын дегенін, жүргізуілік күәлігін алып, мәшінін қантарып тастапты.

Жұрт әртүрлі айтады, бірі күәлігінен айырылған дейді, енді бірі үйіне көмір түсіруге іздел барынты дейді, қысқасы бір шал Шотанды үйіне іздел барған корінеді. Издеп бару себебінің соңғысы шындыққа жанасады.

Әлгі көрші шал Исамаддин ақсақалдан «Осы Шотан корінбейді ғой, маған бір керек болғаны» десе Исаекен «Отан, Шотанды ұстан алып, қара котан болып отырмыз, әйтпесе өзімізге де керек болып отыр» деген көрінеді.

## КҮЙКЕНТАЙДЫҢ БҮРКІТТІ ҰСТАУЫ

Тұнқараганның Кетік қаласында бір автоВИспектр ағамыз болған. Аты Күйкентай көрінеді. Баяғының шалдары, не соларды көргендер аталы созге тоқтап, сөз қадірін білген ғой. Алдында қылышынан қаны тамған әмірші тұрса да, сөзбен «Дат» сұрап, айтарын айтып кеткен. Қарадан шыққан дұрыс созге, хандар тоқтаган. Бірде қызмет бабында Күйкентай ағамыз, Бүркіт деген шопырды ұстан, әлгінің жүргізуішілік күәлігін алып қойыпты. Бүркіт те қайбір жөніне жүр дейсің, күәлік алуға тұратындағы бірдеңе бұлдірген болар. Бүркіт әлгі жайды әкесіне айтса, әкесі тас-талиқаны шығып кейіпті.

Баласына бір сөзді айттын «осыны сәлемдеме ретінде Күйкентайга жеткіз» дегі.

Әкесі айтқан сөзді Күйкентайга жеткізуі мұң әкен, ол қарқылдан күліп, жүргізуішілік күәлігін сөзге келмestен қайырып берінгі.

Бүркіттің әкесінің Күйкентайға жолдаган сәлемдемесі «О заманда, бұ заман, Күйкентайдың Бүркітті ұстаганын кім көрген» деген сөз әкен.

## ЕКІ МАТЕМАТИК

Баланы біз бала дейміз-ау, баланың білмейтіні жер астында. «Әкемнің ала өгізді үрлан сойғанын ешкімге айтпаймын» дегі бір бала. Баяғыда мектепте оқып жүргенде, барлық мұғалімнің мінез-құлқын, білімінің қандай дәрежеде екенін жатқа білетінбіз. Біздер жогарғы кластарда оқып жүргенде, мектебімізде мұғалімдердің жетіспестігінен өз мамандығы болмаса да, олар кез келген пәнді оқыта беретін. Есеп сабағынан беретін мұғалім, өзінің білетін әндерін барылдаپ айтып ән сабағын, химиядан беретін мұғалім өзі ілініп-салынып жүріп, дene шынықтыру сабағын жүргізе беретін.

«Бәрібір ауызша сабак қой» деп, біздің әдебиеттегі беретін апай, саудыратып оқып беріп ботаниканы оқытып жүрді. Алдыңғы партада отыратын Мұхит деген бала, апайдың козін ала беріп, «Ботаниканың» парагын аударып жіберсе, апай басқа тақырыпты оқи береді. Бұл баяғы біздің бала кездің оқигалары. Қай заманда да баланың аты – бала. Бір мектепте, екі ерлі-зайыпты математик бар екен. Келіншегі күйеуіне қарағанда білімділеу, таза өз мамандығының иесі көрінеді. Ал күйеуінің білім деңгейі недәуір төмен, институтта сабактан қалмай жүргесін дипломды ұстата салған болар. Баладан өткен сыншы жоқ, ағайдың математикага қараң екенін сезіп қойыпты. Есепті шығара алмай жаны қиналған адамның кейпіне еніп, ағайға бір есепті шығартып алады да, сол бойда ағайдың келіншегіне, өздері шығарған болып тексертетін көрінеді.

Күйеуінің балаларды алдарқатып берген шимайы екенін апай білмейді, терісіне сыймай ашуланып «Мына есепті шығарған адам мектепте оқитын адам ба, қай милау мынаны шығарған» деп ұрсыпты.

## ҚАЙЫН ЖҰРТТАН КЕЛУ

Біздің ауылдың жігіттерінің көп басбұзарлығы жоқ, бірен-саран есі бар тентектен құр да емес. Ел ішінде бір тентек кай ауылда да бар. Бір жылы біздің ауылға студенттердің құрылыш отряды келді. Аптасына екі рет болатын ауылдың би кешіне, жұмыстан соң олар да келеді. Қыздар жүрген жерде қыргиқабақ, қызғаныш еріп жүреді. Өздерінің шулап жүрген қыздары жетпегендей, олар біздің ауылдың қыздарына «ауыз» сала бастапты. Біздің ауылдың қыздары «өз жігіттеріміз бар» деп айтпапты. Күнде көріп көз үйрениесін бе ауылдың қыздарынан ғорі, басқа жақтың қыздары ерекше ажарлы болып көрінетін әдеті-ау, студенттерге де солай болған ғой. Құрылыш отрядының командирі біздің ауылдың дүкенші қызымен қоймай билепті. Менің Орынғали деген ағам бар еді «Командир болмақ түгілі құдай болсаң да» деп жақтан салып қалыпты. Қазіргі кинолардағыдай өлгенше тепкілеп төбелесу ол уақытта жоқ, ол уақыттағы төбелестің түрі сол – оқсаулы бір шапалақ. Ертеңінә әлгі командир, іші пысып отырган ауылдың ушасковойына барып, өзінің көрген қорлығын айтып беріпті. Бұрында да тентектікпен көзге түсіп жүрген ағамның зәресін алайын дегенін, әлде бөтен студентке коз қылғанын мелисанер жігіт Орынғалиды аудан орталығы Шетпеге алып кетіпті.

Бірнеше күннен кейін оралған Орынғалиға ауылдың бір шалы «Әй, бала, корінбейсің ғой бір жаққа барып келдің бе?» – деп сұрапты.

Орынғали «Екі-үш күн қайын жұрттыма барып келдім» – депті түк болмагандай..

## АСТРАХАННАН КЕЛГЕН КЕЛІН

Шетпенің халықта қызмет көрсету мекемессінде радио, магнитофон жөндейтін Ханша деген қыз болды. Өзі орысша оқыған, Астраханның қызы. Радиотехника деген, біздің қазақтың пайымдауынша қыз балаға қол емес жұмыс. Солай

десе де, Ханша қыз мықты маман еді. Ел ішінде тұрмыста қолданылып жүрген радиомыз бар, басқасы бар, бәрі орыстардың зауыттарынан шыққан, қара зілдей техника. Ол кезде не көп темір көп, орыстар қолға түсken темірді, шығарған заттарына онды-солды жамай береді. Ханша қыз, соларды шашып-жинап істетіп жатады. Дәмнің қайдан бұйырары бар, сейтіп жүрген Ханша біздің жақтың жігітіне тұрмысқа шыкты.

Әуелде өзінің де көзделеп келген мақсаты сол болу керек, сөз арасында айтатын «Әкем мені неде болса, елге бар деп жіберді» деп.

Келін болып түсken соң абысындары «Біздің жақта қүйеуіңнің жақындарын атымен атамайды, жанама ат қоюға тиістісін» депті. Күнделікті үй арасының қазақшасы болмаса, жалпақ қазақ тілін қайдан білсін, Ханша келін өзінің білгенімен, қүйеуінің жақындарына былай деп ат қойыпты.

Алдыңғы маңдай тістері түсіп қалып «қысылдал» жүрген қайнағасына, «Стерео қайнаға» деген ат беріпті.

Жаратылышынан мыңқылдал сөйлейтін бір қайнысын «Моно қайнýм» дейтін көрінеді. Жасы келгендіктен бе көзі жасаурап, жыпылықтап отыратын шалды «слабый контакттысы бар атам» депті.

Ауыл адамдары да қызық қой, Ханшаның келін болып түсіп, ат қоюын тосып жүргендей, оның қайнағасы бар, атасы бар, қайнысы бар, бәрін Ханша келіннің қойған атымен атап кетіпти.

## РАЙКОМНАН ҚОНАЙ ФОЙ!

Ертеректе күзет құралдарының жетіспестігінен, Шетпеде барлық мекемелерге адам күзетші қойылып, маңызды-маңызды деген мемлекеттік орындар, қатаң бақыланатын көрінеді. Аудандық Ішкі істер бөлімі қайта-қайта телефон шалып, оларды тұнімен тексеріп отырады, қанша дегенмен адамның аты – адам, қалғып кететіні болады, басқасы болады, тәртіп солай. Ішкі істер бөлімінің тұнгі кезекшілігінде

жаңадан келген жас мелиса жігіт отырса, түн жарымында телефон шар ете қалыпты. Кезекші абдырап-дабдырап тұтқаны көтерсе, арғы жақтан бір шіңкілдеген дауыс «Әлеу, бұл райкомнан Қонай ғой» – депті. Райкомның аты аталғасын жігіт сасып қалып, не болғанын сұраса әлгі шіңкілдеген дауыс, бір кабинеттің ашиқ тұрганын хабарлапты. Кезекші жігіт дереу бастықты оятып, екеуі салып жетіп райкомға келеді. Келіп, ашиқ тұрган кабинетті тексеріп, күдікті ештене байқалмаған соң қайтпақ болыпты.

Кезекші жігіт «Кабинеттің қожасы, бастық, Қонай ағай үйіне кетіп қалған болды-ау» деп ойлап, шақшасын салып алып шырт-шырт түкіріп отырган шалдан сұраса, қарауыл шал «Шырағым, Қонай деген мен ғой» – депті шалқайған күйі.

## ТОНАЛҒАН ДҮКЕН

90-шы жылдардың басында, азық-түлік тұрлері азайып, елдегі өтпелі кезеңнің жаңа-жаңа басталып жатқан кездері болса керек. Дүкендердің тек дүкен деген аты болмаса, ішінде қолга ілінетін түк те жок, қаңырап бос қалған. Ел ішінде жабайы сауданың қызып тұрган шағы, халықтың шатқайлап тұрган Кеңес үкіметінен үміті үзілген. Ауылдарда ұрлық күшейіп, малдың шашау шыққаны әп-сәтте қолды болып, қақсан қалып жатырғандар қаншама.

Бірақ әйтеуір ел тыныш, соғыс жоқ. Шетпедегі №2-ші мектептің артындағы ауылды «Қызылтұран» ауыл деп атайды.

Сол ауылда, маңайындағы елді күнделікті керек-жарағымен қамтамасыз етіп тұрган, шағын дүкен бар екен. Дүкеннің де дүкен сиқы жоқ, төбесін жалаң шифрмен жаба салған будка көрінеді.

Кешкі ымырттың кезі екен. Дүкеннің маңындағы үйлердің бірінде тұратын бір келіншек, жанынан өтіп бара жатып. дүкен ішінде қозғалып жүрген біреулерді байқап қалыпты. Дүкеннің қаңырап бос тұрганы екібастан белгілі, негізінде

елді борліктімей-ақ қоюға болатын жағдай. Жок, қалайда хабарлау керек, заман қалыптастырылған тәртіп солай, келіншектің қогамның мұлкіне деген көзқарасы қайдан тыныш жатқызысын, шу көтеріп хабарлап тастапты.

Дүкенде не бар, не жогы есеп емес, «Ұры түсіп жатыр» дегесін мұздай карулаңған 4-5 мелиса жетін келіпті.

Жалма-жан дүкенді қарауылға алып, біреуі күшейткішлен «Вы окружон, сопротивления бесполезно!» деп қаһарлы дауыспен команда берінгі.

Сонда қолдарын көтеріп шыққан «бандиттер» кімдер дейсіздер гой? Ол – біріншіде оқитын Ізболдың Сақтағаны, поліншіде оқитын Кәкімнің Тұраны, әлі мектепке жасы жетпеген сауатсыз Ақай корінеді. Ал дүкен баяғыдан бері ашық жатырған, есектердің түнемелігі екен.

## КҮРКІСІН МЕН БҮРКІСІН

Халықта «Хан жарлығынан, боқ жарлығы құшті» деген мақал бар.

«Халық айтса – қалып айтпайды» деген, бұл мақал ел ішінде сынақтан өтін, шалдардың басынан өткенсін айтылған мақал. Шал дейін десен шалға жатпайды, иығын жұлдып жеп тұрған жас та емес. біздің ауылдың бір шалы, тата-талтүстө абырайсызыққа ұшырап қалынты. Сырттан қарагандарга өзденен өзіндікі болғанымен. өзіне бағынбай кететін жайлар да кездеседі.

Қаннен-қаперсіз отырған шалдың әлден уақытта, артқы мүшесінен бірнәрсе «жылп» ете қалынты.

Болар іс болып, тазалық жұмыстарына кірісіп кеткен кемпірі, наразылық білдіріп жатыр «Бала емессің, шага емессің, осы үйдің басқа богы аз болғандай, мұның не?» деп. Қолындағы саналякпен маңайындағы шыбындарды үркітіп отырған шал «Кемпір айып етпе, күнде болып жатырған оқига емес, мен әншіейін құр «күркісін» шыгар деп ойлаган едім, ол «бүркісін» болып шықты» деп өз ісіне жауап берінгі.

## БРЕЖНЕВТІҢ ҚҰДАЛЫҒЫ

Әр ауылдың ақсақалы, өнерпаздары, шеберлері, әзілкеш қожанасырлары, сонымен қатар саяси шолушылары болады. Талай Шонтөре жеңгеміздің қолынан шәйін ішіп, совхоздың жыл бойына таусылмай айналып келіп тұратын жұмыстарын жасап, сол шаңырактың отагасы, Аманғали ағамызбен тиіп-қашып бірге жүрген кездерім болды.

Сол Аманғалиды ауыл адамдары Шайырдың «саяси шолушысы» деп атап кеткен. Жаздың алтабында сәл дамыл тауып, көлеңкеге отыра қалсақ, Ақаң әлемге шолуды бастаған кетеді. Көбіне шетел басшыларына женіл тоқталып, әңгіменің басым салмагы Қазақстан үкіметінің төнірегінде болады. Қайыптан-тайып облыс басшыларының бірі орнынан түсетін болса, оның орнына келетін жаңа басшының кандидатурасын Аманғали түспалдайды.

«Анау ма, оны қоя гой, қолынан түк те келмейтін адам» дейді бірінші үміткерді.

«Ә, анау ма, сол болып қалуы мүмкін, телевизордан көрсеткенде Қонаевқа өте жақын тұр еді» дейді екіншісін қызметке жақындастып.

Арада азгана уақыт өткенде Ақаң айтқан әлгі екіншінің суреті көлдей болып газетте тұрады, астындағы жазуында «Бәлен облысқа түгенше, обком хатшысы болып тағайындалды» деген тұрады.

Бір күні гараждың көлеңкесінде отырғанбыз, біреу қас пеп көздің арасында Қонаевты орнынан алып тастай қойды.

«Кой жоқ, айта көрмен, Брежнев тұрғанда Қонаевта ешкімнің шаруасы жоқ, олар деген жұмысты былай қойғанда құдамдал адамдар» – деді Аманғали.

Анадай жерде марқұм Құшікбай деген ағамыз үнсіз тыңдалап отырған «Сен не Аманғали е....ть, солардың құдальығында болдың ба?» – деді.

## ЗҮЛҚАРНАЙ АҢШЫ

Бірде шөп ауылда шөпшілердің еттері таусылып қалып, он шакты құндей қызылсыз қалыпты. Қазіргі «Қаламқас» кенорны, ол кезде совхоздардың жазғы мал-азығын дайындайтын шабындығы. Сары ала таңнан күн ұзағына загон басында, тыным таппай жүрген шөпшілерге дұрыс әл беретін ас болмаса қын. Өзектері талып, көздері қарауытып әрен жүреді.

Совхоз біруақытта ет әкеліп бергенше, жағадағылардың күйлері кетіңкіреп қалыпты, нан-шәй бар, сонда да әр тамақтың өз орны бар. «Қаламқастың» корымында аң босып жүреді, бірақ оны аулауга үкіметтеген ықтияр жоқ.

«Құдай сақтасын, бірлі-жарым қоян үшін итжеккенге айдал жіберер дейсін бе?» деп тәуекелге бел буып, жігіттер аңға шықпақ болыпты. Тракторшы Зұлқарнай жан-жагына жалтақтап келе жатып, байқамай бір корымга еніп кетіпті.

Қасындағы марқұм Мақсат деген інім «Ойбай, Зұлқарнай құрыдық, мынау «Қаламқастың» зираты ғой» – депті.

«Қазір, тоқтай тұр» деп Зұлқарнай трактордан секіріп түсіп, қорымға беттепті.

«Құран оқып тұрған шығар» деп Мақсат Зұлқарнайдың артына келіп құлақ салса Зұлқарнай «Ал енді Қаламқас бізді кешірерсің, ауылда ет жоқ болған соң шығып едік» – деп қазақша кешірім сұрап тұр екен.

## ТОБАНАЯҚ

«Ауру – астан» деген сөз бар, оның да жаны бар пайым. Жатарда бір табақ етті жеп аламыз, органдай кесемен бір кесе сорпа оның үстіне тағы ішіледі. Барлығы аз болғандай жатарда бір зерен болса шұбат, болмаса қара көжені сарылдатып қарын сорлыға тағы төңкере саласың. Ертегінен шаруада жүрген баяғының қазагына бұл тұқ өмес, ал күні бойы шои басын сыйырмай, пештің түбінде қазан аңдып жататындарды, кеселге шалдықтыратыны рас.



«Ой, ата-бабаларымыз бір қойдың егін, бір озі жеген»ден ғүкіді кейбіреулер, ол қазақтар – қандай қазақтар. Қазіргі қазақпен деп жүргендерді бұрынғылармен салыстырудың тіпті келісі жок.

Бір шал баласына ренжіп «Атаңа нәлет осы құнгінің балалары, қырыққа дейін ішіп-тынып бала болады, қырықтан кейін ауырдым деп шал болады» – деген екен.

Біздің ауылдаң бір шалты аяғы ауырып, дөгдірга барса «Шал, етті азайту керек, аяғыңыздың бастырмауы содан» – депті.

Өмір бойы еттен басқаны астың қатарына жатқызын көрмеген шал «Айналайын-ау, барлық қазақтың тобанаяқ болуы қалды десеңші» деп, қолын бір сілтеп шығып кетіпті.

## «КЕПТЕР ЕНЕ»

Біздің ауылда Көгершін деген бір кемпір болды. Жасы сексенді толтырып, тоқсанға аяқ басқан. Жас кезінде бір көлдің құрагын бір өзі шауып тастантын шалымды, қайратты болған деседі, кемпірдің жас кезін көргендер. Бірақ оның жастық шагын көргендердің өзі де алжудың аз-ақ алдында жүргендер. Кемпірдің дүлей қайратымен қоса мінезі де бар. Бірақ жақын келіндері оның аузынан бірде-бір қарғыс естіп көрмекті. Торғай үркітетін каяхары болмаса да, қарғыстың иебір түрін қойдай шұбыртатын кемпірлердің талайын көрдік.

Көгершін шешеміздің атын тергеп, ауылдаң үлкен келіндері «Кептер ене» дегенге, кеше түскен кішілері де енікім оқытпай-ақ солай атап кеткен.

Ауылдағы тентек қыздардың біреуі «Мына талқаны шығып жатырган кемпірдің атын, Көгершін деп кім қойды екен?» – депті кемпірді сойлетпек болып.

Қырсық қыздың сұрағына ең болмаса екі минутта ойланбастан «Әй, сениң мысықтан сәл үлкен әкециңің атын да Жолбарыс деп қойынты гой, сойтіп қоя салған да» – депті.

Бірде сол үйдегі ағаларымның бірінде шаруам болып. Көгершін шеншемінің үйіне бардым. Барсам үлкені де, кішісі



де күндері жақындал, тап бір тапсырыспен болғандай екі жеңгеміздің екеуі де босануға Шетпеге кетіпті. Үйде бір-біріне тіркескен, ұбірлі-шұбірлі жеті-сегіз бала, отқа салған тамызығы бықсып жанбай, көктүтіннің ортасында Көгершін кемпір жүр.

Келіндерінің қайда кеткендігінен бейхабар мен «Шеше миңау не жүріс, отырмайсың ба, Құдай-ай, тобанды айтып, жеңгелерім қайда?» – демеймін бе баяғы көнілмен.

Бір қолтығына бір немересін қысып алған, екінші қолымен қазандагы қайнап жатырған әлденені былғап жатып «Ерекенжанбысың, ей шырағым, мен еріккенен әйел болып жатыр дейсің бе? Осы үйдің менен басқа қатындарының бәрі буаз» – деді шешем.

## ҮСТИРТТЕГІ КЕЗДЕСУ

Бір жылы жазғытұрым обкомнан барлық шаруашылық басшыларына, өз көліктерімен Үстірт жеріне жету жөнінде бұйрық келіпті. Үстірт жерінде бір нысаналы орын белгіленіп, оған бірінші хатшы тікұшақпен барады, бұлар сол мезетте оны қарсы алуға дайын болуы керек. Жолда совхоз директоры Қапан шыдамсыздынып шопырынан «Япырымай, біріншімен қалай амандастан жөн болады?» – деп сұрайды. Шопыры да күнде қасынан өріп жүрген жоқ па, иығын қиқаң еткізіп білмейтіндіктің ишарасын жасапты. «Ассалау мағалайкүм!» десем ескіліктің белгісі болады-ау, ә» – дейді шопырына тағы көз қызығын салып.

«Біздер жаңа заманың адамдарымыз, «сәлеметсіз бе» десек те оғаштығы болмас, ә?» – деп шопырына қараса, ол тағы да иығын қиқаң еткізіпти.

«Совхоздың ақшасын жегенде менен сұрап жатырған жоқ, бұл неғып мені адам есебіне қосып отыр» деп шопыр жігіт ішінен тынып, сазарып отыр.

«Осы сірә, біреумен амандастып көрді ме екен, мен кімнен ақыл сұрап отырмын» деп директор одан құдерін біржола үзіп күрсінді. Бұлар межелі жерге жақындағанда гүрледеп

анадайдан темір құс та көрінді, Қапан директордың самайынан шып-шып тері саулай бастайды. Сасқан директор көлдей болған тұмсық орамалын алып, басын тұмшалал үстінен қалпағымен бастыра салады. Тік ұшақ елу-алпыс қадамдай жерге келіп қонып, аудан басшысы бастап совхоз директорлары емпендел соңынан ере жөнеледі. Жұрттың бәрімен қол алысып амандақан ол бұған да таяп келеді. Басына көлдей матаны жауып, үстінен қалпағымен бастырып алған, онысын ұмытып кеткен Қапан біріншіге қолын соза «Ассалаумагалайкум» деп жәмпендел жатыр. Өзін мынадай формада қарсы алған директорды бұрын-соңды көрмеген бірінші «Мынау кім?» – депті оған үркесоқтай қарап. Сол кезде ауданның біріншісі «Бұл пәлен совхоздың директоры, түгенше» деп таныстырыпты. Соңда облыстың бірінші басшысы Саламат Мұқашов «Мен мұны Кувейттің молдасы ма деп қалдым» – деген екен.

## ӘЙТЕУІР АДАМ АЛҒАН!

Откен ғасырдың 90-шы жылдары бақылық болды, біздің ауылда өзі жалғызлікті Тенел деген ағамыз болды. Өзі аурушаң соған байланысты зейнеткерлікке ертерек шыққан адам. Оның жалғыздығын ескеріп, ауыл жұрты үйлеріне тікелеп барып жатыrsa ешкім де оған «кет» демейді. Қасиетінің қандай екенін білмеймін арасында құмалақ ашатыны бар. «Біреулер айтқаны дәл келеді» десе, екіншісі «коның айтқаның қой» деп шалдың аруағын теріске шығарып жатады. Жұрт шалдың сәуегейлігіне сенбесе де, аруактың аты аталғасын сыйлап бес-он тындарын беріп жатады.

Ауылда көптеген жылдар басшылықта болған, орынсыз көп сейлемейтін Рахыман деген ақсақал болды. Күндердің күнінде Рекеңнің балаларының қозы-лағын қайырып жүрген есегінің ерін біреулер алып кеткенін, әйтеуір ұшты-күйлі жогалыпты. «Анау-мынау десек те, көлік екен есек те» деген есек дегенің ауылда дұрыстап бабын тауып мінсең ортан қол көлік санатына қосылады. Есегі бар үйге жарлылық жок.

Рахыман шал әркімдерден сұрап, әбден торығып келе жатыrsa алдынан Тенел шал қарсы кездесіпті. Ауылда құмалақшылар көп күй талғап жатпайды, кез келген жерге отыра қалып, аруағын шақырып, құмалағын шашып жіберіп, сөйлете береді. Хабарсыз кеткен есегінің ері, бытырап жатырган құмалақтардың арасынан шыға келердей дәметіп Рекең отыр. Құмалақтың ашылу тәртібімен Тенел шал тастарды орын-орындарына орналастырып болған, енді тек есектің ерінің қайда екендігін айтуды қалды. Біраз ойланып болған Текең өзі ойынан шығарып қойып қалғанын, әлде аруақтар дұрыс хабар айтпағанын «Реке! Ерінді әйтеуір адам алыпты» деген екен. Адамнан келген пәле екенін Рахман шалдың өзі де «жобалап» тұрған. «Рас шығар» деп Тенелге орамалын беріп үйіне қайтыпты.

## ОНАН ӘРМЕН!

Бұл берігеректе болған оқиға. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін байланыстың жана түрі ұялы телефонды пайдалана бастаған уақыт. Жақсыны жақсы деу керек, бұл жүртттың бәріне таптырмас байланыс құралы болды. Жақсы дүнияға тағар сын көп, біреулер «Ойбай бұл тек ауыртпай-сырқатпай арам қатырады екен» деп жар салды. Неде болса бұл байланыстың пайда-зиянын, ұялы телефонды жасаған жігіттер біледі.

Біздің де балалар өсіп келе жатыр, олар да адам аузын аштыратын ғаламатты жасап шығарар.

Бір кемпірдің қызы «вешірге» кетсе, сол түні хабарсыз, ұялы телефоны ажыратулы, онымен таңға дейін байланысудың сәті түспепті. «Қызға қырық үйден тыйым» салған қазақ әрине уайымдайды. Таң бозарып атып келе жатырганда, шошып оянған кемпір қызынан тағы бір хабар алмаққа үмітгеніп соқса «Абонент байланыс аясынан тыс жерде» деп қайта-қайта қақсай беріпті.

Ашуы терісіне сыймай тас-талқаны шығып кейіген кемпір «Неге ол байланыс аясынан әрмен кетпейді» депті тістеніп.

## БАЛАЛАРДЫ АЛАСТАТУ

«Қазақстан-Ақтау» телеарнасына Иманбай Жұбаев басшылық жасап тұрған жылдары, жаңа көптеген жобалар жасалып, сонымен бірге арнада қазақ дәстүрлерге жол ашылды. Маңғыстауда 14-ші наурызды, үкіметтің жыл басын қашан тойлаганында шаруасы жоқ ықылым замандардан бері жергілікті халықтың өзі жаңа жыл ретінде белгілеп қойған. Осыған орай Иманбай жергіліктілердің ежелгі дәстүрін қатерге алыш, «Амал келді – жыл келді!» деген теледүниені өмірге әкелді.

Арнадағы техникалық болсын, творчестволық болсын мамандардың жанкиярлық еңбегінің арқасында Маңғыстау жұртшылығын дүр сілкіндіріп, көне дәстүрді бүгінгіше айшықтан бұткіл қазақ сліне паш етті. Алғашкы телевизиялық жоба теңіз жағалауында түсіріліп, оны тиіп-қашып Қазақстан ұлттық арнасы да көрсетті.

Бір жылды амал мейрамы тұсында, Маңғыстау телеарнасының ауласында мал сойылып қазан котеріліп, шағын мереке ұйымдастырылды. Көп данғыра қылып елді шулатпай-ақ, шағын бағдарлама жасап, арнаның ардагерлеріне қонақасы берілді.

Жастарға имандылықтың шапагатын сініру үшін, ішімдік атаулыны көрсетией кәдімгі баяғы қазақ дархандықпен қоңіл котеру ұйғарылды.

Жастың аты жас «Мә, мынаны алыш жібер» деп үлкендер қот-қоттап жатырса, осылардікі дұрыс екен деп тұмсықтың астынан тартып жіберуі әбден мүмкін ғой.

Ал «болмайды!» деп үзілді-кесілді тырым салса, оған да көне қояды. Былай ойлан қарасаң бар пәле шалдардан келетін сияқты. Олар дұрыс болса, балалар да тырп ете алмайтын секілді. Әркім жүрекжарды әңгімесін айтыш, шын табиги құлқімен құлісін, бір-біріне адал ықыластарымен тілектерін тілеп, кәдімгі адами отырыс болды.

Шәй ініліп, тамақ желініп болған соң Орталық мешіттен шақырылған молда жігіт Құран оқыды. Кешкі эфирге

шығатындар өз қызметтеріне кетіп, жұрт саябырысған кезде қайдаң келгенін білмеймін арнаның екі шоныр баласы жалипылдан жетін келгені. Шоныр деген атағы болмаса екеуі де бала, анда-санда шайып кететіндері қайда кетсін.

Иманбай екесүін іркестіріп-тіркестіріп тұрғызып қойып, молдаға мойнын бұрып «Ал, Молдеке, мына бір екі жігіттің аздап жұмыстың тәртібін көп емес, анда-санда тәрік ететіні бар, осыларды жаман қасиеттерден аластатып беріңізші?» дегені күліп.

Молда «Ол дегенің тірілердің бәріне жалпы бірдей қасиет, жігіттер уақыт оте өздері қояды» деп күліп артын әзілге айналдырды.

Мен бар, белгілі тележурналистер Талгат Атшыбаев, Садат Өтесбай, Мәлік Әндірғалиев және арнаның бас инженері Сапарбай Нарымбетов, оператор Бейбіт Нұрсейт бар, өзімізбен-өзіміз отырғанбыз.

Әлден уақытта назарымен біз жақты бір шолып өткен Иманбай тағы да молдаға қарап «Ал Молдеке, балалар балалар-ау, ішімізде бұлдіріп қоятын шалдар бар, оны қайтесің?» дегендеге бүткіл ариа қызметкерлері ду күлгені. Ду күлкінің себебін арна қызметкерлерінің бәрі біліп отыр.

## БЕГУДИ

Таңғы тәтті үйқыдан Гүлзира апай оқыс оянды. Жалма-жан қолсагатына қараса, сабак басталуға жиырма-ақ минут қалыпты. Сабакқа бір минут кешігіп келген балаларды, жерден алып, жерге салатын Гүлзираның өзі солардың жолын құшқалы тұр.

Балаларға ұрыса бастаса «Откендеңі өзіңіздің кешіккеніңіз қайда?» десе бұл не деп жауап береді? Сыныбындағылар да тырнақ астынан кір іздел, мұның кемшілігін тізбелеп жүреді. Әншейінде байғыз құсқа ұксап какылдап, оянбасыңа қоймайтын қытайдың жұдырықтай сағаты, тілдері салбырап тоқтап қалыпты.

«Мектептің асханасынан түсте бірдене қаузай жатармын»

деп оразасын ашпастан, апым-ғұптың киінші, тіпті айнаға да зер салмастан үйінен шықты. Төмен түсे бергенде қарсы кездескен екі саудагер жігіт, тұра қалып, бұған ерекше назар аударып қарады.

«Маймыл көргендей немене соншама ауыздарын ашып» деп ойлаган Гүлзира, тоқтап сөз айтуда уақыт тар, олардың жаңынан бастапқы қарқынымен өте шықты. Сыртқа шыққаны сол еді, үй жаңындағы теректерді суарып жүрген, сары құртелі үш келіншіек, жұмыстарын кілт догара салып, бұған олар да аңтарыла қарады.

«Өткен-кеткендерді түгендең ауыздарын ашқанша талдарын дұрыс суармай ма, бұлар өсекке материал ізден тұр» бұларға да бір-екі ауыз бірдене айтып тастауга, әттен уақыты жоқ. Сол екпінімен мектепке жақындал келді.

«Сәлемәтсіз ба, Сәлемәтсіз ба?» деп сонадайдан жамырай шулайтын, озі жетекшілік ететін сыныптың оқушылары да, амандаспақ түгілі айқай-шуларын сап тыйып, бұған үркे қарап тұр.

«Негып тұрсындар ауыздарыңды ашып, соғылып жатырған қонырауды, ең болмаса біреуіннің ана қалқиған құлактарын естімей тұр ма, әлде сендер үшін құдайдың құтты құні директордың алдында мен тұруым керек пе?» деп жолай тәрбие жұмыстарын жүргізіп барады. Алдынан кездескен мектептің бар мұғалімі, қарауыл шал, әден сыпырушылар, мектептің маңайында жыбырлап жүргендердің бәрі бұған қашқақтай тосырқап қарап тұр. Сәл ертерек болғанда бәрін бір тұқыртып жіберетін, әттен уақыттың тарлығы. Кіреберіс дәліздегі айнаға көзі түсіү сол еken, Гүлзираның өзінің ауызы ашылып тұрып қалды. Сөйтсе үйкіга жатар алдында басына салған «бегудилер» сол күйінде тұр еken.



## **УШІНШІ БӨЛІМ**

*Ауыл әңгімелері*



## БӨПІШ КЕМПІРДІҢ КЕЛІНІ

(Оңғарме)

Бөпіш кемпірдің бір арманы – келін түсіру. Шалының бақиляқ болғанына он жылдай уақыт болды.

«Күні бойы желкем ұйып, басым ауырып, мазам болмай» дейтін, марқұм тракторының доңгелегіне ауа ұрлап жатын құлап, тілге келмestен үзіліп кеткен. Желкілдеген жас емес, еңкейген кәрі емес, жасамыс елуінде жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, соны қайтсем қатарынан кем етпей жеткіземін дең, көнітен қалмай қоңыр тірлік кешті.

«Артында бар – оңалар» деген, шүкір ұлы ержетті. Әкеден қалған қәсіпті жаңгастырып, тракторшы болды.

Ел қатарлы бір «шүйке басты» келін етіп түсіріп, Алла оңынан беріп, солардың жас шаранасын іскесе, кемпірдің бүл дүниеден отсе де, арманы болмас еді. Баласына айтады, құлғының стін жей-жей шала жасы құрыды. Тойға дең бакқан ісектер де қартайып, тістері түсіп жұларлығы қалмады. Келін жайлыштың көзгальса болды, баласы ішін жаткан шайын тастап, кесесін тоңкеріп, дастарханин тұрын кетеді. Бірақ, кейінгі кездері «келін тақырыбына» еті өлін кеткені соңша, қою шайды сораптан ішіп, шешесінің салған сартабайын естімеген мылқау адамдай, жынынан айырылған бақсыздай болып міз бакпастан жата беретінді шығарды.

Жұрттың баласы бесіктен белі шықпай, тіпті, тұмсығының асты дегдімей жатып үйлі-баранды болып жатады. Күні кеше гана шаң-шаш болып, тауықтың кетегіне кіріп, жасырынбак ойнаш жүрген корін үйдің Тәкені. корші ауылдың қызын алып қашып келгенде, Бөпіш кемпір біршама уақыт өз-өзіне келе алмай қалған-ды. Мұның баласы жасы отыздың үстінен шығып кетсе де, акталанған бұқадай үргашымен ісі жок.

Бөпіш кемпірге ауылдағы әркімдердің келін алған тойына барғаннан өткен азап жоқ. Төрт құбыласы түгел, озі катар кемпірлер әңгіменің корінін ұрлап, абысын-ажынды бірін-бірі қажап, ешбір уайымсыз тойдың жылы-жұмсағын тістеріне



басып, немерелеріне ариап кәмпіт-сәмпіттерін алып жатқанда, мұның ішкен асы тамагынан өтпей, әркімге бір жалтақтап отырганы. Кейінгі кездері той-садақаны да сиретіп, басыр болып жатып қалатынды шығарды.

Баласы кейде тракторын тарылдатып түннің біруағында келеді.

Үйге енді-ау деген шамада Бөпіш кемпір ыңқылдай бастайды.

«Осы үйдің адамдары мен келсем-ақ болды, ыңқылдай жөнеледі екен» – дейді баласы шешініп жатып.

«Сен, сен мені ыңқылдатып қойған» – дейді ұрынарға қара таппай жатырган шешесі. Сонымен әңгіме тамам болады. Тоңазытқыштан аузызына шөкімдеп бір нәрсе салса салады, салмаса, әкесінің тонын жамылдып, шешесінің жанына қисая кетеді.

Қай мейрам екені есінде жок, баласы бой жазып келуге қалага барып келген. Ойында дәнене жок кемпір оның жол сөмкесін ақтарып отырганда, ішінен қопыраған сары шашты орыс келіншектің суретін тауып алды.

«Қопыраған түрі жаман екен, өзіне ұнаса болар» деп, жүргегі алып-ұнып қуандың қуанышы көпке бармады. Сойтсе, онысы телевизордан, Мәскеуден ән шырқап жүрген кекселеу келіншек болып шықты. Дегенмен, «ұмітсіз-шайтан» деген, жаксылықтан кемпір күдерін үзбеді.

«Шалы тірі болғанда біреудің қызын айттырып та болса, алып берер ме еді, қайтер еді» деп, жетім кокірек кемпір кейде кемсендеп козінің жасын сығып, қосағын еске алады.

Мамыр айының басы болатын. Жер бусанып, көбік қарда бір, көктемеде бір тоятын уак малдың аузы көкке тиіп мәрсәре.

Бір тәмен етектінің жоқтығы болмаса, баласы шаруага мығым. Қоралары, бау-бақшасы сақа тастай, аулада көлденең жатқан бір тал шөп көрінбейді. Жерден өз бетімен шоп үзіп үйренсін, әйтпесе, бара-бара малдың мойыны жетпей жүрер деп деп ойлап, жас ботасын қорадан шыгарып, Бөпіш кемпір тынығып беткейдегі жалғыз ағаштың түбінде отырган. Бұдан

екі-үш күн бұрын қой ауылға әлденелер тиеп кеткен баласы тракторын үйге бағыттатып келеді.

«Тамагын өзі ысытып ішер, жас малдың қатесі көп, ойнақтап жүрген ботасы құлап, мертігіп қалар» деп ойлап, біраз байырқап отыра тұруды жөн көрген. Ұлы тракторын оңай оталдырып кету үшін үй алдындағы еңеске қоюшы еді. Бұл жолы олай істеген жоқ аулаға жанай тұрды.

«Жетпегір, бірдене ұрттап келді-ау шамасы, жылқыдағы Амалбай құрдасы екеуі біріксе, бір оқиға болушы еді, сөйткен ғой» деп орнынан қозғала бергені сол еді, көйлегі қызырып трактордан түсіп жатырған біреуді көзі шалды. Ауызын ашып, бір-екі адым аттап тоқтап, анықтап қарады. Шынымен әйел заты. Бөпіш үйге қалай жеткенін, әншейінде өте алмайтын арықтан қалай өтіп кеткенін байқамай қалды. Аулаға енгенде көзінің түскені, қолдан жасалған ағаш сәкіде ұлы бір қызға әлденелерді айтып құліп, әңгімелесіп отыр. Мұны көрген қызы ұшып тұрып, жылы жымысып сәлем берді. Жүрегі ауызынан шығардай болып қатты соқты кемпірдің.

«Сап, сап көңілім! Жүрегі құрғыр қайтер еken, сап, сап!» деп өзін-өзі әзер тежеді. Құдды бір тәтті түс көріп жатқандай. Жоқ, өні еken. Жүзі күнге тотыққан, қара торының өндісі, адам үрікпес қызы еken. Елтен-селтең артық қимылды жоқ, ибалы жан еkenі аяқ басқанынан-ақ білініп тұр.

«Құдайдың да маған қарасқаны шығар, қашанғы сарылдыра берсін» – деп күбірлеп өзіне-өзі тәуба айтты.

«Гүлжаннның кешкі автобусқа отыруы керек, сырттай оқиды қалада» – деді ұлы.

«Бұл кімнің қызы еді?» – деп, еске түсіре алмай тұр еді атын атағанда барып таныды.

«Е, Төреғұлдың Гүлжаны еken ғой. Шешесі аурулы болып, жас інілері жетіскеңше тым-тәуір оқуын тастап, мал ауылда жүр» дегенді талай естіген. Баласымен жасты қыздар енді барап жеріне барып болған болар деп қыздарды түгендегенде, Гүлжан қызы кемпірдің есебіне тіпті кірмепті де ғой.

Бөпіш кемпірге тыңнан күш қосылғандай болды. Қолды-аяққа тұрмай зыр жүгіріп дастархан жасады.

Тұстің қайтуында қыз қол сөмкесін алып жүргелі тұрып, кемпірге іш тарта қарап «Сау болыңыз» деді. Қыз артынан ұзақ қарап шыгарып салған кемпір үйге бұрыла бергенде, ұлы алдынан шықты күлімдеп.

Жүзінде шексіз бақыттың, адам айтқысыз қуаныштың нышаны бар еді.

«Гүлжан екеуміз осы жазда бас қосатын болып шештік, тойға әзірлен» – деді шешесіне жасқаншақтап қызарақтай қарап. Бөпіш кемпір жарты жасқа жасарғандай болды. Өмірде көрген азабы, қайғысын бір мезетте ұмытып кетті.

«Дәм, бұйырмыс деуші еді бұрыңғылар, осы еken ғой» деді ішінен.

Сосын өзіне-өзі «Жаңағы неме не айтты? Жазда деді ме?» – деді.

Жаратқанға алғысын жаудырып, Құдайға мың да бір шүкір айтып тұрып «Жаз қайда-а... енді құдайдың күні өтіп болар дейсің бе?» – деді.

Дегенмен, сол күні Қаратаудың қойнауындағы ауылда бір уыс болған қара кемпір Бөпіштен бақытты адам жоқ еді.

## КІРПТАР ТІРЛІК

Құмардың өндірісте жасағанына бірнеше жылдың жүзі болды. Өндіріске талап қылғанға дейін жұмыссыздарға төленетін өлтірмейтін де, күлдірмейтін де жартымсыз тиын-тебенге телміріл, бала-шагасын тентіретудің аз-ақ алдында жүрді.

«Бір заманда туып ауызымызды аққа тигізеді» деп жүргенде ұры-қарының пышагына ілініп кетер деген оймен, қара інгеннің ұргашы тайлағын күзге салым жаратып сатып, әжептеуір пұлға айналдырған.

Ешкімнің ала жібін аттамайтын ақтығына Құдай жақ болды ма, әлде үйелмелі-сүйелмелі төрт баласы мен жер козғалмаса қозғалмайтын момын келіншегінің несіbesі ме,

тамыр-тәнисстарын жағалап жүріп, ойламаған жерден өндіріске жүргізуі болып орналасты. Өзімен тетелес, бірер жас үлкендігі бар тәнисының арқасы, қала берді, «ине өткен жерден жіп» өтетіні бар, тайлактың пұлының недәуір септігі тиді.

Алғашқы жылдары мұның ауылдан келгендейгін көлденең тартып, алдыңғы-артқы шамдарынан жүрдай, кәбенекесінің есіктері он ұрғанда әзер жабылатын, резенкелері таз адамның басында жалтырап, кей жерінен кәмірі көрінген, әйтеуір мәшін деген аты бар ескі «Маз»ды мұның құзырына берген.

Жанкешті енбегінің арқасында, бұрыннан істеп жүрген жігіттер қол ұшын беріп, жамап-жасқап, әйтеуір тоқтатқан жок.

Үш жылдың жүзі болғанда, жұмысқа үйренісіп әбден сіңіскең колонбастыққа «Жаңа болмай-ақ, ескінің тыңы болса да» деп құлаққағыс еткен.

Колонбастық мұның сұранысын жүре тындал «Бір реті болар» деді езуіне зымиян жұмысқы құлкі үйірліп.

Сонысын Құмарға бір көзін сығырайта шекесінен қарал тұрып «Ақысы болса, боқысын шығарамыз» деп өзінің малтабар мақалын қыстыра айтқан.

Уақыт бір орында тұра ма «бір реті болармен» тағы бірнеше жыл артта қалды.

Нендей пәлесі бар екенін қайдам, Құмардан бұрын келгені бар, кейін келгені бар, техниканың иісі мұрындарына бармайтын, бұранданың он-терісін білмейтін біреулер жаңа көлікке ие болып жатады.

Жастайынан марқұм әкесінің жанынан бір елі қалмай. оқуға онша құлқы болмаса да, темір-терсекке бейім болды. Мұның оқуға ынтасының жоқтығын бас қондырысынан байқады-аудеймін, әкесі сегізіншіні бітіргізіп, СПТУ-дан бірақ шығарды.

Мектепте оқып жүргенде мұғалімдер қит етсе «СПТУ-ға жібереміз» деп, абай-коқай жасайтын. Адамның жүрегін ұшыратында мұнда оқып жүргендердің де байлаулы жатырғандары жок, өзі құралпы әр ауылдан келген балалар

екен. Рас енді «ел ішінде бір тентектің жүретіні» сияқты, бірен-саран қызық құлактар арагідік ұшырасып жатады. Ақыл-есінде ақауы барлар бұл жерде жок, мұғалімдер де мектептегі секілді мұғалімдер. Тіпті шектен шығып бара жатырсан, аздал қағып жаскайтындары бар енді, ондайлардан мектеп те құр емес.

Әскерге барған жылдары да жүргізушіліктен қол үзген жок.

Үйленді. «Қайда барып қаңғып жүремін» деген оймен ауылында өзінің үйреншілкі кәсібін жалғастырып, бала-шагасының жаңында болды. Құмардың ауылдагы бейқам тірлігі ұзаққа бармады. Өп дегениен жекешелендірудің қақнашына бірден түсті. Еңбек санаты аз болғандықтан, астындағы иәпақта тауып жүрген «кокқасқа» мәшиіні басқа бір пысықайға аударылған берілді де, мұның еңбек үлесіне мұрнынан су акқан, қояннан сәл мазарлырақ тіпті қыстан қалай шыққаны белгісіз арық бес тоқты тиді.

Әкеден дарыған шопырлық кәсіп. Құдай оң қозін салып, енді міне өндірісте жалғасып жатыр. Мұндағылар Құмарды «ауылдық» деп қырын қарғанымен, көп жүргізуі мұның лактырған таяғын әкелуге жарамайды. Ауылда жүргенде оңдірістегілерді бұл құдіреттен бетер көретін. Үйренісе келе қай шопырдың қалай шопыр болып жүргендігі айқын көріне бастады. Қөлігінің қалай оталын жүрстіндігін білмейтін бағзы біреулерді бұл таңгергендісін талай сүйреп сауабын алған.

Бірде өзімен бірге жұмыстас шала қазактың «ТАТРА»-сы аяқ астынан от алмай қалды. Орысы бар, қазагы бар, техниканың кара суын кері ағызатын, осы қалай деген бірнеше шопыр қанша шұқышса да, «ТАТРА» міз бақпастан мелшииң тұрып алды. Қамшылан алуга – ат емес, жансыз, тұтаскан темірдің үйіндісі. Әншайінде Құмарды қөзге імлейтін, көрген жерле сөлемін көңілінің хошы келсе берін, келмесе кердеңдең жанынан оте шығатын қаланың шала казагы, орысша-казашасын араластырып, өзінің білген «қойыртпагымен» бұғап қолқа салды.

Бір-екі рет өтірік бұзданып соцынан жүгірткісі келіп еді,

соңынан «қой құрсыншы байғұстың бала-шагасы бар шыгар» деп, ол ойынан айнып қалды. Қолігі сыр беріп жатыrsa әлі бүгежекtep алдына талай келер-ау. Құмар «ТАТРА»-ның ақауының ток жүйесінен екенін бірден шамалады. Жұдырықтан кішілеу «ақ бөшкені» алып тастан, орнына «советский» ақ бөшкені қондырып, оталдыргышты басып қалғанда, «ТАТРА» жарықтықтың гүр ете қалғаны. Анасы анау жерінен, мынасы мына жерінен деп сәуегейлік айтып түк шыгара алмаған, тілсіз темірдің «сырқосының» не екенін білуге адыраңдып жеткен әрітестеріне «Бәлендей еш нәрсе болмапты» деп, қырық құрау ескі қолігін тарылатып кете барған.

Сөйтіп жүрген Құмар күндердің күнінде автобазга тағы бір топ жаңа мәшіндер легінің келгенін естіді.

Құдайдың қайдан берері бар «Осы жолы сәті түсіп қалар» деген есек дәмемен бастығының есігін қақты. Өндірісте коп жыл жасағандығын, қолігінің ескі екендігін, сондықтан келіп тұрган жаңа қоліктің біреуін сұрап жазған арызын да өзімен бірге ала кірді. Ішке енсе танауы қонқиған қавказдықпен бастық оңаша отыр екен. Қоңқи танаумен әңгімесін үзбестен ымдал, арызды қолына алып, атусті немкеттілеу көз қырын салып шықты.

«Тәк, Құмеке былай екен, мына жігіт «железнодорожный» бітірген екен, осыған бергелі отырмыз, бізге болінгені бір-ақ қолік, алды-арты бұл емес, бір реті болар» деді. Құмардың ашудан жүрегі тоқтап қала жаздап, каны қәдімгідей көтеріліп кетті. Жағасынан ала кетуге, бұл жұмыстан шығып қалса, қалған өмірінің соңына дейін қаңғып қалатынын ойлад, өзін әзер текеп қалды. Солбырайып қоңқи мұрынның көзінше шығып кету, тірілей жерге кіргенменен бірдей.

Өзінің адам екендігін, тәуір өмір сүруге басқалар секілді мұның да хақысы барлығын білдіріп, сазарған күйі «Сіз білмей отырсыз, бұған тепловоз беру керек еді Гой» деді. Бастық ентіге демалып, танауының көлемі nedəuір ұлғайып, оның үстіне дыбыс шыгара шуылдан кетті. Бетіне ешкім бұлай тіке келіп көрмеген, ашуының қатты келгені сондай, бірақ

табан астында қайтарар жауабы тағы жоқ, бастықтың тілі байланып, тығызып қалды.

Тепсе темір үзетін, ку тірлік арқасына қандай ауыр зіл артса да мойымайтын, жаны сірі Құмар жамау-жамау «МАЗ»-ын гүрледіп, самсаған мұнай мұнараларын бетке алып бара жатыр. Жаңа көліктің ауылды оған әлі алыстау еді.

## ҚАРА ТЕКЕ

*(Мысал әңгіме)*

Әкесі ырымдап атын Малдыбай деп қойса да, оған мал бітіп жарытпады. Қаншама орайын келтіріп тырысса да, шашау шығармай жиғанымен сіңірі шыққан ата-бабасының деңгейінен аспады. Малының «бір басын екеу қыламын» деп бала-шагасының ауызынан жырып, бар ниетімен құлай жанталасқанымен онысынан түк шықпай, керісінше басына тартса аяғына жетпейтін халге душар болды.

Анау өзіндей құрдасы Жиганқұлға қараши, кой соңына ере алмай қалған көтерем тоқтыға бола уайым жеп, өзі де жемей, өзгеге де бермей анты қашып жүрген жоқ. Келдікеттісіне қарамай сойып, сатып пұл қылып, шалқып күнелтіп отыр. Өзінің ішіп-жемінен қытып, бұған ұқсан құнара жатып жүрген жоқ. Сонда да оның дәuletі бір ортаймайды. Жаздың аптағында, қыстың қақаған аязында, қия шабуылмен мал артында салпақтап жүргенін тағы көрмейсің. Қашан көрсөн де қызара бөртіп, миығынан күліп тұрғаны. Оның баласындай бала – мұнында асырап-бағып отырганы. Несі барын қайдам, әйтеуір оның шаруасы дөңгеленіп, ыңғайына қарай ойысып, ойына алғаны өзі қалағандай жүйе-жүйесімен реттеліп жатады. Үйір-үйір есті мал жылқысын қоспағанда, басының ауған жағына жүре беретін қаңғыбас түйелерінің өзі, қазықтап қойғандай оның қыстауының маңынан ұзап кетпейді.

Ал Малдыбайға мал бітуі керісінше. Аздаған жандықтың баққанға ғана бітетіні рас, бірақ бұл қолда барды келістірмей

орынсыз шашылатындардың санатынан емес. Ауыл арасының қонағын алдайтын тоқты-торым қай қазақтың шаңырағында жоқ? Ауылда тұрган соң жазда көкірегінді суытатын түйенің күрпігеп шұбатын ішиегенсін, қыста жылқының сарыала қазысын көртіп жемегесін, қырдағы өмірдің сәні бар ма? Малдыбайда мұның бірі де жоқ, бұган ірі қара малы аргы атасынан деп қайтеміз, өзі есін білгелі есігінің алдына байланып көрген жоқ.

Жұрттың әйелі маң-маң басқан маңғаз інгендердің бауырынан өнгөн шелек-шелек сүтті сауып алып жатқанда. Малдыбайдың әйелі бақыртын ешкі сауып жатады. Сол айтқан бұл ірі қара малынан ұяттылау, бірақ аргы жагында ауызының салымы солай болса ұят түгі де жоқ шығар, қайтеді енді? Бетіңе шіркеу болатында дәненесі жоқ, Құдайдың бүйіртпасын он жерден құдірет болсаң да тартып ала алмайсың.

Анау бір жылы, үлкен қызын ұзатқанда құдалары атаган көк биені. Көкөйдагы қалың үйірлі жылқының ішінен қолмен ұстагандай қылып қарақұрт шағып өлтірді.

Енді бір жылы әйелінің торқінінен келгең боз інген қартайғанда ұргашы боталаған. Бөркін аспанға атын қуанбағанымен, боз інгениң артына қара ергеніне кәдімгідей іші жылып, жымың ете қалған. Сол бота, қайымақ жасына келгенде ауыл алдындағы қыраттың баурайында, айдың қүні аманында үйелеп өлді.

Басына бас қосылып мал бітпейін десе дауа жоқ екен.

«Мал мен дәулет, аргы жагынан қаймагы барларға бітеді» дейтін әкесі марқұм.

«Сол рас-аяу» деп лажсыз мойындан, аз-маз қынжылыс білдірген де қойған.

«Уайым берің, қайғы алыш қайтеміз, мал – бас садагасы, баға-шага аман болсын» деп әйелі басу айтқан.

Қолда бар қой-ешікілері де көп ұргашы туып жарытпайды. Жылдагысы сол еді, биыл да солай болды. Қоктем мезгілінде, жазға таяу шыбын шықпай тұрып, еркек төлдерін, мал доддыры Бергенбайды шақырып кестіріп тастанды.

«Құдайдың қайдан берері бар, мүмкін шаңырағымызға кірген құт болар» деп ойлап, шұнаңдан жүрген қара лактығана ырымдап ұстап қалған.

Содан күндер ете бір жылы ауыл текесіз қалып, «жұт – жеті ағайынды» деген ешкілердің басына күн тумасы бар ма. Жыл бойына ық жағынан адам жүре алмайтындей сасып жүретін, Асықбайдың көк текесі қартайып, жас ешкілердің көңілін ауламақ түгілі күнделікті қорасын таба алмайтындей алжи бастаған. Көк текеден әлі дәмесі бар ауыл адамдары оны алуын алса да, көп ұзатпай әкеліп тастайтын. Енді қайтсін, атан түйедей етіп сұрап алған текелері, олардың салған жем-пемдерін екі езуінен сорғалата соғып алып, қораның бір бұрышында мүлгіп жататын.

Ел ішінде жарты жылдай теке дағдарысы болды, бірақ арты қайырлы болып бітті-ау әйтеуір. Ешкілердің бағына бұл күндері Мәкеңнің баяғы қара лагы осіп, қолды-аяққа тұрмайтын пысық текешікке айналған. Асықбайдың алжыған сары текесінің орнын енді сол басты. Құдай бір жағынан болмаса, бір жағынан қарайласып азғана жандығының шөп-жемін айыруға себеп болды. Қыскасы, бұткіл ауыл мұның қара текесіне қарап қалды.

Сол күндерден бастап қара текенің басына шырақ жаңып, бақ қонды. Қара текеге таңертеңгісін отарды оріске бастайтын жасамыс ақ серкенін өзі құрметпен қарап, мал ішінде бедел дегенің биіктеп шарықтай бастады. Қара текенін бақыттан басы айналып, кейде көзінің еті өскені сондай, иесіне бағынбай бөтен қорага тұнеп қалып жүрді.

Арага біржар күн салып, бір қап жемімен қоса қара текесін ауыл адамдары әкеліп тұрғанда, Малдыбай мұртынан құліп, текесіне деген өкпесі жым-жылас болатын. Оны арқасынан сипап, баласынан бетер еркелетіп, жылы, әрі жайлы жабыққа кіргізіп жібереді. Ауылда қара текенің беделінің өскені сондай, бірде бетіне жан баласы тұра келе алмайтын «запрапашік» Өтембайдың өзі келіп бұйымшылып, оны сужаңа «жигулиіне» салып алып кеткен. Қайыптантайып міне қалсанған, аяғындағы бәтенкеңің шаңына

тыжырына қарайтын Өтекеңің көлігіне отыру, кім көрінгенге оңайлықпен бұйырмайтын дәреже.

Бұл күндері қара теке, лақ күнінен бірге өскен, қазір екі-үш лақтың анасы болған Құрым шалдың сары ешкісіне жақында мақ түгілі, көз қырын да салмайды. Талай тастаң-тасқа секіріп бірге ойнаған, бейқам лақ күндерін бірге өткізген, оның соңынан ерген тушаларының әкесі екендігі есіне түскен сары ешкі, кейде оны өзімсініп, жанынан өткенде биязы дауыспен жайлап қана маңырап қоя салады. Ертеңгісін отар өріп, бытырай жайылып тауға беттегенде қара теке сән-салтанатпен оқшау кетіп бара жатады. Өзіне еркелеп асылған жас шыбыштар, оның көңілін онан әрмен асқақтатып жібереді. Мына дала, мынау тау, бәрінің қожасы өзі іспетті күйге енеді.

Бір күні ойламаган жерден қой бастап жүрген сары серкес, тұқайын тасқа қақтырып қорадан шыға алмай қалды. Бақ көтерейін десе қайдан дері бар ма, үш ұйықтаса түсіне кірмейтін отар бастау қызметінің тізгіні, мұның қолына ойда жоқта өзі оратылып тигені. Қасындағы жас шыбыштар шулай қолпаштап, бұл отарды бастай жөнелді. Басшысыз қалып, пұшайман болған мыңғырған отар, алдарындағы тағдырларының не күйде болатынын таразыға салып жатпастан ілбі ілесіп, ере жөнелді. Өзінсіз өріп бара жатырган қарауындағы отарды сыртынан шолып, жүруге дәрмені жоқ, кораның қоршауынан қарап тұрған сары серкені ешкім көзге ілмеді. Ол күнінің өткенін біліп, жетімсірей жанары жасаурап қала берді.

Өлшеусіз ішіп-жемнің салдарынан, тұрпатының тұрпат сиқы жоқ, мойның өрескел жуандап, баяғы сүйкімді қара лақ, бұл күнде түрінде титтей болса да аяушылықтың нышаны жоқ, ызгарлы қара текеге айналған.

Қара тобыр отардың билігі өз қолына ойламаган жерден тиғен ол, әп дегеннен қаһарына мініп, өзін менсінбей алға озған бірен-саран тоқты-торымды сүзіп құлатып, тәубасына келтірді.

Тіпті мұның, маңдайына ебетейсіздеу орналасқан айқас мүйізінен сескенген отардағы тентек қошқарлар, өздеріне

тікелей тиісіп жатырмagan соң, үнсіз әліптің артын бақты. Басқа қонар бақтың қонуы қандай тез болса, ұшы да қас қағым. Бұдан үш-төрт күн бұрын бұйымшылып текесін алып кеткен Кәлен, сұлық жатқан оны мәшіннің кәбенкесінен түсіріп жатырганда, Малдыбайдың жүрегі зырқ ете қалды.

Оқига былай болған еді. Өз ауласын былай қойып, бүткіл отарға әмірін жүргізіп тұрган қара теке, сол әдетімен Кәленнің қорасына бұзып-жара бейқам кіріп келе жатырган.

Бұл кезде қорада, Кәлен Ақтөбеден сатып әкеліп, бөлек жемдеп жүрген асыл тұқымды қазақи ақ қошқар, көк жоңышқаны бырт-бырт күйсеп, қаннен-қаперсіз жатырган еді. Өзін көзге ілмей, есіктен кіріп төрді билеп, мұның несібесіне басы-козі жоқ бас салған, көргенсіз текенің қылығы ақ қошқардың шамына қатты тиді.

Қара текенің отар басшысы екендігіне түкіргені бар, Маңғыстауга келгелі де абырайсыз емес, Ақтөбеде мұның алдын ешкім кесіп өткен жоқ. Қара текені қабыргасын қақырата бір сұзді. Аяққа оратылып жүрген шыбыштардың қырсығынан соққы жөнді тимеді. Шыбыштар жанұшыра бақырып, қошқардың екпінінен сессенді білем бытырай қашты. Қара теке біреуді сұзіп жатыrsa, состының қарап тұратын олардың бірі де қалмай, қораның ортасында текенің өзі ғана қалды. Өзінің қарауындағылардың да қорасы қозден ғайып болған. Терісіне сыймай ашууланған дүлей ақ қошқар, қара текенің жамбасынан бар қүшімен тағы бір періп жіберді. Содан кейінгісі қара текенің есінде жоқ. Қөрер жарығы, тартар дәмі таусылмаған мұны, қораның жары мен астаудың арасында қыстырылып, төрт аяғы аспанга қарап жатырганда, Кәлен ертеңгісін бір көріп шошып кетті.

Артқы жамбасы құл-талқан болып қираған бұған сынықшы іздеді Малдыбай.

Сынықшы Халықбай «Шырағым, маған адам болмаса, хайуан ұстауга аруақтарымнан ұрықсат жоқ» деп жолатпады.

Малдыбай ұяла-ұяла, бетті қойып мандаймен скінші рет қайтара барғанда, қолындағы қомақты қағаз дорба көnlін жібітті-ау деймін «Япырым-ай, аталардан келісім болмай тұр,

дегенмен жазықсыз мал ғой, барсам барайын» деп, тұқшандаған ере жөнелді. Қара текенің күнәсін тізбелеп жатқан жоқ, бақыртып отырып тұзды сумен сылады. Шашылып қалған жамбас сүйектерді жайлап сипалап орына түсіріп, қайтадан қозғалмайтында сыртына бірнеше шыбық орналастырып, оның сыртынан құрым киізben орап, байланап тастанды. Қара текенің даусынан шошыған шыбыштар, одан безіл кетті.

Сол жатқаннан қара теке қорада қыс бойы жатып қалды. Ауылдагы ешкілердің тағдырынан гөрі, текесінің табар табысын кимаган Малдыбай, оны жаратып алуға қимады. Еті қазанда бұлкілден қайнап, піскен басының ырсыып шалдардың алдында жатпаганына шүкір әйттеуір!

Жаратып алуды айтамыз-ау, мал иесі тіпті оның орнынан тұрып, шоқақтаң жүргеніне санын шапалақташ шаттана күліп, көдімгідей, балаша куанды.

Ауылға қоқтем келді. Таудан қоқірегін кернеп самал жел соқкан күндері, танауын қытқытаган қоқтің иісін алғанда қара теке, үй-ішіндегілерден қалған қалдық, ашып кеткен жуындыға жиіркене қарайды.

Ой, дәурен-ай! Жеті мүшесі сауында қойшы баланың қайырғанына пыскырмай. Қаратаудың құзында өскен қызылиша мен сінбіркіті күтірлете оттаң тұруши еді-ау!

Қора ішінде қозғалып жүрген текесін аяп «Көктеменің кезінде обал болар» деген Малдыбай бір күні оны отарга қости.

Жамбасын ауырсына басып, үш аяқпен шоқаңдаған қорадан шыққанда, не корді қара теке дейсіздер гой?

Қасына торт-бес шыбыш ерткен, өзінен аумайтын қара текешік келеді. Басқалардан ерекшелей оған еркелей асылған ақсары шыбыштың назы бөлектеу. Бейшара қара теке заманының басынан сырғығанын көріп, оларға жалынышты үнмен өлімсірей маңырады. Олар тіпті мұны тіріге санап көзге ілмеді.

Сойтіп тұрғанда артжагынан қылғына, дарақылау бақылдаган енкі даусысы келді күлағына. Аяғын ауырсына

бұрылып қараса, баяғы лақ күнінен бірге өскен, қазір алты лақтың анасы, желіні жер сызған Құрым шалдың сары ешкісі еken. Жалпиган сары макұлық, дауысы да баяғыдай биязы емес. Қара теке амалсыз оның соңынан ерді.

Баяғы салтанатты дәуреннің ұрғыны да қалмаған. Қара теке отардың артынан ілбі басып, тек еріп бара жатыр.

## КЕШ БЕРІЛГЕН СЫЙЛЫҚ

Алматыдан біздің Маңғыстауға, кезінде обкомда беделді қызмет жасаған кісінің мерейтойына шақыру келіпті. Сол кісінің қанатының астында болып, компартия дәүірлеп тұрған заманда әлемді жалиғынан басқан бір топ шал, той иесіне орамалдарын дайындалап, араларынан біреуді аттандырмак болып шешіпті. Кімді-кімді болып, жеме-жемге келгенде, сөйлеп кетсе сөз білетін, жасы келсе де көп мұжіліп картаймаған Бокай шалға тоқтапты.

Ары-беріге билетін дайындалап. Бокайды жолға салғасын, ұйымдастырып жүрген шал Алматыга «Солай да солай, ішімізден біреумізді жібердік» деп телефон шалыпты. Сонымен Бокай шал ұшақтан түссе, әдейі мұны күтіп алуға жіберілген көлік күтіп тұр еken, міне сала ешкайда сокнастан той иесінікіне тартады. Той иесі мұны құшак жая карсы алады, күні бойы елдің хабарын, тұбектегі өзгерістер жайында әнгіме қозғап сол кісінің үйінде болады. Басында заманы тұрғанда, шөп басын сындырып көп жаны қиналмаған, жетпіске келсе де, шал сол қүйінде сықып тұр еken.

Қазақстанның майлы құйқасы Маңғыстаудан келгесін, Бокайдың қалтасында қомақтылау конверттің бар еkenін той иесі біліп отыр, бірақ делегат шал көп сыр беріп, ештеңе ұсынатын сыңайы жок жарқын құліп, қак торде дым білмегендей жайранდап отыр. Бір-екі рет «Асығысыңыз жок қой, билет қашаңға еді?» – деп жорта сұрап корді. Ондағы ойы, әкелиген орамалын өзіне табыс етсе, оны қайтеді аяқка оралғы қылышп, мында да күтетін маңызды контакттары бар,

тезірек өзінің зиялы ортасына араластырмай жолға салу еді. Шан-шан болып Маңғыстаудан келген шал кім болыпты, көп болса анда-санда ел аралаганда бірге болғаны болмаса.

Боқай шал «Жоқ, жоқ ешқайда асығысым жоқ» – деді күлкісін әп-сәтте тып алып. Билеттің хабары айтылғасынан-ак, өзінен құтылудың шаралары ойластырылып отырғанын іші сезе қойды. Той иесі де сұық жымысыпен ішінен зығырданы қайнап отыр.

Ішінен «Баяғыда алдыртпайтын қу едің шайтан, менің енді саған залал жасайтын қауғарымның жоқ екенін сезіп отырсыңғой» деп ойлап, кезінде облысты дірілдеткен шал, шарасыз күрсінді.

Былай оңаша шығарып алып, «шал енді тайып тұр» десс де болар еді, не қасындағы көмекшілеріне айтып, алдыартына қаратпастан әуежайдан бір-ақ шығаруға, қартайғанда алдына түскен ала дорба – слай жасатуға ерік бермеді.

«Қазақстан» қонақ үйінің банкет залында мерейтой жүріп жатыр. Төрде отырған қасқа бас шәуімбастардың ортасында Боқай шал да орын алышты. Тост айтылған сайын ептеп ерніне тигізіп, алдындағы конъяктан ішіп отырғаның ырымын жасап қояды. Ішімдік итке бұл шал қанша ішсе де алдырып көрген жоқ, соның арқасы болар, беделіне қылап тимей сакталып қалғаны. Мұның ішіндеңі, қасындағы кемпіріне де сездірмейтін жүргегінің тереңінде жатқан сырын білгісі келіп, Боқай шалды талай зымияндар жынды суға бөктірген. Соның бірі осы мерейтойдың иесі. Арасында той иесі бұған қарап зорланған жымысып қояды, бұл да күлгеннің белгісін жасап, екі езуін болар-болмас іске қосады.

Той иесі «Тост бергенде сойлеп, менің Маңғыстауда жасаған қызметімді айтып, дүрілдетіп беретін болар беретінің» деп ойлап еді. Мына шалдың қорлығы әбден еттен өтіп, сүйскке жетті, ол да жанында отырған бұрынғы үкімет адамдары не істесе соны жасап, бір-екі ауыз сөзді болар-болмас айтқан болды. Соларға ұқсан алыстан бұған қарап, саусағын шошайтып қояды. Енді бір қараса, қазіргі үкімет басшыларына қолын сермен бірденелерді айтып жатыр.

Маңғыстаудан келген жаман шал меселін түсіріп тастады, кім еді ол мына жерде отыратын. Япымай, Манғыстауда жүн-жорқа жинап жүрген шалдан көрді, өмірде көрмегенін.

Ертеңіне той бітіп апақ-сапак болғасын сыйдана тұрып, бір таныс шопырына «Мына кісіні әуежайға апарып таста» – деді дауысы ызгарлылау.

Конфуцидің бір даналығы есіме түсіп отыр ол «Мен кедеймен кедейше сөйлесемін, бюрократпен бюрократша сөйлесемін» деген.

Біздің қазақтың «Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай» дейтін даналығы тағы бар. Боқай шал оның тойына бармағанда Алматыда қаңғып далада қалмайды, әрине. Елдегілердің аманатын тапсырып тастап жүре берсе де болатын еді. Бірақ басына бір ой келіп аялдан қалған. Ол ойы, той иесінің қанына сіңіп қалған, баяғы қанша нығаздал салса да толмайтын аранының, картайғандагы деңгейін шамалап көру болатын.


«Мүмкін қарғайып тәубасына келіп, қанағатқа жол берген болар» деп ойлаган.

Тәuba да, қанағат та, қанаттас қасиеттер емес пе, той иесінде баяғыдай олардың титтей түйірі де жоқ болып шықты.

Әуежайға келісімен, көлігін кері бұрып, үлкен жолға бағыт алған той иесінің шопырын тоқтатып «Мынау біздің ауылдың жігіттерінің, сенің бастығыңның туған күніне беріп жатырған сый, аманаты еді» деп қалтасынан конвертті алып, оның қолына ұстартты.

«Оған береді-ау, не бермейді-ау» деп тіпті басына да алған жоқ.

*Осы жинақтың жарық  
коруіне қол ұштарын  
беріп демеушілік  
жасасаған: Бақыт  
Көшевке, Қөпбол  
Демесінге, Самат  
Мусабаевқа, Дәulet  
Нұржановқа, Қайыролла  
Біжісеновке, Айбек  
Қосуақовқа шын  
ниетіммен алғыс  
айтамын!  
Жекелеген  
фотоқұжыстарды  
табуыма көмектескен  
Маңғыстау облыстық  
тарихи өлкетану  
мұражайының  
директоры Тамара  
Қалмырзақызына, болім  
мендерушісі Отынши  
Көшбайұлына көптен-  
көп раҳмет!*



## **МАЗМҰНЫ**

<b>Бірінші бөлім .....</b>	<b>5</b>
<b>Екінші бөлім .....</b>	<b>163</b>
<b>Үшінші бөлім .....</b>	<b>221</b>

**Ерекен ҚОРАБАЕВ**

**МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ**

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасы**

**Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ**

*Редакторы – Ж.Жұнісбекұлы*

*Корректоры – Раушан Өскенқызы*

*Компьютерде беттеген – Жазира Аштенова*

*Дизайнер – Гүлнұр Алтаева*

*Тех. редакторы – Әлия Жұнісбекова*

Теруге 25.03.2010 ж. жіберілді. Басуға 12.05.2010 ж. көл койылды.  
Қалпы 84x108 1/16. Қағазы №1 офсетке арналған. Қаріп түрі  
“KazTimes”. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 15. Тарапымы 1100дана.  
Тапсырыс №18

*“Нұрлы Әлем” баспасының өз баспаханасында басылды.  
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,  
Алмалыбақ ауылы, Ерлепесов кошесі 1 үй.*

**“НҰРЛЫ ӘЛЕМ” баспасының телефоны:**  
**Алматы 8-(727) 276 30 10**





Ерекен Қорабаев 1956 жылы 16 тамызда Манғыстау облысының Ащымұрын ауылында дүниеге келген.

Білім алып, балалығы мен жастығының тойын тойлаған мекені, Манғыстаудың-ортасы өнерге жақын, ең көрікті жерлерінің бірі Шайыр ауылы.

Мамандығы – байланысшы. Ұзақ жылдар бойы «Қазтелерадио», «Қазақстан-Ақтау» телеарнасында инженер болып қызмет жасады. 2005 жылы «Бабамұра» баспасынан «Манғыстау әзілдері» атты кітабының бірінші нұсқасы жарық көрді. 2008 жылы «Нұрлы әлем» баспасынан балаларға арналған «Қара күшік» атты жинағы басылып шықты. Балалар өмірінен жазылған әнгімелері республикалық «Ұлан» газетінде, «Алтын орда» газеттерінде жарияланды, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.



Тел.: 8 (727) 276 30 10